


Тұрмағамбет Ізтілеуовтің

Ә. Фирдоусидің «Шаһнама» дастанын
қазақ тіліне аударғанына 90 жыл толуына орай
ұйымдастырылған

«Шаһнама» және Тұрмағамбет – әлем әдебиетінің мәңгілік мұрасы»

атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференциясының

МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Қызылорда облысы әкімдігі
«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ

Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан
Акимат Кызылординской области
НАО «Кызылординский университет имени Коркыт Ата»

Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan
Akimat of Kyzylorda region
NJSC «Korkyt Ata Kyzylorda University»

Тұрмағамбет Ізтілеуовтің Ә. Фирдоусидің «Шаһнама» дастанын қазақ тіліне аударғанына 90 жыл толуына орай ұйымдастырылған
«Шаһнама» және Тұрмағамбет – әлем әдебиетінің мәңгілік мұрасы»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
Международной научно-практической конференции
«Шахнама» и Турмагамбет – вечное наследие мировой литературы»
посвящённой 90-летию перевода поэмы «Шахнаме» А. Фирдоуси на казахский язык Турмагамбетом Изтлеуовым.

PROCEEDINGS
of the International Scientific and Practical Conference **«The Shahnameh» and Turmagambet – The Eternal Heritage of World Literature»**, dedicated to the 90th anniversary of Turmagambet Iztleuov's translation of Ferdowsi's epic poem «Shahnameh» into Kazakh.

Қызылорда қаласы, 2026 жыл

ӘОЖ 821(091): 82-31
ББК 83.3(5Иран)я431
Ф 59

Редакция алқасы: Б.С.Досманбетов, Б.Т.Тәйімбетов, С.Қ.Нәметша, Р.С.Нұртаев, С.Сүлейменов, Қ.Ә.Тоғызбаев, Б.Р.Саймағанбетов, С.Жұматай, С.М.Алдашбаев, Н.К.Мыңжас, У.С.Ибраев.

Тұрмағамбет Ізтілеуовтің Ә. Фирдоусидің «Шаһнама» дастанын қазақ тіліне аударғанына 90 жыл толуына орай ұйымдастырылған **«Шаһнама» және Тұрмағамбет – әлем әдебиетінің мәңгілік мұрасы»** атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы: 2026 жылғы 30 қазан. – Қызылорда: Қызылорда-Қанағаты баспасы, 2026. 355 бет.

Жинақта «Шаһнама» дастанының әлемдік әдебиеттегі орны, Тұрмағамбет Ізтілеуов аудармасының ұлттық руханияттағы маңызы, түркі тектес халықтар әдебиеттерінің сабақтастығы, эпос және тілтану мәселелері, сондай-ақ қазіргі таңдағы гуманитарлық ғылыми бағыттарды өзектендіру мәселелері қарастырылады. Жинақ Тұрмағамбет танушылармен бірге, көпшілік оқырман қауымға арналған.

Шығарылған материалдағы мәліметтердің шынайылығына авторлар жауапты.

ISBN 978-601-7455-77-4

Құттықтау сөз

Құрметті конференция қонақтары!
Қадірлі қауым!

Баршаңызды Әбілқасым Фирдоусидің әйгілі «Шаһнама» дастанының қазақ тіліне аударылғанына 90 жыл толуына арналған «Шаһнама» және Тұрмағамбет – әлем әдебиетінің мәңгілік мұрасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың бастамасымен бүкіл халықтық референдумда қабылданған жаңа Конституцияның кіріспесінде Ұлы Даланың мыңдаған жылдық тарихының сабақтастығын сақтаудың маңыздылығы атап көрсетілген.

Бүгінгі басқосу адамзат өркениетінің асыл қазынасына айналған ұлы туындының тағылымын зерделеп, оны қазақ руханиятымен сабақтастырған Сыр сүлейі Тұрмағамбет Ізтілеуұлының шығармашылық мұрасын кеңінен насихаттауға бағытталуымен ерекшеленеді.

Ә. Фирдоусидің «Шаһнамасы» – халықтың тарихи жадын, елдік мұратын, ерлік пен адамгершілік құндылықтарын көркем бейнелеген әлем әдебиетінің бірегей жауһары. Ғасырлар бойы адамзатты ізгілікке, әділеттілікке және отаншылдыққа үндеп келе жатқан бұл мұра өзінің рухани маңызын әлі күнге дейін жоғалтқан жоқ.

Осынау көлемді эпикалық шығарманы қазақтың төл дүниесіндей сөйлетіп, ұлттық сөз өнерінің табиғатына бейімдеген Тұрмағамбет Ізтілеуұлының еңбегі – әдебиетіміз бен мәдениетіміздің тарихындағы айтулы құбылыс. Ақынның терең білімі, шығыс әдебиетін жетік меңгеруі және ерекше жыршылық таланты арқылы «Шаһнама» халқымыздың рухани қазынасының ажырамас бөлігіне айналды.

Тұрмағамбет Ізтілеуұлы – Қорқыт атадан бастау алған жыраулық дәстүр мен сөз өнерінің қасиетті мекені саналатын Сыр өңіріндегі жыраулық және шайырлық дәстүрді биік деңгейге көтерген көрнекті тұлға. Оның шығармашылығы шығыс пен қазақ әдебиетінің арасын жалғаған алтын көпір іспетті. Ақын мұрасы ұлттық әдебиетіміздің мазмұнын байытып қана қоймай, халықтар арасындағы тарихи-мәдени байланыстардың тереңдігін танытады. Сондықтан оның әдеби мұрасын жан-жақты зерттеу, шығармаларын кеңінен насихаттау және ғылыми айналымға енгізу ортақ міндетіміз.

Бүгінгі конференцияға еліміздің және шетелдердің белгілі ғалымдары, әдебиеттанушылар, шығыстанушылар мен жас зерттеушілер қатысып отыр. Бұл – «Шаһнама» мұрасының әлемдік маңызын, ал Тұрмағамбет шығармашылығының халықаралық ғылыми қауымдастық үшін өзектілігін айқын көрсетеді.

Осы ғылыми жиын аясында айтылатын мазмұнды баяндамалар мен құнды пікірлер Фирдоуси мен Тұрмағамбет мұрасын жаңа қырынан танытып,

шығыстану, әдебиеттану және аударматану ғылымдарының дамуына серпін береді деп сенемін. Сонымен қатар конференция халықтар арасындағы мәдени байланысты нығайтып, жас ғалымдардың жаңа зерттеулеріне жол ашады деген үміттемін.

Осындай тағылымды іс-шараны ұйымдастырған Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымына, отандық және шетелдік ғылыми мекемелердің өкілдеріне, конференция жұмысына атсалысқан барша азаматтарға шынайы ризашылығымды білдіремін. Еліміздің руханияты өркендеп, мәдениетіміз бен әдебиетіміздің мерейі әрдайым үстем болсын!

Қызылорда облысының әкімі М. Ергешбаев

Нұрлан Кенжеахмет
Гарвард университетінің профессоры,
PhD, профессор ҚР Президентінің жанындағы
ҚР ҰҒА Президентінің кеңесшісі,

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СЫР БОЙЫ ЖӘНЕ САРЫ-АРҚА ҚАЛАЛАРЫ

Аңдатпа: Араб географтарының түркі елдері туралы тарихи-географиялық деректемелерінде Сыр бойы қалалары аталады. Махмұд Қашқаридың еңбегі мен домалақ картасында Іленің маңындағы Яфиныч атты қала аталады, Рашид ад-Дин оны Ипанч деп атайды. Аталмыш жер аты 1330 жылғы Цзинши дадянь картасындағы Е-юньчи деген жер болуы мүмкін.

Әлкей Марғұлан Рашид ад-Динде кезігетін Ипанч қаласын қазіргі Ұлытаудағы Жошы кесенесінің шығысына орналастырады, әрі оны Жұбан-ана кесенесі деп атайды. Зәки Уәлиди Тоған Ипанч қаласын Аягөздің маңына орналастырады.

Әлкей Марғұлан Әбілғазы Бахадұр хан еңбегінде кезігетін Ортағ (Ортау) мен Куртағды (Куртау) Ұлытау аумағына орналастырса, басқа ғалымдар оны Сыр алабындағы Қаратау деп қарайды. В. А. Ромодиннің айтуынша, Қазтақты Шу алқабы мен Алматы қаласы арасындағы Қастек тауларымен (және асуымен) байланыстыруға болады [Кононов 1958: 82; Рашид-ад-Дин т. I, кн. 1: 30].

Түйін сөздер: Сыр бойы қалалары Яфинч, Ипанч, Ортағ, Куртағ, тарихи жазбалар, тарихи карталар

Кіріспе

Қазақ даласындағы Жұбаныш қаласының нақты орны туралы бірнеше түрлі көзқарас бар. Ә. Х. Марғұлан Гардизи мен Рашид ад-дин жазбаларындағы Жубин (Жубанч, Айбанч, Инандж) қаласы, қазақша айтылуы Жубаныш Сарысу өзені бойындағы Жубаныш әулие немесе Жубан-анаға сәйкес келуі мүмкін деп болжады. Ол Ортағ пен Куртағды Ағадыр маңындағы Ортау және Қызылтау тауларымен байланыстырады [Маргулан 1978: 5, 11, 12].

Алайда Махмұд Қашқари Ілеге тау жердегі Явинч атты қаланы тілге тиек етеді. Сарыарқадағы Жубаныш ескерткіші мен Явинч қаласының арасында нендей қатынас бар?


Мақаланың мақсаты — Қазақ даласындағы ортағасырлық ескерткіштер бойынша бұрын жүргізілген зерттеулер мен олардың тұжырымдарын

топтастыра отырып, болашақ зерттеулерге бағыт-бағдар беру және эталонды деп табылған ескерткіштерге тұрақты зерттеу жүргізуді бастау.

Араб географтарының түркі елдері туралы тарихи-географиялық деректемелеріндегі Сыр бойы қалалары

Араб географы ***Әбу Ысқақ Ибрахим ибн Мұхаммед Әл-Истахридің*** (шамамен 850-934) “Сууар әл-ақалим” (“Аймақтардың шет жақтары”) атты түсініктеме жазулары бар карталар мен атластар жинағы және “Китаб масалик әл-мамалик” (“Мемлекеттерге барар жол кітабы”) еңбегінде Орта Азия мен Қазақстан қалаларының аттары аталып, олардың орналасқан жері, топографиясы, жол қатынасы туралы нақты деректер келтіріледі (1-сурет. Әл Истахридің Орта Азия картасы). Жазбаларында Қазақстанның Арал теңізі мен оңтүстігінде Тараз қаласы аралығы туралы мәліметтер бар.

Түркістан жері туралы әл-Истахри «бұл аймақта тоғызоғыз, хырхыздар, қимақтар, гуздар мен хазлаждар — бұл халықтардың барлығының тілі бір-біріне ұқсас» деп жазады. Түріктердің жерлері оқшауланған. Ғұз жеріне келетін болсақ, олардың жерлерінің шегі Хазардан қимақтарға дейін, хазлажа мен булгар жерлеріне дейін. Мұсылман шектері-Гурганнан Парабқа дейін және Сапиджабқа дейін. Қимақтар солтүстік аудандарда орналасқан, олар гұздар мен хырхыздардың аралығында және саклабтардың (?) артында орналасқан. Ал Йаджудж жері солтүстік облыстарда, саклабтар мен қимақтардың шектерінен өтіп бара жатқан жерде деп көрсетеді.



Сурет 1 - Әл Истахридің Орта Азия картасы

Хырхыздарға келетін болсақ, олардың орналасқан жері гуздар мен қимақтар, мұхит және Хазраж жерлері арасында. Тибет жері хырхыз бен Чин елінің арасында орналасқан. Чин елі Теңіз мен Тибет жерінің арасында орналасқан. Ал Итил (Еділ) өзені хырхыз шекарасынан ағып, сол жерден қимақтарға жетіп, гұздардың жерлеріне еніп, булгарларға келіп, буртастың шекарасында теңізге құяды. Еділ өзені туралы деерктері және ол жердегі қимақтар және хырқыздар туралы деректері қате болуы мүмкін. Арал теңізін

алғашқы картаға түсірген Истахри болатын, көл туралы былай дейді: «ол теңіз дербес жаратылған сортаң бассейн» деп атап көрсетеді, Истахридің жазбаларында Сырдария, Амудария өзендері мен олардың тармақтары туралы, Испаджаб қаласы жөнінде деректер ұшырасады. Истахридің айтуына қарағанда, Испиджаб шаһары Бикенттен үш есе кіші, оның қамалы X ғасырдың өзінде қирап бүлінген, тек шахристан мен рабад қана қалған.

Фараб - бұл аймақтың атауы. Оның ұзындығы шамамен бір күндік жол. Алайда, бүкіл аймақ бекіністен тұрады. Аудан таулы, шалғындар көп. Оның жағында Шаш(Сырдария) өзенінен суарылатын аңғарда орналасқан.

Субаникет-Кенджиде (Кендже) аймағының басты қаласы(Бұл жердегі айтылып отырған аймақ Түркістан облысындағы Арыс өзенінің Сырдария өзеніне құятын аумағы, бұл қала туралы ибн Хаукальда атап өткен болатын, кейбір деректерде Узбаникент депте аталады)). Кедер (қираған орны Құйрықтөбе деп аталады), Васидж (Оқсыз) - Фарабтың басты қалалары. Сабра(Сауран)-гүздар бейбіт уақытта келіп, сауда жасайтын қала-және онда соғыс болмағандықтан, бұл қала өте бай.

Сүткент - Шаш өзенінің батыс жағында орналасқан. Бұл барлық адамдар тұратын қала. Гүздар, халлухтар және басқалар-мұсылмандыққа көшті және бәрі газия. Фараб, Кенжиде және Шаш арасындағы жайылымдарда көптеген көшпенділер бар. Олардың бәрі мұсылман, бірақ ешкімге бағынбайды.

Тараз - түріктер мен мұсылмандар арасындағы шекара және оның айналасындағы қабырғалар нығайтылған, олар да Тараз деп аталады. Исламның таралу шекарасы осы жерге, сол жерден қарлұқтардың шатырларына дейін жетеді деп жазып кетеді.

Ибн Фадлан 921-922 жыл аралығында Аббасид халифы әл-Муктадирдің хатшысы ретінде Бағдад қаласынан Еділ бойындағы Булгарияға жолға шықты. Жол бойында қазіргі Өзбекстанның және Қазақстанның батыс аумағы арқылы сол кездегі Еділ бойындағы Булгарияға барды. Экспедиция барысындағы көрген білгендерін «Рисала» атты еңбегінде оғыз,башқұрт, хазар, печенег,бұлғар халықтарының тұрмыс тіршілігіне,қоныстарына және табиғат жағдайына қысқаша сипаттама берген. Бізді қызықтырып отырғаны қазақ жері арқылы өтуі және қалдырған жазба деректері. Джурджаниден (Джуржании)(қазіргі Түрікменстан республикасы, Дашогуз облысындағы Көнеүргенш елді мекені) 921 жылы қарашада(арабша зулкада айы) шығып Үстірт үстірті арқылы қазіргі қазақ жеріне жетеді. Жол бойында Замджан одан кейін Джит(кейбір аудармада Хабаб деп аталған) деген рибатта(бекініс) біраз күнге аялдадық деп жазған. Ауа райы өте суық қарлы боран болған. Зерттеушілердің кейбір деректерінде Замджан қазіргі Қоңырат қаласының маңы ал Джит болса үстірттің оңтүстік шеті болуы керек деп топшылайды. Замджанды түркілерге баратын қақпа деп жазған(Баб-ат-түрік). Шыққанына 15 күн өткенде бұлақ сулары бар тастақты таудың жанындағы оғыздардың қоныстарына жеткен. Фадланның айтып отырған тастақты тауы Доңызтау мен Шағырай үстіртінің айналасы, себебі осы жер арқылы Ұлы жібек


жолының біртармағы өткен. Бұл жерде не себепті Сам құмы туралы айтылмағаны қызық болып тұр.

Сам құмында Хорезм мемлекетінің солтүстіктегі керуен сарайы болған және ол туралы Маңғыстаулық зерттеушілердің еңбектерінде кездеседі. Осы жерден бастап солтүстік батысқа, батысқа және шығысқа кететін жол болған. Қазақтар ноғайлы жолы деп атаған.Мүмкін ол кезде Сам керуен сарайы болмаған болуы да мүмкін. «Сам қалашығы туралы түріктің адмиралы Сиди Али Рейс 1557 жылы Хорезмге келіп одан солтүстіктегі Астрахан хандығына барар жолда Сам қалашығына тоқтағанын өзінің «Зерцало стран» атты еңбегінде жазған. Бұл жерде Сам қалашығын Шам деп жазған». Елшілердің Доңызтау арқылы өткенін Иағанды өзені дәлелдеп отыр. Иағанды қазіргі сол таулардың етегінен ағатын Шаған өзені. «Шағырай үстірті Оңтүстік-батыс, батыс беткейлері Шаған өзені аңғарына қарай тік жарлы (190 м) болып тірелген. Шығысының үстіртті бедері түйетайлы. Оңтүстік бөлігінде Шарқұдық тауаралық өткелі орналасқан. Үстірттің тік келген батыс бөлігінде Қожаберген, Шарқұдық, тағы басқа аласа таулар кездеседі. Қиыр оңтүстігінде Доңызтау кемері, батысында (Шаған өзенінің батыс беткейі) Шошқакөл бұйраты жатыр».

Шарқұдық өткелі арқыл өткен, егер ол жерден өтпесе, Шаған өзенін кесіп өту мүмкін емес. Өзен өте қысқа еріген қар суымен қоректентін маусымдық өзен. Иағаннан өткен соң жол бойында кесіп өткен өзен көлдері туралы деректер қалдырған. Сол өзендердің сол кездегі атауы және оның қазіргі атауы. Джам – Жем, Джахыш-Сағыз, Узил-Ойыл, Эрдэн –Қалдығайты. Варыш – өзенін орыс зерттеушілері Өленті деген, мүмкін ол Бұлдырты болуы да мүмкін. Екеуіде қатар ағып жатқа ұсақ өзен. Келесі өзен Анхаты, қазіргі Шалқар көліне құятын Шолақанқаты немесе Есенанқаты өзендері. Осы өзендерден өткенде үлкен теңіз сияқты су айдынына жеткен. Бұл қазіргі Шалқар көлі.Көлдің солтүстік жағалауы арқыл өтіп печенегтердің қонысына барып қонақтаған. Шалқар көлінен шығып Вабна өзенінен(қазіргіБарбастау өзені) өтіп жол бойындағы ең үлкен өзен Джайхтан(Жайық өзені) өтеді. Жайықтан өткенде Ресей жеріндегі ЫРғыз өзеніне дейін еліміз жеріндегі Шаған өзенін кесіп өткен. Олай болса елшілер керуені қазіргі Орал қаласы маңынан өткен. Ары қарай башқұрттар жеріненен өтіп бұлғарларға, одан ары қарай русь және славян халықтары туралы мәліметтер қалдырған. 923 жылы көктемде кавказ елдері арқылы Бағдадқа қайта оралған. Бұл жазбада зерттеуді қажет ететін тұсы Джурджаниден бір күндік жолда орналасқан қала Ардакуа қаласы және оның тұрғындары қардалылар. Ибн Фадланға парсы және түркі тілдерінің дауцс ырғағы таныс болатын. Ал қардалылардың даусы оған таныс емес болып шықты. Бұл жерде қандай халық тұрғандығы қызықтырып отыр.


Абул-Касим Мухаммад ибн Хаукал ан-Нисиби, **Ибн Хаукал** (араб. ابن حوقل) - X ғасырдағы араб географы және саяхатшысы. Багдад қаласында (кейбір деректерде Насиб елді мекенінде) туылған. Ол 30 жылдан астам уақыт бойы әртүрлі елдерге саяхаттаған, оның "жолдар мен елдер кітабы" ("Китаб ал-

масалик ва-л-мамалик") Халифат пен оның айналасындағы елдердің тарихы мен топонимикасы туралы көптеген мәліметтерді қамтиды (2-сурет. Ибн Хаукал құрастырған Әлем картасы).



Сурет 2 - 10 ғасырдағы Ибн Хаукалдың Әлем картасы.

943 жылдың мамыр айында Бағдадтан шығып, Әл-Джейхани, Ибн Хордадбех және Кудаманың еңбектерін мұқият зерттеп, сол кездегі мұсылман әлемінің барлық елдеріне саяхаттауға барғаны белгілі. Сапар барысында ол белгілі географ - Әл Истахримен кездесті, оның жұмысын кейіннен пайдаланып, оны толығымен өңдеп, шамамен 977 ж құрастырып өңдеп шығарған. Кітапта оғыздар, қарлұқтар, қимақтар, қырғыздар, тоғыз оғыздар, хазарлар туралы тарихи-этнографиялық мәліметтер келтірілген; олардың қоныстану орындары сипатталған, Ұлы Жібек жолы мен басқа да сауда жолдарының бағыттары көрсетілген. Исфиджаб, Тараз, Сауран, Сүткент, Фараб, Кедер, Шаухар және т.б., Каспий және Арал теңіздерінің оңтүстігіндегі қалалардың сипаттамалары бар. Еділ және Сырдария өзендері туралы мәлімет қалдырған (3-сурет. Ибн Хаукал құрастырған Орта Азияның (Мәуреннахр) картасы).



Сурет 3 - Ибн Хаукалдың 10 ғасырда салған Орта Азия (Мәуреннахр) картасы

Қазақ жеріне келгендігін айтатын болсақ оңтүстігіндегі Ұлы жібек жолы бойындағы қалаларға көбірек мән берген. Испиджаб (Сауран) қаласы туралы мынандай мәлімет қалдырған."Испиджаб — Бинкеттің (қазіргі Ташкент қаласы) үштен біріне тең. Ол Медина, Цитадель және рабадтан тұрады, цитадель қирап, медина мен рабад тұрады, Медина қабырғалары мен рабадтың айналасында фарсах маңындағы қабырға да бар. Рабадта оның бақтары мен сулары бар. Оны саздан тұрғызыңыз. Ол жазықта, оның арасында және оған жақын тауларда шамамен үш фарсах бар. Мединаның төрт қақпасы бар, оның ішінде Нужакет қақпасы, Фархан қақпасы, Савакрас қақпасы және Бұхара қақпасы. Оның Мединадағы және рабадтағы базарлары, басқару үйі, Мединадағы түрме және собор мешіті. Бұл адамдар көп және кең қала, бүкіл Хорасанда Мавераннахрда Испиджабтан басқа хараж алуға болмайтын қала жоқ". Испиджаб ең ірі әкімшілік орталық ретінде ғана емес, транзиттік сауда орны ретінде де танымал болды. Қалада рабаттар(сауда орны) мен керуен-сарайлар көп болды. Олар Нахшеба, Бұхара, Самаркандтың саудагерлеріне тиесіл болды. Барлығы 1700 рабад болған. Испиджабтан басқа жерлерге ақ маталар, қару-жарақтар, қылыштар, мыс және темір жеткізілді. Сонымен бірге қала Шығыстағы құл саудасының орталығы ретінде де танымал болды. Испиджабқа Сырдария алқабындағы Фараб пен Шавгар, Сауран мен Шагилжан, Дженд және Жанкент; Талас алқабындағы Қаратау, Тараз, Сус, Джикиль, Атлах және Джамукаттың солтүстік беткейлеріндегі Балаж; Шу алқабындағы Құлан, Мерке, Невакет, Баласағұн және басқалары тиесілі болған. Фараб(Отырар) округінің ландшафтын сипаттады:"бұл елде батпақты топырақ бар, Фараб өзенінің батысында батпақтар мен дақылдар бар".Сонымен бірге Сауранна төмен, оғыздардың иелігіндегі өзен сипаттамасын қалдырды. Сағадан 2 күн өткенде, фарсахтың жағадан қашықтықта олардың басты қаласы Янгикент болды. (Сырдариядан оңтүстікке қарай, Қазалыдан 15 шақырым жердегі қазіргі Жанкент қирандыларын в.Бартольд осы қаланың орны деп санайды).

Сауран бекініс қала - ғұздар бейбітшілік пен бітім үшін және олар әлемде болған кезде сауда жасау үшін жиналатын қала; Сүткент - Шаш өзенінің батысында орналасқан, онда мешіт бар және оған ислам дінін қабылдаған ғұз және қарлұқ тайпаларының түріктері жиналады. Олар (қала тұрғындары) түріктермен батыл соғысады және оларға қол жетімді емес. Фараб, Кенжида (Кенджида-Арыс өзен іалабында, Исфиджабтан төмен, Субаникет қаласы маңында орналасқан және Шаш қалаларының арасында жақсы жайылымдар бар, онда исламды қабылдаған мыңға жуық түріктердің отбасы, олар әдеттегідей шатырларда тұрады, оларда ғимараттар жоқ.

Шаша өзені - түріктер мен ислам елдерінен басталады, оған жол бойында бірнеше өзендер қосылатын өзен. Оның негізгі көзі — Үзгент аймағындағы түріктер елінен шығатын өзен (Қарадария -Сырдарияның жоғарғы ағысы) Өзен Харшаб, Ураст, Куба, Джидгил және басқа өзендермен байланысады, ол көбейіп, суы мол болады. Содан кейін ол Ахсикеттің қасынан өтеді (Ахсикет немесе Ахсы — Ферғана ежелгі қалаларының бірі Касанмен бірге. Чуст

қаласының жанында содан кейін Ходжендтің қасынан, содан кейін Бенакеттің қасынан (Бенакет, кейінірек Шахрухия, Сырдарияның оң жағалауында, Чиназадан жоғары орналасқан, онда қирандылар сақталған содан кейін Сүткенттің қасынан өтіп, Фарабқа қарай ағып, Сауран шекарасынан шөл арқылы өтеді. Ол жердегі өзен жағалауында түріктер-ғұздар орналасқан, ары қарай Жаңа ауылдан өтіп, екі күндік жолдан кейін Хорезм көліне құяды.Бұл өзен, егер созылып кетсе, Джейхунның үштен екісіне тең, бірақ бейбітшілік немесе бітім кезінде олар жаңа ауылға азық-түлік алып барады. Мұсылмандар жаңа ауылда тұрады, сонымен бірге ол Ғұз мемлекетінің астанасы; онда қыста Ғұз патшасы тұрады. Оған жақын жерде Жент (Сырдарияның сол жағалауындағы қирандылар, Қызылорданың төменгі жағында және Хор бар. (Хора, Хувара немесе Джувара — Сырдарияның төменгі ағысындағы қала) екеуінде де мұсылмандар тұрады, ал билік гуздарға тиесілі. Осы үш қаланың ішіндегі ең үлкені — Жаңа ауыл, ол Хорезмнен 10 күн, Фарабтан 20 күндік жол.

Ибн-Хордадбек. *Ибн Хордадбек әбу-әл-Касим Убайдаллах ибн Абдаллах ибн Хурдазбих (820– 912/913 жж)*. Араб географтары арасындағы көрген білген жерлерін сипаттап жазуға көбірек көңіл бөлген ортағасырлық зерттеушілердің бірі. «Китаб ал-масалик ва-л-мамалик»" ("Саяхаттар мен мемлекеттер кітабы") кітабында дүние жүзінің көптеген аймақтарына саяхат жасап барған жерлерінің табиғат жағдайына, халқының тұрмыс тіршілігіне, барған жеріндегі мемлекеттердің саяси құрылымы мен қалалардың саяси ахуалы туралы құнды деректер қалдырған. Бұл кітапта Орталық Азияға барған сапары туралы мәліметтер келтірген. Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан қалалар, қалалардың арақашықтығы, жол бойының табиғаты,тұрғындарының күнделікті тіршілігі туралы мәліметтер қалдырған (4-сурет).

Қазақ жеріне қандай маршрутпен келгені нақты емес. Славян жерлері арқылы Хазар хандығының орталығы Хамлидж қаласына келеді одан ары қарай орталық Азия жерлері арқылы Қытайға барғандығы мәлімделген. Хамлидж ден шыққан соң еліміздің батыс аймағы арқылы өткені айтпасада түсінікті (алайда кітапта бұл аймақтар туралы деректер келтірілмеген). Қазақстанның оңтүстік аймақтарына Хорезм арқылы немесе Арал теңізінің солтүстігі арқылы Ұлы жібек жолымен жүрдіма белгісіз болып отыр. Жол жазбаларында Испиджабқа (Сайрам) Самарқанд арқылы келгені анық жазылған. Мүмкін ол Хазар хандығына келген соң кері қайтып қайтадан Иран, Үндістан, Орта Азия жерлері арқылы өтуі де мүмкін. Жол жазбадағы қазақ жеріне тоқталар болсам қазіргі Түркістан және Жамбыл облысы аумағындағы орта ғасырлық қалалар мен сол жерде мекендеген халықтар туралы біршама материалдар бар. Жол бойында түркілердің өзені аш Шаш арқылы өткені жазылған. Өзеннің оң жағында орналасқан Банакит қаласын жазған.

В. Бартольдтың зерттеуі бойынша өзеннің оң жағында орналасқан үлкен қала деп жазған. Бұл жердегі Шаш Сырдария өзені немесе Сырдарияның бір

саласы (Шыршық) болуы да мүмкін (Кудаманың жазбасында да Сырдария өзені Шаш өзені деп жазылған), сонымен бірге көптеген ортағасырлық жазбаларда Ташкент қаласы маңындағы елді мекендерді де уақытында Шаш деп атаған. Шаш қаласынан Испиджаб(Сайрам) қаласына дейін 13 фарсах жол жүреді. Жол бойында Кубала және темір қақпа Гаркардқа тоқтап ары қарай шөлейтпен Испиджабқа жеткен. Қазақстандық ғалымдардың пайымдауынша Гаркард қазіргі Қазығұрт тауы деп есептеп отыр. Кейбір деректерде Казгирд деп аталған. Олай болса темір қақпа(араб жазбаларында баб-аль-Хадид) деп отырғанымыз Қазығұрт тауындағы асу немесе өткел. Кубаланы(кейбір деректерде Кадака, Кандака) соңғы зерттеулердің және саяхатшылардың жазбалары бойынша әскери бекініс Джабгукат деп нақтылай түсуде. Себебі Джабгукатты да Шаштан 2 фарсахта орналасқан деп келтірілген. Испиджабтан Шавабқа(Шараб) дейін 4 фарсах шөлді дала (Мафаза шөлі) арқылы екі өзенді басып өтесің делінген(Мава және Йуран өзендері бұл Кудама жазбасында). Бұл Сайрамсу және Бадам өзендері болуы мүмкін. Шараб қалашығы археологиялық қазба деректері бойынша қазіргі Қарабұлақ ауылы маңы(Қазақстан археологиясы 7 тарау)

Ары қарай Бадухкат (Будухкет) және Тамтадж(кейбір деректерде Түркістан облысындағы қазіргі Тұрар Рысқұлов (бұрынғы Ванновка) ауылы болуы мүмкін) далалық жерде бұлақтары бар қала деп жазылған.Бадухатпен Тамтадж арасы 5 фарсах. Тамтадж Түлкібас жанындаға қала болуы мүмкін (В. Бартольдт). Абаржаджа қаласы маңындағы төбеден мыңдаған бұлақ сулары атқылап жатыр, бұлақ сулары өзенді пайда еткен. Бұл өзенді (Барку аб) яғни терісаққан деген мағынада.Жамбыл облысы, Жуалы ауданындағы мыңбұлақты одан ағып шығатын Теріс өзені туралы айтылып отыр. Уйкипедия деректері бойынша Абарджадж қаласы 651 жылы салынып, Батыс Түрік қағандығының орталығы болған. Мыңбұлақ туралы 630 жылы қытай жиһангезі Сюань-Цзяннда жазған болатын. Ары қарай Джувикат, Тараз қаласына барғандығы және қала және тұрғындарының тіршілігі туралы баяндалған. Тараз жайында 629 жылы Сюань Цзянь былай деп жазады: «Цяньцюаньнан батысқа қарай 140-150 ли жүргеннен кейін, Доласы қаласына келіп жеттік. Қала аумағы 8-9 лиді құрайды. Мұнда әртүрлі елдердің саудагерлері өмір сүреді...» (Қазақстан археологиясы 7 тарау). Джувикаттан Қимақтардың мекеніне дейін 80 күндік жол. (Джувикат – қаланың орны Жетісу археологиялық экспедициясының деректері бойынша Асы өзені бойындағы Бектөбе болу мүмкін деп топшылайды). Тараздан қарлұқтардың жері арқылы төмен орналасқан Нушаджан (Касрбас) қалаларына дейін жеткен (Нушаджан –Барсхан қаласы болуы мүмкін.Барсхан Кудаманың еңбегінде көл жағалауында орналасқан әдемі қала деген). Қалада қарлұқтардың тұратыны айтылған. Ары қарай Кулшуба (қазіргі Өрнек ауылы), Джулшуба (Құмарық қалашығы), Кулан (Құлан), бай ауыл Беркі (Меркі), Асбары (Аспара), Нузкат, Харанджаван (Ақтөбе, В.Бернштам), Джул, Сарига қалашықтары арқылы Түргештердің хаканы отырған Навакатқа жеткен. Бұл жердегі Кулшуба жеке ауыл ретінде айтылғанмен


кейбір жазбаларда Құлан деп біріктіріліп жазылған). Ары қарай Кубалаға, жоғарғы Нушаджанға (жоғарғы Барсхан) жетіп ас Сина шекарасына дейін 15 күндік керуен жолы. Хордадбектің жазбасы бойынша жоғарғы Нушаджан қытай шекарасында деп көрсеткен.

Түркілер бұл аралықты 3 күнде жүріп өтеді. Жоғарғы Нушаджаннан тоғызоғыз хаканының астанасына дейін жер жағдайы қолайлы, көптеген ауылдар арқылы 3 айлық жол жүріп өтесің. Бұл қала өте үлкен, 12 темір қақпасы бар. Хаканның алтын шатырының үлкендігі сондай ішіне 100 адам сиып кетеді. Тоғызоғыздардың жері түркілердің арасындағы аумағы ең үлкені.Олар ас Син, ат Тубат және Қарлұқтардың жеріне дейін созылып жатыр. Өзеннен ары қарай қимақтар, гуздар(оғыздар), түргештер, азкиштер(эдкиш), қыпшақтар, қырғыздар, қарлұқтар, халаджилер тіршілік етеді. Қаладан солтүстік шығыс және шығысқа қарай Қимақтардың мекені. Тараздан қимақтардың отырған жеріне дейін шөлді аймақтар арқылы 81 күн жүресің(жоғарыда аталып өткендей ол жерде Джувикаттан 80 күндік жол деген) Қимақтың билеушісі өзінің шатырынан жайылымды бақылап отырады. Фараб(Отырар) қаласында түркі қарлұқтардан тұратын әскерилер бар. Түркілер, тибеттіктер, және хазарлар билеушісін Хакан деп атаған. Қарлұқтар Джабғұ деп атаған. Ас Синдер билеушісін Багбурь деп атаған. «Древнейшие государство восточной Европы», пространство и время средневековых текстах(отв. редактор тома Г.В. Глазарина) еңбегінде ас Синді қытайлар деп көрсеткен.

Бекжан Әденұлының "Қазақ" атауын орыстар қалай "қарлұққа" айналдырып жіберді? деген мақаласында Ас Синдер елі қазіргі ұйғырлар жері деп көптеген дәлелдер келтіреді. Бұл жерде шынымменде қытайлар билеушісін багбурь деп атамаған шығар. Багбурь мүмкін бабур шығар. Олай болған жағдайда ас Синнің қытайға қатысы жоқ. Хордадбек жазбасында Қимақтардың гүлденіп тұрған Кавикат (Кавакат) елдімекендері туралы да жазылған. Сонымен бірге қазіргі қырғызстан жерінде орналасқан Узкент қалалары туралы деректер қалдырған. Ортағасырлық араб зертеушілерінің жол жазбаларында қазақ жеріндегі қалалардың қалашықтар мен ауылдық елді мекендердің атауларында, географиялық орнында ауытқулар көптеп кездеседі. Бұл көрініс Хордадбектің жазбаларында да орын алған.

Ибн Хордадбек картасындағы қамтылған аудандардың қазіргі карталарға аударылған формасы. Бұл картада Қазақстанның оңтүстік аудандары қамтылған.

Хордадбектің кітабында Арал теңізі (Күрдері теңізі) туралы айтылған және оған Амудария, Сырдария өзендері құятындығын атап өткен.



Сурет 4 – Араб картасы негізінде сызылған Қытай картасындағы Орталық Азия (15 ғасыр) (Тенри университеті, Жапония)

Жубаныш қаласы

Ә.Х. Марғұлан Ортағасырлық дереккөздерге шолу жасап Сарыарқа даласындағы бірнеше қаланың тарихи атын анықтады. Мәселен Гардизи мен Рашид ад-дин жазбаларындағы Жубин (Жубанч) қаласы, қазақша айтылуы Жубаныш, Сарысу өзені бойындағы Жубаныш әулие немесе Жубан-анаға сәйкес келуі мүмкін деп болжады [Маргулан 1978: 5, 10, 12]. Кейінгі зерттеулер Сарысу өзені бойында тоғыз қалашық немесе елді мекен бар екенін анықтады: Карагач, Маулимберды, Карасакал, Жубан-ана, Кайып-ата, Талмас-ата, Аитбулак, Торт-кулакты, Корган, Жаман-корган, Белен-ана, Алатеге [Маргулан 1978: 26; Талеев, Манапова 2025: 18].



Сурет 5. Сарыарқаның ортағасырлық ескерткіштерінің орналасу картасы ([Маргулан 1978: 4, рис. 1] бойынша)

Fig. 9. The map of the location of the medieval sites of Saryarka – after – Margulan 1978: 4, fig. 1

Рис. 9. Карта расположения средневековых памятников Сарыарки (по: [Маргулан 1978: 4, рис. 1])

Аталған елді мекендердің ішінде Талмас-ата Хафиз-и Таныш Бухаридің (1549—1590) еңбегінде [Хафиз-и Таныш Бухари 1969: 274] және Ремезовтың (1696-7) және Мутәфериканың (1730) картасында кезігеді [Kenzheakhmet 2025: 48].




Сурет 6. Сусыз және өтуге болмайтын тасты даланың бүкіл жерінің суреті (Чертеж земли всей безводной и малопроходной каменной степи), Ремезов 1698 (үстіңгісі орысша нұсқасы; астыңғысы ағылшынша аударма нұсқасы)



Сурет 7. Мутәфериканың (1730) картасы


Сарыарқадағы Жұбаныш қаласының орны туралы тарихи деректерде нақты жазылмайды. Тек Махмұд Қашқари дерегінде Іле маңында Яфинч (Yafinč, Yawinč, Ipanch) қаласы аталады [Dankoff/Kelly 1984, 608; Thackston 1998–1999, 27; Kenzheakhmet 2021: 72].



Сурет 8. Махмұд Қашқари дерегінде Іле маңында Яфинч (Yafinč, Yawinč, Iranch) қаласы

Еуразия даласында Яфинч немесе Жапанши деп аталған басқа қалаларда болды. Мысалы, Туринск - Ресейдің Свердловск облысындағы қала. Оның ортағасырлық түрікше аты Жапанши [Абдиров 1996: 44, 47]. 18 ғасырлардағы карталарда Jepanzin (Ides 1704); Japantzin (Delisle 1706A); Jepanzin (Homann 1722); Iapanzin (Strahlenberg 1730); Yabančin Hoton (III-7, no. 90); Yabanqin hetun 雅班沁和屯 деп аталды.

Махмұд Қашқари дерегінде Іле маңында Яфинч қаласы 1330 жылы сызылған *Цзинши дадянь дили ту* картасында Е-юньчи деп аталды.



Сурет 9. Юань цзинши дадянь диту [Haiguo tuzhi 2:38ab]

Біздің пікірімізше, Яфинч немесе Е-юньчи қаласын Жетісу жерінен, Алматы төңірегінен іздегеніміз жөн. Ежелгі түркі тілінде «й/и» дыбысының «ж» дыбысына өзгеру заңдылығына жүгінсек, Яфинч қазіргі қазақ тілінің фонетикалық заңдылығына сай Жауыншы болып өзгеруі ақылға қонымды. Сауыншы — Алматы облысы Қарасай ауданы, Әйтей ауылдық округі құрамындағы ауыл. Аудан орталығы - Қаскелең қаласынан солтүстік-батысқа қарай 8 км-дей жерде. «Жеріңнің аты—Еліңнің хаты, энциклопедиялық, аньщтамалықта»: «Сауыншы - ауыл. Қарасай ауд-нда. Сиыр фермасындагы сауыншылар турған ауыл. Айтыла келе Сауыншы аталып кеткен» деп анықтама берілген [2006: 232]. Бір қызығы, Сауыншы деген осы жер аты тек Қарасай ауданында ғана кезігеді, Қазақстанның басқа жерлерінен кезікпейді, СССР тұсында жарыққа шыққан «Еңбекші», «Алғабас», «Дикан» сынды социалистік терминдер сияқты кеңінен қолданылмаған. Сондықтан, Сауыншы ежелгі Яфинч немесе Жауыншы топонимінің өзгеріске түскен түрі деп айтуға негіз бар. Ежелгі қалалар сол аттас жердің маңына орналасу заңдылығына сүйенсек, Сауыншы ауылының қасында ежелгі қаланың жұқанасы қазірге дейін сақталған. Ескерте кететін бір жәйт, Қарасай ауданында екі Сауыншы ауылы бар. 1. С.а. Первомай ауылдық әкімшілік округінің құрамында. Аудан орталығы – Қаскелең қаласынан 14 шақырым жерде орналасқан. 2. Әйтей ауылдық әкімшілік округінің құрамында. Аудан орталығы – Қаскелең қаласынан 21 шақырым жерде орналасқан [*Алматы облысының елді мекен атаулары (этимологиялық анықтамалық* 2016: 131].

Ор Тағ және Күр Тағ

Шараф-намаһ-и шахи бойынша Ор Тағ мен Күр Тағ Оғыз ханның отаны:

«Қалаларды жаулап алып, тыныштандырған соң, маңызды істер жасап, тілектерін орындағаннан кейін, [Оғызхан] өзінің негізгі лагері [отаны] болған Ортақ пен Қартақ (Күр Тағ) жерлеріне оралды» [Салахетдинова 1983 (1): 61].

Әбілғазы хан өзінің «Шажара-и Түрік» кітабында Ұлұғ-Тағды Ортауға, Күр Тағды Кичик-Тағқа балайды [Desmaisons 1874, 12].

Әлкей Марғұлан Ортағ пен Куртағды Сарыарқадағы Ағадыр маңындағы Ортау және Қызылтау тауларымен байланыстырады [Маргулан 1978: 5, 11, 12].

Тауарих-и Гузида-ий Нұсратнаменың дерегі бойынша, «Содан кейін Бұрындық хан, Жәнібек ханның ұлдары Қасым сұлтан мен Әдік сұлтан және бүкіл моғолдар бірігіп Сайрамда, Алатауда отырғанда Мұхаммед Шайбани аздаған адамдарымен келіп шайқасып, олардың (көп) адамын қырып, қайтып оралды» [Тауарих-и Гузида-ий Нұсратнаме. *Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері*. V том. 2006, 38].

Ал осы туралы «Шайбани-наме» кітабында былай жазылады: «Бұрындық хан, Жәнібек ханның ұлдары және Әдік сұлтан Сұлтан Махмұд ханмен бейбіт қарым-қатынас орнатты, сол себептен олардың барлығы адамдарымен және нөкерлерімен Ташкент уәлаятына тәуелді аймақтардың бірі Сайрамға

бет алды. Олар сонда Алатауда орналасты» [Камал Әд-Дин Бина'и. Шайбани-наме. *Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері*. V том. 2006, 97].

Жалайыр Қадыр-ғали би өзінің 1602 жылы жазған *Жамиғ ат-Тауарих* (Шежірілер Жинағы) кітабында былай жазады: «одан соң Ұрұс Хан Алатау өңіріне қоныс тепті. Ол жер өте үлкен және биік тау еді және онда жақсы жайылымдар, су мен бұлақтар да көп болған. Ол таудан шексіз сулар пайда болған. Шahap Талашқары сол жерде болған. Отырар, Сайрам қалалары шегіне жақын жатқан. Шу, Талас, Ыстықкөл, Теклік уәлаяттары болған» [Жалайыр Қадыр-ғали би. Жамиғ ат-Тауарих. *Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері*. V том. 2006, 160].

Талаш-қары түркі тілінде «ежелгі Талас» дегенді білдіреді. Менің пікірімше, кезінде Жамбыл деп аталған, қазір Тараз деп өзгертілген ортағасырлық Тараз немесе Талас болуы керек. Алатау қазіргі Талас-Алатауы, Қырғызстан мен Қазақстан шекарасындағы тау жотасы болуы керек [Kenzheakhmet 2023: 21].

Ортағ қазіргі Талас қаласының оңтүстігіндегі Қырғыз Алатауы болуы мүмкін. Өйткені Киеперт картасында аталмыш тау Ақсай (Уртақ) тау деп аталды [Kiepert 1877; Petzhold 1877: 396]. Ал 1863 жылғы «Карта Средней Азии составленная по новейшим сведениям» картасында «горы Уртак Тау» деп көрсетілді.

Күр Тағ Қазтағтың өзгеріске түскен түрі болуы мүмкін, Қазтақты Шу алқабы мен Алматы қаласы арасындағы Қастек тауларымен (және асуымен) байланыстыруға болады.

Штрахленберг картасында M.ArgaTau al: Arkaula; M. Kaschluk **деген таулар кезігеді (**Strahlenberg 1730).



Сурет 10. Горы Уртак тау (Карта Средней Азии составленная по новейшим сведениям. Год выпуска: 1863 года, исправленная в 1881 году). Ко 104-IV-2

Қорытынды

Жоғарыдағы талдаулар арқылы, Ортағасырлық Жубаныш қаласы Сарыарқада емес, қазіргі Алматының батысында екенін байқауға болады.

Ортақ қазіргі Қырғыз Алатауы, ал Күртағ қазіргі Қастек тауымен байланысты.

Петцольд еңбегі негізінде Киперт сызған «Түркістан ойпатының шолу картасы» Ресей империясының құрамына енген Іле мен Түркістан генерал-губернаторлығының толық картасы болып табылады. Картада Түркістан генерал-губернаторлығының құрамындағы екі облыс: орталығы Ташкентке орналасқан Сырдария облысы және орталығы Верный қаласында орналасқан Жетісу облысы көрсетілген.

Аталмыш карта XVIII ғасырдың 70 жылдарындағы Қазақия тарихындағы аумалы-төкпелі оқиғаларды бейнелейтін бірегей карта болып табылады. Картада Қазақияның жер-су аттары, тарихи жерлер анық көрсетілген. Қырғыз Алатауын Ақсай (Уртақ) тау деп те атаған. Верный (Алматы) маңында Жирен Айғыр, Тарғап, Қастек, Қопа, Алмалы Тау сынды жер аттары сызылған.

Әдебиеттер

Абдиров Мурат. Хан Кучум. Известный и неизвестный. Алматы, 1996.

Alexander Petzholdt (1810-1899). Umschau im Russischen Turkestan (im Jahre 1871): nebst einer allgemeinen Schilderung des “Turkestanschen Beckens” mit 27 in den Text gedruckten Holzschnitten und einer Übersichts-Karte des Turkestanischen Beckens. Leipzig: Verlag von Hermann Fries, 1877. Туркестанскій сборникъ. Собраніе сочиненій о Туркестанскомъ краѢ вообще и сопредѢльныхъ съ нимъ странъ Средней Азіи. Составляемый В. И. Межовым. Том 178– СПб. : Тип. В. С. Балашева, б.г. – Т. 178.

https://ts.manas.edu.kg/ts/178/mobile/index.html#p=413

Алматы облысының елді мекен атаулары (этимологиялық анықтамалық). Ред.басқарған А.Кендірбекұлы. Алматы, «Курсив» баспаханасы. 2016.

Әбусейітова, Меруерт Қуатқызы (ed. and trans.). Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. XV–XIX ғасырлардағы шығармалардан үзінділер. Almaty: Dayk, 2006 [kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1110775].

Dankoff, Robert, and James Kelly (eds. and trs.). *Compendium of the Turkic Dialects (Dīwān Lughāt at-Turk): Edited and Translated with Introduction and Indices*. 3 vols. Harvard, MA: Harvard University Printing Office, 1982 [I], 1984 [II], 1985 [III] [archive.org/search.php?query= Compendium of the Turkic Dialects].

Desmaisons, Jean Jacques Pierre (1807–1873, ed. and trans.). Histoire des Mogols et des Tatares par Aboul-Ghasi Behadour Khan, publiee, traduite et annotee par le Baron Desmaisons [History of the Mongols and the Tartars, by Abu al-Ghazi Bahadur]. 2 vols. St.-Petersburg, 1871 [vol 1: Texte (i.e. Shajara-i Turk, 1665); books.google.fr/books?id=9NEax95ig8MC&], 1874 [vol. 2:

Traduction; archive.org/details/dli.granth.78550].

Ding, Qian 丁謙 (1843–1919). Yuan jingshi dadian tu dili kaozheng 元經世大典圖地理考證Zhejiang tushuguan congshu 浙江圖書館叢書, 1915 [rpt. Penglaixuan dilixue congshu 蓬萊軒

地理學叢書. 4 vols. Beijing: Beijing tushuguan, 2008] [archive.org/details/zhejiangtushugua15zhej].

Haiguo tuzhi 海國圖志, by Wei Yuan 魏源 (1794–1857). Blockprint editions in 50 chs. (Daoguang

道光 24th year = 1844), 60 chs. (Daoguang 29th year = 1849) [rpt. Taibei: Chengwen, 1988]

[digital.staatsbibliothek-berlin.de/suche?queryString=PPN3371339904] and, since 1852, in 100 chs., e. g. the edn. printed Guangxu 光緒 2nd year (1876) [archive.org/details/ 02087089.cn … ~/02087135.cn].

Хафыз Тыныш. Шараф-Наме-йи Шахи (Абдулла-Наме). *Материалы по истории Казахских Ханств XV—XVI веков*. Алма-Ата, 1969.

Jāmiʿ al-tawārīkh جامع التواريخ [Compendium of Chronicles], by Rashid al-Din Hamadani. Edition with English translation: Thackston 1998–1999; Russian translation: Sbornik letopisei (1952–1960).

Жалайыр Қадыр-ғали би. Жамиғ ат-Тауарих. *Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері*. V том. 2006.

Жеріднің аты—Еліднің хаты, энциклопедиялық, аньщтамалық. Алматы, 2006.

Jingshi dadian 經世大典 (Great Canon to Order the World), ed. by Zhao Shiyan 趙世延 (1260–

1336), Yu Ji 虞集 (1272–1348), et al. [Of the original work only parts have survived, some of

them in encyclopedias like the Yongle dadian. A geographical map has been preserved als part of the first two editions of Wei Yuan's Haiguo tuzhi.] See Haiguo tuzhi (1849 edn.) 2.28ab.

Камал Әд-Дин Бина'и. Шайбани-наме. *Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері*. V том. 2006.

Карта Средней Азии, составленная по новейшим сведениям. Год выпуска: 1863 года, исправленная в 1881 году). Ко 104-IV-2

Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. V том. Алматы «Дайк-Пресс». 2006.

Kenzheakhmet Nurlan. *Eurasian Historical Geography as Reflected in Geographical Literature and in Maps from the 13th to the Mid-17th Centuries*. Gossenberg: OSTASIEN Verlag, 2021.

Kenzheakhmet Nurlan. *European-Chinese Imperial Maps and Gazetteers Related to the Kazakh (Qazaq) Khanate and Its Adjacent Regions from the 16th to the 19th Centuries*. Gossenberg: OSTASIEN Verlag, 2023.

Kenzheakhmet Nurlan. *Historical Geography of Qazaqia and Central Asia (18th-19th Centuries)*. Almaty, 2025.

Kiepert H. Übersichts-Karte des Turkestanischen Bechens zu A. Petzholdt's Umschau im Russischen Turkestan entworfen von H. Kiepert. Berlin 1877 (Austrian National Library/Österreichische Nationalbibliothek).

Кононов А. Н., Родословная Туркмен Сочинение Абу-л-гази хана Хивинского. Москва-Ленинград, 1958.

Кузнецова О. В., Керамика с городища Енбекши. Средневековая Археологии. *Известия НАН РК Серия Общественных Наук*, 2009, № 1, 214-218.

Маргулан А. Х. Остатки Оседлых Поселений в Центральном Казахстане. *Археологические Памятники Казахстана*. Алма-Ата: Издательство «НАУКА» Казахской ССР, 1978.

Салахетдинова, Мунира Азымовна (1920–1999, ed. and trans.). Шараф-нама-йи шахи (книга шахской славы): факсимиле рукописи Д 88. Хафиз-и Таныш ибн Мир Мухаммад Бухари. 2 vols. Moskva: Nauka, 1983 [I: text: vostlit.narod.ru/Texts/rus9/Buchari1/text2.htm], 1989 [II: facsimile].

Рашид-ад-Дин. Сборник летописей. Т. I, книга первая. Перевод с персидского Л. А. Хетагурова, редакция и примечения проф. А. А. Семенова, М.—Л., 1952; Т. I, книга вторая. Перевод с персидского О. И. Смирновой, примечения Б. И. Панкратова и О. И. Смирновой, редакция проф. А. А. Семенова, М.—Л., 1952; Т. II, Перевод с персидского Ю.П. Верховского; примечения Ю.П. Верховского и Б.И. Панкратова, редакция проф. И.П. Петрушевского, М.—Л., 1960; Т. III. Перевод с персидского А. К. Арендса, под редакцией А. А. Ромаскевича, Е. Э. Бертельса и А. Ю. Якубовского, М.—Л., 1946.

L. A. Khetagurov ed. by A. A. Semenov), vol. 1-2 (tr. by O. I. Smirnova, notes by B.I. Pankratov & O.I. Smirnova, ed. by A. A. Semenov), vol. 2 (tr. by Yu. P. Verkhovskii, notes by Yu. P. Verkhovskii & B.I. Pankratov). Moscow: Academy of Sciences, 1952 [1-1, 1-2], 1960 [2].

Талеев Д.Ә., Манапова Ә.М. Сарыарқаның ортағасырлық археологиялық ескерткіштері:

қысқаша талдау және мүмкіндіктер. *Қазақстан археологиясы*. 2025. № 1 (27). 11–30-бб. DOI: 10.52967/akz2024.1.27.11.30

Thackston, Wheeler MacIntosh (ed.). (tr.). *Jami'u't-tawarikh [= Jāmiʿ al-tawārīkh] Compendium of Chronicles: A History of the Mongols = Reşiddedin Fazlullah Cami'ü't-Tevarih: Dünya tarihi: Moğul tarihi*. 3 vols. Harvard: Harvard University, 1998 [I: 1-240, II: 241-514], 1999 [III: 515-819].

Yuan jingshi dadian tu dili kaozheng 元經世大典圖地理考證. See Ding Qian 1915.

Yuanshi 元史 [History of the Yuan], by Song Lian 宋廉 (1310–1381). Beijing: Zhonghua, 1976

[encoded version via hanchi.ihp.sinica.edu.tw/ihp/hanji.htm].

Professor **Syed Akhtar Husain**
Centre of Persian and Central Asian Studies,
Jawaharlal Nehru University,
New Delhi, India.

WISDOM OF FERDOWSI IN THE SHAHNAMEH

It is commendable that Korkyt Ata Kyzylorda University is hosting an international conference on Shahnameh in the memory of Turmagambet Iztileuov who has introduced the Epic to the people of Kazakhstan by translating it into Kazakh language. Turmagambet is a pioneer Kazakh scholar who has enriched the literary coffer of Kazakh language and literature. He was not only a translator of literary classics but also a Kazakh poet of unique literary eminence. He was schooled at the iconic Mir-i-Arab Madrasah of Bokhara and Kokiltash Madrasah of Tashkent where he learnt the classical languages Arabic, Persian and Turki and engaged himself in the study of world classics- the Shahnameh, Thousand and One Nights and Tutinameh. There he also found a close friend in Sadruddin Aini whose interaction was conducive to Turmagambet's literary growth and genius. Turmagambet has translated 60,000 Persian couplets of Ferdowsi into 40,000 Kazakh verses which is, indeed, a commendable literary and cultural achievement. His approach to Shahnameh is historical and cultural and the cements the bond between Iran and Turan and builds a bridge of understanding literature and culture between Iran and Kazakhstan, now and forever.

The Shahnameh is an epic of wisdom. Iranian history and civilization have always cherished human wisdom which is evident from the treasure-trove of Persian language and literature. The proverbs in Persian language are the judicious wisdom of the Iranians and equally brilliant and sagacious is the Persian poetry. The Shahnameh was written in 1010 following the Persian Renaissance which had dawn on the eastern horizon of Iran, Khorasan. Persian language also had its re-birth after the "two hundred years of silence" or the Arab conquest of Iran. Among all the Persian poets, Ferdowsi was the pioneer to bring Iran on the literary map of West Asia and to write the epic of Iran in 60,000 couplets with only five percent of Arabic loan words".[i] The Arabs who were proud of their language and poetry and looked upon non-Arabs as *Ajamis* and believed that no people would ever compose a poem of the literary merit of the *Saba Moalaqa*. However, the Shahnameh both in quality and quantity would defy such claim of the Arabs and filled the Iranians with pride to uphold Iran as a land of poetry, the country of Zoroaster, and a cradle of civilization. The Shahnameh, thus revived the lost glory of the Iranians and the wisdom of *Javeedan Khirad,* teachings of Zoroaster and sayings of wise men and judicious kings, all of them found expression through a single window of the epic poetry of Ferdowsi.

The *Book of Kings* has a recorded history of fifty monarchs who ruled over Iran for more than a millennium.[ii] It is a saga of war and peace, a story of the conflict between Iran and Turan, a contrast of light and darkness, a narrative of romance and rivalry and covers a huge gamut of subjects. But the content of wisdom out

shines all of them in the Shahnameh. The epic begins with a hymn in which Ferdowsi says that life and wisdom or intellect are the gifts of God to mankind. Then a segment of twenty couplets are devoted to human wisdom and intellect in the book. Ferdowsi considers human life and intellect as the two sides of the same coin. It is a beacon of light for men to live in this world and travel to another world. Those who do not take recourse to wisdom and intellect, finally fall into the worldly trap. It governs human eyes, ears and tongues to imbibe knowledge and eat fruits of labour. However, knowledge is diverse in forms and there is no end to amass it. No man can afford to ignore human intellect even for a moment and therefore, one has to strive for knowledge from one's cradle to one's grave.[iii]

There are many episodes in the corpus of the Shahnameh. Among them, the episodes of Iraj, Sohrab, Isfandyar and Siyavosh are the tragic stories of life. The elements of tragedy in life and literature entail two different concepts. Tragedy in human life is a personal loss which is emotional in nature. But the tragedy in literature is not a personal loss but intellectual in nature. Readers ponder over tragedy in poetry and probe into its causes and consequences. It explains the secrets of destiny and shows the powerlessness of the powerful before fate. The story of Sohrab and Ifandyar are interwoven by the threads of power and destiny. The wisdom of Ferdowsi always guides heroes against the path of imperialism. He cautions them that their imperial design will never bring prosperity to them. On the contrary, imperialism will ensure their doom. The young Sohrab was obsessed with the idea of totaking the kingdom of Iran from Kaikaoos and aggrandize a greater Iran by putting Iran and Turan together for his father Rustom and mother Tehmineh. This notion of making Rustom the king of Iran and Tehmineh the Queen of Iran motivated him to fall into the trap of crafty Afrasiyab and the blind understanding brought him face to face with Rustam who unwittingly killed his son. Ferdowsi wittingly introduced element of tragedy to bring the story of Sohrab to its logical end and to unfold the powerlessness of both Rustom and Sohrab before the mighty fate and the tragic consequences of imperialism.

The episode of Isfandyar is equally a tragic story and Ferdowsi replays the theme of destiny and imperialism and lust for power in this story of the epic as well. Isfandyar was born to the royal family of Gushtasp, an ardent follower of Lord Zoroaster. Zoroaster had given him a holy dip in Lake Oromyeh which had galvanized the entire body of the Prince. The Prince had closed his eyes while taking the holy dip in the lake. Therefore, his eyes were not galvanized against attack. The Prince had followed the commands of the king one after another to be crowned as the king of Iran. Gushtasp then asked Isfandyar to bring Rustom in chains before him in order to become the king of Iran. The Prince being too obsessed with the notion of becoming the king went to Sistan to bring Rustom in chains before Gushtasp. A duel took place between the two titans. On the advice of Simorgh, Rustom shot an arrow into the vulnerable eyes of Isfandyar which caused his ultimate death. Here, the wisdom of Ferdowsi shows that lust for power makes prince and king blind and it brings death and misery in their lives.[iv] The story of Rustom and Sohrab and the episode of Isfandyar and Rustom show that the lust of

power and imperialism snatch away the precious son from the lap of the mother which Ferdowsi has poignantly summed up:

یکی داستان است پر آب چشم دل نازک از رستم آید بخشم[v]

Eraj is the mouth-piece of Ferdowsi to utter the words of wisdom for the over ambitious and greedy monarchs. He presents a view-point that juxtaposes imperialist notion of unnecessary aggrandizement of kingdom and empire larger than the need. The kingdom of Faridoon was divided among his three sons Eraj, Tur and Salm. Eraj was crowned as the King of Iran and Tur and Salm inherited Turan and Arabia from Faridoon. But they were jealous of the share of Eraj, and planned to kill him in order to usurp Iran from him. Eraj is an epitome of a virtuous king who has a wealth of contentment and satisfaction in life. He does not have any urge to wear crown and sit on throne, to strive for name or fame, to become mighty and powerful, to pursue imperialist design and to aggrandize kingdom into empire. He is fully aware of the consequences of greed in life. Therefore, he prefers to remain a hermit with contentment rather than over ambitious emperor. Eraj is a perfect counterpoise to Tur, Salm or any imperialist monarch of Iranian mythology.

نه تاج کی خواهم اکنون نه گاه نه نام بزرگی به ایران سپاه
من ایران نخواهم نه خاور نه چین نه شاهی نه گسترده روی زمین
بزرگی که فرجام او تیرگی است بدین برتری بر بیاید گریست
بسنده کنم ز جهان گوشه ای به کوشش فراز آوارم توشه ای[vi]

Талдау барысында сандық ұйымдасу, кезеңдер арасындағы даму және қатысушының трансформациясы бір-бірінен ажыратылады. Жеті бірліктен тұратын тізбектің болуы олардың өзара тәуелді даму үдерісін құрайтынын міндетті түрде білдірмейді; сол сияқты кезеңдік даму үдерісі де қатысушының міндетті түрде трансформацияға ұшырайтынын көрсетпейді. Сондықтан салыстырудың негізгі назары құрылымдық бірліктер арасындағы өзара байланыстарға және әрбір тізбектің соңғы кезеңі атқаратын қызметке аударылады.

3. Рүстемнің «Жеті сынағы»: баяндау реттілігі, кезеңдер арасындағы тәуелділік және трансформацияның шектеулері

3.1. Жеті сынақты анықтау

Бұл бөлімде Рүстемнің Кей Кавус пен Иран әскерін Мазандараннан құтқару мақсатындағы сапары бес критерий негізінде қарастырылады: реттіліктің тұрақтылығы, дербес бірліктер, кезеңдер арасындағы тәуелділік, субъектінің сабақтастығы және айқын белгіленген аяқталу межесі. Зерттеудің мақсаты — жеті сынақтың өзара тұтас даму үдерісін құрайтынын және мұндай үдерістің қандай да бір нәтижеге жеткізетін-жеткізбейтінін анықтау.

Жеті сынаққа мыналар жатады: арыстанмен айқасу, аптап ыстық пен шөл қысқан күйде шөлді кесіп өту, айдаһармен шайқасу, мыстан кемпірге қарсы тұру, Ұладты тұтқынға алу, Аржанг дивті жеңу және Ақ дивті өлтіру.

Аталған сынақтар Рүстемнің алдына әртүрлі кедергілер қойып, оларды еңсеру үшін сан алуан әрекет тәсілдерін қолдануды талап етеді. Сондықтан талдау олардың бір-бірінен ерекшеленуін ғана емес, өзара қандай байланысқа түсетінін және бұл байланыстың қалай жүзеге асатынын да қарастырады. Сонымен қатар, сынақтардың Рүстемнің бұрыннан қалыптасқан қабілеттерін тексерумен ғана шектелетінін немесе оның іс-әрекетінде, білімінде не батырлық болмысында анағұрлым елеулі өзгерістерге алып келетінін анықтауға назар аударылады.

3.2. Реттілік тұрақтылығы, дербес бірліктер және субъектінің сабақтастығы

Реттілік тұрақтылығы. Жеті сынақ арыстанмен кездесуден және қараңғы шөлді кесіп өтуден бастап, Ақ дивпен болатын соңғы шайқасқа дейін тұрақты тәртіппен баяндалады. Бұл реттілік Рүстемнің сапарының құрылымын айқындайды. Алайда сынақтардың бірізді баяндалуы олардың әрбірінің алдыңғы сынаққа тәуелді екенін дәлелдемейді. Сынақтардың өзара құрылымдық тәуелділігі келесі бөлімдерде қарастырылады.

Дербес бірліктер. Жеті сынақтың әрқайсысы өзіндік оқиғамен сипатталады: Рүстемнің арыстанмен кездесуі, аптап ыстық пен шөл қысу жағдайында шөлді кесіп өтуі, айдаһармен шайқасуы, мыстан кемпірге қарсы тұруы, Ұладты тұтқынға алуы, Аржанг дивті жеңуі және Ақ дивті өлтіруі. Олардың әрқайсысын баяндау құрылымындағы дербес эпизод ретінде ажыратуға болады. Бұдан әрі талдау осы эпизодтардың жай ғана бірінен кейін бірі өрбитін оқиғаларды немесе баяндау барысында олардың арасында мазмұндық тұрғыдан мәнді байланыстар қалыптасқаны жөніндегі мәселені қарастырады.

Субъектінің сабақтастығы. Рүстем бүкіл сапар барысында негізгі кейіпкер болып қала береді және оның жанында Рахш жүреді. Рахш тек тұрақты серігі қана емес, бірнеше сынаққа белсенді қатысатын кейіпкер ретінде көрінеді. Әсіресе, бірінші сынақтағы оның дербес әрекеті мен үшінші сынақта айдаһардың бар екендігін Рүстемге ескертуге тырысуы алғашқы эпизодтардың өзара байланысын түсіну үшін маңызды. Рүстемнің негізгі мақсаты — Кей Кавус пен Иран әскерін құтқару — өзгеріссіз қала береді. Алайда қаһармандық болмыс пен мақсаттың сабақтастығы сапар барысында Рүстемді мүлде өзгертпейді дегенді білдірмейді. Сондықтан талдау бұрыннан қалыптасқан қабілеттерін сынайтын сынақтарды оның қателіктерін, осал тұстарын немесе жағдайға бейімделу қажеттілігін айқындайтын сынақтардан ажыратуы тиіс. Бұл тәжірибелер елеулі трансформацияға алып келетінін, әлде негізінен Рүстемнің бұрыннан қалыптасқан батырлық рөлін жүзеге асыруына мүмкіндік беретінін қарастыру мәселесі әзірге ашық күйінде қалады.

Келесі талдауда сынақтар арасынан анықтауға болатын өзара байланыстарға сәйкес топтастырылады. Алғашқы үш сынақ бірге қарастырылады, өйткені олар Рахштың әрекеттері, Рүстемнің нұсқаулары және кейінгі кезеңдерде сол нұсқаулардың сыналуы арасындағы байланысты қалыптастырады. Төртінші сынақ жеке талданады, себебі оның айналасындағы сынақтармен салыстырғанда тікелей тәуелділігі анықталмаған. Соңғы үш сынақ өзара байланыста қарастырылады, өйткені Ұладты тұтқынға алу Рүстемнің әрекеттері мен кейінгі кезеңдерде қолжетімді болатын ақпарат пен жол көрсетудің арасында практикалық байланыс орнатады. Мұндай топтастыру талдау мақсатында ұсынылған және поэма авторы «Жеті сынақты» дәл осы үш бөлікке нақты бөліп көрсеткен дегенді білдірмейді.

3.3. Алғашқы үш сынақ: Рүстемнің қауіп-қатерге жауап беру әрекеттері

Алғашқы үш сынақта Рүстем әртүрлі кедергілерге тап болады. Алайда оның қауіп-қатерге қалай жауап беретіні мен Рахшқа берген нұсқауларын қатар қарастырғанда, осы сынақтардың арасындағы байланыс айқынырақ көрінеді.

Бірінші сынақта арыстан жақындап келіп, Рахшқа шабуыл жасаған сәтте Рүстем ұйықтап жатады. Ат иесін оятпастан, арыстанды тұяғы мен тісі арқылы өлтіреді (II, 286-298-тарм.). Болған оқиғаны білген Рүстем Рахшты оған хабар бермей, арыстанмен өз бетінше шайқасқаны үшін жазғырады. Ол аттан неліктен кісінеп, өзін оятпағанын сұрап, егер Рахш қаза тапқанда, Мазандаранға дейінгі сапарын қару-жарағын өзі көтеріп, жаяу жалғастыруға мәжбүр болатынын ескертеді (II, 286-298-тарм.).

Рүстемнің бұл әрекеті оның Рахштан қауіпті қарсыластармен өз бетінше шайқаспай, алдымен өзіне белгі беруін күтетінін аңғартады. Сонымен бірге, бұл эпизод батырдың өз атына тәуелділігін де көрсетеді: Рахш ұйықтап жатқан Рүстемді қауіптен қорғап қалады, алайда оның бұл әрекеті иесі күткен тәртіпке қайшы келеді. Осылайша, алғашқы сынақта батырдың қауіпсіздігі оның жеке күшіне ғана емес, сенімді серігінің дербес әрекетіне де байланысты екені байқалады.

Екінші сынақ мүлде басқа сипаттағы қиындықты көрсетеді. Рүстем мен Рахш аптап ыстық пен қатты шөл қысқан күйде шөлді кесіп өтеді. Екеуі де әбден әлсіреген кезде, бір саулық қой Рүстемді су көзіне бастап барады (II, 299–337-тарм.). Саулық қойдың пайда болуы олардың аман қалуына тікелей мүмкіндік береді, ал Рүстемнің ризашылығы мен дұға етуі бұл оқиғаны Жаратушының жәрдемі аясында түсінуге негіз болады. Екеуі де күш жинап алғаннан кейін, Рүстем Рахшқа дивтермен немесе арыстандармен жалғыз шайқаспауға және жау жақындаған кезде өзіне белгі беруге нұсқау айтады. Бұл нұсқау бірінші сынақтағы оқиғаны еске түсіреді: енді Рүстем аттың бұрын өз бетінше әрекет еткен жағдайға ұқсас ахуалдарда қалай әрекет етуі керектігін нақты белгілейді.

Үшінші сынақ осы нұсқаудың іс жүзінде орындалуын тексереді. Айдаһар жақындаған кезде Рахш Рүстемді оятуға тырысады. Алайда Рүстем алғашында ешқандай жауды көрмей, қайтадан ұйқыға кетеді. Рахш екінші рет белгі бергенде, Рүстем ашуланып, аттың басын шауып тастап, Мазандаранға жаяу баратынын айтып қорқытады. Рүстем айдаһармен бетпе-бет келіп үлгермей тұрып, ол көзден ғайып болады. Айдаһар қайта пайда болғанда, Рахш тағы да иесіне белгі береді. Бұл жолы Рүстем айдаһарды көріп, Рахштың көмегімен оны өлтіреді (II т, 338–388-тарм.). Бұл эпизод нұсқау мен іс-әрекеттің арақатынасын күрделендіре түседі: Рүстем Рахшқа қауіп туралы хабарлауды тапсырғанымен, қауіп жөніндегі ескерту алғаш берілгенде оның өзіне сенімсіздік танытып, оны қабылдамайды.

Демек, алғашқы үш сынақтың арасында айқын ішкі байланыс бар. Арыстанмен болған оқиға Рүстемнің кейінгі нұсқауына түрткі болады; екінші сынақта бұл нұсқау нақты тұжырымдалады; ал үшінші сынақта оның іс жүзіндегі орындалуы сыналады. Рахштың әрекеті екінші сынақта берілген

нұсқауға сәйкес келсе, Рүстемнің бастапқы реакциясы оған қайшы келеді. Мұндай байланыс жай ғана баяндау реттілігінен тереңірек болғанымен, үш сынақты толық өзара тәуелді тізбекке айналдырмайды. Керісінше, бұл эпизодтар тізбектің белгілі бір бөлігінің алдыңғы оқиға, одан кейін берілген нұсқау және сол нұсқау сыналатын жағдайлар негізінде ұйымдасқанын көрсетеді. Алайда бұл байланыс Рүстем мен Рахштың мінез-құлқына қатысты болып, кейінгі сынақтарды еңсеруге қажетті ақпарат пен ресурстарды өздігінен қамтамасыз етпейді.

3.4. Төртінші сынақ: тәуелділік дәлелденбеген жағдайдағы сабақтастық

Төртінші сынақ өзгеше қиындықты алға тартады. Рүстем шөл далада астағам, шарап және музыкалық аспап қойылған, сырттай қарағанда қонақжайлықпен жайылған дастарқанға тап болады. Осы көрініске орай, ол өзгелерге қолжетімді рақат пен жайлылықтан қағылған, үздіксіз шайқаспен өткен өміріне налиды (II т, 389-416-тарм.). Сырттай байқалған қонақжайлық алдамшы болып шығады: оған жақындаған сұлу әйел — сиқыршы. Рүстем Құдайдың атын атағанда, әйелдің бүркеніш кейпі әшкереленеді де, ол оны өлтіреді (II т, 389-416-тарм).

Бұл эпизод тек дене күшін ғана емес, ақиқатты жалғаннан ажырата білу қабілетін сынайды. Ол сондай-ақ Рүстемнің жауынгер ретіндегі өмірі мен дастарқан көрінісі меңзейтін рақаттың арасындағы қарама-қайшылықты қысқаша көрсетеді. Алайда эпизод Рүстем мен Рахш арасындағы уағдаластықты айқын түрде дамытпайды, сондай-ақ оның нәтижесі Ұладпен кездесу үшін қажеттілігі дәлелденетін ақпарат бермейді немесе келісім орнатпайды. Осы тұрғыдан алғанда, мұнда қарастырылған баяндау деректері негізінде төртінші сынақ пен оның алдындағы және кейінгі сынақтар арасында тікелей тәуелділік бар екенін дәлелдеу мүмкін емес.

Бұл эпизод жалпы баяндаудан оқшау емес. Рүстем Мазандаранға барар жолында қалады, ал сиқыршыны жеңуі сапардың жалғасуына мүмкіндік береді. Бұл кездесу келесі сынақ үшін қажеттілігі дәлелденетін шарт қалыптастырмастан, сынақтар тізбегінің әртүрлілігі мен тұтастығына үлес қосады. Сондықтан оның орны тікелей себеп-салдарлық немесе ақпараттық байланысқа қарағанда, бізге жеткен баяндау реттілігі арқылы неғұрлым сенімдірек айқындалады. Оның нақты құрылымдық қажеттілігі дәлелденбеген күйінде қалады.

3.5. Бесіншіден жетіншіге дейінгі сынақтар: ақпарат, бағыт-бағдар және келісім

Соңғы үш сынақ алғашқы үш сынақтан өзгеше байланыс түрін көрсетеді. Олардың арасындағы байланыс, ең алдымен, Рүстем мен Рахштың өзара алмасқан нұсқауларына емес, Ұладқа қатысты ақпаратқа, келісімге және бағыт-бағдарға, сондай-ақ миссияның қалған бөлігі жөнінде Кей Кавус беретін ақпаратқа негізделеді. Бұл байланыстар Рүстемнің өз мақсатына

қарай ілгерілеуіне көмектеседі, дегенмен соңғы шайқасқа қажетті ақпарат бірнеше дереккөзден алынады.

Бесінші сынақ: Ұладты тұтқындау. Рүстем қараңғылықта жолын жалғастыра отырып, өзін жайылымға қарай бастап апаруды Рахшқа сеніп тапсырады. Рүстем ұйықтап қалады, ал Рахш жас арпа егілген алқапқа кіріп кетеді. Күзетші Рүстемді оятады, ал бұл кездесу басып кірген бөгде адамға қарсы шара қолдануға келген Ұладпен қақтығысқа ұласады (II, 417–496-тарм.). Бұл эпизод Рүстемнің мінез-құлқындағы, әдетте, оның батырлық рөлімен байланыстырылатын қырағылық пен күшке қарама-қайшы келетін ағаттықты көрсетеді.

Өзінен кім екенін сұрағанда, Рүстем шын мәнінде кім екенін ашып айтудың орнына Абр («бұлт») деген есімді атайды. Ол Ұладтың адамдарын жеңіп, Ұладты арқан-тұзағымен тұтқындайды. Содан кейін ол Ұладқа шынайы бағыт-бағдар бермей, есесіне Мазандаран тағын уәде етеді. Ұлад алдағы жол мен қауіптерді, соның ішінде Аржанг див пен Мазандаран әскерін сипаттайды. Рүстем Құдайға және өз қылышына деген сенімін білдіріп жауап береді (II, 417–496-тарм.).

Бұл сынақтың негізгі нәтижесі қарсыласты жеңумен ғана шектелмейді. Ұладпен жасаған келісімі арқылы Рүстем тұтқынды ықтимал ақпарат пен бағыт-бағдар көзіне айналдырады. Бұл уағдаластық бесінші сынақ пен одан кейінгі кезеңдер арасында практикалық байланыс орнатады. Кейінірек Рүстем Ұладқа өзінің сауалдарына берілген жауаптардың шындыққа сәйкес келгенін айтқан кезде, Ұлад берген ақпараттың сенімділігі расталады (II, 554–555-тарм.). Осылайша, келісімнің маңызы тікелей кездесуден кейін де сақталады, дегенмен оның салдары Ұладтың кейінгі әрбір кезеңде ұсынатын нақты ақпараты мен көмегіне қатысты бағалануы тиіс.

Алтыншы сынақ: Аржанг дивті жеңуі. Бесінші және алтыншы сынақтардың арасындағы байланыс Рүстем оттарды көріп, қосыннан шыққан дыбыстарды естігенде және Ұладтан олар туралы сұрағанда айқындала түседі. Ұлад бұл жердің Аржанг див пен оның әскері орналасқан орын екенін айтады. Осы ақпаратқа сүйенген Рүстем Аржангтың қосынына қарай ілгерілейді (II, 497–549-тарм.).

Рүстем жауды шайқасқа шақырады да, шатырынан шыққан Аржангы өлтіреді. Қарсылас күштер абдырап, бытырап кетеді. Аржангтың жеңілуі құтқару миссиясын ілгерілетеді, бірақ Кей Кавус пен Иран әскеріне төнген қауіпті жоймайды. Сондықтан Рүстем өзінің ауқымды мақсатына қарай жылжуын жалғастырады. Ұлад сапардың осы кезеңінде де маңызын сақтайды: Аржангпен шайқастан кейін Рүстем Кей Кавуске апаратын жол жөнінде қосымша бағыт-бағдар сұрайды (II, 497–549-тарм.).

Бесінші және алтыншы сынақтардың арасындағы байланыс практикалық және ақпараттық сипатқа ие. Ұладтың тұтқындалуы және онымен жасалған келісім Рүстемге жаудың орналасқан жері туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді; одан кейін Аржангтың жеңілуі құтқару миссиясын ілгерілетеді. Бұл байланыс жай ғана бірінен кейін бірі орын алудан тереңірек, өйткені

алдыңғы кездесуде алынған ақпарат Рүстемнің келесі әрекетіне ықпал етеді. Соған қарамастан, алтыншы сынақты толығымен Ұладқа тәуелді деп қарастыруға болмайды: Рүстемнің жеңісі оның өз шешімдері мен жауынгерлік қабілетіне де байланысты.

Жетінші сынақ: Ақ дивпен шайқасу. Рүстем Кей Кавуске жеткеннен кейін, патша әлі де төніп тұрған қауіпті түсіндіреді. Ол жеті тау арқылы өтетін жолды, үрейлі үңгірді және жын-перілер күштерін басқарып, оларға қуат беріп тұрған Ақ дивті сипаттайды. Кей Кавус сондай-ақ соқыр болып қалған ірандықтардың көз жанарын қалпына келтіру үшін Ақ дивтің қаны қажет екенін түсіндіреді. Бұл ақпарат соңғы шайқастың стратегиялық маңызын да, Рүстем миссиясының мақсатын да айқындайды (II, 550–602-тарм.).

Бұдан кейін Ұлад тікелей алдағы әрекетке қатысты тактикалық бағыт-бағдар береді. Үңгірге жақындағанда, ол Рүстемге күн көтеріліп, жын-перілер ұйқыға кеткенше, күзетте аз ғана сақшы қалатын кезге дейін күтуге кеңес береді. Рүстем бұл кеңеске құлақ асып, қолайлы уақытты күтеді де, шабуылға шығады. Ол сақшыларды жеңіп, үңгірге кіреді. Ақ дивпен бетпе-бет келгенде, дивтің айбарлы кескіні үрей туғызады; соған қарамастан, Рүстем онымен кескілескен шайқасқа түсіп, оны өлтіреді. Содан кейін дивтің қанын алып, Кей Кавустың көз жанарын қалпына келтіруге пайдаланады (II, 550–602-тарм.).

Осылайша, соңғы үш сынақ біртіндеп жинақталатын практикалық байланысты көрсетеді, дегенмен бұл байланысты қамтамасыз ететін ақпарат бірнеше дереккөзден алынады. Ұладтың тұтқындалуы Рүстемнің бағыт-бағдар алуына мүмкіндік беретін келісімнің жасалуына негіз болады; Ұладқа қатысты ақпарат оған Аржангтың орналасқан жерін анықтауға және сапарын жалғастыруға көмектеседі; ал Ұладтың тактикалық кеңесі соңғы шабуылдың уақытын белгілеуге ықпал етеді. Алайда Кей Кавус Ақ дивтің маңызы мен ірандықтардың соқырлығын емдеудің жолы туралы аса қажетті ақпарат береді. Сондықтан соңғы сынақтардың арасындағы байланыс Ұладты жолбасшы ретінде пайдаланудың жалғасуын да, әртүрлі кейіпкерлерден алынған ақпараттың біріктірілуін де қамтиды.

Біртұтас қарастырғанда, бұл эпизодтар алғашқы үш сынақ арасындағы мінез-құлыққа негізделген байланыстан өзгеше тізбектік тәуелділік түрін көрсетеді. Бесінші сынақ ақпарат пен бағыт-бағдар алуға мүмкіндік беретін уағдаластықты қалыптастырады; алтыншы сынақ Аржангты жеңу арқылы миссияны ілгерілетеді; ал жетінші сынақ Ақ дивтен төнген тікелей қауіпті жойып, Кей Кавустың көз жанарын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Байланыс жинақталмалы сипатқа ие, бірақ бір ғана дереккөзбен шектелмейді: соңғы шайқас Ұладтың бағыт-бағдарына да, Кей Кавустың мәліметіне де сүйенеді. Жетінші сынақ сынақтар тізбегін аяқтайды, дегенмен Мазандарандағы кең ауқымды жорық әлі де аяқталмаған күйінде қалады.

1-кесте. Жеті сынақ арасындағы бірізділік қатынастары

Сынақ	Сынақтар тізбегіндегі қызметі	Кейінгі оқиғалармен байланысы
1. Арыстан	Рүстем ұйықтап жатқанда Рахштың өз бетінше әрекет етуіне қатысты қайшылықты қалыптастырады.	Рүстемді екінші сынақ барысында Рахштан не күтетінін нақтылауға итермелейді.
2. Шөлдеу	Рүстем мен Рахштың төзімділігін сынайды және Рүстемнің Рахшқа қауіп туралы өзіне ескерту жөнінде нұсқау беруіне жағдай жасайды.	Рахшқа берілген нұсқау үшінші сынақтағы айдаһармен кездесу барысында сыналады.
3. Айдаһар	Рахш Рүстемге қауіп туралы ескертуге тырысқан кезде, екінші сынақта берілген нұсқауды сынақтан өткізеді.	Рүстем бастапқыда Рахштың ескертуін қабылдамаса да, алғашқы үш сынақ арасындағы мінез-құлыққа негізделген байланысты аяқтайды.
4. Сиқыршы	Рүстемді алдамшы қонақжайлықпен және өзге кейіпке енген сиқыршы әйелмен бетпе-бет келтіру арқылы оның ақиқатты жалғаннан ажырата білу қабілетін сынайды.	Қарастырылған деректер бұл сынақ пен оның алдыңғы және кейінгі сынақтар арасында тікелей тәуелділік бар екенін дәлелдемейді.
5. Ұлад	Тұтқындалған қарсыластың ақпарат пен бағыт-бағдар көзіне айналуына мүмкіндік беретін келісімді қалыптастырады.	Аржанг пен Мазандаран әскері туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді және Ұладпен жалғасатын байланыс орнатады.
6. Аржаң див	Ірі қарсыласты жеңу арқылы құтқару миссиясын ілгерілетеді.	Ұладтан алынған ақпарат Аржангтың орналасқан жерін анықтауға ықпал етеді; шайқастан кейін берілген қосымша бағыт-бағдар Рүстемнің Кей Кавусқа қарай жолын жалғастыруына көмектеседі.

7. Ақ див	Ақ дивтен төнген тікелей қауіпті жояды және Кей Кавустың көз жанарын қалпына келтіруге мүмкіндік береді.	Кей Кавус Ақ див пен миссияның мақсаты туралы аса қажетті ақпарат береді, ал Ұлад шабуылдың уақытын белгілеуге қатысты тактикалық бағыт-бағдар ұсынады. Бұл сынақ жеті сынақтың аяқталуын білдіреді, дегенмен кең ауқымды жорық жалғасады.

Кесте мәтінді мұқият талдау барысында анықталған байланыстың әртүрлі түрлерін жинақтап көрсетеді. Ол жеті сынақ арасындағы тізбектік тәуелділіктің біркелкі емес екенін аңғартады: алғашқы үш сынақта ол мінез-құлыққа негізделеді, төртінші сынақ пен оның алдындағы және кейінгі сынақтар арасында тікелей дәлелденбейді, ал соңғы үш сынақта негізінен ақпараттық және практикалық сипатқа ие.

3.6. Баяндау реттілігінің қажеттілігін тексеру

Жоғарыдағы талдауда жеті сынақ арасындағы байланыстың алуан түрлері мен дәрежелерін анықталды. Келесі мәселе — бұл байланыстардың эпизодтардың баяндалу ретіне тәуелді не тәуелді емес екендігін анықтау. Баяндау тізбегінің тұрақтылығы өздігінен оның ретінің құрылымдық тұрғыдан қажетті екенін дәлелдемейді. Бұл айырмашылықты қарастыру үшін жекелеген сынақтардың орны ауыстырылған жағдайда ненің өзгеретінін пайымдауға болады. Мұндай контрфактілік талдау қолданыстағы реттің қызметін тексереді; ол дастанның басқа ретпен құрастырылғанын немесе жеткізілгенін дәлелдемейді.

Алғашқы үш сынақ белгілі бір байланысты нығайтатын реттің ең айқын мысалын ұсынады. Арыстан эпизоды Рүстемнің Рахшқа нұсқау беруінен бұрын орын алады, ал бұл нұсқау кейін айдаһар эпизодында сыналады. Егер айдаһар эпизоды нұсқау берілгенге дейін орын алса, нұсқау мен оның кейінгі сыналуы арасындағы байланыс әлсірер еді. Эпизодтарды әлі де баяндауға болар еді, бірақ олар енді мінез-құлыққа негізделген дәл сол тізбекті құрай алмас еді.

Төртінші сынақ өзгеше жағдайды көрсетеді. Сиқыршы әйел эпизоды Рүстемнің алдауды тани білу қабілетін сынайды, бірақ талдау бұл кездесу мен оның алдындағы немесе кейінгі сынақтың арасында тікелей тәуелділік бар екенін анықтаған жоқ. Оның орнын ауыстыру Рүстем тап болатын қауіптердің берілуін өзгертер еді, алайда мұнда қарастырылған деректер мұндай өзгерістің нақты бір себеп-салдарлық немесе ақпараттық байланысты бұзатынын көрсетпейді. Сондықтан оның орны баяндау арқылы бекітілген, бірақ нақты құрылымдық қажеттілігі дәлелденбеген күйінде қалады.

Соңғы үш сынақ Ұладтың тұтқындалуы, онымен жасалған келісім және кейіннен оның ақпараты мен бағыт-бағдарының пайдаланылуы арқылы

байланысады. Бұл байланыстарды өзгертпей, олардың ретін еркін түрде кері айналдыру мүмкін емес: Рүстем өзара келісім арқылы бағыт-бағдар алу үшін алдымен Ұладты тұтқындауы тиіс, ал Ұладқа қатысты ақпарат Аржагтың орналасқан жерін анықтауға және миссияны жалғастыруға ықпал етеді. Аржангпен шайқастан кейін Рүстемге әлі де Кей Кавуске жету қажет, өйткені оның мәліметі соңғы шайқастың маңызы мен мақсатын айқындайды. Алайда Кей Кавус беретін ақпарат кең ауқымды құтқару миссиясына қатысты және оның өзі алдыңғы сынақтың нәтижесінде туындамайды. Сондықтан бұл тізбек тәуелділіктің біртұтас үздіксіз тізбегіне емес, ақпарат пен әрекеттің өзара байланысты бірнеше көзіне сүйенеді.

Осылайша, «Жеті сынақтың» реттілігі кездейсоқ та, барлық бөлшегі бірдей дәрежеде қажетті де емес. Қалыптасқан орналасу реттілігі алғашқы үш сынақ арасындағы байланысты ерекше күшейтеді және соңғы үш сынақта Ұлад арқылы орнаған практикалық байланыстарды сақтайды. Ал мұнда қарастырылған деректер өзге сынақтардың ұғынықтылығы сақталуы үшін төртінші сынақтың дәл өз орнында тұруы міндетті екенін дәлелдемейді. Тізбек біртұтас, бірақ оның жекелеген эпизодтарының нақты орналасу ретіне тәуелділік дәрежесі әртүрлі.

3.7. Сынақтар тізбегінің аяқталу межесі және транформациялық шектері

Жетінші сынақ Ақ дивтің жеңілуімен аяқталып, Кей Кавустың көз жанарын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Бұл жеңістің маңызы Рүстемнің аман қалуымен ғана шектелмейді: ол құтқару міндетін орындауға жол ашады және батырдың аса қуатты қарсыласты жеңе алатынын көрсетеді. Сонымен бірге Рүстемнің Ақ дивпен бетпе-бет келгенде қорқыныш сезінуі оның да осалдыққа бой алдыруы мүмкін екенін аңғартады. Осылайша, соңғы шайқас жеті сынақтан тұратын тізбектің аяқталуын айқындайды.

Алайда сынақтар тізбегінің аяқталу кезеңі бүкіл жорықтың аяқталғанын білдірмейді. Ақ дивті жеңу тікелей төнген қауіпті жойғанымен, Рүстемнің Мазандарандағы ауқымды міндеті әлі толық орындалмайды. Демек, жетінші сынақ жеке оқиғалар тізбегін тұйықтайды, ал кең көлемді қақтығыс одан әрі жалғасады.

Бұл шешуші жеңісті Рүстемнің қаһармандық болмысының түбегейлі өзгеруі деп те қабылдауға болмайды. Өйткені оның ерекше батыр ретіндегі мәртебесі сапар басталғанға дейін-ақ қалыптасқан. Жеті сынақ осы қалыптасқан болмыстың әртүрлі қырларын ашады: Рахшпен қарым-қатынасын, төзімділігін, Құдайдың көмегіне сүйенуін, алдауды тани білуін, келіссөз жүргізу қабілетін, жауынгерлік күшін және қауіп кезіндегі әрекетін тексереді. Рүстемнің бастапқыда Рахштың ескертулерін қабылдамауы мен жылқыны жайылуға қалдырған кездегі ағаттығы оның әрекеттері әрдайым мінсіз бола бермейтінін көрсетеді. Ал Ақ дивтің алдында қорқыныш сезінуі батырлықтың қорқыныштан толық ада болуды талап етпейтінін аңғартады.

Дегенмен бұл эпизодтар Рүстемнің біртіндеп жаңа мәртебеге немесе жаңа рухани күйге өткенін дәлелдемейді. Олар бұрыннан қалыптасқан батырлық

болмыстың әртүрлі жағдайда қалай сыналатынын көрсетеді. Сынақтар белгілі бір ретпен баяндалып, маңызды нәтижеге жеткізгенімен, олардың бір-біріне тәуелділік дәрежесі бірдей емес. Алғашқы үш сынақ мінез-құлық пен берілген нұсқаулар арқылы байланысса, соңғы үшеуі ақпарат пен практикалық бағыт-бағдар арқылы ұштасады. Ал төртінші сынақтың тікелей алдындағы және кейінгі сынақтарға тәуелділігі қарастырылған деректер негізінде дәлелденген жоқ.

Сондықтан «Жеті сынақты» кездейсоқ шытырман оқиғалардың жиынтығы деп қарастыру жеткіліксіз. Сонымен қатар оны барлық кезеңдері бір-біріне бірдей тәуелді немесе тұлғалық не рухани өзгеруге жүйелі түрде жетелейтін үдеріс ретінде сипаттауға да негіз жоқ. Қалыптасқан баяндау реттілігі кейбір сынақтардың арасындағы байланысты күшейтеді, ал өзгелерінің байланысы салыстырмалы түрде әлсіз болып қалады. Сапар Рүстемнің қабілеттері мен мінез-құлқын сынап, құтқару міндетін орындауына мүмкіндік береді. Алайда қарастырылған деректер осы сапардың оның батырлық болмысын түбегейлі өзгерткенін көрсетпейді.

Бұл тұжырымдар «Жеті сынақты» митралық дәрежелермен және Аттардың «Жеті алқабымен» салыстыруға негіз болады. Мұндай салыстыруда үш өлшемді бір-бірінен ажырату қажет: құрылымның жеті бөліктен тұруы, сол бөліктердің бірізділігі мен өзара тәуелділігі және тұлғалық немесе рухани трансформацияға әкелуі. Үш құрылымның да жеті бөліктен тұруы олардың бірдей логикаға бағынатынын немесе бір мақсатқа қызмет ететінін өздігінен дәлелдемейді.

4. Митралық дәрежелер: ритуалдық прогрессия және транформация

Митра дінінде дәстүрлі түрде жеті дәреже ажыратылады: Құзғын (Corax), Күйеу жігіт (Nymphus), Жауынгер (Miles), Арыстан (Leo), Парсы (Perses), Күн шабарманы (Heliodromus) және Әке (Pater). Бұл дәрежелер иерархиялық жүйеде әртүрлі орынға ие, ал ең жоғарғы сатыда Әке (Pater) тұрған. Олардың болғанын жазба дереккөздер мен археологиялық айғақтар, соның ішінде Остиядағы Фелициссимус митреумының мозаикасы растайды. Дәрежелердің осылай реттелуі осы зерттеудің негізгі мәселелерінің бірін алға тартады: жеті дәреже діни қауымға қабылданушы бірінен кейін бірін өтетін бағышталу сатыларын құрады ма деген сауал туындайды, егер солай болса, бұл сатылар қандай прогрессияны білдірді?

4.1. Жеті дәреже және олардың иерархиялық реттілігі

Жеті дәреже бір-бірімен байланысы жоқ жеті атаудан ғана тұрмаған. Олардың дәстүрлі орналасу реттілігі Құзғын (Corax) төменгі, ал Әке (Pater) ең жоғарғы сатыда тұрған иерархияны қалыптастырған. Осындай реттелген құрылым митралық дәрежелерді бір-бірінен тәуелсіз рәсімдік рөлдер жиынтығынан ерекшелейді. Сонымен бірге бұл құрылым иерархияның бір сатыдан келесісіне көтерілу тәртібін білдірген-білдірмегенін зерттеуге негіз болады.

Дегенмен жеті дәреженің болуы әрбір митралық қауымда осы жүйенің толық қолданылғанын немесе әрбір бағышталушының барлық жеті дәрежеден өткенін өздігінен дәлелдемейді. Бізге жеткен деректерде бұл мәселе біркелкі қамтылмайды, ал толық иерархияның қаншалықты кең таралғаны жөнінде зерттеушілер арасында ортақ пікір қалыптаспаған. Сондықтан дәрежелердің дәстүрлі құрылымы мен жекелеген қауымдарда іс жүзінде орындалған бағыштау рәсімдерін бір-бірінен ажырату қажет.

4.2. Бірізділік прогрессиясы және бағыштау

Дәрежелердің иерархиялық реттілігі бір деңгейден келесісіне көтерілу мүмкіндігін аңғартады. Осы баяндауға сәйкес, дәрежелер бір-бірінен бөлек орындарды ғана білдірмей, қауым мүшелерінің уақыт өте келе ілгерілеуіне мүмкіндік беретін құрылымды қалыптастырған. Әке (Pater) дәрежесінің иерархияның ең жоғарғы сатысында орналасуы бұл прогрессияның соңғы межесін айқындайды.

Алайда қолда бар деректер барлық жеті дәрежеден өтудің бүкіл қауымдарға ортақ, бірыңғай тәртібін қалпына келтіруге мүмкіндік бермейді. Иерархияның болуы реттелген прогрессия туралы тұжырымды қолдағанымен, әрбір бағышталушының бірдей жолдан өткенін дәлелдемейді. Сондықтан митралық жүйені түсіндіруде оның иерархиялық құрылымын да, іс жүзінде қалай қолданылғаны туралы біліміміздің шектеулі екенін де ескеру қажет.

4.3. Прогрессия және трансформация

Прогрессия мәселесі трансформация мәселесін де алға тартады. Егер дәрежелер бойынша көтерілуі бірінен кейін бірі өтетін бағыштау рәсімдерін қамтыған болса, бұл үдеріс бағышталушының рәсімдік мәртебесін, міндеттерін немесе қауымдағы орнын өзгертуі мүмкін. Мұндай өзгерістер митралық иерархияны жекелеген кезеңдерінен өту адамның мәртебесіне әсер етпейтін тізбектен ерекшелер еді.

Дегенмен ритуалдық прогрессия мен ішкі рухани трансформация міндетті түрде бір құбылысты білдірмейді. Бізге жеткен деректер бағышталушының әр дәрежедегі ішкі тәжірибесін толық сипаттамайды. Сондықтан әрбір дәреже белгілі бір рухани өзгеріске әкелді деп тұжырымдап көргенге қарағанда, ритуалдық мәртебенің жоғарылауы туралы сөз ету анағұрлым негізді.

4.4. Митралық дәрежелерді «Жеті сынақпен» салыстыру

Митралық дәрежелер де, Рүстемнің «Жеті сынағы» да белгілі бір ретттілікпен орналасқан жеті бөліктен тұратын құрылымды көрсетеді, бірақ олардағы прогрессияның сипаты әртүрлі. Митралық жүйедегі иерархия діни институт аясында бағыштау дәрежелері арқылы бір сатыдан келесісіне көтерілуді меңзейді. Ал «Жеті сынақта» Рүстем бір құтқару миссиясы барысында бірқатар сынақтан өтеді.

Бұл айырмашылық ритуал мен баяндаудың айырмасымен ғана шектелмейді. Ол тізбектің қандай қызмет атқаратынына да байланысты. Митралық дәрежелер діни иерархиядағы орындарды реттейді, ал Рүстемнің сынақтары миссияның орындалу барысында оның қабілеттері мен мінез-құлқын тексереді. «Жеті сынаққа» қатысты негізгі мәселе — әрбір сынақтың Рүстемді келесі сынаққа шыңдауы немесе біртіндеп жинақталатын өзгеріске үлес қоса алуын анықтау. Ал митралық дәрежелерге қатысты мәселе — иерархиялық реттілік бағышталудың міндетті бірізділігіне сәйкестігі мен осы бірізділік прогрессиясының қамтылуы.
Осылайша, салыстыру белгілі бір ретпен орналасқан жеті бөліктің болуы прогрессияның сипатын анықтауға жеткіліксіз екенін көрсетеді. Ол үшін бөліктердің өзара байланысын, бір сатыдан келесісіне өту шарттарын және осы сатылы өтуге байланысты өзгерістерді де қарастыру қажет.

5. Аттардың «Жеті алқабы»: рухани ілгерілеу және өзгеру

Фарид ад-Дин Аттардың «Мантиқ ат-тайр» («Құстар сөзі») шығармасында бір топ құс бәбісектің жетекшілігімен Симурғты іздеуге аттанады. Бәбісек олардың жеті алқаптан өтетін сапарын сипаттайды: Ізденіс (*Талап*), Махаббат (*Ғашықтық*), Таным (*Мағрифат*), Мұқтажсыздық немесе тәуелсіздік (*Истиғна*), Бірлік (*Таухид*), Таңданыс пен абыржу (*Хайрат*), Кедейлік және өзіндік болмыстан арылу (*Фақр мен фәна*). Рүстемнің «Жеті сынағындағы» сынақтардан айырмашылығы, бұл алқаптар рухани сапардың кезеңдері ретінде ұсынылады: ізденушілер мақсатына жақындаған сайын олардың танымы өзгереді.
«Жеті алқап» реттелген кезеңдер, олардың арасындағы тізбектік тәуелділік және рухани өзгеру арасындағы байланысты қарастыруға мүмкіндік береді. Алқаптардың маңызы олардың санымен немесе орналасу ретімен ғана шектелмейді; ол сапар кезеңдерінің соңғы Симурғпен кездесуге қалай қатысатынынан да көрінеді. Сондықтан талдауда үш мәселені ажырату қажет: алқаптардың қандай ретпен берілгендігі, бір кезеңнің екіншісіне қаншалықты тәуелді екендігі және шығарманың соңында қандай өзгеріс бейнеленетіндігін қарастыру.

5.1. Тұрақты реттілік және дербес кезеңдер

Бәбісек жеті алқапты белгілі бір ретпен таныстырады және әр алқаптың өз атауы мен рухани мәні болады. Аттар түсіндірмелер мен мысал ретінде келтірілген хикаялар арқылы ізденушілердің ілгерілеуіне байланысты талаптар мен қиындықтарды сипаттайды. Осылайша, аңғарлар тұтас әрі реттелген сапардың бір-бірінен ажыратылатын кезеңдерін құрайды.
Аңғарлардың реттілігі маңызды, өйткені шығармада олар өзара байланысы жоқ жеті рухани тақырып ретінде емес, ортақ жолдың кезеңдері ретінде берілген. Дегенмен тұрақты реттілікті анықтау — талдаудың алғашқы қадамы. Алқаптар арасындағы байланыс оларды бірізді прогрессия ретінде

түсіндіруге негіз бола ма және бір кезеңді аяқтау келесі кезеңге өтудің қажетті шарты ма деген сұрақтарды да қарастыру қажет.
Демек, жеті бөліктен тұратын бұл жүйе құстар сапарының құрылымын айқындайды. Ал прогрессияның сипатын және кезеңдердің дәл осы реттілікпен өтуінің қажеттілігін алқаптардың сипаттамалары мен олардың шығарма қорытындысына қатысы арқылы зерттеу керек.

5.2. Бірізділік прогрессиясы және кезеңдер арасындағы тәуелділік

«Жеті алқап» пен «Жеті сынақ» қиындықтардың сипаты жағынан ерекшеленеді. Рүстем құтқару миссиясын орындау барысында физикалық қауіптер мен қарсыластарға тап болса, Аттардың құстары рухани танымға ұмтылып, іздеген мақсаты туралы үйреншікті түсініктерінен арылуға бағытталған сапарға шығады.
Алқаптардың орналасу реттілігі бұл сапардың бір-бірінен тәуелсіз тәжірибелер жиынтығынан едәуір ауқымды екенін аңғартады. Әр алқап рухани жолдың белгілі бір қырын ашады, ал олардың бірлескен мәні сапарды тұтас қарастырғанда айқынырақ көрінеді. Алайда екі кезең арасындағы мағыналық байланыс алдыңғы кезеңнің кейінгі кезең үшін міндетті шарт екенін өздігінен дәлелдемейді.
Тізбектік тәуелділікті негіздеу үшін бір алқапта қалыптасқан тәжірибе немесе түсінік ізденушілерді келесі кезеңге қалай дайындайтынын не келесі кезеңнің сол тәжірибе мен түсінікті алдын ала қажет ететінін көрсету керек. Мысалы, «Махаббат» және «Таным» немесе «Бірлік» және «Таңданыс пен абыржу»» алқаптарының арасындағы байланысты олардың атаулары мен орналасу реттілігіне ғана сүйеніп тұжырымдамай, Аттардың сипаттамалары негізінде талдау қажет.
Сондықтан алқаптар тізбегін құрылымы айқын рухани прогрессия ретінде түсіндіруге болады, бірақ әрбір кезеңнен келесісіне өтудің қажеттілігі мәтінді мұқият талдау арқылы анықталуы тиіс. Мұндай ажырату көршілес алқаптардың әр жұбын өзгермейтін тізбектің міндетті буыны деп қабылдамай-ақ, шығарманың жалпы тұтастығын тануға мүмкіндік береді.

5.3. Сапар субъектісінің сабақтастығы

Бұл сапардың субъектісі — жеке тұлға емес, құстар тобы. Құстар ізденісті бірге бастағанымен, олардың көбі діттеген жеріне жете алмайды. Ақырында Симурғтың алдына тек отыз құс келеді.
Сондықтан сапардың сабақтастығы ұжымдық сипатта сақталады, дегенмен жол бойында топтың саны өзгереді. Соңына жеткен құстар бастапқы ізденушілер тобына жатады, бірақ соңғы кездесу олардың сапарының басында толық айқын болмаған мәнін ашады.
Осы ерекшелік Аттардың баяндауын Рүстемнің «Жеті сынағынан» ажыратып көрсетеді. Рүстем жеті сынақ бойы толықтай батыр тұлға ретінде сақталады және оның негізгі міндеті өзгермейді. Аттардың дастанында да ұжымдық

субъектінің сабақтастығы сақталады, алайда шығарма соңында ізденістің мәні мен құстардың өз болмысын түсінуі өзгереді.
Осылайша, субъектінің сабақтастығы өлшемі ұжымдық сапардың жалғасуы арқылы орындалады, ал құстар саны мен танымының өзгеруі дастанның рухани өзгеріспен аяқталуына алғышарт жасайды.

5.4. Белгіленген аяқталу межесі

Жетінші алқап — Кедейлік және өзіндік болмыстан арылу (*Фақр мен фәна*) — жеті алқаптан тұратын нақты белгіленген тізбектің соңын білдіреді. Бұдан кейін аман қалған құстар Симурғтың алдына келіп, өз ізденісінің мәнін ұғынған кезде баяндау шарықтау шегіне жетеді.
Сондықтан жетінші алқап мен Симурғпен кездесуді бір-бірінен ажырату қажет. Біріншісі бәбісек сипаттаған жеті кезеңді рухани жолды аяқтаса, екіншісі оқиғаны шарықтау шегіне жеткізіп, сапардың мәнін ашады. Симурғпен кездесуді сегізінші алқап деп есептеуге болмайды, өйткені ол бәбісек белгілеген жеті кезеңдік жүйенің қосымша сатысы емес, сапарды қорытындылайтын оқиға қызметін атқарады.
Бұл айырмашылық Рүстемнің «Жеті сынағымен» салыстыруда маңызды мәселе. Рүстемнің Ақ дивті жеңуі жеті сынақты аяқтап, Кей Кавус пен тұтқындағы ирандықтарға төнген тікелей қауіпті жояды, бірақ кең ауқымды жорық одан әрі жалғасады. Ал Аттардың дастанында Симурғпен кездесу сапарды аяқтаумен ғана шектелмейді: ол құстар іздеген нысанның мәнін және құстардың сол нысанмен байланыста өздерін түсіне алуын өзгертеді.
Екі шығармада да нақты реттелген тізбектің аяқталу межесі кеңірек баяндау аясынан ажыратылады, бірақ бұл меженің атқаратын қызметі әрқайсысында әртүрлі.

5.5. Прогрессия және трансформация

Қалған екі жүйемен салыстырғанда, Аттардың «Жеті алқабының» ең айқын ерекшелігі — рухани трансформация. Рүстемнің «Жеті сынағында» сынақтар негізінен болмысы бұрыннан қалыптасқан батырдың қабілеттері мен мінез-құлқын тексереді. Митралық жүйеде дәрежелер діни иерархиядағы орындарды білдіреді, ал дәрежелер бойынша көтерілу мен ішкі рухани өзгерудің нақты байланысын анықтау үшін қосымша деректер қажет. Аттардың дастанында сапар ізденушілердің өз болмысын және іздеген нысанымен байланысын жаңаша түсінуімен аяқталады.
Бұл өзгеріс аман қалған отыз құстың Симурғпен кездесуінде барынша айқын көрінеді. Парсы тіліндегі *си мурғ* («отыз құс») тіркесі мен *Симурғ* атауын байланыстыратын сөз ойыны шығарма қорытындысына ерекше мән береді. Құстар өздерінің ұзақ іздеген болмысымен арасындағы байланысты таниды. Сондықтан олардың межеге жетуі іздеген нысанын табумен ғана шектелмей, ізденістің мәнін жаңаша ұғынуға жетелейді.

Бұл қорытындыны құстар мүлде басқа болмысқа айналады деген тұжырыммен шектеуге болмайды. Кездесу, керісінше, олардың өз болмысын және сапар бойы ұмтылған нысанын түсіне алуын өзгертеді.
Осылайша, Аттардың «Жеті алқабы» сапар кезеңдері ізденушілердің танымындағы өзгеріске ықпал ететін прогрессия түрін көрсетеді. Бұл трансформация кезектесіп келетін сатылардың бар екендігіне немесе олардың атауларына ғана сүйеніп тұжырымдалмайды; ол Симурғпен соңғы кездесу оқиғасынан айқын бейнеленеді.

5.6. Қорытынды

Аттардың «Жеті алқабы» ұжымдық рухани сапар аясындағы бір-бірінен ажыратылып берілетін, белгілі бір ретпен орналасқан кезеңдер тізбегін құрайды. Құстардың саны азайғанымен, олар ізденістің субъектісі болып қала береді, ал жетінші алқап — Кедейлік және өзіндік болмыстан арылу — нақты белгіленген тізбектің аяқталуын білдіреді. Одан кейінгі Симурғпен кездесу баяндаудың шарықтау шегін қалыптастырады.
Дастанда сапар ізденушілердің өз болмысын және мақсатымен байланысын жаңаша түсінуіне әкелетін рухани прогрессия ретінде берілген. Дегенмен реттелген тізбек пен өзгеріске жеткізетін қорытындының болуы әр алқаптың келесі алқапқа өтудің қажетті шарты екенін өздігінен дәлелдемейді. Мұндай тұжырымды негіздеу үшін жекелеген кезеңдердің арасындағы байланыстарды тереңірек зерттеу қажет.
Сонымен, қарастырылған үш жүйе реттілік пен прогрессияның әртүрлі байланысын көрсетеді. Рүстемнің «Жеті сынағы» өзара тәуелділік дәрежесі әртүрлі сынақтар арқылы қалыптасқан қаһармандық болмысты көрсетеді. Митралық дәрежелер ритуалдық мәртебелер иерархиясын құрайды, бірақ бір дәрежеден екіншісіне өтудің нақты талаптары мен оның қандай өзгерістерге әкелетіндігі тарихи деректер арқылы анықталуы тиіс. Ал Аттардың «Жеті алқабы» қорытындысында ізденушілердің өз болмысы мен ізденісін түсінуі өзгеріске бейім рухани сапарды бейнелейді.
Салыстыру арқылы жеті бөліктен тұратын құрылым прогрессиясының бір ғана түрін анықтамайтынын көруге болады. Оның мәні бөліктер арасындағы байланыстарға, бір кезеңнен келесісіне өту шарттарына және соңғы межеге жетумен байланысты өзгерістерге тәуелді.

6. Салыстырмалы талқылау: жеті бөлікті құрылым, тізбектік тәуелділік және трансформация

Алдыңғы талдаулар Рүстемнің «Жеті сынағы», митралық дәрежелер және Аттардың «Жеті алқабы» хикаясы жеті бөліктен тұратынын, бірақ олардың құрамдас бөліктері арасындағы байланыстар мен осы тізбектерден өтудің нәтижелері әртүрлі екенін көрсетті. Бес талдау өлшемін — тұрақты реттілікті, дербес бөліктерді, тізбектік тәуелділікті, субъектінің сабақтастығын және айқындалған аяқталу межесін — қолдану осы айырмашылықтарды анықтауға көмектеседі. Бұл тәсіл сандық ұқсастықты

қызметтердің бркелкілігі немесе тарихи байланыстың дәлелі ретінде қабылдамауға мүмкіндік береді.
Негізгі мәселе үш құрылымның да жеті бөліктен тұруында емес, маңыздысы — бұл бөліктердің өзара байланысы, прогрессияны қалыптастыруы және тізбектен өту субъектісінің қабілеттерін, мәртебесін немесе танымын өзгерте алуы сынды мәселелер.

6.1. Үш құрылымды салыстыру

2-кесте. «Жеті сынақ», митралық дәрежелер және «Жеті алқап»: салыстырмалы сипаттама

Талдау өлшемі	**Рүстемнің «Жеті сынағы»**	**Митралық дәрежелер**	**Аттардың «Жеті алқабы»**
Құрамдас бөліктің түрі	Қаһармандық сынақ	Ритуалдық дәрежесі немесе мәртебесі	Рухани алқап
1. Реттілік тұрақтылығы	Рүстемнің миссиясы барысында жеті сынақ баяндаудағы белгіленген ретпен өтеді.	Жеті дәреже дәстүрлі түрде иерархиялық ретпен орналасады, оның ең жоғарғы сатысында Әке (Pater) дәрежесі тұрады.	Бәбісектің баяндауында жеті алқап нақты белгіленген ретпен беріледі.
2. Дербес бөліктер	Физикалық қауіп, алдау, қарулы қарсыластар және дәулермен байланысты, бір-бірінен ажыратылатын жеті сынақ.	Рәсімдік иерархияда бір-бірінен ажыратылатын, әрқайсысының өз атауы бар жеті дәреже.	Әрқайсысының өз атауы бар және рухани жолдың белгілі бір қырымен байланысты жеті аңғар.
3. Тізбектік тәуелділік	Тәуелділік дәрежесі біркелкі емес: алғашқы үш сынақ мінез-құлық арқылы байланысады; төртінші сынақтың тікелей алдындағы және кейінгі сынақтарға тәуелділігі	Иерархия белгілі бір ретпен ілгерілеуді меңзейді, бірақ мұнда қарастырылған деректер әрбір бағышталушының барлық жеті дәрежеден міндетті түрде бірінен кейін бірін өткенін	Аңғарлар реттелген рухани жолды құрайды, бірақ әр кезеңнен келесісіне өтудің қажеттілігін мәтінді тереңірек талдау арқылы негіздеу керек.

	дәлелденбеген; соңғы үш сынақ ақпарат пен бағыт-бағдар арқылы тығызырақ байланысады.	дәлелдемейді.	
4. Субъектінің сабақтастығы	Миссия бойында Рүстем негізгі қаһарман болып қала береді, ал Рахш оған серік болады.	Негізгі мәселе бағышталушының дәрежелер бойынша ілгерілеуіне қатысты; бізге жеткен деректер жеке адамның барлық жеті дәрежеден өту жолын толық сипаттамайды.	Құстар ізденістің ұжымдық субъектісі болып қала береді, дегенмен олардың саны азаяды және сапар соңында аман қалғандарының танымы өзгереді.
5. Айқындалған аяқталу межесі	Ақ дәудің жеңілуі жеті сынақты аяқтап, тікелей төнген қауіпті жояды, дегенмен кең ауқымды жорық жалғасады.	Әке (Pater) дәстүрлі иерархиядағы ең жоғарғы дәрежені иеленеді; алайда бұл дәрежеге жетудің барлығына ортақ бағышталу сатыларын толық аяқтаумен байланысы анық емес.	Кедейлік және өзіндік болмыстан арылу — жетінші аңғар; ал Симурғпен кездесу баяндаудың шарықтау шегін қалыптастырады.
Негізгі нәтиже	Бұрыннан қалыптасқан қаһармандық болмыстың сыналуы.	Рәсімдік мәртебе мен қауымдағы орынның сарапануы; тұлғалық және рухани өзгерудің дәрежесін анықтау үшін қосымша деректер қажет.	Ізденушілердің өз болмысын және Симурғпен байланысын жаңаша түсінуі.
Құрылымдық сипаты	Қаһармандық сынақ	Ритуалдық иерархия	Рухани прогрессия

Ескерту: Кестеде алдыңғы бөлімдердің тұжырымдары жинақталған. Бес өлшем балдық бағалау жүйесімен емес, бірін-бірі толықтыратын талдау

сұрақтарымен межеленеді, дегенмен бұл үш жағдайда бірдей қолданылмайды.

Салыстыру екі негізгі тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Біріншіден, реттілік тұрақтылығы мен бір-бірінен ажыратылатын бөліктердің болуы тізбектің сипатын өздігінен анықтамайды. Үш құрылымның да ұйымдасу тәртібі айқын, бірақ олардың әрқайсысы әртүрлі мақсатқа қызмет етеді. «Жеті сынақ» қаһармандық миссия барысында кездесетін сынақтарды реттейді; митралық дәрежелер діни иерархиядағы орындарды ажыратып көрсетеді; ал «Жеті алқап» ұжымдық рухани сапардың құрылымын қалыптастырады.

Екіншіден, үш құрылымдағы реттілік пен өзгерудің байланысы әртүрлі. «Жеті сынақта» сынақтар бұрыннан қалыптасқан қаһарманның қабілеттерін тексереді, ал бірінен кейін бірі келетін сынақтардың арасындағы байланыс бірде күшті, бірде әлсіз болады. Митралық жүйеде иерархия рәсімдік ілгерілеуге негіз болады, дегенмен қолда бар деректер барлық жеті дәрежеден өтудің бірыңғай тәртібін дәлелдемейді және әр дәрежеге байланысты ішкі өзгерісті нақтыламайды. Аттардың дастанында тізбек құстардың ізденісінің мәнін және өз болмысын түсінуін өзгертетін танымен аяқталады.

Бұл айырмашылықтарды бір ғана құрылымда ілгерілету аздық етеді, ал екінші құрылымда ортақ шкалаға түсіруге болмайды. Салыстыру арқылы реттелген тізбектердің үш түрлі қызметін ажыратып көрсетеді: қаһармандық қабілеттерді сынау, рәсімдік мәртебелерді реттеу және рухани өзгерудің құрылымын қалыптастыру.

6.2. «Жеті сынақ» прогрессияның қандай түрін көрсетеді?

Салыстыру «Жеті сынақтың» белгілі бір шектеулерді ескере отырып, ілгерілеу үдерісі ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді. Жеті сынақ тұрақты реттілікпен өтіп, әртүрлі қиындықтарды қамтиды, бірақ олардың өзара тәуелділік дәрежесі біркелкі болмайды. Алғашқы үш сынақ Рүстем мен Рахштың қарым-қатынасы арқылы байланысады. Арыстанмен кездесуден кейін Рүстем Рахшқа қауіп төнгенде қалай әрекет ету керектігін түсіндіреді; айдаһар эпизодында Рахш оған ескертуге тырысады, ал айдаһарды жеңу екеуінің бірлескен әрекеті арқылы жүзеге асады. Осы эпизодтар бір сынақтағы мінез-құлық пен келесі сынақтағы әрекеттің арасындағы байланысты көрсетеді, дегенмен бұл байланысты сәтті меңгерілген сабақтардың қарапайым тізбегі деп түсіндіруге болмайды.

Төртінші сынақ бұл үлгіден ерекшеленеді. Мұнда қарастырылған деректер оның тікелей алдындағы және кейінгі сынақтармен тікелей тәуелділігін дәлелдемейді. Оның баяндаудағы орны анық болғанымен, келесі сынақтың жүзеге асуына қажетті шарт екені көрсетілген жоқ.

Соңғы үш сынақта тәуелділік көбіне практикалық сипатта көрінеді. Ұладпен кездесу Рүстемге жау туралы ақпарат алуға және миссияның қалған кезеңдерінде бағыт-бағдар табуға мүмкіндік береді. Ұладтың кеңестері мен

Рүстеммен жасаған келісімі кейінгі сынақтар арасындағы байланысты қалыптастыруға көмектеседі, ал Кей Кавустың алдағы қауіп туралы мәліметі жалпы құтқару міндетін орындауға ықпал етеді. Алайда бұл байланыстардың бәрі алдыңғы сынақтардың нәтижесінде туындамайды: олардың бір бөлігі жалпы миссия барысында өзге кейіпкерлер берген ақпаратқа негізделеді.

Сондықтан бұл тізбекті әр кезеңі алдыңғысының нәтижесіне міндетті түрде сүйенетін қатаң жүйе деп те, өзара мүлде байланыспайтын оқиғалар жиынтығы деп те қарастыруға болмайды. Оларды біріктіретін негізгі өзек — құтқару миссиясы, ал жекелеген сынақтар арасындағы практикалық тәуелділік әртүрлі. Баяндау айқын аяқталу межесіне қарай жылжиды, бірақ әр сынақ келесісіне қажетті шарт қалыптастырады деген заңдылық бүкіл тізбек бойында сақталмайды.

Бұл тұжырым қаһарманның өзгеруі мәселесін де нақтылайды. Рүстемнің қаһармандық болмысы жеті сынақ басталғанға дейін-ақ қалыптасқан. Сынақтар оны жүйелі түрде жаңа тұлғаға айналдырудан немесе оған жаңа рәсімдік мәртебе беруден гөрі, төзімділігін, қырағылығын, пайымын, күшін және батылдығын тексереді. Сондықтан мұндағы ілгерілеу негізінен оқиғаның өрбуі мен міндеттің орындалуына қатысты: Рүстем нәтижелері бір-біріне ішінара ғана негіз болатын сынақтардан өтіп, миссиясын аяқтауға жақындайды.

Осы тұрғыдан алғанда, Аттардың «Жеті алқабымен» айырмашылығы маңызды. Екі шығармада да белгілі бір ретпен орналасқан және аяқталу межесі айқын тізбек бар, бірақ оның қызметі әртүрлі. «Жеті сынақта» сынақтар негізінен бұрыннан қалыптасқан қаһармандық болмысты айқындайды. Ал Аттардың дастанында сапар ізденушілердің өз болмысын және Симурғпен байланысын жаңаша түсінуімен аяқталады. Демек, айырмашылық бөліктердің саны мен ретіне ғана емес, осы тізбектен өтудің қандай нәтижеге жеткізетініне қатысты.

6.3. Бағыт-бағдар беру және кезеңдер арасындағы байланыс

Бағыт-бағдар беру үш құрылымды өзара салыстырудың тағы бір қыры бола алады. Алайда әр құрылымда оның атқаратын қызметін ажыратып қарастыру қажет.

«Жеті сынақта» Ұлад Рүстемнің сапарына тұтқындалғаннан кейін қосылады. Оның Мазандаран туралы білімі Рүстемге алдағы қауіптерді түсінуге көмектеседі, ал берген бағыт-бағдары соңғы сынақтар арасындағы практикалық байланысты нығайтады. Бұл қарым-қатынас оқиға барысында тұтқындау, келіссөз жүргізу, сыйақы уәде ету және ақпарат беру арқылы қалыптасады.

Аттардың «Мантиқ ат-тайр» дастанында бәбісек құстарға сапардың басынан бастап жетекшілік етіп, жеті аңғар арқылы бейнеленген рухани жолды түсіндіреді. Оның қызметі жекелеген кедергілер туралы практикалық ақпарат берумен шектелмейді. Ол сапардың мәнін ашып, рухани ілгерілеуге қойылатын талаптарды түсіндіреді. Сондықтан аңғарлар жолбасшы ұсынған

тұтас түсініктер жүйесіне кіреді, дегенмен әр кезеңнен келесісіне өтудің қажеттілігін дастан мәтіні негізінде жеке тексеру керек.
Митралық дәрежелер бұл екі жағдайдан өзгеше. Әке (Pater) — дәстүрлі иерархиядағы ең жоғарғы дәреже; оны қызметі Ұладқа немесе бәбісекке сәйкес келетін жолбасшы ретінде ғана қарастыруға болмайды. Дәрежелер діни қауым ішіндегі рәсімдік мәртебелерді реттейді, ал мұнда қарастырылған деректер әрбір бағышталушыны барлық жеті дәрежеден өткізетін ортақ жетекші тұлғаның болғанын дәлелдемейді.
Бұл айырмашылықтар бағыт-бағдар беруді үш жағдайда да бірдей қызмет атқаратын ортақ құрылымдық белгі ретінде қабылдауға болмайтынын көрсетеді. Ұлад қаһармандық миссия аясында практикалық мәлімет береді; бәбісек рухани жолдың мәнін түсіндіреді; ал митралық иерархия рәсімдік мәртебелерді реттейді. Салыстырудың маңызы — ақпараттың, нұсқаудың және беделдің кезеңдер тізбегіне әртүрлі жолмен ықпал ететінін нақтылауында.

6.4. Жеті саны және құрылымдық салыстырудың шектері

Үш құрылымда да жеті санының қайталануы оның маңызы туралы сұрақ туғызады, бірақ сандық ұқсастық ортақ шығу тегін немесе тарихи ықпалды дәлелдемейді. Бұл зерттеу тізбектердің ұйымдасуы мен қызметін салыстырады; «Жеті сынақ», митралық дәрежелер және Аттардың «Жеті алқабы» бір дереккөзден тараған деген тұжырым ұсынбайды.
Жеті саны әртүрлі діни және әдеби дәстүрлерде ежелден символдық мағынада қолданылып келеді. Шиммельдің сандық символика туралы зерттеуі оның мәдени маңызын кеңірек аяда қарастыруға мүмкіндік береді. Алайда мұндай жалпы контекст жеті санының барлық жағдайда бірдей мағына білдіретінін немесе осы үш құрылымның біреуі өзгелеріне ықпал еткенін дәлелдей алмайды.

Митралық деректерді түсіндіруде ерекше сақтық қажет. Жеті дәреже митралық ғибадат орындарындағы символдық бейнелермен, соның ішінде Остиядағы мозаикамен байланысты, бірақ бұл байланыстарды нақты археологиялық контекст аясында түсіндіру керек. Осы талдау «Жеті сынақтағы» әр сынақтың немесе Аттар дастанындағы әр аңғардың планеталармен осыған ұқсас сәйкестігін анықтаған жоқ. Сондықтан планеталық символиканы үш тізбектің де ұйымдасуын түсіндіретін ортақ негіз ретінде қолдануға болмайды.
Парсы әдебиеті мен сопылық шығармалардағы жеті бөлікті өзге құрылымдар салыстыру аясын кеңейте алады. Мысалы, Низамидің «Жеті сұлу» жеті санының әдебиетте қолданылуына арналған ауқымды зерттеуде қарастыруға болады. Алайда ол осы талдаудың шеңберіне кірмейді, өйткені мұнда таңдалған үш құрылымның бөліктері арасындағы байланыстар мен олардан өтудің нәтижелеріне назар аударылады.
Демек, негізгі мәселе үш құрылымның неліктен жеті бөліктен тұратынында емес, бұл бөліктердің қалай ұйымдасқанында, олардың реттілігі міндетті

тәуелділіктерді қамтуы мен осы реттілікте орналасу прогрессиясы немесе транформациясы турасындағы мәселені қамтиды.

6.5. Зерттеу тұжырымдарының шектеулері мен қолданылу аясы

کاتب: ناشناس.به خطّ نستعلیق در کاغذ کرم رنگ ساخت سمرقند. در آغاز دفتر اوّل سرلوحه ی طلایی و رنگی و متن هرصفحه درجدول طلایی ورنگی.در آغاز دفتر دوم جای برای سرلوحه دارد امّا نقّاشی نشده. تاریخ کتابت: اواخر قرن 10 و یا ابتدای قرن 11 ه.ق./16-17م.
آغاز: شاهنامه ی نثری. قصّه و داستان شاهان کیانی . راوی چنین گوید اوّل کسی که بر تخت شاهان نشست و تاج بر سر نهاد کیومرث بود و مدت پادشاهی او سی سال بود.
انجام : اگر از زابلستان و ایران کسی زینهار خود آید بدار و مهر بر رای و کارگردان سپهر نگه کن که شادمانی نهیب و فراز ؟ و سخن هر چه گفتم...
مشخّصات:406 برگ. اندازه 20 *32 س.
نواقص: انجام افتاده است.
CBP، YI، 4663.

21- شماره ی 2921 شاهنامه ی فردوسی نثری
جلد که از طرف شخص ناشناس برای قصّه گویی ها به نثر برگردانده شده است.هر باب با کلمات اکنون، چنین، قصّه شروع می شود. باب ها منظّم نیستند.
کاتب: ناشناس.به خطّ نستعلیق در کاغذ خاکستر رنگ خوقندی. عناوین قرمز رنگ.
تاریخ کتابت: قرن 13 ه.ق./19م.
آغاز: پس از حمد معبود نعت نبی * ز شاهان پیشین سخن بشنوی
انجام: آن بود که از حاسب و افراسیاب گریخته به خان بالغ درآمدند نقاب داران مع برزو آمده بعمود دروازه را شکستند.
مشخّصات: 502 برگ. اندازه 26 *30 س.

نواقص: با حکایات فرار افراسیاب به خان بالغ قطع می گردد.
CBP، YI، 4664.

22 - شماره ی 9220 شاهنامه ی فردوسی
شاهنامه را شخص ناشناس به نثر برگردانده.
کاتب: ناشناس.به خطّ نستعلیق. کاغذ ساخت خوقندی عناوین قرمز رنگ.ازحکایت ضحّاک شروع می شود. تاریخ کتابت: انتهای قرن 12 یا آغاز قرن 13 ه.ق./18 -19 م.
آغاز : راوی گوید که فولاد عاد کشانی بیرا ناسینه ؟ کند کشانی لنگر ریخت کمربندی عادی به زمین رسانید بعد از ان از کمر فولاد گرفته...
انجام: دارا جانب آدم می رود دختر قیصر را می گیرد از او اسکندرذوالقرنین پیدا می شود. این سخن را در کتاب اسکندر نامه خواهیم بیان کردن ان شاء الله تعالی.
مشخّصات: 335 برگ. اندازه 16 * 26/5 س.
CBP، IX، 6305.

Жеңіс Жомарт Жеңісұлы
Тарих ғылымдарының докторы,
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология
Институтының Бас директорының орынбасары
Қазақстан Республикасы

ТҰРМАҒАМБЕТ ІЗТІЛЕУОВТЫҢ «ШАХНАМЕ» АУДАРМАСЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕРТЕ КЕЗЕҢДЕГІ ТАРИХЫ БОЙЫНША ДЕРЕККӨЗ РЕТІНДЕ

Тұрмағамбет Ізтілеуовтың Әбілқасым Фердаусидің «Шахнама» дастанын аударылуына 90 жыл толып отыр. Біз осы кезге дейін бұл аударманы тек әдеби шығарма ретінде қарап келдік. Расында бұл шығарманың тарихи құндылығы да жоғары. Әсіресе, Қазақстанның ерте кезеңдегі тарихын, көне түркілердің мәдениеті мен тілін, дүниетанымы мен шаруашылығын зерттеуде тарихи дереккөз бола алады.

Фирдаусидің орта парсы тілінде жазылған ‘‘Шахнаменің" толық мәтіні 1999 жылы Қатре баспасынан (Иран) 1367 бет болып алтыншы рет басылып шықты. Иран әдебиеті мен тарихының керемет үлгісі “Шахнама” (патшалар кітабы) жырының авторы Әбілқасым Фирдоусидің ‘‘Шахнамедегі" автордың келтірген түркілер мен Тұранға қатысты мәліметтерді түркі тарихын зерттеуде пайдаланудың едәуір қиыншылықтары бар. Әсіресе, осы мәліметтер арқылы түркі тарихын хронологиялық тұрғыда жүйелеп көрсету өте қиын. Тіпті, жырдағы түркі билеушілерінің есімдері бір ғана жиынтық түрде, тек Афрасияб есімімен берілген. Дегенмен, оқырмандардың өздеріне керекті мәліметтерді жырда келтірілген оқиғалармен салыстыра қарауына мүмкіншілік беру үшін Ирандағы сасан әулетінің билеушілерінің билеу кезеңдері мен Тұран билеушілері (Түркі қағанаттары) кезіндегі тарихи оқиғаларды қатар көрсете кетуді дұрыс санадық.

Қазақтар мен парсы-тәжіктер баяғы турандықтар мен ирандықтардың қазіргі ұрпақтары. "Шахнамедегі» тұран тұлғалары көне тарихтың қаһармандары ретінде есімдері халық ауыз әдебиетінде насихатталып, қазақтың ат қою дәстүрінде де олардың әсері байқалуы тиіс еді. Қазақ арасында кісі есімдерінің арасында жырдағы кездесетін тұрандық батырлар - Қарн, Барман. Құман, Қарухан, Пашанг, Ағрирас, Андаман, Мақатөрелерден гөрі ирандық Рүстем, Дастандардын көптігінің өзіндік себептері барлғы анық.

Әбілхасым Фердаусидің иран адебиеті мен тарихының керемет үлгісі болып табылатын «Шахнама" (патшалар кітабы) жыры желісінің негізі иран–туран қатынастарынын тарихын суреттеуден тұрғандықтан шығарманың көне түркілердін тарихы мен мәдениетін қалпына келтіруде маңызы баршылық. В.Бартольд, Л.Гумилев сияқты машһур тарихшылар да өз зерттеулерінде аталмыш жырға сілтеме жасаудан тартынбаған. Шахнаметанушы И. Брагинский кітаптың формальды түрде аңыздық және

тарихи тұрғыда елу Иран патшаларының билік ету дастурлері желісінде құрылған, ал іс жүзінде жыр үш әртүрлі бөлімнен тұратынын жазады.

Дастаннын мифологиялық бөлігі алғашқы патшалар - Каюмарс, Хушанг, Тахмурас пен Жамшид патшалықтары кезіндегі оқиғаларды суреттеуден басталады. Бұл патшалармен байланысты оқиғалар барлық халықтарда сақталған адамдарға мәдениетті үйретуші алғашкы адам мен патша туралы мифтерге жақын. Мысалы, Каюмарс, адамдарды үңгірден алып шығып, тамақ жасауды үйретті. Хушанг от пен темірді ойлап тауып, адамдарды егіншілік пен мал шаруашылығына үйретті (б.э.д. 1200 ж.), Тахмурас жазуды ойлап тапты. Жәмшид аң терісінің орнына матадан киім тігуді үйретіп, дәрігерлерді тәрбиелеп, кеме жасады, адамдарды абыздарға, хатшыларға, егіншілер мен қолөнершілерге бөлді. Жәмшид патшалығы - алтын ғасыр болды. Бірақ, оның Ахриманмен (зороастризм дініндегі ізгілікке қарама-қарсы, шайтан ұғымы) қақтығысынан қиыншылықтар басталды. Иранды Захак атты жат жерлік басқыншы биледі. Кава бұл билеушіні тақтан тайдырып, орнына Фаридудлы патша кояды. Фаридун Захакты темір шынжырмен бұғаулап Дамовенд тауларына тастайды.

Фаридун елді өз ұлдарына бөліп береді. Салмға Рум (Кіші Азия) мен Батысты береді. Турга - Қытай Түркістаны мен Туранды, Ираджға - Иран мен араб елдерін береді. Тур мен Салмнын Ираджды өлтіруімен иран–тұран соғыстары басталады. Жыр желісінің едәуір бөлігі де дәл осы соғыстарға арқау болады.

Батырлық жырлардың ортасында Рустем ориаласкан. Рустем ерліктері Кей ұлдарының үш патшалығы - Кейкубад, Кей-Кабус, Кей-Хосрау кезінде бейнеленген. Осы патшалар кезінде шиеленіскен иран-тұран соғыстары тек патша Кей-Хосраудың соңғы патшалык ету кездерінде саябырсиды. Ол Афрасиабтың ұлы Джихшаны тұтқыннан босатып, оған Тұранды береді.

Эпостың осы бөлігінен соң интермеццо басталады. Бұл жердегі кейіпкерлер жартылай аңыз, жартылай тарихи тұлғалар, олардын негізгісі жырда Ескендір деп берілген Александр Македонскийдің осы аймақтар мен Үндістанға жорығы бейнеленген.

Дастанның тарихи бөлігі Сасан әулеті (220- 665) билігіне арналған. Онда Ардашир, Бахрам Гур, Ануширван, Хосрау Парвиз, Бахрам Чубин сияқты тарихи тұлғалар мен олардың кезіндегі оқиғаларға шынайы баға берілген. Жыр соңы сасанилер патшасы Яздигердтің өлімімен және араб шапқыншылығынан есеңгіреген сасанилер мемлекетінің құулауымен бітеді.

Шахнаменің түпнұсқасындағы түркілер мен Тұранға қатысты назар аударарлық мәліметтерді екшелей көрсетсек, оларды былайша топтап көрсетуге болады:

1) Шахнамедегі Тұран мен Иран шекарасы; 2) Тұрандықтар шаруашылығы және басқа елдермен қатынасы: 3) «Шахнаме және түркілік дүниетанымы: 4) Тұранның көрші елдермен қарым-қатынасы; 5) Тұрандықтардың тілі мен жазуы: 6) Тұрандықтардың қару-жарағы мен соғыс өнері.

«Шахнаме» бойынша Фаридун мен оның ұлдары патшалық еткен тұста Иран-Тұран шекарасы болып Әмудария (Джейхун) бекітілген. Екі жақтың осы шекарадан өтуге, шекараны бұзған болып есептеледі:

Чу Лашкар бе наздике Джейхун расид

Хабар назде пуре Фаридун расид.

әскер Джейхунға жеткенде,

оның хабары Фаридун ұлына (Наузар) жетті немесе:

Сепохи аз Джейхун су кешид.

әскер (Тұрандықттар) Джейхун жақтан бері карай өтті.

Тұрандыктардың шаруашылығы және басқа елдермен катынасы. Жыр сюжеттеріне сәйкес тұрандыктар шаруашылықтың екі түрімен–көшпелілік және отырықшы - егіншілікті қатар ұстанған сияқты:

Рустем түркілер даласына келгенін суреттегенде:

Дегар суй Серахс ва биобонаш

Паш гале гаште дар дашт аху ва миш.

Хаме дашт пор харге ва хейме кешт.

Серахстын келесі беті шөл-дала, отар-отар қойлар мен маралдар. Дала толы үлкенді-кішілі киіз үйлер.

Жырда тұрандықтардың көшпелі өмірін суреттегенде тағы бір дәлел Рустемнің Афрасиабқа:

Надони ке Иран нешастман аст Джахоне сар сабз зире дасте мен аст,

Сен Иранды отырықшы екен деме, жасыл-желек әлем менің қол астымда.

Жырдың, тағы бір жерінде Тұран жерін бос жаткан кең дала ретінде суреттеп, ирандықтардың бұл жерде қойлар мен малшыларды қырганын жазады:

Куджо буд бар даште Турон иле

Герефтанд бесиор ва котанд низ мавуд аз бад вахт монанде чиз.

Галедор ва чупоне васи коште шод.

Туран елі бос жаткан дала,

бұл жерде көп нәрсені алып, көп нарсе жойылды,

жеткілікті түрде қойшылар мен малшылар өлтірілді.

Тұрандыктарда калалардын да болғаны белгілі болып отыр. Шахнамеде осындай қалалардың бірі былайша суреттеледі:

Чу омад бар он шарестон даете охт.

до фарсанг боло ва пахнош сохт

Аз ейвон ва мейдон ва кохе боланд

Зе полиз ва зе голаш аржманд

Биорост шахри бесон бехешт

Бехамун гол ва сонбал ва лоле кашт.

Алақандай қалаға келгенде,

ені мен биіктігі екі фарсанг,

айван мен алаң және биік сарай.

гүлге толы қаланы

Жұмақ десең болады.

Археологиялық мәліметтерді талдай отырып, отырықшылық қоныстар Қазақстанның ең шеткері аймақтарында да болғанын айту керек. Осы аймақтағы көптеген көне архитектуралық ескерткіштер, қоныстар калдықтары мен суландыру каналдарының қалдықтары өткен замандарда тұтас бірқатар мәдени-экономикалық ошақтардың болғанын білдіреді.

Бұл жайлы Шахнамеде түркілердегі күмбезді құрылыс жайында:

Дигар су Афросиоб ва Сепох
Чу Пирон Ба Гарсиуз кинехох
Бе хар гуше гонбади сохте
Сараш ро бо баронdар афрохте.
Келесі бетте Афросиаб пен әскер
Пиран мен Гарсиуз сияқты кекшіл батырлар
Әр бұрышқа күмбез салды
Ұшы аспанмен таласқан

Тұрандықтардың басқа елдермен тығыз экономикалық қарым-қатынаста болғандығына жырда кездесетін тұтыну тауарлары мен қару жарақтардың шығу тектерін әр елден екендігі дәлел бола алады. Мысалы, дибой чини, чатре хенди, чочи камон, пулоде чини, сепархой чини, шамшире хенди, аспоне този, яғни, қытаи жібегі, үнді шатыры, шаш садағы, қытай болаты, қытай қалқаны, үнді семсері, хаданг оғы, таз-тәжік жылқылары, кабул қанжары болып келеді.

Рустем Тұранға, Хотанға саудагер болып келіп, Бижанды құтқаруға келгенде одан жергіліктілер кімсің, қайдансың деп сұрағанда:

Бе бозоргони зе Ирон бе Тур
Бе пеймудам ин рохе душвор ва дур.
Форушанде ам хам харидор низ
... Харам чорпой ва форушам гохар.
Саудамен келгем Иранnан Тұранға,
қиын да қауіпті жолдардан өттім
әрі сатамын, сатып аламын,
мал аламын, гаухар сатамын - деп, көшпенділерден мал өнімдерін алғандығын көрсетті.

Шахнаме және түркілік дүниетаным

«Шахнамеде» автор ирандықтар мен тұрандықтарды кейде ортак дүниетанымға ие етіп керсетеді. Жырда тұрандықтар ирандықтар өздерінің ресми хаттарын жазғанда оны күн мен айдың жаратушысы атынан бастайды:

Бе номе худованде хуршид ва мох *(күн мен айдың жаратушысы атынан)*

Күн мен айды қасиетті санау біршама түркі халықтарында, солардың ішінде қазақ халқында да әлі күнге дейін сақталған дәстүр. Зерттеушілердің пікірінше, оңтүстік Сібірді мекендейтін шор, алтай, хакас халықтарында осы дәстүрдің сарқыншақтары молынан кездеседі. Адамдар әлемі - бұл күн мен ай жарық қылатын әлем. Төменгі әлем жарық емес, не нашар жарықталған. Жер әлемінде күн мен ай уақыт өлшемі. Түркілер босанатын әйел туралы

айтканда ай-күні жеткен дейді, ай туғанда сәлем беріп, «ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа» дейді.

Жырдың кейінгі бөліктерінде тұрандықтар мен ирандықтар екі дүниетаным өкілдері ретінде суреттелетін жерлер аз емес. Бұған басты себеп ирандықтардың зороастризм дініне жаппай кіруімен байланысты болар.

Мысалы:

Гарсиуз айтады: До кешвар - иеки оташ, ва дигар об

екі ел - бірі от, екіншісі су

Жырда сондай-ақ, көне түркілердің негізгі сенім нысаны болған Тәңірі - Аспан ұғымы жайлы да мәліметтер кездеседі. Жырдың «Ескендір патшалығы» тарауында:

Аз ин пас биояд иеки номдар,
Зе даште савороне нейзегорон.
Иеки марде покизе на никхуй
Беду дине Яздон шавад чорсуй.
Иеки пире дехконе аташпарастэ
Ке пор дине Муса ке хони жаху
Ке гуяд джоз он ро нашояд сетуд
Дегар дине Иунони он парса
Ке дод овард дар деле падша.
Бұл жақтан бір атақты,
аттылар мен найзагерлер даласынан таза ер кісі келді:
Төрт тарапты Яздон діниндегі,
келесісі отқа табынушы дихан - қария,
келелісі жөйт деп аталатын дінді
мактай беретін Мұса жолын қуушылар
келесі патша жүрегінен
орын алған гректер діні.

Бұл жердегі Яздон діні деп отырғандары түркілердің Тәңірі діні болуы әбден мүмкін.

Жырдың тағы бір жерінде түркі қолбасшысы Барман хан кенесшісі Пиранға былай дейді:

Кезе Асман созар нист
Аспаннан артық ештеңе жоқ
Немесе, педар Асмон бод ва мадор Замин
Аспан - әке, Ана - жер

Осымен үндес көне түркі жазбаларының мәтінінен мына үзінділерді де мысалға келтіруге болады: «Аспан менің әкем Ілтеріс қаған мен анам Ілбілге қатынды өз құдіретімен басқарып, оларды көкке көтеріп әкетті. Қағанға басқаруға мемлекет беретін аспан, мені түркі аты мен халқы жоғалмасын деп қаған етті. Аспанның ырқымен түркілер жеңіске жетті».

Жырда түркілердін арасында жұлдызшылар маңызды орынға ие болғандықтары жайлы деректер мол. Солардың бірінде:

Зе Туркон иеки буд Бозур ном

Бофсукн бехар джой гостарде кам
Биомухте кажи ва жови.
Түркілерде Бозур атты біреу болды
Оның сиқыры барлық жерге жүреді.
Сиқыр мен жадылықты меңгерген.
Осы бақсыны Пиран ирандықтарга жұмсайды:
Ке аз ой дар бороу то саре тиғе кух
Барф ва сармо ва бод дамон
Баройшон биобар хам ондар замон.
Осы жерден тау басына бар
сол мезет оларға қар, суық жел жібер.
Бұдан соң түркілер ирандықтарға шабуыл жасайды. Жеңіліп бара жатқан ирандықтар аспанға назар аударып:
Сепах дор ва гардан кешон он замон
Герефтанд зори суй осмон.
Ке ей! Бар тар аз дош ва хуш ва рой
На дар джой, ва на зире джой
Хаме бандей порнегохе тим.
Ве би чореше дод хохе туйн.
Зе афсун ва аз джодуй бартари
Джахондор ва бар девороне девори.
То тавонтар аз оташ ва аз мехрин
(Камус Кашани, 359)
Қолбасшы мен сарбаздар
Сол кезде аспанға қарап зар иледі,
Ей! Барлығынан биік Жаратушы!
Бір жерде емессің, жер асты, үстінде де емессің!
Барлығына сенің қырағы көзіңнің құлымыз,
Сенің жолыңда бейшарамыз
Барлық сиқыршы мен бақсыдан күштісің, әлемнің билеушісің. Құдайлардың құдайысың, оттан да күштісің!
Отқа табынушы ирандықтардың аспанға назар аударуы, бұл қиналған кезде түркілердің Тәңірі–Аспанына назар аударуы секілді еді. Тіпті, олар Тәңірі-Аспанды мадақтағанда, оны оттан да жоғары кояды да олар Тәңірден:
Аз ин барф ва сармо фариодарс,
Надорим фариодарс джозе Ту касс – дейді.
Мына қар мен суыққа қарсы Сенен басқа ешкімнің көмегіне сүйене алмай отырмыз.
Бақсы көмегімен жауға қарсы қар, суық жіберу түркілер үшін үйреншікті нәрсе болды. Жырдың тағы бір жерінде:
Ба аз ин ру бар омад иеки тонд бод
Ке каси ро аз Ирон набод разм иод,
Иеки абре тонд андар омад чу гард
Зе сармо хами лаб бедандон фесард.

Саро парде ва хамихо гашт иах
Кешид аз бар кух бар барфе йах.
Бұл тараптан бір ала құйын шықты,
Онын артын ала дөңгелеген бұлт шықты.
Суықтан еріндер тіске жабысғы,
Шатырлар мұзга оранды,
Тау басынан қар жауды.

Жырда тұрандықтардың дәстүрінде түс жорушылар мен жұлдызшылар да маңызды орын алатыны шебер бейнеленген. Мысалы, Афрасиаб түс көргенде оны жорытуға адам іздестіреді. Сонда Гарсиуз былай дейді:

Гозарандейхе хоб бояд каси ке
Аз донеш андазе'е дорад баси.
Бехоним бидор дел мубадон
Аз охтар шеносон ва аз бехардон.
Түс жоритын адам білімі жеткілікті болу керек.
ойы сергек бақсылар, жұлдызшылар мен ақылгөйлерді шақырады.

Осы тұрғыда Ж. Баласағұнидың «Құтты білігіндегі» мына шумақтарға назар аударсақ:

Тағы бірі - түс ілімі деседі,
Жорушы тек жақсыға жол кеседі.
Кісі ұйықтаса түрлі түстер көреді,
Жори білсе айтканы анық келеді ...
Не жорысаң сол болады сенгейсің.
Түс көруші, түсті нәзік көргейсің.
Жақсы жорып, жақсылыққа балайтын,
Ақылдылар бар, жақсылық қалайтын.
Жақсы көріп, бұларды ізгі санасаң.
Қаласаң - дос, туысқан қыл қаласаң.
Тұрандықтардың тілі мен жазуы.

Тұрандықтардың түркі тілінде сөйлегендігі жайлы жырда Гударз Тұранға өз адамын жібергенде:

Забон ро бе торки биорости
Түркі тілінде сөйле деп тапсырады.
Тұрандыктардың Базур атты бақсысын суреттегенде:
Бедонесте чини ва хам пахлави.

қытай мен пехлеви (парсы) тілін менгерген. Яғни, ирандыктар пахлави тілінде сейлесе, түркілердін өз тілі болғандығы анык. Жырдың тағы бір жерінде:

Бе торки ченин мехр ва пейванд чист
ягни, түркіше осындай махаббат пен ынтыктық не?
Жырда түркілердін өз тілінде сөйлегені жайлы:
Ке ру пиш Хумон бе торки забон.

Хуманга карап түркі тілінде сейледі.
Зе аржасп солоре гардоне чин.
Саборе джахондиде гарде замин.
Невешт андарон номей хосроуй.
Неку офарини хатте ябгуй.
Қытай әскербасшысы Аржасп
шахқа яғбу жазуымен хат жазды.

Тұрандықтардың қару-жарағы мен соғыс өнері.

Соғыс өнерін зерттеушісі Иванин М. түркілердің дәстүрлі әскери өнеріне күдікпен қарап: «монғол-татарлар терең әскери тәртіпті сақтай отырып, өздерінің басты міндеттерін өзара белгілесті. Атты әскер алаңда соғыса білді. Қорғанларды қоршап, шабуыл жасау сияқты ерекше ұрыс тәсілдерін шеберлікпен менгерді. Осыдан келіп мынадай заңды сұрақ туады. Осы жартылай жабайы, малшы татарлар осындай әскери тәсілдерді қайдан үйренді», деп сұрак тастайды да, оған өзі - татарлар даласына Рим империясынан қуылған несториан топтары монғолдар арасына келуімен немесе көрші Қытай елімен байланыспен түсіндіре жауап береді.

Дегенмен, «Шахнамені» талдау түркілердің әскери өнерінің тамырының тым тереңге кететінін көрсетеді. Афрасиаб өз әскеріне:

Хаме бо дарафш ва табире шабим
Барлығымыз кернейлетіп, барабандатайық–дейді.

Одан беріде барабан соғудың түркілік соғыс өнерінің ажырағысыз бөлігі болғандығын Марко Полодан табамыз: татарлар өздерінің жетекшілерінің накарлары (барабандары) соғылмай тұра соғысты бастамайды: ол соғылғаннан соң ғана ұрыс басталады. Татарларда мынадай әдет те бар: олар дайындалып, соғысты күтіп тұрғанда накар соғылмас бұрын олар ән салып, екі шекті аспапта ойнайды: ән салып, би билейді, ұрысты күтіп тұрып, олардың ән салып, ойнағаны қызық.

Тұрандықтар өздері жасаған қару-жарақпен бірге көрші елдерде жасалған қару түрлерін де кеңінен пайдаланды. Түркілер әскері темір сауытты болғанға ұқсайды. Мысалы, Рустем өз ұлына ақыл айтып, түркілерді суреттегенде:

Зал, ей, Песере Гушдор! ...
... Ке он торк дар джанг аждохост.
Дар оханг ва дар кине абр болост.
Дерафшан сиох аст ва хофтане сиох
Зе оханг со'ад зе оханг колох
Зал, ей, ақылды балам! ...
Ол түрік соғыста айдахар,
ол темірге оранған, қайсар, өшпенділігі жоғары,
темір шоқпар-(қамшы)

темір архалук (кіреуке) темір дулығалы – деп айтады,
Жырдын тагы бір жерінде:
Зе торкон ва аз даште найзаварон
Зе хар су биомад сепохи герон.
Түркілер мен найзалылар даласынан.
әр жақтан ауыр салмақты әскер шықты.
Немесе, Герон лашкари сохт Афрасиаб.
Афрасиаб ауыр салмақты әскер ұйымдастырды

Археологиялық мәліметтер сак-массагет тайпаларынын металл өндеуді шебер меңгеріп, оны тұрмыста кең қолданғанын көрсетеді. Олардың еңбек құралдары, қару-жарақтары, ыдыстары да металдан жасалды. Түркілер дүниетанымында темір –Тәңірлік сипатқа ие қасиетті зат болды және Тәңірінің оларға тартқан осы бір игілігін шебер қолданып, іске асыра білді. Міне, сондықтан да «Шахнамеде» келтірілген «темірге оранған» түркілер ұғымын тарихи шындық ретінде қабылдауымыз дұрыс.

Түркілердін соғыс өнерінде кең пайдаланған әдісі ол - тыңшылық болды. Афрасиаб бір шопанды тыңшы ретінде Иран армиясына жібереді:
Негах кун ке чанд аст ро
Ирон сепах зе гардон ке дорад
Ке дерафш ва колох
Байкап кара Иран әскері қанша, сарбазы, шоқпары мен дулығасы неше екен?

Тағы бірде Афрасиаб өз қолбасшысы Фаргарды Иранға жібереді:
Хам акнун бороу суйе Иран сепох
Негах кун бедин Ростам размхох
Саборон негах кун ке чандон ва чун
Ке дорад барин бум на рахнемун,
Дәл қазір Иран әскеріне жөнел,
сол Рустем жауынгерді байқа,
әскерін қара: қанша және қалай бекінген, несі бар, бәрін біл.

Көріп отырғанымыздай, біз осы кезге дейін бұл аударманы тек әдеби шығарма ретінде қарап келсек те бұл шығарманың тарихи құндылығы да жоғары. Жыр Қазақстанның ерте кезеңдегі тарихын, көне түркілердің мәдениеті мен тілін, дүниетанымы мен шаруашылығын зерттеуде тарихи дереккөз бола алады.

Осы орайда Т. Ізтілеуовтың аудармасын тек әдеби шығарма емес, қазақ тарихының көне қатпарларынан хабар беретін дереккөз ретінде бағалағанымыз жөн.

Әдебиеттер:

1. Фирдауси "Шаһнамасының" желісімен жырланған тарихи дастан / Т. Ізтілеуұлы ; [жауапты шығ. И. Жеменей ; Қорқыт Ата атын. Қызылорда мем. ун-ті ; "Арыс" қоры]... – Алматы : Арыс, 2015. - 887 б.
2. Фирдауси А, Шахнама. Толық текст, -Техеран: Қатре баспасы, 1374, 1368 бет.
3. Сириус Язди. Кіріспе // Бертельс, Евгений. Торихэ Адобият-э Форси. - Техран: Хонарманд. 1373ж. -23б.
4. Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука. -Алматы: Гылым. 1993г. - 248с.
5. Ғ.Айдаров. Орхон ескерткіштерінің тексі. -Алматы: Ғылым, 1990ж. - 259б.
6. Жеңіс Жомарт. Ортағасырлардағы тұрандықтар және Иран (XI-XIY ғ.ғ. түркілер билігі тұсындағы Ирандағы діни, саяси және мәдени дамулар) – Түркістан. ХҚТУ. 2004. -223б.
7. Иванин М.,О военном искусстве при Чингиз-хане и Тамерлане. – Алматы:, Санат. 1998г.240стр.

Қыдыр Еділбайұлы Төрәлі
филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор
Шығыстанушы, Қазақстан Республикасы

«ШАҺНАМА» АУДАРМАСЫ: ШӘРИФИДЕН ТҰРМАҒАМБЕТКЕ ДЕЙІН»

Қазақ халқы ежелден Шығыстың екі шығармасына ғашық болған. Біріншісі – арабтың «Мың бір түні» болса, екіншісі – Фердаусидің «Шаһнамасы». Арғы арналары санскрит тіліндегі жәдігерлерге барып тірелетін «Мың бір түнде» кездесетін образдар мен сюжеттерге негізделген хикая-дастандарымыз бен ертегілеріміз баршылық. Сондай-ақ, «Шаһнамадан» желі тартатын персонаждарымыз да жетерлік. Ертегілер жиынтығы деп есептелетін «Мың бір түнді» зерделеу, негізінен, фольклортанушылардың еншісіне тисе, ал, Фердауси «Шаһнамасы» жазба әдебиет ретінде қарастырылады. Десек те, елу патшалықты жазу барысында парсы ақыны өзіне дейінгі жеткен жазба жәдігерлер («Авеста», «Хұдайнама», «Ардашер Бобеканың ісі» және т.б.) мен аңыз-әпсаналарды кеңінен пайдаланған. Сондықтан да, туындыда мифологиялық, батырлық және тарихи оқиғалар қатар өрілген. Нәтижесінде көлемі жағынан өз заманының бірнеше туындысын орап түсетін шығарма дүниеге келген. «Сөз мәйегінен мәңгі өлместей ескерткіш тұрғызған» (Фердауси) ақын мұрасы парсы-тәжік тіліне жаңаша өмір сыйлаған, барша әлемге танытқан. Кейінгі ғасырларда дүниеге келген Низами Гәнжәуи, Әмір Хұсрау Деһлеуи, Қожа Хафиз, Әбді Рахман Жәми секілді т.б. ақындар оның шығармасын оқып, ондағы кейбір детальдарды өз туындыларында сәтті пайдаланған.

Әбіл Қасым Фердаусидің (935-1020 жж.) өмір сүрген заманы – парсы-тәжік және түркі тілдес әулеттің билікке келген дәуірі. Фердауси бүгінгі Иранның солтүстік-шығысындағы көне Туста дүниеге келген тұста парсы-тәжік тілді Саманидтер (875-999 жж.) билік басында болса, оның өмірінің екінші жартысында түркі тілді Ғазнеуидтер (977-1186 жж.) таққа жайғасып еді. Жиған-тергенін отыз жыл бойына хатқа түсірген. Саманидтер тұсында басталған еңбек Ғазнауидтер билігі кезінде аяқталған. Тустың әмірі Әбу Мансұр Мұхаммед сөз маржанын тере білген шайырларға парсы-тәжік жұртының тарихын өлең сөзбен өрнектеп шығуға тапсырыс береді. Өз заманының әмірінен тапсырыс алған ақындар патшалар тарихын жазуға кіріседі. Нәтижесінде қарасөзбен жазылған «Шаһнама-е Мәнсур», яғни «Мансұр Шаһнамасы» 957 жылы аяқталса, Әбу әл-Муаияда Балхи өзінің «Шаһнамасын» 963 жылы тамамдаған. Әбу Әли ибн Ахмет Балхи да «Шаһнамасының» соңғы нүктесін 966 жылы қойған. Масуд Мәруазидің осы аттас туындысы да осы жылы аяқталған.

Қаламгерлер арасында патшалар тарихын жазуға деген қызығушылық артты. Фердаусиден алдын Рудаки, Әбу Шәкур Балхи, Дақиқи секілді

шайырлар да қалам тартты. Бірақ олардың ешқайсысы да соңына жеткізе алмаған. Дақиқидың мың жолдан тұратын «Гәштасб» атты бөлімін кейіннен Фердауси өзінің шығармасына қосып, оны одан әрі жетілдіріп, толықтырып, алпыс мың бәйіт, яғни жүз жиырма мың жол етіп тамамдаған.

Парсы шайыры Дақиқи бастаған дүниені Фердауси ары қарай жалғастырады. Шығарманы жазуға отыз жыл уақыт кетеді. Өз жұртының бар мұрасын жинақтап, жүйелеп жазып шыққан ақын сиясы кеппеген туындысын Махмұт Ғазнауиге ұсынғанда, ол парсы халқының рухын асқақтатқан шығарманы онша жарата қоймаған, ақы төлеуден бас тартқан. Содан Фердауси сарайдан қуылып, өмірінің соңын жоқшылықта өткізген, делінеді. Ал, ендігі бір аңызда түркі сұлтаны өзінің ағат кеткенін біліп, кейіннен шайырға арнап тарту-таралғы жібереді. Алайда Фердаусиге арналған сыйлық жүктелген керуен қаланың бір қақпасын кіріп келе жатқанда екінші қақпасынан ақынның табыты көтеріліп бара жатқан, деседі (Күмісбаев, 2012:36 б.). Не де болса, ақын өз шығармасының сый-сияпатын көзі тірісінде көрмеген.

Фердауси «Shahнамасы», негізінен, мифологиялық аңыздар (мұнда оннан аса патшалық), батырлық-эпостық жырлар (Рүстем Зорабтың ерліктері; зороастр дінінің негізін қалаған патшалар, Ахеменидтер билігі, Александр Македонский жорығы мен Ашканид, Парфян биліктерінің он бір патшалығы) және тарихи оқиғалардан (негізінен, 224-651 жж. Билік құрған Сасанид династиясының жиырма тоғыз патшасы) тұрады.

Аңыз-әпсаналар мен тарихи деректер негізінде патшалар тарихын («Shahнама») жазуға кіріскен Фердауси материалдарға обьективті түрде қарауға тырысқан. Себебі ол өзінің бұл туындысының кейінгі ұрпақтың жастанып оқитын шығармасы болатынын білді. Десек те, кейбір тарихи деректерді бұрмалағанын жоққа шығаруға болмас. Әсіресе, Ескендір Зұлқарнайынның (Александр Македонский) парсы жұртын жаулап алу оқиғасы.

XIII ғасырда Аюбидтер династиясын тақтан ығыстырып, билік басына келген мәмлүк сұлтандары Мысырда түрк текті мәдениеттің кеңінен тарауына тікелей ықпал етті. Олар түрк тілінде жазылған еңбектерге барынша қолдау көрсетіп отырды. Тіпті кейбір шығармаларды өздері арнайы тапсырыс беріп жаздырды. Мысырда түрк тілі ғылым мен әдебиеттің тілі ретінде мойындала бастады. Соның нәтижесінде «Китәбун фи рийәдәт әл-хәйл» («Атбегілік туралы кітап»), «Хуласа», «Бәйтәрәт әл-уәзих» («Толық ветеренария») сияқты атбегілік пен «Муғиннәт әл-ғуззат» («Соғыс тактикасы»), «Китәб фи илм ән-нәшшәб» («Жамбы ату өнері туралы кітап») әскери айла-тәсілге қатысты жазылған еңбектермен қатар, түрк тілінің бай сөздік қорынан хабар беретін «Китәб мәжмә′ тәржимәни турки уә ′әжәми уә мәғули уә фәрси» («Түркі-парсы және моңғол-парсы тілдерін түсіндіруге арналған жиынтық кітап»), «Китәб әл-идрәк ли-лисән әл-әтрәк» («Түркі тілдеріне түсінік беру кітабы»), «Әт-тухфәт әз-зәкийә фи әл-луғәт әт-туркийә» («Түркі тілін үйренуде құнсыз еңбек»), «Китаб би луғәт әл-муштәқ

фи луғәт әт-турк уә әл-қифчақ», «Әл-кәуәнин әл-куллийә ли-зәбт әл-луғәт әт-туркийә» («Түркі тілін үйренуде толық қолданба»), Әд-дуруиәт әл-музийә фи әл-луғәт әт-туркийә» («Түркі тіл туралы жылтыраған інжулер») және «Китәб хилийәтәл-инсан уә хулбәтәл-лисан» («Адамдардың көркі, тілдің шербеті») секілді сөздіктер, сондай-ақ, Ханафи мәзһабінің жөн-жосығын егжей-тегжей түсіндіретін «Китәби муқәддимәи Әбу Ләйс Сәмәрқанди» («Әбу Ләйс Самарқандидің кіріспе кіттабы»), «Иршадул-мулук уәс-сәлатин» («Патшалар мен сұлтандарға тартулық») сияқты фиқһтық еңбектер дүниеге келді. Сол замандағы мәмлүктердің рухани қажеттілігін қанағаттандырған бұл жәдігерлер бүгінде түрк халықтарының, соның ішінде қазақтардың мәдени мұрасына айналып отыр. Мысырда дүниеге келген жазба ескерткіштердің тілі туралы түрктанушы Әмір Нәжіп: «Мәмлүк-қыпшақ, мәмлүк-египеттік, қыпшақ («таза қыпшақша»), алтын орда-египеттік, қыпшақ-оғыз жазба тілі» деп, бірнеше атауларды ұсынып, өзі мәмлүк-қыпшақ тілі деген тоқтамға келген (Наджип, 2004:12-13 сс.). Ғылымда түрк жазба тілінің даму ерекшеліктерінің бірі ретінде қарастырылатын мәмлүк-қыпшақ тілі – түрк халықтарының ішінде бүгінгі қазақ тіліне ең жақын екендігі талас тудырмайды. Бұл жәдігерлердің алыс құрлықта дүниеге келгеніне қарамастан, қазақ мәдениетінің бір бөлшегі ретінде қарастырылатыны да сондықтан. Жалпы, мәмлүк-қыпшақтар билігі тұсында дүниеге келген мәдени мұраларды екіге бөліп қарастыруға болады. Біріншісі – төлтума шығармалар болса, екіншісі – аудармалар. Атбегілік, әскери өнерге қатысты танымдық еңбектердің кейбірі араб тілінен тәржімаланса, көркем туындылар, негізінен, парсышадан аударылды. Мысалы, парсы шайыры Мусләхиддин Сағдидің 1258 жылы жазылған «Гулистаны» 1391 жылы түрк ақыны Сәйф Сараи тарапынан «Түркі тіліндегі Гүлістан» деген атпен тәржімаланды. Сондай-ақ Фердаусидің әлемге мәшһүр «Шаһнамасы» да ең алғаш рет түрк жазба тіліне осы Мысырда аударылды.

Мысырда тәржімаланған «Шаһнаманың» бүгінгі ғылымға белгілі бірнеше нұсқалары сақталған: Түркия Республикасы Ыстамбұлдағы Топкапы сарайында үш нұсқасы (№1522; 1520; 1521), Лондонда екі нұсқасы, Түркия Ұлттық кітапханасында (№1184), Нью-Йоркте және Душанбеде бір нұсқасы.

Біз жәдігердің екі құнды қолжазбасына кадикологиялық зерттеу жүргіздік. Біріншісі, Ыстамбұл шаһары Сулеймания кітапханасында Дамад Ибраһим Паша бөлімінде 983 (м) нөмірмен сақтаулы тұрған нұсқа. Қолжазбаның көлемі – 1172 (яғни 586 парақ) бет. Әр бетте 25 бәйіт яғни 50 жол бар. Бұл 50 жол төрт қатармен өрілген. Қолжазбаның кейбір жерлерінде сол заманға тиесілі минатюралар бар. Қолжазбаның тіктелуінен 616 бетте бірінші кітап аяқталып, екінші кітаптың 617 беттен басталғанын көруге болады. Мәтіндегі алғашқы бәйіт: «*Чу «бисмилләһ» илә ола іш, Бтер гер чоғ ола гер аз ола іш*» («Осы «Бисмиллә» мен басталар іс, Бітер егер көп болса, мейлі аз болса (да) іс.»). Бұл нұсқа жайлы ең алғаш хабар берген Бесім Аталай болатын. Ол 1917 жылы ғылым әлеміне бұл нұсқаны танытқан. Екіншісі, Тәжікстан Республикасы ҰҒА Қолжазбалық мұра орталығында сақталған. Көлемі 435

парақ, яғни 870 бет. Әр бетте, шамамен, 62 бәйіт, яғни 124 жол берілген. Қолжазбадағы өлең жолдары 31 қатардан 4 колонкада жазылған.Қолжазбаның алғашқы бетінде алтын жалатылған орнаманттің ішіне мәтін берілген. Сондай-ақ, кейбір беттерінде минатюралар берілген. Қолжазба жақсы сақталғанымен де, кейбір беттерінің бір бөлігі дұрыс көшірілмеген немесе бетіне кейіннен қағаз жапсырылған. Соңғы бетінде мәтінге теріс «Шаһнамә-е Фердауси» («شاهنامه فردوسی»), яғни «Фердауси Шаһнамасы» деп жазылған. Мәтіннің алғашқы бәйіті: «*Өзі хәй-дур хәйаты кендүзіндін, Йаратды кайинаты кендүзіндін*» («Өз тірі-ғой, өмірі өзінен, Жаратты болмысты өзінен»).

Мәмлүк-қыпшақтар билігі тұсында аударылған «Шаһнама» – тек түрк халықтарының мәдени мұрасы ғана емес, сонымен бірге әлем әдебиетінің асыл қорына қосылған үздік туынды десек те болады. Себебі көлемі жағынан бірнеше шығарманы орап түсетін Фердаусидің бұл туындысы XVI ғасырға дейін өзге тілдерге толық аударылмап еді. Әрине, «Шаһнамада» кездесетін кейбір сюжеттер мен образдар негізінде хикаялар, дастандар жазылғанымен де, шығарма бастан-аяқ толық тәржімаланбаған. Себебі 60 000 бәйіт, яғни 120 000 жолдан тұратын көлемді эпикалық туындыны қолға алуға кез-келгеннің батылы бармайтын. Сондықтан да X ғасырда жазылған Фердауси мұрасы бес жүз жылға дейін өз тәржіманын (аудармашысын) күтіп жатты десек те болады. Арадағы бес жүз жылдық үнсіздіктен кейін «Шаһнама» алғаш рет Шәриф тарапынан түрк жазба тілінде толық аударылды. Мәмлүк-қыпшақтар тұсында Мысырда өмір сүрген Шәриф туралы толық мәлімет жоқ. Аудармашының бұдан басқа қандай шығармалар жазғандығы хақында да дерек кездеспейді. Өкінішке қарай, сол замандағы қалам иелері секілді рияны басты негізгі мәселе ретінде қойған шайыр шығарманың ішінде де өзінің хал-ахуалы туралы жарытып ешнәрсе айтпаған.

Түркі «Шаһнаманың» құрылымы ортағасырлық әдеби жәдігердің құрылымы іспетті алғаш Аллаға сәнә (мадақ), сосын пайғамбар,а мадақ айтумен басталған. Ақын Аллаға мадақ айтып болған соң, мінажат бөліміне көшеді. Ол Аллаға сәна (мақтау), пайғамбар мен төрт шәдіярға мадақ айтқан соң, өз заманының билеушілеріне арнау айтуды ұмытпайды. Сұлтандықтың соңғы жылдары таққа отырған Сұлтан Қайтбайды ерекше (1468-1496) мақтайды.

Әдетте төлтума шығармаларға қарағанда, аудармалар көбінісе тапсырыспен жазылатыны анық. Мәмлүктері сұлтаны әл-Ғауридің өзі Шәрифті шақырып алып, Фердаусидің паташалар туралы жазған кітабын аударуға тапсырыс берген. Парсы шайырының бұл туындысының даңқы сол кезде араб пен ажамның арасына жайылып еді. Мысырда тақта отырған мәмлүк сұлтандары да бұл кітаптан хабардар болған. Алайда парсыша жазылған дүниені түсінбеген. Парсы тілі тұрмақ, Мысырда арабтарды билеп отырған кейбір мәмлүк сұлтандары араб тілін де білмейтін еді. Сондықтан да, Мысырда мәмлүктер билігі тұсында біраз еңбектер арабшадан түркі тіліне тәржімаланған. Сол секілді парсыша не арабша білмейтін билеушілер өз

заманының асыл жауһарларын өзідері түсінетін тілге тәржімалап беруін қалаған. Шәриф басында алпыс мың бәйіттен тұратын көлемді шығарманы аударудан бас тартқан. Алайда сұлтанның өзі қолқа салып отырған соң, амалсыз көнуге мәжбүр болған.

Шәриф алғашқы мың жолан өз жанынан қосқан. Онда Аллаға мақтау, пайғамбарға, төрт халиф пен үш сұлтанға мадақ, кітаптың жазылу себебінен кейін ғана негзгі бөлімге көшкен. Оны: «*Әууәл кәси ке падишаһи кәрд дәр дунийа Кәйиумәрс буд*», яғни «Дүниеде алғаш патшалық құрған Кәйюмәрс болатын» деп атаған. Міне, осы тұстан Фердауси «Шаһнамасының» тәржімасы басталады. Баптар мен бөлімдердің атаулары парсы тілінде берілген. Онысы түпнұсқа бойынша жүріп отырғанын көрсетуден туындаған болар. Әр бөлімнің бәйіттері де әркилы. Кейбір бөлімдер қысқа қайырылса, ендігі бірінің мазмұнын кеңірек ашқан. Оны жылға созылған тәржіманы Шәриф сәтті алып шыққан. Ол соңғы бәйітте «*Еріштірдім кәмәл илә тәмәмә, Бихәмдилләһ, йазылды «Шаһнама*», яғни «Толықтай соңына жеттім, «Шаһнама» жазылып бетті» – деп, Жаратқанға шүкіршілік еткен.

Шайырдың Аллаға шүкіршілік ететіндей бар. Себебі бұл шығарма сол кезде-ақ өз оқырмандарын тапқан. Іші батырлық пен ерлікке толған ақын мұрасы күйреп бара жатқан мәмлүктер билігіне аз да болса демеу болған. Себебі Кансау әл-Ғауридің сұлтандығының аяқталуымен мәмлүк қыпшақтарының билігі де күйреді. Осман империясының мәмлүктер билігін құлатуымен сол кездегі геосаяси жағдай өзгеріп, әлем картасы қайта сызылды.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, түркі тіліндегі «Шаһнаманың» алғашқы мың жолы Фердаусиде жоқ жолдармен жазылған болса, соңғы жолдарын да Шәриф өз тарапынан қосқан. Онда Фердауси мен Сұлтан Махмұт арасындағы қарым-қатынасты да ашып жазған. Шығарманың соңғы жағындағы жүз жол Сұлтан әл-Ғауриді мадақтауға арналған. Туынды көлемді болғандықтан да, сол заманның өзінде екі кітап болып тараған. Бір кездері Дақиқи бастап, соңғы нүктесін Фердауси қойған шығарма көлемді ғана емес, сонымен бірге ертегі, аңыз, тарих қатар өрілген тамаша туынды болатын. Елу патшалықтың тарихы жырланған шығармаға сұраныс та көп болған. Себебі біздің заманымызға дейін оншақты нұсқада жетіп келген қолжазбалардың безендірілуі мен сақталуы да ерекше. Біздің заманымызға дейін бірнеше нұсқада жетіп келген мәмлүктер мұрасын әр жылдары М.Жаберт, Ю.Моль, А.Ромаскович, В.Гарбузова, Ч.Рье, Дж.Гибб, А.Зайончковский, Р.Исламов және т. б. түркітанушы ғалымдар зерттеп, бұл туындының ерекшелігі мен құндылығы туралы өз пікірлерін білдірді. Орта ғасырларда жүз мың жолдан артық өлең сөзбен өрнектелген бұл әдеби жәдігер, тек, Фердауси шығармасының түрк тіліндегі ең алғашқы тәржімасы ғана емес, ең бастысы – түрк тілінің поэтикалық қуатының көрсеткіші. Себебі осындай шығармалар «араб – ғылымның, парсы – поэзияның тілі» деген ортағасырлық қасаң пікірді жоққа шығарғандығы анық. Сондай-ақ, осы жәдігерде түрктің бай сөздік қоры кеңінен қолданылғандығы белгілі.

«Шаһнаманың» қазақ әдебиетіне қайта оралу кезеңі XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы деуге болады. Осы кезеңде Фердауси «Шаһнамасына» деген қызығушылық арта түсті. Мұндай қызығушылықты сол кезеңдерде орын алған аудармалар арқылы көз жеткізуге болады. «Шаһнаманы» түпнұсқа негізінде аударғандар да, не орыс, не өзбек тілі арқылы қазақ тіліне тәржімалағандар да кездесті. Солардың қатарында Ақмешіттен шыққан Ораз молданы атауға болады. Ораз молда «Шаһнаманың» кейбір бөліктерін поэзия мен проза арқылы қазақ тіліне аударды. Сондай-ақ, 1880 жылы Серәлі ақын Қазан қаласында «Қисса-и Рустем» деп аударса, «Айқап» журналының бас редакторы, журналист, публицист М.Сералин орыс тіліне аударған Жуковскийдің аудармасына сүйене отырып, «Рүстем-Сұхраб» деген атпен жариялайды. Сонымен қатар, оңтүстік Шәді Жәңгірұлы ақын да жырлаған, бірақ ол кісінің аударған нұсқасы жоғалып кеткен. Кейбір деректерде осы Шәді төренің «Шаһнаманы» аударғанына күдікпен қарағандар да болған. Бірақ соңғы кездердегі зерттеулерде Шәді ақынның «Шаһнаманы» парсы тілінен қазақ тіліне аударғаны туралы дерек табылды. Онда Шәді:

Жібердім «Шаһнаманы» сауап үшін,
Батыр мен балуан сөзі толған іші.
Өзіңіз оқып көріп түсінерсіз…

Мінбекке ағаңызға бір ат дәркар,
Бес жаста я алтыда болсын тілі,
Толықтық, сұлулық пен семіздігі,
Ұқсасын өзіңізге һәм жүрісі, –

деп Атбасар уезіндегі Қалменбайға өлең жазып, «Шаһнаманың» аудармасына бес-алты жасар ат сұрағаны айтылады. Өкінішке орай, қолжазба әлі күнге табылған жоқ.

«Шаһнаманы» қазақшаға аударғандардың қатарында ақын Әбділдә Тәжібаевтың анасы Айманкүл Тәжібаеваның да аты аталады. Ол 1908 жылы өзбек тілінде жазылған нұсқа негізінде қазақ тіліне қара сөзбен, яғни проза үлгісінде тәржімалаған. Сондай-ақ, Қ.Әбдіқадыров пен М.Дәулетбаевтардың да «Шаһнамаға» қалам тартқаны айтылады. Бірақ бұл аудармалардың ешқайсысы да кітап ретінде басылып шыққан жоқ. Осы күнге бұл аталмыш аудармалар қолжазба күйінде жатыр. Не кейбірі біздің заманымызға дейін жетіп келмеген.

Тек Тұрмағамбет Ізтілеуовтің «Рүстем-Дастан» аудармасы ғана жеке кітап болып басылып шықты. 1934 жылы дүние жүзі бойынша Фердаусидің туғанына 1000 жыл толуы атап өтілгені тарихтан белгілі. Осы мерейтойдың қарсаңында «Шаһнаманы» қазақ тіліне аудару мәселесі күн тәртібіне шыққан. Содан Үкімет Тұрмағамбет ақынға тапсырыс беріп, «Шаһнаманы» аудартуға кіріседі. Бұл аударма 1936 жылы аяғына жеткен. 40 000 жолдан тұратын бұл аударма Фердауси шығармасын толық қамти қойған жоқ. Тек

бір бөлігі ғана аударылған. Бірақ осының өзі қазақ қоғамында айтарлықтай рухани азық болды. Бұл аударма алғаш рет 1961 жылы М.Әуезовтің алғысөзімен жарыққа шықты. Онда суреткер-ғалым: «Қазақтың кейбір ақындары «Мың бір түн» ертегілерінен алып жыр-дастан жазатын. Мына тұста да Тұрмағамбет тәжірибесінен біз сондай еңбек мысалын көреміз. Сонымен Рүстемнің жайы туысқан тәжік әдебиетінің ұлы классигі Фирдаусидің «Шаһнамасында» болғанмен мынау еңбекті Фирдаусидің «Шаһнамасынан» тікелей жасалған аударма демейміз, сол Фирдауси үлгісімен халық ақыны Тұрмағамбеттің өзі өлең етіп жазған Рүстем жөніндегі дастанның қазақша варианты дейміз», –деп (Тұрмағамбет, 2015:13 б.), Тұрмағамбеттің еркін аударма жасағанын атап өтті.

«Оқушым! Шашуым бұл шашқан менің, Көріңдер кеулегендей гауһар кенін!» деп жырлаған ақын «Шаһнамеге» кіріскенде (оқушыларға)» деген жерде бұл шығармаға қалай келгенін былай деп жазады:

О баста оқыған соң фарсы, араб,
Жазушы ем хикая, жыр оған қарап.
Ұнатып оларымды оқығандар,
Ішкендей есіруші еді шарап.
Осындай өнерімді естіген соң,
Жүргенов шақырып ап, шашын тарап.
Бұйырды «Шаһнамені» сөз қылуға,
Ойласып Мирзоянмен ойға сарап.
Бедеудей басым шұлғып, «болады» деп,
Күйім күннен-күнге түстім жарап.
Қолға алып қаламымды құрастырдым,
Ойласып ойымменен, өлшеп танап.
Әр түрлі әңгімелер ішінде бар,
Аңыз боп ел аузына кеткен тарап....

Фирдауси оны отыз жыл жазған екен, (он айда)
Алтыннан алмақ болып неше қадақ...
Өлеңмен он бір буын он ай жазып,
Бітірдім, «мінеки» деп, бердім санап,
Талайлар таға алмай сын тарқап кетті,
Көргенмен әркімдер де аудармалап (Тұрмағамбет, 2015:17-18 бб.).

Мәмлүктер тұсында Шәриф шайырдың сұлтан Кансу әл-Ғауриден ұсынысымен аударғанындай, Тұрмағамбет ақын да заманының атқамінері Т.Жүргеновтен тапсырма алып, «Шаһнамаға» қол ұрған. Нәтижесінде «Рүстем-Дастан» дүниеге келген.

Тұрмағамбет алғашқы жиырма бес шумақтан тұратын «Кіріспеден» кейін «Киамырстың патша болғаны» деген бөліммен бастаған. Одан бес жүз жыл бұрын аударуға кіріскен Шәриф те «Дүниеде алғаш патшалық құрған Кәйюмәрс болатын» («*Әууәл кәси ке падишаһи кәрд дәр дунийа Кәйиумәрс*

буд») деп бастап еді. Ол бөлім Фердаусидің «Шаһнамасында» «Кәйюмәрс» («كيومرث») деп келеді. Осыдан-ақ, парсышадан түркі және қазақ тіліне жасалған тәржімалардың жолма-жол емес, қайта көркем аударма екенін аңғарамыз.

Парсы-тәжік әдебиетінің асыл жауһары саналатын Фердаусидің «Шаһнамасы» әлемнің бірнеше тіліне тәржімаланған. Ортағасырдың өзінде, анығы XVI ғасырдың басында мәмлүктер тарапынан түркі әдеби тіліне аударылып, ел арасына тараған. XIX-XX ғасырда қазақтың бірнеше ақыны да «Шаһнамаға» барып, парсыша жәдігерді қазақ тіліне сөйлеткен. Қазақша аударылған «Шаһнамалар» туралы Өтеген Күмісбаевтың зерттеулерінде біршама айтылған. Тұрмағамбет Ізтілеуовтің «Рүстем-Дастаны» шығыстанушы Ислам Жеменейдің құрастыруымен соңғы жылдары екі-үш рет жарық көрді. Десек те, Тұран һәм Иран мәдени-әдеби байланысының шарықтау шегінде жазылған Шәрифтің «Шаһнамасына» қатысты зерттеулер жоқтың қасы. 56 505 бәйіттен, яғни 113 010 жолдан тұратын бұл жәдігердің қолжазбаларына кадикологиялық, мәтінтанулық тұрғыдан зерттеу аса қажет. Себебі бұл туынды ғасырлар қойнауынан жеткен көне жәдігер ғана емес, сонымен бірге Мысырды билеген мәмлүктерден бізге жеткен асыл мұра. Сондай-ақ, адамзат өркениетінің асыл қорына қосылған жәдігердің ең толық әрі еркін тәржімасы. Сондықтан да, Шәрифтің «Шаһнамасының» әлемге тараған қолжазбаларын жинақтап, текстологиялық тұрғыдан зерделеп, академиялық толық нұсқасын жарыққа шығару қажет дер едік.

Әдебиеттер:

1. Күмісбаев Ө. «Алтын қазық». – Алматы: Қайнар, 2012 – 36 б.
2. Наджип Е. Культура и тюркоязычная мамлюкского Египта XIV века. Туркестан: Туран, 2004. – 12-13 сс.
3. Тұрмағамбет Ізтілеуұлы. Шаһнама. Алматы: Арыс, 2015. – 13 б.

Кәрібозов Ерхан Кәрібозұлы
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
ассистент-профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты,
Қазақстан Республикасы

Т.ІЗТІЛЕУҰЛЫНЫҢ «ШАХНАМА» ШЫҒАРМАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СИПАТЫ

Қандай әдебиет болмасын өзінің ұлттық құндылықтарымен және ұлттық сипатымен ерекшеленеді. Қай қаламгердің қандай шығармасын алсақ та, оның сөз саптауында, шығармасындағы персонаждарында өз ұлтының тыныс-тіршілігі сезіліп тұрады. Тұрмағамбет Ізтілеуұлының Фердаусидің "Shahнама" атты шығармасының негізінде өз ұлтының көзімен, ұлттық сезімімен, ұлттық көзқарасымен қарап, ұлы туынды жазып шықты. Дастанның бас кейіпкері Рүстемнің жорықтарын оқығанда, көз алдыңызға Алпамыс, Қамбар, Қобыланды елестейді. Сондай-ақ В.Г. Белинскийдің: "бір халық өміріндегі прогресті басқа халықпен араласу, алмасу арқылы жасалады дегеннің өзінде, ол да ұлттық арнада өтеді" [1, 29б.], – деген сөзін ескерсек Т. Ізтілеуұлының "Шахнамасы" ұлттық сипатта жазылғанына еш күмән келтірмейміз. Себебі әр қаламгер өзі өскен ортаның табиғи ауасын жұтып, өз ұлтының нәрімен сусындайды. Оның дүниетанымы, көзқарасы сол ұлтының болмыс-бітімімен біте қайнасып жатады. Сондықтан қаламгер қандай шығарма жазбасын, қай елдің оқиғасын суреттемесін жергілікті бояусыз және ұлттық сипатсыз жазу мүмкін емес. Олай болмаған жағдайда ол шығарманы оқырман тұшынып оқуы неғайбыл. Демек, көркем өнердің ұлттық сипаты қай қалыпта болмасын талай ғасырларды басынан өткеріп келіп, бекіген ұлттық категория болғандықтан, туындыны сол халықтың өкілі жазғандықтан ұлттық сипаттың қалай да әсері болады. "Шахнаманың" таза ұлттық сипатта жазылуын осы тұрғыдан қараған жөн. Дастанды оқып отырып, ұлттық таным мен ұлттық сипатты білдіретін жолдарды молынан ұшыратасыз. Жоғарыда айтқанымыздай оқиға қазақтың эпикалық жырларындағыдай болашақ ел қорғаны болар батырдың дүниеге келуімен басталады. Бұл бір. Екіншіден, қазақтың батырлық жырларындағыдай оқиға үнемі ат үстінде, майдан, ұрысқа құрылған. Дастанда үйде, ордада кеңесіп отыратын оқиға өте аз кездеседі. Көбіне көп жекпе-жек, батырлардың ерлігі, майдан даласы суреттеледі. Демек, бұл шығармадан фольклордың ықпалы, соған сай ішкі эпикалық кеңдік байқалады. Оқиға үнемі далада өтеді. Бұл қазақтың даланы сүйетін ерекшелігі. Үшіншіден, дастан кейіпкерлері батырлық эпостағыдай ер қанаты-тұлпарларын мініп, жолға, жорыққа шығады. Төртіншіден, Рүстем бастаған өңшең жалаңтөс батырлар үнемі жеңіп шығады. Себебі олар әділдіктің салтанат құруы үшін соғысатын халық батырлары. Дастанның өне бойына тартылған желі секілді негізгі идеясының өзі адамгершілік мұрат болып саналады. Ал халықтың тыныштығы үшін

соғысқан батырлардың жеңілуі мүмкін емес. Бұл фольклордан келе жатқан батырлар жырындағы бұлжымас дәстүр. Әдетте фольклорда тау – жасырынған жаудың, нақтырақ айтқанда жеті басты айдаһардың тұрағы. Дастанда да Кәштасып батыр Тасқұн үңгіріндегі және Шаһилан тауындағы айдаһарды өлтіріп, Жирун мен Әһіран деген бектерге абырой әпереді. Дастанның қазақ фольклорымен астасып жататын тұсы, қазақ ертегісіндегідей Аспандияр үш айырық жолға кезігеді. Ең төте жолында жеті түрлі кедергі болады. Олар: айдаһар, арыстан, жады, самұрық, т.б. Бұлар дастанда, халық ертегілеріндегідей неше түрлі кедергілер батырдың күшін сынайтын сынақ алаңы іспетті. Дастанның сюжетінде көптеген ертегілік сипат бар. Төмендегі эпизодтар мен құбылыстар бұл айтқанымызды дәлелдесе керек.

1. Батырлар әдетте кедергі атаулының бәрін өзінің күшімен, айласымен жеңіп шығады. Мұны біз Рүстемнің жорықтарынан көреміз.

2. Ертедегі батырлардың күштілігі соншалық – олардың айқайынан ағаштар шайқалып, тастар ұшып жатады. Дастанда жекпе-жекке шыққан Рүстемнің айқайынан қарсыласының біраз уақыт есі ауып қалады.

3. Батырдың астындағы аты жүйрік қана емес, керек кезінде “тіл бітіп” сөйлей алатын ақылшы серік те болып көрінеді. Рүстемнің аты Рақыш та сөйлемегенмен батырды оятып, жаудан сақтандырады.

4. Қалыңдықты әкесі батырға шарт қойып, орындағанда ғана береді. Батыр сол шарттарды орындап күресте жарыста, мергендікте бәсекелестерінен озып барып, дегеніне жетеді. Дастанда Рүстем қызынан дәмелі батырларға екі түрлі шарт қояды. Бірі – Жәмшиттен қалған садақты көтеріп ату. Екіншісі – кілемге отырып сілкігенде қозғалмай отыру. Осы шартты Кию батыр орындап, Рүстемнің қызын алады. Тағы бір жерінде Қайсар хан күйеуді үлкен қызы Катаюнның өзіне таңдатса, қалған қыздарын шарт қойып, соны орындаған батырға береді.

5. Батыр қысылтаяң жағдайға түскенде оған жәрдемге келетін дос, сиқырлы күштер болады. Дастанда Зал мен Рүстемнің қиналған сәттерінде әрдайым Самұрық келіп жәрдемдеседі.

6. Бірін-бірі көрмеген әке мен баланың алғашқыда шекісіп қалып, табысатыны да көне сарын. Ал Т. Ізтілеуұлы Рүстем мен оның баласы Сыһраптың айқасын тіпті шиеленістіріп жіберіп, ақырында Сыһрап әкесі Рүстемнің қолынан өледі. Келесі бір оқиғада Рүстем немересі Барзумен жекпе-жекте айқасып барып табысады.

Р. Бердібаев өзінің зерттеу еңбегінде “Құламерген, Жоямерген” жырында матриархат дәуірін нышанын елестететін қабаттар бар” [2, 68б.] екенін айтады. “Рүстем – Дастанда” да мың қол әскерге жалғыз шабатын Рүстем батыр Сәпит диюдің әйеліне бата алмайды. Әйел тіпті жау жүрек қырық батырды байлап қойыпты. Рүстем де мыстан қатынды ұйықтап жатқан жерінен айламен өлтіреді.

“Рүстем – Дастанда” әйелдің қоғамдағы, отбасындағы орны туралы ертедегі көзқарас, қазақы түсінік тұрғысынан анық нышан береді. Үй иесі –

еркек, ал әйел – оның көмекшісі, тілеулесі деген ұғым дастанда жүйелі оқиғалар үстінде шешімін табады. Суһраптың әйелі Параңгиз, Барзудың әйелі Һурдуқта күйеулерін өлтіруге әрекет жасаған туғандарына жылағаннан басқа шешуші әрекет жасай алмайды. Тек Барзудың ақылымен Һурдуқта саудагерлер арқылы Рүстемді шақыртады.

Сиқырлы күштер туралы көне ұғым да дастанда жиі кездеседі. Рүстем құланды қуа-қуа ат тұяғы, құс қанаты күйетін шөлге тап болады. Рүстем мұның құлан емес, дию екенін шамалап, әрі қуа бермей тоқтаған кезде әлгі құлан диюге айналып, Рүстемді тарпа бас салады. Рүстем қыл қабатын қылышымен диюді екі бөліп өлтіреді. Сол кезде қоңыр салқын болып, әр жерден бұлақ ағып, табиғат өзгеріп, қалпына келеді. Ол жерді шөлге айналдырған диюдің сиқыры екен. Ал Сәпит дию Кей-Қауысты барлық әскерімен күл шашып соқыр қылса, Рүстем Сәпитті өлтіріп өкпесінің қанымен барлығының көзін жазып сауықтырады. Ғалым А. Қыраубаева сиқырлы диюлердің шығыстық қисса-дастандарда және қазақтың эпикалық жырларында молынан ұшырасатынын айта келіп: “Қазақ мифтерінің негізгі кейіпкерлерінің бірі – Дию. Авестада Ахура Маздаға бағынбай, көп құдайға табынған тайпалардың аты – Даево. Осы екі сенімдегі маздалықтар мен даеволықтардың ұзаққа созылған тартыс-соғыстары тарих есінде мықты сақталғандықтан, даево-диюлар кейін келе мифтік кейіпкерге айналып, Орта Азия, Шығыс әдебиетінде кең тарап кеткен”, – деп тұжырымдайды [3, 81б.]. Көрнекті ғалым бір бейненің түрлі кейіпке енуін Авестадағы Аспанның қаһарлы құдайы Вэртрагна арқылы көрінетінімен түсіндіреді де, Т. Ізтілеуұлының Әкуан диюі туралы “Ол (Әкуан дию Е.К.) бірде жылқы, бірде құланға айналады. Рүстем ұстайын десе, жоқ болып кетіп, ауаны қауып қалады. Мысықтай маймаңдап жүре алады, бұлтқа кіріп, көкке ұшады, түрлі түске құбылады, кейде “Қорқыт атадағы” Төбекөзге ұқсайды”, – деп жазды [3, 82б.]. Оқиға желісіндегі тартысты дамытатын түрткі, себеп өңін айналдыра білетін осындай қаскөйлердің болуы дастанды қазақтың көне эпостарымен үндестіреді.

“Шахнама” оқиға құрылысы жағынан батырлар жырына көп ұқсайды. Әсіресе “Шахнама” мен батырлар жырын жақындастыратын тұсы олардың отаншылдық идеямен суғарылғандығы. Батырлық жырларының негізгі сипаты ру-тайпалардың тыныштығын қорғау, қастасқан жауды жеңіп, бақытты өмір орнату болса, осы идея “Шахнама” жырына желі болып тартылған. Демек, дастанның негізгі арқауы, басты идеясы – ерлік, Отан қорғау. Батырлық жырлардың ерлік сипатын ерекшелей, екшей отырып, ол туралы Р.Бердібаев: “Мұндағы қаһармандар ел үшін қандай да болмасын қауіпке қарсы барады, жаулармен арпалысады, неше түрлі сергелдең, сарсаңға, ауыр сындарға душар болады, ақырында жеңіске, мұратына жетеді. Міне осындай “жеңілмейтін қаһармандарды” суреттеуі және оның басына ең асыл қасиеттерді жиып беруі халық қиялының шексіздігін көрсетеді және эпикалық жырлардың ерекшелігін танытады”, – деп жазды [2, 68б.]. Рүстемнің бойынан заты иран демесеңіз, қазақтың батырлық жырындағы

халық тудырған батырларға тән сипатты көптеп кездестіруге болады. Мұнан біз Т. Ізтілеуұлының Шығыс сюжетін алып, қазақы зертханада қайта қорытып, ұлттық сипатта өзінше жырлағанын аңғарамыз.

Шығарманы оқып отырып, қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын молынан жолықтырасыз. Тұрмысқа шығып бара жатқан Мәликаға әкесі падиша енші бөледі.

– Падиша Мәликаға бөлді енші,
Көп еді қазына, мүлік жиған кеніші.
Бәрін де қалдырмастан тайлаттырды,
Қызымды етейін деп елден ерсі [4, 211б.]

Қазақ халқының дәстүрінде үйленген баласы жеке отау тігіп, бөлек шыққанда ата-анасы енші бөлген. Тұрмысқа шыққан қыз бала бірнеше жылдан соң, төркіндеп келіп енші алатын болған. Ақын еншіні тұрмысқа шығып бара жатқанда бергізеді. Т. Ізтілеуұлының мұндағы мақсаты ұлттық дәстүрді көрсете кету. Сам келінді еліне әкеліп, дәстүр бойынша ауыл ақсақалдарынан бата алады.

Орындап ол күндегі жоба, жолды,
Бата алды жан біткеннен жайып қолды [4, 211б.]

Қазақ дәстүрі бойынша дастарқан басында, түрлі-жиын тойларда қуаныш иесіне арнап қол жайып, адал ниетте жақсы тілек білдіріп, бата берген. “Жаңбырмен жер көгереді, Батамен ел көгереді” деген қазақ батаға үлкен мән берген. Бата дегеніміздің өзі сіздің амандығыңызды тәңірден тілеу. Бұл адамгершілік тұрғысындағы қазақ халқының ұлттық ерекшелігі. Сондай-ақ қиын сапарға шыққанда азаматына ақ жол тілеп, бата беретіні белгілі. Бата сөзі “Шахнамада” жиі кездеседі. Дастанда Рүстем батыр сапар алдында міндетті түрде әкесі Залдан бата алып аттанады. “Қыз жібек” лиро-эпосында ғашығын іздеп сапарға аттанғалы тұрған Төлегенге анасы ақ батасын беріп, әнбия, әулиелерге мінәжат етіп қолын жаяды. Мұның өзі қазақ халқының ерекше қадірлеп, қасиет тұтатын, тәрбиелік мәні бар, адамгершілік, ізгілік жолына бастап, рух беретін ұлттық ерекшелік десек шындық аулынан алыс кетпейміз.

Қазақ халқының дәстүрінде кездесетін, ұлттық ерекшелігіміздің бір белгісі – сүйінші. Ол қуанышты хабардың ақысы ретінде берілген. Дастанда Жәмшидтің шөбересі Придон елді зар жылатқан Зүһакты өлтіріп: “Халық, енді қамда, – деді, – шүйіншіңді, Зүһактан құтылдыңдар құлқы арам!” [4, 113б.] – деп қуанышын сүйіншімен білдіреді. “Мәлике ұл туды” – деп біреу келіп, әкетті сүйіншіге бірталай аң” [5, 11б.], – деген тармақтарда Самға нәрестелі болғанын сүйінші сұраумен жеткізеді. “Жас нәрестенің әсіресе ұл баланың өмірге келуі отбасы мүшелеріне, әкесі мен атасына, нағашы жұртына үлкен қуаныш әкелген. Әкесі немесе атасы үй ішін асырау қамымен мал соңында немесе аңда жүргенде жас нәресте дүниеге келсе, қуанышты хабарды тез жеткізу үшін ат ерттеп мініп, түзде жүрген атаның немесе әкенің алдынан шығып сүйінші сұрайтын болған. Сүйіншіге хабаршы не сұраса, соны берген. Ол біріншіден, арнайы ат терлетіп қуанышты хабар әкелушінің

еңбегін бағалау болса, екіншіден, жақындықтың белгісі болып саналған” [6, 14б.]. Сүйінші қазақ халқының дархан көңіл, мырзалығын білдіретін салт. Осы сүйінші арқылы адамның ішкі әлемі де ашылып жатады. Мысалы, “Қозы-Көрпеш – Баян сұлу” жырында Қарабайдан “әйелің қыз туды” деп сүйінші сұраған сақау кемпірді “қыз тудыға” көңілі толмаған дүниеқор бай сүйінші берудің орнына сегіз өрме бұзау тіс қамшымен сабап, басын жарып тастайды. Ақын осы арқылы қаражүрек қатыгез, мейірімсіз Қарабайдың сараңдығын әшкерелеп отыр. “Сүйінші” сөзі [5, 81-355-357-387бб.] дастанның өн бойынан мол кездесіп отырады. Ақынның дүниетанымы неғұрлым ұлттық болған сайын, соғұрлым ұлттық белгілерге жиі бармақ. Тұрмағамбет осы ұлттық белгілерді жиі қолдана отырып шығарманы қоюландыра, шырайландыра түседі. Ө.Күмісбаев өз еңбегінде “Рүстем – Дастанның” басталуының өзі “Қозы-Көрпеш – Баян сұлу”, “Мұңлық-Зарлық”, т.б. қазақтың эпикалық жырларын еске түсіреді”, – деп жазды [7, 63б.]. Дастанның бас кейіпкері Рүстемнің туылуы, оның жорықтары қазақ батырлар жырын еске түсіреді. Рүстемнің дүниеге келуінің өзі кейіпкердің тумысынан батыр екенін көрсетеді. Ақын келінінің босана алмай қиналғаны жанына батқан Самның қимылын ұлттық сипатпен байланыстыра суреттейді.

Халыққа қайыр қылып, пұлды шашты.
Әр жаққа қысылған соң қиял қашты.
Үйіне жеті кіріп, жеті шығып
Сабырсыз отыра алмай Сам да састы [5, 85б.].

Ислам дінінде қайыр садақа берудің сауабы зор дейді. Егер пенде қысылғанға көмектесіп, жетім-жесірге, кемтар жандарға қайыр садақа берсе, сауабы Алладан қайтады дейді. Самның халыққа қайыр қылып көп пұл шашуы, “малым жанымның садағасы” деген ниетте, келінінің аман-есен босануын Алладан тілегені болса керек. Үйіне жеті кіріп, жеті шықты деп Самның қимылының өзін ұлттық сипатта суреттеген. Бұл жерде жеті санын ақын әдейі алып отырған тәрізді. Қазақта жеті саны киелі сан. Жеті қазына, жеті жұт, жеті қат көк, т.б. жетіге байланысты атаулар көп. Орта ғасыр алхимиктері мен астрологтарының жеті күнге жеті жұлдыздың атын беруі, жеті металдың (алтын, күміс, темір, сынап, қалайы, мыс, қорғасын) пайда болған күні деп жексенбі, дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі күндеріне ат беруінде үлкен байланыс жатыр. Өлген адамның жетісін беріп, жеті нан пісіріп еске түсіру, баланың ер жетуін жеті аспанмен мөлшерлеп, “жетіге келгенше жерден таяқ жейсің” [6, 25б.], – деуінде терең мән бар. Самның үйіне жеті кіріп, жеті шығуы да осы қазақтың кие тұтқан жеті санына байланысты алынып отыр.

Рудаба қол қусырып, иіп басын,
Білдіріп сәлем берді ықыласын. [5, 87б.], –

дегенде Самұрықты ене тұтқан Рудаба келіндік ізетін көрсетіп тұр. Мұнда біріншіден, үлкенді сыйлау әдебі тұрса, екіншіден, үлкен кісінің батасын алу сияқты тәрбиелік мәні зор салт жатыр. Үлкен адамды сыйлау-түркілік дәуірден келе жатқан ұлы дәстүр. М. Қашқари: “Түркілер көркемдік,

сүйкімділік, жарқын жүзділік, әдептілік, жүректілік, үлкендерді, қарияларды құрметтеу, сөзінде тұру, мәрттік, кішіктік, тағы сондай қасиеттерге ие", – деп жазған [58, 42б.]. "Алпамыс жырындағы Гүлбаршынның қайынағасына "иіліп, бүгіліп, қол қусырып, тізесін басып сәлем берді" деген жолдар бар. Үлкенді сыйлау ұлттық ерекшелігіміздің бір қыры екені белгілі. С. Кенжеахметов сәлем беру турасында: "Сыйлы ата, ене, қайны ағаларына кездескенде, көргенде келіні оларға иіліп сәлем қылады. Үлкен кісілерден табақ қайтқанда да келін сәлем ету керек. Ондайда біреу "келіндеріңіз сәлем істеп жатыр" деп хабарлайды. Үлкендер риза болып, батасын береді. Келіннің сәлем етуі әдептілік пен сыйлаудың белгісі ретінде қабылданады", – деп тұжырымдайды [8, 42б.]. Сөйтіп сәлем беру әдептілік пен тәрбиеге негізделген қазақ халқының салт-дәстүрінің бірі. Осындай дәстүрді Катаюнның атасы Лаһырасыпқа берген сәлемімен көрсетеді [5, 445б.]. Демек, сәлем беру адамгершілік қасиеттерге жетелейтін баспалдақтың бір сатысы десек қателеспейміз. Үлкенге сәлем беру, үлкенді сыйлау өнегелі ұлдың, тәрбиелі қыздың, келіннің қымбат қасиеттері. Ата-ананы, қарт кісіні сыйлау, көңілінен шығу – арлы ұлдың, қасиетті қыздың ата-бабадан мирас болып қалған дәстүрі, тәрбие мен тағылымы. Қазақ халқының осындай ұлттық қасиеттері әдемі өрнектелген Т. Ізтілеуұлы шығармасы өзінің идеялық жағынан толымды туынды деуге тұрарлықтай.

Қазақ халқына шариғат жолымен кірген салттың бірі – әмеңгерлік. Бұл салт бойынша күйеуі қайтыс болғанда оның жесірі "ерден кетсе де, елден кетпек жоқ", "аға өлсе іні мұра" деп, әмеңгерлік жолымен күйеуінің аға немесе інісінің біреуіне өзінің қалауы бойынша тұрмысқа шығады. Бұл дін жолымен де негізделген. "Шахнамада" Пірәміріз әкесі Рүстемнен жеңгесі Пәрәңгізді (Кей-Қауыстың шешесі) әмеңгерлік жолымен алуға рұқсат сұрайды.

– Пәрәңгіз, – деді, – өкшелес жеңгем еді.
Ері оның Саяуыштай өлген еді.
"Аға өлсе, жеңге мирас" деген сөзі,
Көңліме өткендердің келген еді [5, 168б.]

Күйеуі өлген жесірді басқа жаққа жібермеудің бірнеше әлеуметтік маңызы бар. Біріншіден, әйел де, оның балалары да туыс-туғанынан бөлінбейді, ру, ел қауымдастығында бірге тәрбие алады. Екіншіден, жесірдің кетуі сол елге үлкен мін саналған. Адамгершілік сапаларын толық қанағаттандыратын, әмеңгерлік салтын ақын оқиға үстінде шебер қиыстырған.

З. Қабдоловтың тілімен айтатын болсақ ақын өзіне таныс емес өмірді суреттеуі мүмкін емес. Ақын шығыстық дастанды жырлап отырғанымен өзінің мінезін, психологиясын танытпай қала алмайды. Олай болмаған жағдайда оқиғаны жай баяндау болып, шығарма әрсіз, нәрсіз, оқырманға әсерсіз болар еді. Ал "Рүстем – Дастан" шығармасы қазақы санада қорытылып, ұлттық бояумен көмкерілген, ата-бабамыздың кеңдігі мен дархандығын, ұлттық мінезін айқындайтын туынды десек, күдік туғызбаса керек.

Қазақ халқының дәстүрлі мерекесінің бірі – шілдехана. Бұл – жаңа туған нәрестенің құрметіне жасалатын ойын-сауық, той. Мұнда "баланың бауы берік болсын" дегендей құтты болсын айтылады, жастар жиналып ән салып, домбыра тартып, өлең, жыр айтады. Шілдехана өмірге адам келгеннің және оған қуанудың белгісі [6, 52б.]. Зал мен Сам нәрестенің дүниеге сәтті келуіне орай ат шаптырып, той жасайды. Үлкендерді жинап, ақылдасып, баланың атын "Рүстем" деп қояды. Ат қоюға да қазақ үлкен мән берген. Үлкендер жиналып, нәрестеге бай болсын немесе батыр болсын, деп ат қойған. Осы дәстүрді де автор дастанда көрсетіп өткен.

Баладай бір жастағы болды айында [5, 87б.],
.....
Төбедей болды тұлға төрт айында [5, 87б.], –

деген жолдары Алпамыс батырдың ер жетуін еске түсіреді. Ақынның халық ауыз әдебиетімен сусындағаны, халық ауыз әдебиетінен үлгі алғаны көрініп тұр.

"Шахнама" туындысы халық өміріне етене жақын ұлттық мінезді шынайы суреттеген сайын, ұлттық сипатының молдығымен ұлттық бояуының қоюлығымен ерекшелене түседі. М. Ыбырайымұлы өз мақаласында халықтық мінезді талдай отырып: "қазақ халқының ұлттық мінезі өзінің өмір кешкен кең байтақ далалық, қырлық фонында қалыптасты. Сондықтан қазақ халқына тән негізгі белгілер: кең пейілді, жомарттық, салғырттық, немқұрайлылық, қонақжайлылық, көпшілдік, жайбасарлық, кешірімшілдік, еріншектік, бауырмалдық, намысқойлық, төзімділік, т.б." – деп тұжырымдайды [9, 49б.]. Халықтық мінез де, ұлттық мінез де әдебиеттің ұлттық сипатының айрықша категориясына балама термин ретінде қолданылады. Осындай мінездердің әрқайсысының әр ұлтта әр түрлі дәрежеде көрінуі мүмкін, бірақ қазақ халқының мінезінде қалай дегенде де өзіндік ерекшелік бар. Тұрмағамбет ақынның дастанында ұлттық сипаттың ұлттық мінез арқылы танылуы өлеңнің мақал-мәтелдер арқылы өрілуінен айқын көрінеді. Дастанда Кей-Қысыраудың жастайынан болашағынан үміт күтетін талантты ер болып өсіп келе жатқанын "Білінбей болат кездік жатпас қапта", –деп береді [5, 179б.]. Қазақта бұл мақалдың түп төркіні алтынның сынығы, асылдың тұқымы тек жүрмей өзінің тектілігін әйтеуір бір көрсетеді дегенді білдіреді. Немесе "Есің барда – еліңді тап" [5, 179б.], "Жау аяған жаралы" [5, 190б.], "Суға кеткен тал қармайды", – деген мақал-мәтелдерді орнын тауып қолданғандықтан, өлеңнің мағынасын қоюландырып тұр. "Болады реніштің арты кеніш" [5, 254б.], – дегенде бір жамандықтың артынан бір жақсылық болады деген рухани ұғым жатса, "Солардай таспен ұрғанды-аспен ұрып" [5, 252б.], – деген мақалды қолдану арқылы ұлттық мінезді танытып отыр. Қазақ халқының кең пейілдігі мен кешірімшілдігін білдіретін осы мақал нағыз ұлттық мінезді айқындайтын түйінді сөз десе де болғандай. "Ер шекіспей бекіспейді" [5, 264б.], "Сабыр түбі сары алтын" мақалдары да өлең құрылысы мен мағынасын тереңдетіп қазақы ұғым беріп тұр. Ақынның мақал-мәтелдерді қолдануының бірінші себебі таудай ұғымды

тарыдай сөзге сыйдырған шағын болуында. Өлең құрылысына мұндай шағындық тиімді, әрі айтпақ ойын мақал өз-ақ түсіндіріп тұр. Екіншіден, мақал-мәтелдер жүздеген жылдар бойы санамызға сіңіп қалғаны сонша кез-келген мақалдың айтпақ ойын кім де болса (егер ол таза қазақ тілін жетік білсе) тез түсінеді. "Жем болар бөріге өзін бөлектеген!" – деген тармақта "бөлінгенді бөрі жейді" мақалы инверсияланған. Бұл жердегі бірлікті насихаттаған нақыл айтпаса да түсінікті. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, кәсіптік шаруашылығындағы мұндай ұғымды басқа ұлт өкілдері түсінбеуі мүмкін. Өйткені бұл нақыл сөз ата кәсіп тәжірибесінен туындаған мақал. Мысалы, Қайсар өзінің қызы Катаюнды дәулетсіз біреуге кеткеніне ренжіп:

Болса олай, – деді Қайсар, – кетсін сыртқа,
Күндерін көрсін барып басқа жұртқа.
Бермеймін бір шақаны мал-мүліктен
Шіріген шынында бұл бір жұмыртқа [5, 420б.], –

дейді. Тауық балапан басып шығарған кезде жұмыртқаның біреуін шірітеді. Мұны қазақ шіріген жұмыртқа немесе садақа жұмыртқа дейді. Садақа деуі діни сенім бойынша жұмыртқадан шыққан балапандардың амандығына құрбан етуі деп түсінген. Қазақта балаларының бірі қолынан іс келмейтін олақ, үй ішіне пайдасы жоқ, ата-анасына тек зиян келтіретініне ренжігенде "бұл бір шіріген жұмыртқа болды", – деп кейіген. Осы ұғым бойынша дастанда Апрасияп қызы Миншаны шіріген жұмыртқаға балап, ренжіген. Міне, қазақ халқының кәсібі негізінде пайда болған мұндай мақалды өзге ұлт өкіліне қысқа айтып түсіндіру мүмкін еместігінің бір дәлелін осы шумақтан-ақ көруге болады. Т. Ізтілеуұлының бұл дастаны осындай ұлттық сипаттармен ерекшеленеді. Кәштасыптың жұртын тастап, отқа табынып, ел аралап дінге кіргізем деп жүргенде қараусыз қалған халқын Кәһарамның жаулауын ақын "Жау жоқ деме, жар астында" [5, 420б.], – деп бір ауыз мәтелмен түйіндесе, шешесінің ақылын мақұл көрмеген ханды "әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа", – деп қазақтың мәтелімен сөйлетеді. Ақын осындай мақал-мәтел, нақыл сөздерді орнымен әдемі қолдана отырып, батырлық жырлардағы оқиғалармен ұқсастыра суреттей келе шығарманың ұлттық сипатын күшейтеді. Тағы бір өлең жолына назар аударайық:

Құшақтап "қарағым" деп бетін сүйді
"Төбесі, – деген сол да, – көкке тиді"

Баласын жақсы көргенде еркелетіп сөйлеу барлық ұлтта бар. Бірақ әр ұлттың өзіндік ерекшеліктері болады. Мысалы, орыстар "рыбка моя", "зайка моя" десе, қазақтар "ботам", "құлыным", "қарағым" деп еркелетеді. Қазақтың негізгі кәсібі мал шаруашылығы болғандықтан, және де малды жақсы көретіндіктен балаларын еркелетіп төрт-түліктің төлдеріне теңеген. Демек, әр халықтың ұлттық танымына байланысты өзіндік еркелету сөздері бар болса, соған сәйкес ақын дастанда тек қазақ халқына ғана тән еркелету сөзі "қарағым" сөзін таңдап алуы дастанның ұлттық болмысын арттырып тұрғандай. Ерекше қуанудың белгісін "Төбесі көкке тигендей болды" деген қазақ тұрақты сөз тіркесін инверсиялап шебер қолданған.

Ұлттық сипаттың келесі бір көрінісін түс жорудан байқаймыз. Қазақ халқы түске қатты сенген. Түсті тек жақсылыққа ғана жорыған. Түс көрушіден жорушының ниеті түзу болсын деген сөзді ұстанған. Сондықтан түсті ақыл-парасаты мол, кең ойлы ақсақалдарға жорытқан. Түс жору жөнінде Ж. Дәдебаев: “Кісі қандай қорқынышты түс көргенде де өмірден көргені бар, ойында тоқығаны бар жорушы оны жақсы болашақпен, келер күннің жайлы-жақсылығымен сабақтастырған”, – деп жазды [10, 3б.]. Қағидаға сенсек “түсте алғашқы жорамал – нысана. Қалғаны – құмға сіңген судай”, – дейді ақсақалдар. Сондықтан қазақ көрген түсін жақын жанашыр адамына немесе сыйлы досына жорытқан.

“Рүстем – Дастанда” негізгі кейіпкеріміздің бірі Ираж түс көріп:

Түсімде жеді етімді екі ит талап,
Тамсанып қан-жынымды тұрды жалап, [4, 159б.], –

деп ағалары Сәлім мен Турдың қолынан мерт болатынын алдын-ала біледі. Ал келесі бір кейіпкер Сам түсінде көрікті жігіттің есепсіз қол ертіп келе жатқанын, жолындағы адамдар құлша иіліп, жол бергенін көреді. Ертесіне түсін жорыту үшін арнайы Асфаһан шаһарына барып барлық үкамаларды (оқымысты) жинап, түсін баяндайды. Демек, Сам батырдың түске үлкен мән бергендігін байқаймыз. Түсте көрген оқиғасынан бір үлкен қуанышты жаңалық болатынына сенеді. Үкамалардың басшысы Қашуат бал ашып, түсін жорып береді. Самның кезіндегі өзі апартып тастаған баласының тірі екенін, оның Самұрықтың ұясында өмір кешіп жатқанын тап басып, айтып береді. Яғни адамға Алла тағала түсінде періштелер арқылы аян беру арқылы бірдеңеден сақтандырады немесе жол көрсетеді екен. Түстің құпиясы туралы профессор Б. Сағындық былай деп тұжырымдайды: “Қарапайым мұсылмандарға көрсетілетін кереметтің ең кішісі – түс. Бірақ түс үш түрлі болады: Бірінші, Шайтани түс – шайтан көрсететін түс. Басы да, аяғы да жоқ, түні бойы мазалайтын шым-шытырық бижырқай түс. Кейбір сәттері болмаса, негізінен ұмытылып қалады. Екінші, қияли түс – шайтанның яки періштенің әсерінсіз, адамның өзі көретін түс. Өңінде ойлаған ойларының немесе істерінің белгілі бір шамада өзгеріске ұшыраған түрі. “Түс – түлкінің боғы” дегеніміз осы. Үшінші, Малаики түс – періштелер көрсететін түс. Белгілері: таң алдында көрінеді, өте қысқа болады, ап-айқын болғандықтан өмір-бақи ұмытылмайды. Келешекте жақсылыққа яки жамандыққа жолығатыны жөнінде ишарат етіледі. Расында көргендері өңінде іске асады. Мұндай түс кәпірлерге көрінбейді. Өйткені оларға періште жоламайды. Ілгері заманда түсті дәл жорып беретін пайғамбарлар, оқымыстылар болған” [11, 142б.]. Кейін сол пайғамбарлардың орнын кемел ойлы абыздар мен аузының дуасы бар ақсақалдар басқан. Мұндай жоруды ақын да: “Тауып ал ұлың тірі, түсіңде де, Түс түрін көрсетіпті тәңірім саған” [5, 21б.], – деп Қашуаттың сөзімен береді. Ақын оқымысты түс жорушыны – “үкама” [5, 21б.] деп береді. Түсіндегі мен ісіндегі оқиғаның сәйкес келуі дастанда бірнеше жерде кездеседі. Мысалы, түсінде бір қаршыға Кей-Қабаттың басына қонып, тәж кигізіп кетеді. Ертеңіне Кей-Қабат құдайыға мал шалып, жетім-жесірге

садақа таратады. Түсінде көргеніндей Кей-Қабат иранға патша болады. Ж. Дәдебаев “Түс жори білесіз бе?” деген мақаласында қазақ халқының салтынан алынған біраз түс жорудың белгілерін жазған. Сонда: “Егер басына құс қонатын болса, онда ол өңінде бір қызмет атқарады” [12, 29б.], – десе, тағы бірде “Егер кісі түсінде қаршығаны көрсе, онда оның байлығы тасиды” [12, 29б.] секілді мысал келтірген. Кей-Қабаттың түсінде басына қаршығаның қонуы, оның өңінде патша болып, байлығының тасуы осы түс жорумен сәйкесіп тұр. Қайсар патшаның қызы Катаюн да түсінде көрген жігітімен өңінде бас қосады. Ақын бұл жерде түстің шындыққа айналатынын дәлелдегісі келеді. Хадисте : “Жақсы түс пайғамбарлықтың қырық алтыдан бір нышаны”, – деп жазылған [13, 183б.]. Тарихта “Абылай ханның түс көруі”, т.б. түске байланысты оқиғалар болғаны сөзімізге дәлел бола алады.

Дастан оқиғасында Саяуыш та өзінің өлетінін түс көріп, алдын-ала біледі.

Саяуыш Пәрәңгізге деді,– ей жарым,
Түс көріп үрейленді менің жаным
Шабыран бедеуімді бос жетектеп
Атаң мен алып кетті ағаларың [5, 177б.].

Демек, ақын қазақтың түс жору сипатына үлкен мән беріп, дастанда бірнеше жерге кірістіріп, шебер қиыстырған.

Т. Ізтілеуұлының “Шахнамасындағы” кейіпкерлердің шынайы ұлттық сипаты олардың жалпы адамзаттық сипаттарын ешқашан жоққа шығармақ емес, қайта керісінше көркем туынды неғұрлым ұлттық сипатты болған сайын, өз бойынан соғұрлым жалпы адамзаттық сипаттарды толығырақ танытатынын көруге болады. Дастандағы қазақ салтының, ұлттық сипаттың айқын көрінетін жері Залдың Рудабаға құда түсуі. Манушahар Кәбіл шahы Mehрабқа (Рудабаның әкесі):

Сам құдаң, болғаннан соң Зал – күйеуің,
Тұрғанда бұ жағынан мен сүйеуің,
Арқаң тау, алдың айдын бостан болып,
Күмәнсіз йығыңмен көп тіреуің [5, 58б.], –

деп, хат жолдаса Залдың қыз еліне баруын былай суреттейді:

Үш тоғыз елшілерге берді тұлпар,
Тағалы тұяқтары тасты қырқар.
Кидіріп гayhap тәжді енді Залға
Белбеуін беліне орап шah Жәмшиттің...

Құда түсу, күйеу болу қазақ халқы секілді басқа ұлттарда да болуы мүмкін. Бірақ күйеудің ұрын келуі тек қазаққа тән салт. Қазақта күйеуді қымбат кәделермен, жанына әнші, күйші, сері жігіттерді ертіп қалыңдықтың аулына жібереді. Күйеудің жақсы киінуі, ер-тұрманы, мінген аты өзіне сай болуы шарт. Күйеу басына оқалы тымақ киеді. Оның себебі күйеудің беті түгел көрінбеуі керек. Зал да осы қазақ салты бойынша басына гayhap тәж киіп, беліне Жәмшиттің белбеуін байлап, қасына әнші, күйші екі жүз қосшы ертіп, бес мың нарға асыл бұйым тиеп, қалыңдық аулына барады. Бұл жолдарды оқып отырып қалыңдық алуға бара жатқан қазақтың сал-серілерін

елестетесіз. Қазақта күйеуді күту үшін ауылдан екі шақырым жерге шатыр тігіп, оған қыздың жеңгелері мен ауылдың қыз-келіншек, бозбалалары жиналады. Дастанда осы салт:

Келгенін күйеу бала көріп халық,
Түсірді оңаша үйге алып барып,
“Сам менен Мәһраб құда болды” деген
Жайылып жер жүзіне кетті дәріп [5, 58б.], – деп жырланады. Бұл жерде де қазақ елінің ұлттық салт-дәстүрі мен ұлттық танымына жақын етіп суреттеудегі ақын мақсаты сәтті орындалған. Мәселен Рүстем мен Таһинаның арасындағы диалогтен нағыз қазақ қызының ұлттық мінезін аңғарамыз.

Құрметпен сізді күту бізге парыз,
Күтпесе ер жігітті қызға қарыз.
Бірге еріп күту түгіл, кетер едім,
Жол қысқа белгілі ғой біздің тар із [5, 140б.], – деп басында билігі жоқ, дәрменсіздігін айтып қиналады. Бұл жерде Таһинаның бойынан қазақ қызының инабаты, көрегендігі, тәрбиесі көрінеді. Қазақта “Қызға қырық үйден тыйым” деген бар. Таһина сол дәстүр бойынша қыздың жолы жіңішке екенін айтып мұңаяды.

Дастандағы кейіпкер мінездерінің бірде дараланып, бірде жинақталып, толығынан ұлттық мінезге сәйкес келіп отырады. Кей-Қауыс көмекке келген Рүстемге “кеш келдің” деп ашуланып, “дарға асыңдар” деп бұйрық береді. Рүстем жағасынан алған Тусты Кей-Қауыспен қатар жығып тепкілейді. Одан арғы әрекетін ақын:

Ұялып елден бірақ өлтірмеді,
– Атымды, жолдасына, – келтір,– деді
Артына қарамастан кете берді
Асаудай бұғалығын ала қашқан [5, 149б.], –

деп жырлайды. Бұл жолдардан Рүстемнің бойынан ағайынды өкпеге қиса да, өлімге қимайтын қазақтың ұлттық мінезін көруге болады. Дастанда Рүстемнің осындай әрекеттері арқылы адамгершілік бітім-болмыстары айқындала түседі. Ақылға бай, адамдығы мол Кию Кей-Қауыстың атынан кешірім сұрап, Рүстемді жолынан қайтарады. Бұл жерде Рүстемнің бойынан қазақ батырына тән кешірімшіл, аққөңіл мінезін аңғарамыз.

Алдынан Кей-Қауыс та тура шапты,
Астына атын тартып, тонын жапты
Бас иіп, қолын алып: – қатеме осы
Бердім, – деп, – мемлекет, мөр, тәж бен тақты [5, 149б.].

Қазақта “ат-шапан айыбым” дейтін сөз бар. Айыпқа жақсы көретін атын, бүркітін, тазы итін, қылышын беріп, бұрынғы достықты, ағайындықты бұзбаған. Кей-Қауыс сол дәстүр бойынша Рүстемге астындағы аты мен үстіндегі тонын айыбы үшін береді. Тіпті арадағы араздықты жою үшін ағайынға баласын беретін болған. Дастанда Кей-Қауыс Рүстемнің баласы

Суһрап әл үстінде жатқанда нуш дәрісін бермейді. Сол айыбына кейін Саяуыш деген баласын Залға береді.

Рүстемге еткен ісі түссе ойға,
Сіңбеуші ед Кей-Қауыстың асы бойға
Ол үшін баланы әкеп Залға берді,
-Қолыңа тұтын – болсын қарға, – деді [5, 174б.].

Араздықты жою үшін бір-біріне бала беру, ағайынды жақындастырады, тату етеді деген ниеттен туған. Қыз беріп, құда болу да осы секілді үрдіс. Барлығы елдің татулығын, достығын, туыстығын берік сақтау мақсатымен жасалатын, қазақтың рухани тереңдігін білдіретін салт. Мысалы, жазушы М. Әуезовтің “Абай жолы” романында Құнанбай мен Бөжейді татуластыру шарасын Арғынның игі жақсылары: “Араларың алыс болса, қыз алысып, құда болысыңдар дер едік. Ағайынсың, жақынсың, бірақ сол жақындығың қайта жаңғырсын! Екеуің бала алысыңдар! Бөжей Құнанбайдан бала алып, бауырына салсын. Сүйтіп, иістерің ауыссын” – деп шешіп, Құнанбай Бөжейге тоқалы Айғыздан туған Кәмшат деген қызын береді [90, 110б.]. Мұның өзі ағайын мен ағайынды татуластыру мақсатындағы, философиялық мәні терең дала заңының ерекшелігін айғақтайды. Дастанның осындай жолдары қазақ қауымының ұлттық мінезімен тыныс-тіршілігін танытады.

Дастанда қазақ халқына тән, тек қазаққа ғана түсінікті тіркестер көптеп кездеседі. Бұл тіркестер дастанның мағынасын тереңдетіп, ұлттық сипатын айқындай түседі.

Кей-Қысырау: – Міне, баба, – деді жауың,
Бақшаңнан піспей жатып үзген қауын.

Сырдария жағасындағы қазақтар “қауын”, “қарбыз” секілді дәнді дақылдар егіп, қорек еткен. Көктей үзген қауын жеуге жарамай, еңбекті зая кетіретінін, сондай шаруашылыққа зиян келтіретін балаларға, жабайы жылқыларға ақын Кәрсүйізді теңеп отыр. Және де дастанда “арық”, “атыз”, “жап” сөздері қолданылған. Бұл сөздер де егін еккен қазаққа етене таныс атаулар. Сондай-ақ Аржасыпты Кәштасыптың сөзімен салмағы жоқ дәнсіз сабанға [5, 155б.] теңейді. Яғни бұлар қазақтың тұрмыс-тіршілігінен туындаған тіркестер.

Ақын Рүстемнің өзінің баласы Суһрапты өлтіріп алғандағы ішкі психологиялық тебіреністерін терең талғаммен жеткізеді. Рүстемнің баласы Суһрапты жоқтауы ұлттық сипатты танытатын бірден-бір эпизод. Жоқтау – қазақ фольклорының күні бүгінге дейін маңызын жоймай келе жатқан жанрларының бірі. “Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денең”, – деп Абай айтқандай жоқтау өлген адамды соңғы сапарға шығарып саларда айтылатын азалы өлең. Сонау түркі қағанатынан қазіргі таңға дейін өз мәнін жоймай, топырақты өлімде айтылып келе жатқан жоқтау жырларының негізгі қызметі өлікті соңғы сапарға тиісті жоралғысымен аттандыру ғана емес, оның көзі тірісінде жасаған игі істерін жырға қоса отырып, о дүниеге аттанушы адамға мадақ айту болып табылады. Өлген адамның жақсы істерін мадақтау адамгершілік мұраты екені анық.

Жоқтау өлең туралы зерттеуші Б. Карбозов: “Қазақтың жоқтау өленderі – дүниеден қайтқан адаммен жақын-жуығының қоштасуы үстінде туған, көбінесе әжелеріміз бен аналарымыздың, әйелдеріміз бен қыз-келіншектеріміздің аузымен айтылған тұрмыс-салт жырларының көне үлгілерінің бірі болумен бірге, күні бүгінгі қазақ поэзиясының ұлттық сипатын айқындай көрсететін, әдебиеттің ұлттық дәстүріне беріктігімен ерекшеленетін өзгеше қалып, өзіндік мазмұны бар жанр”, – деп жазды [14, 224б.].

Ақын бұл жерде жоқтауды Рүстемге айтқызып отыр. Себебі баласын өз қолымен өлтіріп алған әкенің ішкі жан күйзелісін осы жоқтау арқылы көрсеткісі келгені көрініп тұр. 7 – 8 буынға құрылған өлең өрімінен фольклордың, арғы-бергі ақын-жыраулар поэзиясының әсері байқалады.

Айналайын көзіңнен
Салдың-ау басқа қара түн
Қараңғыда қалды атаң,
Енді қайда барамын.
Түсіп ед қайдан қолыма
Қирағыр қанжар, жарағым, –

деп халқымыздың ежелден бері келе жатқан ұлттық тіркестерді (қанжар, айналайын, дарақ) сәтті қолдана отырып, баласынан айрылған батырдың құлазыған көңілін әсерлі бейнелеген. Және онысы шынайы, табиғи шыққан. Ақын батырдың ішкі психологиялық иірімдеріне бойлап ене білген, жүрегімен сезінген. Сондықтан бұл эпизод оқырманды да тебірентпей, бір сілкіндірмей қоймайды. Бұл жөнінде Қ. Жұмалиев “Образ жасау жөніндегі шебер берілген нәрсе – қаһармандардың басында болған күйініш-сүйініш суреттері. Олардың ішкі сезіміндегі не қуаныш, не қорқыныш тәрізді құбылыстарды, оқушылар тап өз басында болған қайғы, шаттықтай әсер ететіндей қылып беру – негізгі шарт. Сондықтан да қаһармандардың басында болған күйініш-сүйінішті суреттей білудің мәні зор”, – дейді [15, 48б.]. Т. Ізтілеуұлының бұл эпизодта қаһарманның күйінішін суреттеуге үлкен мән беріп, асқан шеберлік танытқанын дастанды оқып отырып аңғаруға болады. Жоқтаудан тек қазақ халқына ғана тән тіркестерді кездестіруге болады.

Құр ойбайлап отырмын,
Жегізіп алып торғайға!
Пісіп тұрған тарымды [5, 156б.], –

деген жолдардағы сөздің астарында үлкен мән жатыр. Бұл жерде торғайды – ажалға, ер жеткен Суһрапты – піскен тарыға теңеп отыр. Тары егіп еңбектенген қазаққа піскен кезде еңбегін зая кетіретін торғай үлкен жау болып есептеледі. Тарысын торғайға жегізген диқанның басындағы күйінішін, Рүстемнің қайғысымен қоса суреттеген. Зерттеуші-ғалым Ө. Күмісбаев осы бір эпизодты: “Сырдария жағалауындағы қазақтар ертеден тары егеді. Оны торғайдан күндіз қорғаштап отырады. Маңдай термен келген астықты торғай жеп кетсе, олар үшін онан үлкен қайғы жоқ. Сол

кездегі өкініш сезімі мен Рүстем қайғысын шебер ұштастырған”, – деп жазды [7, 102б.]. Шығарманы әрі қарай оқып көрелік:

Азалап қабырында қырық күн жатты
Сонда да өле алмады жан-ақ тәтті [5, 158б.].

Қазақта қырық саны да киелі сан. Баланы қырқынан шығару, қызға қырық үйден тыйым салу, өлген кісінің қырқын беріп, еске түсіру – ертеден халық арасында сақталып келе жатқан дәстүрлер.

Сұһраптың шешесі Тәһина мен Рүстемнің шешесі Рудаба, қарындасы Күләндамның көрісуінде ақын қайғылы суретті онан әрі қоюландыра түседі.

Құшақтап бірін-бірі ене, келін,
Орасан ойбай салып, еңіретті елін

Ақын ене мен келіннің көрісуін сөзді суретпен тебірене жырлаған. Адам қайтқандағы у-шу, азан-қазан болатын сәтті көз алдыңызға елестетеді. “Көрісу қазақ халқындағы ежелден келе жатқан ғұрып. Туыс-туғандары, ет жақындар қайтпас сапар шеккенде артта қалған ағайындары көрісіп жылайды, дауыс қылады” [8, 25б.]. Ақын осы көрісу арқылы дастанның ұлттық сипатының бір қырын көрсетіп өтеді. Адам өлгенде жақын-туыстары “ой, бауырымдап” жоқтайды. Мұны көбінесе ер адамдар айтады. Бұл ғұрып та ақын дастанынан орын алған.

Бәрі де бала менен бауырластың,
Үстінде “ой, бауырым” деп жатты тастың, –

Сұһраптың өліміне қайғырған елдің күйінішін ақын ұлттық нақышта әдемі, әсерлі суреттеген. Демек, адам өлгендегі “жоқтау”, “көрісу”, “ой бауырымдау” халықтың дүниетанымы мен психологиялық сезіну қабілетінің санадағы сәулесі іспеттес. Ақын осы “жоқтау”, “көрісу”, “ой бауырымдауды” шығармасына арқау ете отырып, қазақ халқының ұлттық дәстүрімен бірге ұлттық сипатын да танытады.

Ұлттық мінездің қалыптасуында ұлттың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, кәсіптік-шаруашылықтық ерекшеліктері, ұлттық сезімі бәрі де маңызды. Ұлттық сезім, ұлттық мінез, ұлттық салт-дәстүр ошақтың үш бұты секілді берік, әрі мызғымас бірліктегі ұғымдар. Осы үш бірлік ұлттық мәдени ерекшеліктің шартты белгілері болып табылады.

Ұлттық сезімнің бір саласы туысқандық сезім болса, дәл осы сезімге байланысты халқымыздың туысқандық атауға сәйкес өзіндік ерекшелігі бар. Туысқандық сезімге байланысты қазақ халқының ұлттық мінезінің ерекшелігін айғақтайтын тіркестер дастанда молынан кездеседі. Мысалы, Шайданың Апрасияпқа айтқан мына бір сөзінде:

Болған соң бізге жиен Кей-Қысырау,
Жек көрмес жау болғанмен әрқалайда [5, 353б.], –

деп Апрасияп пен баласы Шайдаға Кей-Қысыраудың жиендігін, туысқандығын (Кей-Қысырау Апрасияптың қызынан туған Саяуыштың баласы) айтып тұр. Қазақта қыздан туған баланы “жиен” дейтін туыстық атау бар. Ғ. Есімов туыстық атауларға байланысты әрбір ұлттың моральдық ерекшеліктері мен психологиялық бірлігі жөнінде айта келіп, жалпы

адамзаттық, моральдық, психологиялық құбылыстардың әрбір ұлтта өз ерекшеліктерімен көрінетіндігіне тоқталады. Ол: “Мысалы адамдардың туыстық байланыстары барлық халықтарға тән. Барлық халықтарда әке, бала, т.б. деген ұғымдар бар. Міне, осы туыстық қатынастарды бейнелейтін ұғымдар барлық халықтарда бірдей емес. Туыстық байланыстар халықтардың экономикалық, әлеуметтік құрылымына байланысты әркелкі болады. Орыс халқында ағасының не інісінің, апасының, қарындасының баласын жалпы бір ғана ұғыммен “жиен” (племянник) дейді, ал қазақ халқында ағасының не інісінің баласын “іні”, “бауыр” десе, апасының не қарындасының баласын “жиен” деп мүлде басқаша ұғым қолданады”, – деп тұжырымдайды [16, 10б.]. Туыстық қатынастарды бұлай жіктеу қазақ халқының тұрмыс жағдайынан туған. Қазақта “жиен ел болмас, желке ас болмас” деген мақал бар. Бұл мақалдың төркіні, ертеде қазақ халқы ру-ру болып көшіп-қонып жүрді, ағасының не інісінің баласы өз туысқаны, сол рудың мүшесі болып қалса, апасының немесе қарындасының баласы “қаны бөлек” басқа рудың баласы, ол бұлармен бірігіп ел бола алмайды. Сондықтан оны “жиен” деп бөлектейді. Рүстемге Кей-Қысырау сенің жиенің тірі екен, деп хат жазуында да осы туыстық атау “жиен” сөзі қайталанып тұр.

Болған соң Зүһак жиен, Кашуат таға
Жәмшиттің айтқаны әрі алтын жаға [4, 73б.], –

деп туыстық “жиен”, “таға” атауларын өлең орамына өзек еткен. Бұл жерде “таға” деген өзбек сөзі “нағашы” ұғымын білдіреді.

Қазақта жігіттің үш жұрты бар: өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты. Осы үш жұрттың бірі “қайын” Кәштасыптың Қайсарға “қайын атамсың” деген сөзімен берілсе, “нағашы” атауын:

Деді: – Мен Апрасияптың баласымен,
Жасы үлкен, Кей-Қысыраудың ағасымын.
Пәрәңгіз өзімменен бірге туған,
Жат емес, негізінде нағашымын, –

деп, береді. Мұндағы “қайын” сөзі әйелінің туысқаны болса, “нағашы” жігіттің шешесінің туыстары екенін өлең жолымен-ақ түсіндірген. Осы эпизодта ақынның Шайда бейнесі арқылы ұлттық сипатты мейлінше жинақтап беруінен, қазақтың ұлттық мінезін жазбай тануға болады. Сүһраптың шешесі Таһина да, батырға “бәрі де бұл қатардың нағашы елің” деп, туыстық атауды қолдана отырып, ұлттық болмысты тағы бір танытып өтеді.

Т. Ізтілеуов дастанда уақыт мөлшерін мұсылмандардың “намаздігер” [5, 198б.], “құптан” [5, 261-290бб.], “бесін” [5, 478б.], “намазшам” [5, 49б.], “сәске” [5, 342б.] – деген уақыт санауымен айтады. Оның себебі біріншіден, шығарма оқиғасының уақыты сағат шыққан заманнан ерте болған, екіншіден, мұсылмандық жолды ұстанған бұрынғы қазақтар да уақытты бес уақыт намаз уақытымен шамалаған. Ал ет пісірім, шай қайнатым, бие сауым уақыт қазақ ұлтына ғана тән сөз тіркесі. Бұл ет пісетін, шай қайнайтын, бие сауатын уақыт аралығын білдіреді. Айналып келгенде уақыт өлшемінің өзі көшпелі

өмір қажетінен туғандығы анық. Ақын осы тіркестерді де дастанда шебер қолданады. Тұран батыры Пәрең өлгенде Ойса балалары Пәршит пен Ләһләктің қайғыруын ақын:

Екеуі ойбайласып ет пісірім,
Айқай үн естірмеді ат дүсірін [5, 341б.], –.

деп суреттейді. Ал дастанда кездесетін "көз байлану" деген тұрақты тіркесін басқа ұлтқа бір сөзбен түсіндіру мүмкін емес. Мұндай тұрақты тіркестер өзге ұлт тілдеріне аударылмайды, аударған жағдайда толық мағынасын беру өте қиын.

Сонымен қатар ақын ұзындық өлшемін де таза ұлттық сипатта, қазақтың ұғым-түсінігіне өте жақын етіп жазады. Бұрын қазақ халқы ұзындық өлшемін "құлаш", "аршын", "кез", "сүйем" сөздерімен өлшеген. Сол сияқты ақын осы қазақы өлшемдерді дастанда кеңінен қолданған.

"Кез бойы көкіректен өтіп шығып" дегендегі "кез" сөзі ұзындығы бір метрге тең ағаштан жасалған өлшемдік құралды білдіреді. Немесе: "Жиырма бір ұзындығы аршын еді" [4, 191б.], "Жүз аршын тіке бойы зәулім-биік" [5, 389б.], – деген жолдардағы аршын да бір метрге тең өлшемді білдіреді. Осындай құлаш [4, 78б.], [5, 342-366-429бб.], кез [4, 81б.], [5, 424б.], аршын [5, 424б.] секілді ұзындық өлшем атауы қазақ халқының ұлттық санасында қалыптасқан ұғым, түсініктер болғандықтан ақын қарапайым тілмен дастанның өн бойына арқау еткен. Дастанда кездесетін алты айшылық жер, күндік жер дейтін тіркестер қазақ ауыз әдебиетінің барлық үлгілерінде: тұрмыс-салт жырларында, ертегілерде, дастандарда, батырлық жырларда, т.б. кездеседі.

Ойымызды қорытындылай келе, ақын "Шахнама" шығармасында адамның бойындағы адамгершілік категорияларды қазақ халқының танымына жақын етіп, ұлттық сипатта жырлайды. Себебі шығыстық сюжетте жазылған шығарманың идеясын ұлттық бояусыз жеткізу оқырманға тартымсыз болуы мүмкін. Сондықтан ақын "Шахнаманы" мейлінше ұлттық сипатта жазуға тырысқан. Туынды шығыстық сюжетке құрылғанымен сиясы кеппей жатып қазақ халқы арасынан өз оқырманын тез тапты. Себебі оқиға орны, кейіпкері басқа демесеңіз дастандағы оқиғалар қазақтың батырлар жырын елестетіп, тез оқылады. Оқырманын шым-шытырық әлемге жетелейді. Оған қоса шығарманың тілі жатық, әрі ұлттық нақышта көркем жазылған.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Белинский В.Г. Полное собрание сочинений. -Т. 5, – Москва: Художественная литература, 1979. -629 с.
2. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. – Алматы: Ғылым, 1982. – 31-34бб.
3. Қыраубаева А. Қазақ әдебиетіндегі шығыстық қисса-дастандардың түп-төркіні мен қалыптасуы: Филол. ғыл. докт. дис. – Алматы, 1997. -336б.
4. Істілеуов Т. Шаһнама. Рүстем –Дастан.– Алматы: Жазушы, 2004. – 1-кіт., - 576б.

5. Істілеуов Т. Рүстем – Дастан. – Алматы, 1961. -598б.
6. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы: Рауан, 1994. -222б.
7. Кумисбаев У. Т.Изтлеуов и его Рустем-дастан. –Алматы, 1984. -143б.
8. Кенжеахметов С. Қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптары. –Алматы: Ана тілі, 1994. -80б.
9. ЫбырайымҰлы М. Халықтық мінез хақында // Абай журналы. -1996. -№2
10. Дәдебаев Ж. Түс аяны. – Алматы: Ғылым, Замандас, 1992. -44б.
11. Сағындықұлы Б. Ғаламның ғажайып сырлары. – Алматы: Ғылым, 1997. -296б.
12. Дәдебаев Ж. Түс жори білесіз бе? // Қазақстан әйелдері. № 11, 29-б.
13. Хафиз Таным Бухари. Шараф-нама-ий шахи. – Москва, 1983. -183с.
14. Карбозов Б. Қазақ өлеңінің ұлттық сипаты: Филол. ғыл. док. дис. – Алматы, 1997. -224б.
15. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Ғылым, 1983. -284б.
16. Есімов Ғ. Советтік ұлттардың жақындасуы. – Алматы, 1997. -20б.

Сахиба Закировна Умарова
Ташкентский государственный университет
имени Алишера Навои университет
узбекского языка и литературы
доктор филологических наук, доцент, Өзбекстан Республика

РОЛЬ ХАМИДЖАНА ХОМИДИЯ В ИССЛЕДОВАНИИ И АНАЛИЗЕ «ШАХНАМЫ» ФИРДАВСИ

Аннотация

В данной статье узбекским ученым Хамиджаном Хомиди рассматривается подготовка к изданию на основе нескольких рукописных источников таких произведений, как “Шухрати Шахномы”, “Шохномай тюрки”, “Киссай Сиовуш”, а в книге “Фирдоуси и узбекская литература” показывает преемственность в узбекской литературе, осветление художественно-эстетических особенностей образов и мотивов великого эпического эпоса. Также анализируются взгляды ученого на источниковедение, сравнительное литературоведение и вопросы литературного влияния.

Ключевые слова: Хомиджон Хомиди, Фирдоуси, «Шахнаме», литературовед, произведение, текст, исследование, анализ.

THE ROLE OF HAMIDJON HOMIDIY IN THE STUDY AND ANALYSIS OF FIRDAVSI'S "SHAHNOMA"

Sohiba Umarova,
Tashkent State named after Alisher Navoi University
of Uzbek language and literature doctor of philological Sciences,
Associate Professor

Annotation

The Shahnameh is a universally recognized monument of great artistic value, a unique masterpiece of epic literature in the history of human thought. Numerous scientific studies have been conducted in world oriental studies on the life, work, and work of Abulqosim Firdavsi, "Shohnoma". The preparation of works such as “Barhayot poetic qasr”, “Boqiy Bo'ston tarovati”, “Borbad Marvazi”, “fame of the Kingdom”, “Pharaoh and Uzbek literature” and works such as “Shahnomai turkiy”, “Qissai Siyovush” for publication on the basis of several manuscript sources by the Uzbek scholar Hamidjan Homidiy plays a worthy role in firdavsiyology.

Key words: Hamidjon Homidi, Firdavsi, "Shohnoma", literary critic, work, text, research, analysis.

«Шахнаме» – произведение, имеющее большую художественную ценность и являющееся универсальным памятником, уникальным шедевром эпической литературы в истории человеческой мысли. Абу-л-Касим Фирдоуси – один из величайших поэтов мира. Вот уже тысячу лет «Шахнаме» Фирдоуси

изучается учеными-исследователями из разных народов и стран. В мировой ориенталистике проведено много научных исследований, посвященных жизни, творчеству и произведению «Шахнаме» Абу-л-Касима Фирдоуси. В частности, начиная со второй половины XIX века многие востоковеды занимались научными исследованиями жизни и творчества Фирдоуси, изучением рукописей произведения “Шахнаме” и освещением таких вопросов, как Генезис событий в произведении, судьбы героев, душевное состояние, в том числе В.Григорьев, В.Розен, В.Бартольд, А.Крымский, И.Орбели, К.Чайкин, Е. Были опубликованы научные исследования, специальные книги и научные статьи Бертельса и других авторов.

«Шахнаме» – произведение, написанное в 40–50-х годах XX века. «Фирдоуси и его «Шахнаме» Садриддина Айни, М.Книги Усманова «Фирдавсий» имеют особую ценность в литературоведении и востоковедении. В узбекском литературоведении Н.Маллаев, А.Хайитметов, Ш.Шомухамедов, С.Эркинов, А.Каюмов, Б.Валиходжаев, Н.Камилов и другие размышляли о литературном наследии абулкасима Фирдоуси, высказывали научные взгляды на влияние произведений Фирдоуси на узбекскую литературу и традицию эпоса.

Профессор Хамиджон Хомиди вошел в узбекскую литературную науку в начале 60-х годов прошлого века и служил ей до конца своей жизни. Научные исследования хамиджона Хомиди заложили основу для становления узбекского литературоведения на высокий уровень в мировой науке, а также для развития школы исследователей узбекской классической литературы. Среди узбекских исследователей Фирдавси большое научное значение имеют исследования Хамиджона Хомидия, посвященные «Шахнаме». Под руководством литературного критика Натана Маллаева хамиджон Хомиди защитил кандидатскую (1968) и докторскую (1990) диссертации на тему “шахнома и узбекская литература”. В этой статье мы хотим рассказать о книге «Фирдоуси и узбекская литература», опубликованной в 2012 году Хамиджоном Хомиди.

Прежде всего, следует сказать, что в книге «Фирдоуси и узбекская литература» высоко показана личность великого мудреца Востока Абулкасима Фирдоуси и его место в развитии персидской литературы, обоснованно освещен вклад Фирдоуси в мировую литературу. В книге “Фирдоуси и узбекская литература” Хамиджон Хомиди, анализируя и исследуя различные вопросы, касающиеся “Шахнаме”, размышляет и об идеях Фирдоуси, об исторических и социальных условиях написания произведения.

Профессор Хамиджан Хомиди, подчеркивая в этом произведении место “шахномы”в мировой литературе, сравнивая его с асатирами и мифами, особо выделяет произведения узбекских классиков и современных писателей, оказавших влияние и вдохновение на “Шахному”, а также переводы “Шахномы”в прозе и прозе Хомуши, Шаха хиджрана и Нурмухаммада Бухари останавливается. Профессор Хамиджан Хомиди,

подчеркивая в этом произведении место “Шахномы”в мировой литературе, сравнивая его с асатирами и мифами, особо выделяет произведения узбекских классиков и современных писателей, оказавших влияние и вдохновение на “Шахному”, а также переводы “Шахномы”в прозе и прозе Хомуши, Шаха хиджрана и Нурмухаммада Бухари останавливается. Одной из важных особенностей книги «Фирдоуси и узбекская литература» является ее сравнительное изучение образцов «Шахнаме» и узбекской литературы, трактовка вопросов взаимодействия персидской и тюркской литературы на основе длительных литературно-культурных связей, общего сюжета и образов, творческого освоения и самобытности Национального художественного мышления. Ученый пишет: “Впервые в Восточной эпической поэзии образ Фархада встречается в ”Шахнаме" Фирдоуси. Один из сыновей Пирона, мудрого визиря Афрасиаба, сипахсолора туроновского войска, – Фархад. Лошадь одного из придворных богатырей Кайхусрова также зовут Фархад. Оба они были несравненными героями своего времени, героями, проявившими мужество и отвагу во многих битвах..." Н.Хомейни, говоря о передаче образа Фархада в ”Шахнаме“, непосредственно затрагивает включение и совершенствование образа Фархада в эпосы, содержащиеся в ”Хамсе" большой пятерки. Ученый утверждает, что образ Фархада в поэме Алишера Навои «Фархад и Ширин» полностью отражает образ, поведение и характер совершенного человека.

Хамиджан Хомиди, исследуя создание образа Фархада в «Фархад и Ширин», выявляет следующее:

1.Фарход – творческое продолжение образов, существующих в традициях устного народного творчества и письменной литературы.

2. Некоторые события в «Шахнаме» также наблюдаются в героических действиях Фархада.

3. Образ душевного состояния Фархода гармонирует с природой, и это наблюдается также в судьбах некоторых героев «Шахнаме».

Действительно, Алишер Навои, создавая образ Фархада, главного героя эпоса “Фархад и Ширин”, обращался к редким образцам Восточной классической литературы и творческому освоению их предшественников. Хамиджан Хомиди в своей статье «Устоди фан в Маснави» обращает на это внимание и обосновывает свое мнение достаточными доказательствами.

В книге Хамиджан Хомиди акцентировал внимание на уникальном влиянии ведущих мотивов “Шахнаме” на процессы, начиная от устного народного творчества и заканчивая Юсуфом Хос-Хаджи, Атой, Саккоки, Алишером Навои, Бабуром, Огахи и образцами узбекской литературы XX века. Одной из главных заслуг Хамиджана Хомиди в исследовании “Шахнаме” является изучение эпоса Фирдоуси в рамках широкого Восточного литературно – культурного процесса, не отделяя его от истории узбекской литературы.

Известно, что "Шахнаме" – это большое крупное произведение, в котором древнеиранские мифы, мифологические сюжеты, исторические

повествования и традиции устного народного творчества включены в произведение в художественно переработанном виде автором. По этой причине произведение можно оценить не только как памятник определенного исторического периода, но и как огромный эпический источник, оказавший большое влияние на развитие поздневосточной литературы. Именно этому аспекту уделяется внимание в исследованиях Хамиджона Хомидия. Именно этому аспекту уделяется внимание в исследованиях ученого. Значение ”Шахнаме" в его воззрениях не ограничивается именно сюжетными интерпретациями эпоса, созданного Фирдоуси, а систематически исследуется как важный научный вопрос влияние эпоса на литературный процесс последующих эпох, переосмысление образов и мотивов в нем в творчестве представителей тюркской литературы, в частности узбекской. В частности, некоторые мелодии к произведениям таких авторов, как Гафур Гулом и Максуд Шейхзода, были сравнены с поэтическими отрывками из «Шахнаме». Из этих анализов видно стремление ученого не изучать "Шахнаме" как отдельный источник, а объяснить содержание произведения на основе сравнительного исследования с литературно-культурными памятниками других народов. Этот подход имеет важное методологическое значение для литературоведения.

Кроме того, в ходе своего глубокого изучения творчества Фирдоуси Хамиджон Хамидиев ввел в научный оборот ряд источников. В частности, в различных рукописных фондах хранятся турецкий перевод “Шахнаме” Шаха хиджрана, произведения, характерные для устного народного творчества, такие как “Барзонома”, “Динкард”, “Киссайи Сивуш”. Безусловно, проведенное ученым исследование источников служит методологической основой для более широкого изучения взаимосвязи узбекской литературы и “Шахнаме”. Помимо научных исследований, следует отметить перевод избранных эпосов «Шахнаме» на узбекский язык и их прозаическое изложение. Потому что при подготовке прозаического повествования такого объемного эпического произведения, как "Шахнаме", во-первых, ответственность лежит на полном знании содержания произведения, а во-вторых, на доведении художественного пласта произведения до широкой читательской аудитории. Такая работа имеет научно-образовательное и образовательное значение. Из вышесказанного видно, что работа Хамиджана Хомейни, связанная с “Шахнаме”, имеет три направления: первое – научное исследование, второе – исследование источников, третье – перевод и популяризация.

Кроме того, Хамиджон Хамидиев предоставил ценные заметки, касающиеся изучения и перевода «Шахнаме». В частности, Хамиджан Хомиди, говоря о переводе “Шахнаме” на казахский язык такими людьми, как Ураз Мольда, Мухаммаджан Сералин, уделяет особое внимание творчеству плодовитого переводчика, крупного поэта Турмагамбета Изтиляева. Хамиджан Хомиди пишет: "Турмагамбет Изтилеев, мастерски использовавший казахские народные пословицы, поговорки, идиомы и

былины, сумел сохранить основную сущность оригинальности произведения, несмотря на то, что за короткое время создал перевод на казахский язык столь большого произведения”[2]. В результате творчество Фирдоуси рассматривается как важная часть духовного наследия иранского и туранского народов и прекрасный пример литературных связей. В этой работе Хамиджон Хомиди сосредоточился в основном на следующих вопросах:

- реконструкция сюжета
- влияние мотивов
- воссоздание в системе образов
- идейная преемственность
- творческое освоение
- межисточниковые связи.

Подводя итог, можно сказать, что осуществление Хамиджаном Хомейни исследования “Шахнаме” приобретает значение при комплексном изучении крупного эпического произведения, оказавшего большое влияние на восточную литературную мысль. Особое и важное место в научном наследии Хамида Хомиди занимает вопрос Фирдоуси и «Шахнаме». Исследования ученого, такие как “Слава Шахнаме”, “Фирдоуси и узбекская литература”, “От Авесты до Шахнаме”, определили важные научные направления изучения творчества Фирдоуси в связи с узбекской литературой. Можно увидеть, что Хомидий Хомидий опирался на несколько важных принципов при изучении «Шахнаме». Прежде всего, он изучил произведение в историко-культурном контексте. Во-вторых, он проследил преемственность традиций «Шахнаме» в узбекской литературе через образы, мотивы и сюжеты. В-третьих, на основе сравнительного изучения древних источников он проанализировал корни эпоса Фирдоуси и его отголоски в более позднем литературном процессе. В-четвертых, он сочетал научные исследования с переводческой и образовательной деятельностью. Акцент ученого на взаимосвязи между” Авестой" и "Шахнаме" также позволяет глубже понять исторические корни Восточной эпической мысли. Сопоставление в ”Шахнаме " таких вопросов, как древние мифологические слои, героические мотивы, борьба добра со злом, справедливость и человеческий долг, с древними культурными источниками, способствует более широкому пониманию художественно-философского масштаба творчества Фирдоуси. Также исследования Хомиджана Хомиди, направленные на прослеживание следов в узбекской литературе таких образов “Шахномы”, как Ростам, Сиовуш, показывают преемственность литературной традиции. При этом узбекские творцы не просто воспроизводили наследие Фирдоуси, но и переосмысливали его на основе эстетических и духовных потребностей своего времени.

[2] Ҳамиджон Ҳомидий. Фирдавсий ва ўзбек адабиёти. – Т.: Алишер Навоий номидаги Ўзбекистон Миллий кутубхонаси нашриёти, 2012. – В. 93.

Таким образом, роль Хамиджан Хомиди в исследовании и анализе “Шахнаме” определяется, прежде всего, комплексным изучением наследия Фирдоуси в связи с узбекской литературой, введением в научный оборот древних источников, сравнительным освещением вопросов литературного влияния и традиций, а также его деятельностью по доведению великого эпического наследия до узбекского читателя. Его исследования и сегодня служат одной из важных научных основ для дальнейшего изучения места "Шахнаме" в истории узбекской литературы и культуры Востока.

Использованная литература:

заимствования, а возвращения туранских сюжетов на их историческую родину — в евразийскую степь, где древние идеалы воинской чести, мудрости советников и культа кочевья до сих пор составляют основу национальной идентичности».

Перевод «Шахнаме» на азербайджанский язык.

Для азербайджанской литературы «Шахнаме» также имеет сакральное значение, учитывая многовековые культурные и географические связи с Персией. Главным, непревзойденным и титаническим трудом в этой области перевода «Шахнамэ» на азербайджанский язык признан перевод выдающегося азербайджанского ираниста и филолога, профессора Мубариза Ализаде (1911–1994) [4].

Мубариз Ализаде посвятил годы жизни тому, чтобы перевести «Шахнаме» непосредственно с оригинального персидского языка (фарси), сохранив оригинальный стихотворный размер эпоса — мутакариб (классический размер жанра маснави). Его перевод отличается ювелирной точностью, поэтическим изяществом и невероятным богатством азербайджанского литературного языка.

Основатель Азербайджанской Демократической Республики Мамед Эмин Расулзаде, находясь под глубоким впечатлением от эпоса Фирдоуси, написал свое знаменитое философско-публицистическое произведение «Сиявуш нашего века» («Əsrimizin Səyavuşu», 1920 год), где переосмыслил образ туранско-иранского царевича в контексте геополитических трагедий XX века [3].

«Сравнительный взгляд на бытование «Шахнаме» в тюркских литературах раскрывает удивительные параллели. Подобно тому, как в Азербайджане перевод профессора Мубариза Ализаде стал вершиной академического и поэтического осмысления Фирдоуси, в Казахстане переводческий подвиг Турмагамбета Изтлеуова вернул эпосу его степное, туранское звучание. Тот факт, что азербайджанская мысль в лице М. Э. Расулзаде обращалась к образу Сиявуша («Сиявуш нашего века»), а казахская традиция в лице Изтлеуова веками сохраняла память об Афрасиабе - Алп Эр Тонге, доказывает, что «Шахнаме» служит не разъединяющим фактором, а общим культурным пространством для интеграции ирано-тюркского наследия».

Низами Гянджеви и «Шахнаме» Фирдоуси

Великий азербайджанский поэт Низами Гянджеви с глубочайшим почтением и восхищением относился к «Шахнамэ», называя автора «хакимом» (мудрецом)**,** но при этом сознательно соперничал с великим эпосом, стремясь превзойти его художественно. «Шахнаме» послужила для Низами главным историческим и идейным источником при создании его собственных шедевров. Низами великолепно знал «Шахнаме» и считал чтение этой поэмы одним из своих любимых занятий. Он называл Фирдоуси «знающим» *(*даанаа*)* и великим мастером слова, который «украсил слова, подобно новобрачной». В прологе к своей поэме «Искандер-наме» Низами напрямую ссылается на «Шахнаме» и признает авторитет своего

предшественника. Поэт советовал современникам и правителям (в частности, сыну Ширваншаха) внимательно читать эпос Фирдоуси и заучивать наизусть мудрые изречения оттуда.

Низами брал из «Шахнаме» стержневые исторические сюжеты, но в корне менял их фокус. У Фирдоуси история царевича Хосрова и Ширин — это лишь короткий эпизод в масштабной летописи царей, где Ширин порой показана коварной. Низами в своей поэмэ «Хосров и Ширин» превратил этот сюжет в грандиозную, глубокую психологическую поэму о всепоглощающей любви.

В поэме «Семь красавиц» образ сасанидского шаха БахрамаГура также заимствован из хроник «Шахнаме», но Низами переосмыслил его через призму суфийской философии и семи ступеней духовного очищения.

Описание походов Александра Македонского в «Искандер-наме» опирается на канву Фирдоуси, но если у того Александр — идеальный эпический царь-воитель, то у Низами он эволюционирует в великого ученого, философа и пророка [6, с.31-32].

Низами уходил от жесткого военно-героического пафоса «Шахнаме» в сторону гуманизма, романтизма и философских размышлений о справедливости и равенстве людей. Низами Гянджеви в поэме «Искандер-наме» (часть «Шараф-наме») отдает дань уважения Фирдоуси и его «Шахнаме». В поэтическом переводе Константина Липскерова это размышление о великом предшественнике звучит так:

«Тот старый мудрец из селенья Туса,
Кто слово приправил столь сластным вкусом,
В наряды невест обрядил слова
В своей «Шахнаме», что вовек жива!

Всю подноготную о шахе том
Сказал мудрец в согласном с правдой слове.
Венец ваятель вытесал такой,
Камень, сброшенный рукой**,** —
Осколок ли, крупица ль, — стал убором
Для новых слов, представших перед взором**.**

И всё, о чём этот старик умолчал,
Что в песне своей до конца не довёл,
Изведать хочу я, чтоб слово моё
Украсило древних времён бытиё» [6, с.31-32].

В этом обращении Низами обосновывает, зачем он берется за историю Александра («шаха того»), ведь о нём уже писал Фирдоуси в «Шахнаме». Низами восхищается тем, что Фирдоуси огранил тему как совершенный ювелир (сделал «венец»).

Слова поэта — это высшая похвала: Фирдоуси работал настолько искусно, что даже «отходы» его работы («крупицы», «tör-töküntüsü») стали драгоценным материалом для поэтов следующих поколений, позволяя им наряжать свои стихи («невесты слова»). Однако Низами подчеркивает, что

Фирдоуси сознательно опустил некоторые детали и философские смыслы, которые сам Низами теперь намерен раскрыть в «Искандер-наме».

Заключение

Проведенное исследование этнокультурного образа туранцев и тюрок в художественной системе поэмы Фирдоуси «Шахнаме» позволяет сформулировать некоторые ключевые выводы. Во-первых, в художественной ткани «Шахнаме» произошло окончательное слияние мифического понятия «Туран» с реальным тюркским этнополитическим пространством Центральной Азии рубежа X–XI веков. Фирдоуси, опираясь на реалии эпохи Саманидов и Газневидов, использует этнонимы «туранцы» и «тюрки» как синонимы. При этом река Джейхун (Амударья) выступает не просто географическим рубежом, а сакральной границей между оседлой и кочевой цивилизациями. Во-вторых, вопреки устоявшемуся в классическом ираноцентричном востоковедении мнению, дихотомия «Иран — Туран» в «Шахнаме» не сводится к примитивному противостоянию «цивилизации и варварства». Анализ текста показывает, что Фирдоуси признавал за тюркским миром историческое величие, пассионарность и высокую внутреннюю культуру. Конфликт двух миров трактуется поэтом как трагедия братоубийственной войны, поскольку, согласно генеалогии эпоса, иранцы и туранцы происходят от одного корня — сыновей царя Фаридуна. В-третьих, этнокультурный образ тюркского мира раскрывается через галерею сложных, психологически глубоких персонажей: Афрасиаб предстает не как абсолютное демоническое зло, а как могущественный степной правитель и трагический эпический герой, чей образ в XI веке закономерно закрепился в тюркской традиции в лице великого кагана Алп Эр Тонги. Пиран Виса выступает носителем высшей гуманистической мудрости, степного этического кодекса и дипломатии, являясь архетипом мудрого тюркского советника (Билге-кагана / Тоньюкука). Женские образы (Фарангис, Маниже) олицетворяют независимость характера, стойкость и верность, присущие женщинам степной культуры. Через них в эпосе реализуется идея не только культурного, но и кровно-династического синкретизма двух миров (в лице царя Кей-Хосрова).

Описания военного искусства, тактики конных лучников, быта (шатры, юрты), культа коня-аргамака и степного оружия (лука и аркана) служат ценнейшим художественно-документальным источником. Они фиксируют особенности материальной и духовной культуры тюркских кочевников Евразии эпохи Средневековья.

В целом, поэма «Шахнаме» Фирдоуси, являясь шедевром персидской поэзии, парадоксальным образом выступает и одним из важнейших памятников для понимания ранней истории ирано-тюркских взаимосвязей. Эпос демонстрирует глубокую интеграцию тюркского элемента в общемировой культурный контекст, подчеркивая, что Туран — это

самобытная, великая цивилизация, оставившая неизгладимый след в мировой литературе.

ЛИТЕРАТУРА

1. Balasaqunlu Yusuf Xas Hacib. Qutadqu bilik – Xoşbəxtliyə aparan elm / Tərcümə edənlər: K. Vəliyev və R. Əsgər. – Bakı: Azərnəşr, 1994. – 492 səh.
2. Mahmud Kaşğari. Divanü lüğat-it-türk. Dörd cilddə. III cild. – Bakı: Ozan, 2006. – 400 səh.
3. Rəsulzadə M. Ə. Əsrimizin Səyavuşu. – Bakı: Gənclik, 1991. – 110 səh.
4. Şahnamə. (Təkrar nəşr) / Azərbaycan dilinə tərcümə və müqəddimə M. Əlizadənindir. – Bakı: Yazıçı, 1987. – 333 səh.
5. Жеменей И. Түрік халықтарының әдебиет тарихы. – Алматы: Таңбалы баспасы, 2014. – 128 бет.
6. Низами Гянджеви. Искандер-наме // Собрание сочинений: в 5-ти томах. Т. 5 / Пер. с фарси К. Липскерова. – Москва: Художественная литература, 1986. – 784 стр.
7. Стеблева И. В. Развитие тюркских поэтических форм в XI веке. – Москва: Наука, 1971. – 299 стр.

Жанбершиева Ұлжан Нахатқызы
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
филология ғылымдарының кандидаты, профессор,
Қазақстан Республикасы

ФИРДАУСИ «ШАҺНАМАСЫ» ЖӘНЕ ТҰРМАҒАМБЕТ

Аңдатпа. Мақалада Ә. Фирдаусидің түркі халықтары үшін өте маңызды Иран-Тұран тарихын суреттейтін «Шаһнама» дастаны туралы сөз болады. Дастанның Орта Азия халықтарының фольклорына енуі және қазақ поэзиясы мен Шығыстық сабақтастық айтылады.

«Шаһнаманы» қазақ топырағында қайта жырлап, ұлттық бояумен дамытқан ақын Тұрмағамбет Ізтілеуовтің ерекшелігі айқындалады.

Әдебиеттану ғылымындағы «Шаһнама» дастанының зерттелуін негізге ала отырып, қазақ әдебиетінде шығыстық дәстүрдің қалыптасуы сараланады.

Ағылшын, француз, неміс, итальян, орыс т.б. шығыстанушы ғалымдардың «Шаһнама» туралы зерттеулері салыстырылып, дастанның рухани маңызына талдама беріледі.

Фирдауси мен Тұрмағамбет екі түрлі уақытта өмір сүргенмен дастан идеясындағы үндестігі әдеби ықпалдастық, тоғысулар танымдық тұрғыдан анықталады.

Шығыстық классиканы қазақ даласында нәзирагөйлік әдіспен қайта жырлаған Тұрмағамбет ақынның даралығы, дүниетанымы, суреткерлік шеберлігі, көркемдік ойлауы ашылады. Фирдауси «Шаһнамасы» мен Тұрмағамбет арасындағы ұқсастық, үндестік екі ақынды жақындата түскені сабақтастыра салыстырылды. Әлемдік әдеби байланыстарға терең бойлап, ғылыми танымдық тұрғыдан баға беріледі, дәйектемелер келтіріледі.

Фирдауси мен Тұрмағамбеттің үндестігі зерттеу нысанына алынып, бүгінгі көзқарас тұрғысынан қарастырылды.

Тұрмағамбет Ізтілеуов «Шаһнамасындағы» Шығыстық дәстүрдің қалыптасуы ашылып, ұлттық руханиятымыздағы құндылық екені дәлелденді.

Кілт сөздер: *фольклор, шығыстық дәстүр, рухани мұра, нәзирагөйлік әдіс, шығыстық ықпал, әдеби үндестік, гуманистік ұстанымдар, классикалық шығарма, әлемдік әдеби байланыс, дүниетаным, «Шаһнама» - патшалар тарихы.*

У. Н. Жанбершиева
Кызылординский университет имени КоркытАта, Кызылорда,
Казахстан, e-mail: ulzhan.Zhanberhieva 1954@,qmail.com

«Шахнама» Фирдауси и Турмагамбет

Аннотация. В статье говорится о произведении-дастане А. Фирдауси «Шахнама», в котором повествуется об Ирано-Туранской истории, имеющей

большое значение для всех тюркских народов. Отмечается, что данный дастан вошел в фольклор всех народов Средней Азии. Наряду с этим в статье подчеркивается преемственность казахской и восточной поэзии. В статье особое внимание уделяется особенностям поэзии Турмагамбета Изтлеуова, который воспел дастан на казахском языке и придал ему национальную окраску. На основе литературоведческих исследований, посвященных произведению «Шахнама», рассматривается становление восточной традиции в казахской литературе. В работе сопоставляются исследования английских, французских, немецких, российских ученых – востоковедов о дастане «Шахнама», анализируется духовное значение данного произведения.

Несмотря на то что Фирдауси и Турмагамбет жили в разные эпохи, идея дастана передана гармонично, прослеживается литературная интеграция, выявляются общие переплетения с познавательной точки зрения. Раскрывается индивидуальность, мировоззрение, художественное мастерство, художественное мышление поэта Турмагамбета, воспевшего восточную классику в казахской степи посредством метода назира. Созвучие «Шахнама» Фирдауси и Турмагамбета показывает схожесть, близость творчества двух поэтов. Уделяя внимание мировым литературным связям, дается оценка с научно-познавательной точки зрения, приводится обоснование.Созвучие творчества Фирдауси и Турмагамбета, взятое в качестве предмета исследования, рассмотрено с современной точки зрения. Встатье отмечается, что в «Шахнама» Турмагамбета Изтлеуова показано формирование восточной традиции и произведение является ценностью нашей национальной духовности.

Ключевые слова: *фольклор, восточная традиция, духовное наследие, метод назира, восточное влияние, литературная преемственность, гуманистические позиции, классическое произведение, мировые литературные связи, мировоззрение, «Шахнама» – история царей.*

U. Zhanbershiyeva
Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan
E-mail: ulzhan.Zhanberhieva 1954@,qmail.com

«Shahnama» Firdousi and Turmagambet

Abstract. The article talks about the work-dastan of A. Firdousi “Shahnama”, which tells about the IranianTuranian history, which is of great importance for all Turkic peoples. It is noted that this dastan has entered the folklore of all the peoples of Central Asia. Along with this, the article emphasizes the continuity of Kazakh and oriental poetry. The article pays special attention to the features of the poetry of TurmagambetIztleuov, who sang the dastan in the Kazakh language and gave it a national coloring. Based on literary studies devoted to the work “Shahnama”, the formation of the eastern tradition in Kazakh literature is

considered. The work compares the research of English, French, German, and Russian scientists - orientalists about the Shahnama dastan, and analyzes the spiritual significance of this work.Despite the fact that Ferdowsi and Turmagambet lived in different eras, the idea of dastan is conveyed harmoniously, literary integration is traced, and common interweavings are revealed from a cognitive point of view. The individuality, worldview, artistic skill, and artistic thinking of the poet Turmagambet, who glorified the eastern classics in the Kazakh steppe through the Nazir method, are revealed. The consonance of the Shahnama of Ferdousi and Turmagambet shows the similarity and closeness of the works of the two poets. Paying attention to world literary connections, an assessment is given from a scientific and educational point of view, and a justification is given. The consonance between the works of Firdousi and Turmagambet, taken as the subject of research, is examined from a modern point of view. The article notes that TurmagambetIztleuov's "Shahnama" shows the formation of the Eastern tradition and the work is a value of our national spirituality.

Keywords: *folklore, eastern tradition, spiritual heritage, Nazir method, eastern influence, literary continuity, humanistic positions, classical work, world literary connections, worldview, «Shahnama» - the history of kings.*

1. Кіріспе.

Әлем халықтарының әдебиеті ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа өтіп, бір-біріне ықпал етіп, сюжеттер алмасып тоғысып отырады. Әсіресе, Шығыстық гуманистік ойларға толы классикалық туындылары қазақ, еуропа және орыс, түрік әдебиетіне игі ықпал жасаған.

Шығыс жұлдыздары Фирдауси, Сағди, Физули, Жамси, Науаи, Низами, Рудаки, Омар Хаям т.б. ақындардың бай әдеби мұралары өзге халықтар әдебиетінде қайта жырланып, сюжет алмасулар, әдеби тоғысулар мен ықпалдастықтар Шығыстық дәстүрді қалыптастырған.

Шығыстанушы Ө.Күмісбаев: «Шығыс сюжетін қуып жазған қазақ ақындары көп болған жоқ, бірақ біразының аттары, шығармалары ұмытылып, уақыттың өзегіне түсіп кетіп, көзден де, көңілден да ғайып боп кетті. Шығысты біліп те, білмей де жазғандар бар еді, көпшілігі көзсіз еліктеуден асып кете алмады», (1,14) – дейді.

Осы пікірді айта келе, ақын Тұрмағамбеттің «Шаһнамаға» баруы «Мың бір түнді» білуі «Тотынаманы» жазуы бос еліктеу емес. Шығыс тілін білген ойшыл ақын араб-парсы әдебиетін жітік игергенде деп ой қозғайды.

Шығыстық классикалық шығармалардың Сыр елінде тарауына себеп болған жайттар көп. Біріншіден, Сыр өңірінен Орта Азиядағы қалаларға барып мектеп-медресседен білім алған ақын-жыраулардың шығыстың бай кітапханасымен танысуы себеп болған. Екіншіден, географиялық орналасуы жағынан қазақ елі Орта Азияға жақын, сауда-саттық арқылы жиі араласқан. Үшіншіден, Шығыстық білім алған ақын-жыраулар дидактикалық, гуманистік үлгідегі шығармаларды нәзирагөйлік әдіспен қайта жырлап, халыққа таратып отырған. Сөйтіп, тарихы, мәдениеті, тұрмысы, өзара жақын

Шығыс ақындарының сөз даналығын негізге ала отырып, терең тамырлы сабақтастық барын айқындап берген, ұлттық сананың өркендеуіне жол салған.

Қазіргі бүкіл қоғамдық ой-сананы қайта құрып жатқан кезде қазақ әдебиетінің әлем елдерімен әдеби-мәдени байланысы, ықпалдастық, үндестік, тарихи тамырластықты зерделеудің маңызы зор. Ғалым Б.Кәрібозұлының пікірімен ойымызды дәлелдеп кетсек: «Сыр өңіріндегі әдебиет өкілдері Шығыс әдебиетінің үздік туындыларын нәзира дәстүрімен немесе Шығыс сюжетіндегі аңыздар мен ертегілерге өз жанынан қосып, қиссаларды дүниеге келтіріп отырған», (2,30) - дейді.

Ойымызды осы пікірге сүйене отырып сабақтасақ, Фирдауси мен Тұрмағамбеттің «Шаһнама» дастанындағы гуманистік ойлар және авторлық идеяны салыстырып, Шығыс поэзиясының әсері мен рухани байланысын ашуға болады. Т.Ізтілеуов нәзирагөйлік әдіспен «Шаһнаманы» қазақша сөйлетіп, Шығыстық гуманистік идеяларға үн қосқан.

Ал Фирдаусидің «Шаһнаманы» жазу себебіне келетін болсақ, әлемдік мәдениеттің мәңгі жасар мұрасын жазуға ақын 35 жыл өмірін арнапты.

Бұл дастан Мансұр Әбдіразақ патшаның бұйрығымен уәзіріне тапсырылады. Ол ежелгі иран дастандарында жасалған аударма негізінде жинақтайды.

Профессор Ә.Қоңыратбаев зерттеулерінде Фирдауси бұл еңбегін Саманидтер патшасына тарту етпек болғанын сөз еткен.

Фирдаусиге дейін бұл дастанды Әбіл-Муайал Балхи қара сөзбен жазып кеткен. Әбіл-Балхидың осы патшалар тарихын суреттейтін шығармасын шығыс шайырдарының бірі Дакаки деген ақын 1000 жолға сыйғызып, өлеңмен өрнектеген. Ол өмірден өткен соң, «Шаһнама» дастанын кейін Фирдауси жалғастырған. Ойымыз дәлелді болу үшін Әбіл-Муайал Балхи деген кісі «Патшалар кітабын «Шаһнаманы» қара сөз түрінде қарастырады. Соншалықты қомақты мол жиналған Иранның тарихи әфсаналарын Дадаки деген шайыр өлеңмен өрнектеуге кіріскен», (3,70) - деп Ө.Күмісбаев тұжырым жасаған.

«Шаһнама» - Иран патшаларының 4 династиясын, 53 патшасын суреттейтін 60 мың бәйіт, 120 мың жолдан тұратын шығарма.

2. Зерттеу әдістері.

Тақырыпты зерттеу барысында қол жеткен тұжырымдар мен түйінді нәтижелерді Фердауси мен Тұрмағамбеттің үндестігі кеңінен насихатталады. Әдебиеттану ғылымындағы жалпы теориялық методологиялық әдістер қолданылды. Атап айтқанда, салыстырмалы-типологиялық, жүйелі сараптау, жинақтау, баяндау әдістәсілдері басшылыққа алынды. Дәйектер мен іргелі зерттеулерге сипаттама жасау, деректерді талдау жасалды.

2.1. Материалға сипаттама.

Фирдауси мен Тұрмағамбет ақынның «Шаһнама» дастанындағы ұқсастық, үндестік, сюжеттік желілер бұрын-соңды зерттеу нысанына айналған емес.

Сондықтан бұл тақырыпты арнайы зерттеу және қазақ ақындарына Шығыс поэзиясының әсері, рухани байланысы әдебиеттану ғылымы аясында қарастыру жұмыстың зәрулігін көрсетеді. Тұрмағамбет жырлаған «Шаһнама» дастаны Фирдоуси сюжеттерінен алыстап кетпейді, дегенмен, өзіндік ерекшеліктері бар. Жырды қазақтың батырлық жырларындай жымдастырып, ұлттық болмыс, таным аясымен береді. Фирдаусидің «Шаһнаманы» жазу себептерімен Тұрмағамбет нұсқасын салыстыру ерекшеліктерін ашу бағасын беру, ғылыми тұжырым жасау жұмыстың өзектілігін айқындайды. Тақырып Фирдауси мен Тұрмағамбеттің «Шаһнама» дастанындағы үндестік болғандықтан, зерттеу алдына бірнеше күрделі мәселелер қояды. Ең бастысы Фирдауси дастанының жазылуы, зерттелуі, әлем халықтарындағы нұсқасы және Тұрмағамбет нұсқасын салыстыра талдау, нәзира дәстүрінің маңызын нақтылау, гуманистік ойлар мен авторлық идеяны дәлелдеу. «Шаһнама» дастанының сөз өнеріндегі алар орнын айқындаумен қазақ әдебиетіне Шығыс әдебиетінің ықпалын зерделеу.

Дастан үлкен 3 тараудан мифологиялық, аңыздық және батырлық жырлардан тұрады.

Фольклортанушы М.Байділдаев «Әдеби мұрасының көлемі үш бөлімнен тұрады: бірінші бөлім – «Жәмшитнама» - 12000 жол, екінші бөлім – «Рүстем-Дастан» - 24000 жол, үшінші бөлім – «Даратнама» - 4000 жолдан құралған шығарманы Тұрмағамбет Фирдауси үлгісі бойынша қайтадан жырға айналдырады», - (3,21) деп «Шаһнама халықтық шығарма» екенін оның идеясы халық арманын көрсететінін айтып өтеді.

Шығыс елдерінде Шаһнаманың аудармасы туралы 400-ден астам шығарма жазылған. Оның тарауларын жатқа айтып тарату мәдени дәстүрге айналған. «Шаһнама» әлем әдебиетінде де сөз болған, бүкіл Европа біледі.

«Шаһнама» нұсқасы бойынша ағылшын Лонес, неміс ақыны Ф.Рюккерт «Рүстем-Зораб» бөлімін аударған.

Француз ғалымы Поль Гумберд Шах дастандағы араб сөздерін зерттеген.

XIV ғасырда «Шаһнама» қара сөзбен араб тіліне аударылады.

XV-XVI ғасырда ағылшын тіліне аударылып, XIX ғасырда А.Е.Крымский украйн тіліне, В.А.Жуковский мен С.Сокольв орыс тіліне аударып, толық мәтінін берген. Түркі халықтары үшін маңызды шығарманы қазақ тіліне алғаш аударған Ораз молда деген Сыр елінде өмір сүрген ақын еді. Ораз молда «Шаһнаманы» қарасөзбен аударған. Аудармада Рүстем соғысының 80 беті жоқ, берілмеген.

М.Сералин «Рүстем-Зораб» тарауын орысша нұсқадан аударып, 1914 жылы «Айқап» журналында жариялап отырған.

«Шаһнаманың» Ташкенттен шыққан нұсқасын қара сөзбен Айманқүл Тәжібаева аударады.

3. Талқылау.

1934 жылы Фирдаусидің 1000 жылдығына орай «Шаһнаманы» қазақ тілінде сөйлету Т.Ізтілеуовке тапсырылған. «Шаһнаманы» қазақ ұғымына үйлестіре жырлаған Сыр сүлейі Тұрмағамбет Ізтілеуов болды.

«Шаһнаманы» баспаға әзірлеп, алғы сөз жазған ғалым Ислам Жеменей: Тұрмағамбет «Шаһнаманы» толықтай аудармаған әйтсе де оның аударып жазған «Рүстем-Дастаны» мен Фирдауси «Шаһнемесінің» мазмұнына көз жүгіртсек, шығарманың негіздерін сақтағандығын байқауға болады. Бірақ Фирдауси «Шаһнамасында» айтылған бірқатар кейіпкерлер мен оқиғаларды жырына қоспайды», (4, 17) - деп тұжырым жасайды.

Ғалым Тұрмағамбет «Шаһнамасына» сюжеттік желіге қарай талдама түсінік береді де ақынның ерекшелігіне тоқталған. Кіріспеден кейін иранды 30 жыл билеген тұңғыш патша Киомәрс туралы мағлұмат берген, сонан соңғы он бір тарау Кейқұсырау мен Афрасиабтың шайқасын суреттеуге құрылғанын 64 жыл патшалық еткен Кейқұсыраудың тарихын «Құсыраунаме» деп бірнеше тарауларға бөліп жырлағанын сөз етеді.

Тұрмағамбет ақын «Шаһнамадағы» батырлық бөлімге тоқталған, басты идеясы – жақсылықтың зұлымдыққа қарсы күресін суреттеу, ерлікті дәріптеу.

М.Әуезов: «Ерлікке бара-бар, алабөтен үлкен еңбегі деп «Шаһнамаға сіңірген еңбегін айтар едік. Бұл әрине «Шаһнаманың» тұтас түрі емес және толық мағынасындағы аудармасы да емес. Бұл Рүстем батыр есіміне байланысты батырлық романтикалық қимыл-әрекеттерді жинақтап, сюжет желісіне тұжырымдап, қазақ ұғымына бейімдеп алған «Рүстем-Дастан» атты вариант», (5, 95) - деп баға береді. Осы пікірге сүйенсек, Тұрмағамбет жырлаған дастан Фирдоусиден толық аударма емес, қазақ ұғымына жақындата, жырлаған жаңа нұсқа деп білеміз. Дастан кейіпкерлері – тарихи тұлғалар, батырлар Сам, Зал, Сүһраб, Рүстем және елін сыртқы жаудан сақтап қалған Тұран-түркі елін басқарған патшалар.

Иран патшасы Феридун әлемді үш ұлына бөліп береді.

Рим, Батысты Сәлімге, Түрік пен Қытайды Турға, Иран мен Дәште Иражға үшеуі билікке таласумен Иран мен Туран арасында ұзақ шайқас басталады. Сәлім атты ұлы тентек інісі Турды Иражға қарсы қояды, сөйтіп Иражды өлтіреді. Әкесі Феридун патшалықтан бас тартады.

Фирдауси мен Тұрмағамбет сияқты екі алыптың сюжет алмасуларын салыстыратын болсақ, негізгі сюжеттер сақталғанмен біршама өзгерістер бар. Мәселен, Феридунның кіші баласы Иражды екі ағасының өлтіретін жері Тұрмағамбетте басқаша берілген. Мысалы, Фирдауси:

Жендеттерге ұқсамаңдар,
Менің ізім жоғалады.
Дән тасиды құмырысқалар,
Өмір тәтті оған әлі (6)

- деген Ираж соңғы сөзіндегі ағаларына өлтірмеуін өтінеді. Бұл эпизод Тұрмағамбетте басқаша жырланады. Ираждың өлімі Кейқұбат аты Құланнан

үркіп, жерге құлап түседі, басынан тәжісі ұшып кетеді. Осы уақытта Сәлім қылышпен шауып өтіп, Тұр басын кеседі деп суреттелген.

Дастанда халық поэзиясымен үйлесетін тұстар көп кездеседі. Мәселен, түс көру мотиві Фирдауси түсіне кейіпкері Рүстем кірсе, Ираж ағалары Сәлім мен Тұр өлтіретінін түсінде көреді. Дастандағы түс көру мотивін Тұрмағамбет:

Түсімде жеді етімді екі ит талап,
Тамсанып қан-жынымды тұрды жалап
Ол екі ит осы жатқан Сәлім мен Тұр
Өздерін өлмейтінге жүрген балап (6, 213).

Осы жолдар батырлар жырына ұқсас. Тайшықханның түсінде Алпамысты көруіне ұқсайды.

«Шаһнама» сюжетін жырлауда Тұрмағамбет ұлттық болмысқа лайықтап үйлестіруі оның ақындық өнердегі даралығын аңғартады.

Фирдауси «Шаһнамада» жырлаған сюжеттерден Тұрмағамбет алшақ кетпейді, дегенмен **өзіндік ой, ұлттық нақыш, адамгершілік мәселесін** өзгеше қозғайды. Кейіпкерлердің атын өзгертіп қолданады, зұлымдықты әшкерелейді. Мәселен, Фирдоусидің Қаюмарын-Тұрмағамбет Қиямарыс, Хумантты-Хушнақ, Тахмурасты-Тақымұрыс деп өзгертіп береді. Екі ақын да Жамшид патша дін мен дәулет иесі, оның тұсында халық рухани байи түскенін зұлымдықтың азайғанын баян етеді, осы сюжетті сақтай отырып, Жамшид патшалығын екі бөлімге бөліп, әр тарауға қорытынды, түйін жасаған. Жамшидтің Зукахтің қолынан өлуін өзінше жырлаған.

Фирдауси келімсек Зүкәх араб болған дейді, Тұрмағамбет болса Зүкәхтің араб екенін жырға мүлдем қоспаған.

Фирдауси эпопеяда батырлық, ерлікті, Иран мен Тұран арасындағы соғыстарды суреттеумен береді. Тұрмағамбет нұсқасында Рүстем ерлігімен жеке дастан етіп көрсетіп, батырлар жорығын Рүстемнен бастайды. «Шаһнамадағы» мифологиялық бөлім «Авестада» баяндалатын оқиға төңірегінде өрбейді. «Шаһнама» дастанындағы ең көне мифтер адам санасының дамуында философиялық ой тудырады. Халықтық шығармалардағы ертегілік мотив кездеседі. Залды асырап өсірген Самұрық бейнесі немесе Рүстемнің дүниеге келуі Рудабаның босана алмай, Самұрықтың қанын аузына тамызып, баланы әйел ішінен жарып алуы сияқты желілер – шығыс елдеріне ортақ мифтер. Адам өмірінен алшақтау, қиял-ғажайып оқиғаларға толы дүниетанымның көрінісі мифтер туралы А.Қыраубаеваның: «Бұрыннан бар сюжетті қайталай жазып, белгілі мифтер мен культтерді жаңғырту – Шығыста ежелгі Ассирия Вавилон дәуірінен бастап дамыған үрдіс», - (8,13) деуі дәлел болады.

(Тұрмағамбет нұсқасында батырлардың өмірге келуін ерекше суреттейді. Рүстем батырдың әкесі Залдың дүниеге келуін:

Баланың түсі сары, қара көзі,
Рас болса бұрынғының айтқан сөзі.
Қайтпайтын қара тастан қасқыр жүрек

Болады Баһадүрдің нағыз өзі (6,212).

Батырлар жырында да Алпамыс батырдың ерекшелігін осылай суреттеген.

Ауыз әдебиетінің сарынымен үндестіріп, дүниетанымының биіктігін танытқанын осы салыстырулардан көруге болады.

4. Нәтижелер.

Тұрмағамбет Ізтілеуов пен Фирдаусидің үндестігі туралы сөз қозғағанда осы екі ұлы есімді жақындататын «Шаһнама» аталады. Екі түрлі заманда өмір сүрген осы екі есім уақыт өткен сайын бір-біріне жақындай түседі. Қазақ даласына Фирдаусиді таныстырып, оның әйгілі шығармасы «Шаһнаманың» мотивтерін таратып, өзінше толғады. Сөйтіп, Фирдаусиді тек парсы-тәжік әдебиеті білген жоқ, Орта Азиядағы елдер әдебиетіне үлкен әсер етті. Осы тұрғыдан келгенде Фирдауси және Тұрмағамбет арқылы әлем халықтарының әдебиетіндегі байланыс, ықпалдастықтың орны ерекше екенін білу абзал. Бұл екі үлкен суреткердің ішкі үндестігін Шығыстың классикаға өзіндік үн қосуынан байқаймыз. Тұрмағамбет Фирдауси «Шаһнамасынан» нәр алып, өзінше дамыта жырлаған. Тың мотивтер, өзгеше сюжеттер қосып, ғибраттық үлгі берудің ең ұтымды жолдарын ұсынған. «Шаһнама» дастаны – ұлттық дәстүрге, ұлттық жан дүниемізге айтулы үлес қосқан, рухани-мәдени өркендеуімізге әсері мен танымдық-рухани құндылығы зор шығарма екені сөзсіз.

Әлемдік әдеби байланыстар, оның әдеби ықпалдастығы, үндестігі, әдеби тоғысулардың қазақ әдебиетіндегі көрінісін академик Р.Нұрғали сөзімен сабақтасақ: «Еш уақытта ешбір елдің әдебиеті ұлттық шеңберде томаға тұйық өсіп жетілген емес. Өзге жұрттың асыл қазыналарынан нәр алып байығанда ғана өркен жаймақ. Әдеби байланыстар дегеніміз ғасырлардың өн бойымен арқырап аққан өзендер секілді», (9, 92) - деп тұжырым жасаған.

Тұрмағамбетке шығыстың классикалық әсері, сюжеттер алмасуы болғаны, яғни, әдеби байланыс ұлттық шеңберден шығып, шығыс ақындарынан нәр алғанын байқатады.

Бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда, Шығыстың классикалық әдебиетіндегі дәстүрлі ұлттық сипатты насихаттау, осы мақсатта Шығыстық дәстүрдің қалыптасуы ұлттық руханиятымыздың маңызды саласы екеніне дау жоқ. Демек, көркем әдебиет пен әдеби байланыстар үлгілері қай кезде де маңызды.

Тұрмағамбет «Шаһнаманы» тың оймен түрлентті, шығарма композициясындағы тартыстар Фирдаусимен түйіседі. Адамды қастерлеу, ана мен бала мейірімі, ел басқарған патшалар, ел қорғаған батырлар, дүниенің ең асылы адам деп зұлымдыққа қарсы лағнет айтады.

Екі ғұлама да өздері арқылы артында тұрған халықтың мұңы мен мүддесін көксеген.

Фирдауси Иранның ұлттық ақыны десек, Тұрмағамбет те ұлт ақыны. Екі алыптың да көксеген идеясы бір арнаға тоғысады. Фирдауси X ғасырда парсы тілінің жойылып кетпеуіне, ұлттық рухты оятуға қызмет еткен.

Ал, Т. Ізтілеуов XX ғасырда осы идеяны жалғастырып, Тұран елінің әскерлерінің соғыс майданындағы айбатын ұлттық мүдде де берген.

Фирдауси: «Мен парсы еліне өлмейтін сөз қалдырдым», – деген қағида ұсынса, Тұрмағанбет:«Кейінгіге сұлу сөзді сүйіктей етіп сөз қалдырдым», – деген үлкен жүректер осылай үндескен.

5. Қорытынды.

«Шаһнамада» екі ақын да батырларды суреттеуде астарласып отырады, кейде Тұрмағанбет өсиет сөздермен өлең өрмегін тарқатады.

Тұрмағамбет «Шаһнаманы» тың оймен түрлентті, шығарма композициясындағы тартыстар Фирдаусимен түйіседі. Ел басқарған патшалар, ел қорғаған батырларды дәріптеп, зұлымдыққа қарсы лағынет де айтады.

Фирдаусимен жарыса жырлап, терезесі тең түсіп отырған Тұрмағамбет Сырда қазақ дастанының туын тікті. Бүкіл адамзат баласына қалдырып кеткен «Шаһнама» екі ақынды жақындата түсті. Адамгершілік, ізгілік, әділдік үшін күресте, мейірімділік пен зұлымдық, достық пен қастыққа баса назар аударған.

«Қалай да қапада өтіп кетем бе?» – деп,
Кітабын «Шаһнаманың» еттім ермек.
Өлеңмен он бір буын он ай жазып
Бітірдім басым сипап, шаршап терлеп,

– деп Шаһнаманы нәзирагөйлік әдіспен он айда толық аяқтап, қазақ ұғымына әлем мәдениетінің жиынтығын үйлестіре жазып шыққан.

Ақынның 125 жылдық мерейтойында М. Құл-Мұхамед: «Шығыстың жеті жұлдызының бірі Фирдаусидің «Шаһнама» дастанын қазақша сөйлетіп, өзінің асқан дарын иесі, сөз мәйегін ағызған қас шебер екенін тағы бір дәлелдеді. Мұндай баға жетпес туындының қазақ поэзиясына қосылуы ұлттық әдебиетіміздің мерейін биікке көтереді, ұлттың ұлы қазынасына айналады», (10,3) -деп құнды пікір айтқан.

Тұрмағамбет – «Шаһнамада» гуманистік ойды қайталап, әдеби ықпалдастықпен қазақ әдебиетін тақырып, мазмұн, форма, жанр жағынан байытқан ақын. Шығыстық ықпалдың әсерімен ұлттық сананы жаңғыртып, қазақ поэзиясының сарқылмас бұлағына айналдырған «Шаһнаманың» құндылыға да осында жатыр.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Күмісбаев Ө. Алтын қазық. – Алматы: Қайнар, 2012. – 512 б.
2. Кәрібозұлы Б. Беталыс. – Алматы: Арыс, 2005. – 200 б.
3. Байділдаев М. Тұрмағамбет. «Шаһнама» аудармасы. (антология). – Қызылорда, 2013, - 200 б.
4. Жеменей И. Шаһнамаға алғы сөз.Т.1. – Астана: Сарыарқа Баспа үйі, 2009. – 452 б.
5. Әуезов М. Әр жылдар, ойлар. – Алматы: Жазушы, 1970. – 204 б.
6. Істілеуов Т. «Шахнама». 2-том. - Астана: Сарыарқа, 2009. – 454 б.
7. Қыраубаева А. Қазақ әдебиетіндегі қисса-дастандардың түпкі төркіні мен қалыптасуы ф.ғ.д.автореферат. – Алматы: РГПЭО АК, 1997. – 55 б.
8. Нұрғалиев Р. Арқау. Т.2. – Алматы: Жазушы, 1991. – 576 б.
9. Құл-Мұхамед М. Тау тұлға Тұрмағамбет. – Алматы: Мақала, 2007. – 3 б.

Доктор **Махмуд Алам**
Ассистент-профессор (парсы тілі)
Азия тілдері кафедрасының үйлестірушісі м.а.
(қытай, жапон, корей және парсы тілдері)
Араб және Азия зерттеулері мектебі
Ағылшын және шетел тілдері университеті, Хайдарабад
Үндістан Республикасы

КОРОЛЬДІК КІТАПХАНАДАН ЖАҺАНДЫҚ МҰРАЖАЙҒА ДЕЙІН: ШАХНАМА ҚОЛЖАЗБАЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ ЖОЛЫ

Аңдатпа

Парсы патшалары туралы аса көрнекті эпикалық шығарма ретінде Фирдаусидің «Шаһнамасының» безендіріліп, иллюстрациялармен толықтырылған нұсқасы ерте жаңа дәуірдегі Оңтүстік Азияда сарайлық беделдің, саяси заңдылықтың және көркемдік шеберліктің ең жоғары символы саналды. 1809 жылы Уоррен Гастингс Шығыс Үндістан компаниясының кітапханасына сатқан 170 парсы қолжазбасының ішінде «Шаһнаманың» ерекше бір нұсқасы айрықша назар аударады. Қазіргі таңда Британ кітапханасында I.O. Islamic 133 сөрелік белгісімен сақталған бұл қолжазба ирандық жоғары көркемдік шеберлікті, аймақаралық сауда желілерін және Декан билеушілерімен байланысты сарайлық шығу тегін айқын көрсетеді.

Дәстүрлі мәтіндік талдаудың шеңберінен шыға отырып, бұл зерттеу қолжазбаларды әдеби мәтінді жай ғана тасымалдаушы пассивті нысандар ретінде емес, динамикалық әрі көпқабатты материалдық артефактілер ретінде қарастыруды ұсынады. Кодикологиялық егжей-тегжейлі зерттеу жүргізу барысында, атап айтқанда меншік мөрлерін, маргиналияларды және корольдік экслибрис белгілерін талдау арқылы бұл мақала I.O. Islamic 133 қолжазбасының сарайда пайда болған кезінен бастап, отарлық кезеңдегі иеленуіне және заманауи мұражайда орналастырылуына дейінгі материалдық траекториясын бақылайды. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу қолжазбаның физикалық ерекшеліктері элиталық қамқорлық пен қолдаудың, көркемдік дәстүрлердің аймақтар арасында таралуының және зияткерлік мобильділіктің өзара байланысқан желілерін айқындайтынын көрсетеді. Түптеп келгенде, бұл зерттеу жекелеген кодекстердің ерте жаңа дәуірдегі үнді-парсы әлемінің ортақ мұрасы мен материалдық мәдениетінің маңызды мұрағаты ретінде қызмет атқаратынын көрсетеді.

Түйін сөздер: Фирдауси, «Shahnama», кодикология, үнді-парсы мәдениеті, Декан билеушілерінің сарайлық мұрасы, Уоррен Гастингс жинағы, материалдық мәдениет.

XI ғасырдың басында (шамамен б.з. 1010 жылы) Әбу-л-Қасым Фирдауси жазған «Shahnama» («Патшалар кітабы») әлем әдебиетінің аса көрнекті жауһарларының бірі болып саналады және исламға дейінгі парсы халқының мифологиясын, тарихын және тілдік мұрасын сақтап жеткізудегі негізгі туындылардың бірі ретінде қызмет атқарады. Шамамен 50 000 ұйқасты шумақтан (маснави) тұратын бұл эпос жаңа парсы тілін қайта жандандыру мақсатында араб тіліндегі кірме сөздерді саналы түрде азайтып, этикалық басқару, империялық заңдылық (фарр), тағдыр және жақсылық пен жамандық арасындағы мәңгілік күрес сынды жалпылама тақырыптарды қамтиды.

Парсы тілі ортағасырлық және ерте жаңа дәуірлерде Оңтүстік Азия аумағында әкімшілік басқарудың, жоғары мәдениеттің және дипломатияның ортақ тілдік құралына айналғандықтан, «Shahnama» Үндістан субконтинентінде тереңінен қабылданды. Оңтүстік Азияға Газневидтер дәуірінде енген бұл шығарманы Масғұд Сағд Салман секілді сарай ақындары Лахорда оқып, батыры Рүстемді әскери шеберлік пен патшалық ізгіліктің үлгісі ретінде пайдаланды. Дели сұлтандығы, Деканның аймақтық сұлтандықтары (атап айтқанда, Биджапур және Голконда патшалықтары) және Моғол империясы тұсында «Shahnama» сарайлық бедел мен саяси заңдылықтың айқындаушы архетипіне айналды.

Билеушілер өз әулеттерін ежелгі Иранның аңызға айналған патшаларымен теңестіру үшін мол иллюстрацияланған кодекстерге тапсырыс берді. Тікелей көшірмелерден бөлек, эпос Үндістанда өзіндік әдеби дәстүрдің қалыптасуына негіз болды: үнді-парсы сарай ақындары Фирдоусидің өлең өлшемі, стилі мен тақырыптық құрылымын тікелей негізге ала отырып, екінші дәрежелі эпостар (маснавилер) мен тарихи шежірелерді, соның ішінде Әмір Хұсраудың «Қиран ас-Садайн» немесе әртүрлі жергілікті Зафарнамаларын жазды. XVIII-XIX ғасырларға қарай «Shahnama» халық әдебиетіне еніп, урду, синдхи және пенджаби тілдеріндегі жергілікті нұсқалар мен аудармалардың пайда болуына ықпал етті. Осылайша Оңтүстік Азиядағы ортақ үнді-парсы материалдық және әдеби мәдениетінің іргетасы ретіндегі мәртебесін нығайтты.

Моғолдар дәуірінде үнді кітапханалары тарихындағы маңызды тарау ашылды: бұл дәуір интеллектуалдық күш-қуат, институционалдық кеңею және мәдениеттер арасындағы бай ықпалдастықпен сипатталды. Жеке қолжазбалар қорынан мемлекет қамқорлығына алынған қорларға айналуы моғол дүниетанымындағы білімділікті тек империялық ұлылықтың эмблемасы ретінде ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік басқарудың, әлеуметтік бірліктің және ғылыми-зерттеу қызметінің ажырамас құралы ретінде қарастырылғанын көрсетті. Статикалық қорлардан бөлек Моғол кітапханалары империяның космополиттік және плюралистік

құндылықтарын көрсететін басқарудың, педагогиканың және көркем шығармашылықтың жарқын эпицентрлері ретінде жұмыс істеді.

Дегенмен, бұл көрнекті мекемелердің қызметі елеулі осалдықтар жағдайында жүзеге асты. Білімге қол жеткізу мүмкіндігі қатаң шектеліп, тек сарай элитасы мен таңдаулы ғалымдарға ғана қолжетімді болды. Сонымен қатар, қағаз бен органикалық құралдардың табиғи тұрғыдан тез бүлінуге бейімділігін ескере отырып, физикалық тұрғыда сақтау тұрақты түрде күрделі мәселеге айналды. Геосаяси тұрақсыздық пен қайталанған соғыстар аймақтың әдеби мұрасына бірнеше мәрте орны толмас шығын келтіріп, одан да үлкен экзистенциалды қауіп төндірді. Бір кездері қолжазба мәдениетінің гүлденген орталықтары болған Дели, Агра және Лахор сияқты тарихи астаналар қарулы қақтығыстар кезінде жойқын тонауға ұшырады. Атап айтқанда, Нәдір Шахтың 1739 жылы Делиді зорлық-зомбылықпен басып алуы жаппай тонаумен және көптеген императорлық және ақсүйектік коллекциялардың жүйелі түрде таратылуымен аяқталды (мысалы, Dasgupta, 1975 241-54 Seyller, 1997 243-349 қараңыз).

Делидегі сарай кітапханасымен қатар, Лахор, Хайдарабад және Патна сияқты провинциялық астаналарда Моғол губернаторлары, ақсүйектері және жергілікті зиялы қауым өкілдері тарапынан қаржыландырылатын аймақтық кітапханалардың өркендеген желісі қалыптасты. Аталған аймақтық мекемелер интеллектуалдық өмірді қолдауда және жергілікті мәдени дәстүрлердің дамуына ықпал етуде шешуші рөл атқарды. Сол секілді, Декан дәуірінде Биджапур мен Голконда сұлтандықтары моғол кітапханаларының ұйымдастырушылық парадигмаларына бейімделген, сонымен бірге парсы, араб және жергілікті тілдердегі мол коллекцияларды сақтайтын ерекше кітапхана қорларын құрды. Бұл кітап қорлары ортақ парсылық мәдени мұраның жергілікті ерекшеліктерге бейімделуінің, сондай-ақ моғолдардың әдеби және әкімшілік тәжірибелерінің мәңгілік мұрасының дәлелі болды.

Отаршылдық кезеңдегі иелену және институционалдық қайта құру

XVIII ғасырда Моғол империясының саяси билігі әлсірей түскен сайын, оның интеллектуалдық мұраларын сақтау мен тарату ісі жергілікті билік жүйелерін түсінуге, өз мүдделеріне бейімдеуге және қайта пайдалануға ұмтылған британдық отаршылдық әкімшілік өкілдерінің қолына біртіндеп өте бастады (Cohn 1996, 57–75; Marshall 1970, 14–22). Бұл үдерістің ортасында Бенгалдың алғашқы генерал-губернаторы Уоррен Гастингс (1732–1818) болды, оның шығыс ғылымымен терең байланысы парсы қолжазбаларының монументалды жинағын жинауға түрткі болды (Teltscher 1995, 120–128). Парсы тілін Оңтүстік Азиядағы дипломатияның, юриспруденцияның және әкімшіліктің әлі де ортақ тілі ретінде қолданылатынын мойындаған Гастингс тарих, құқық, поэзия және мемлекеттік басқаруға қатысты сирек кездесетін мәтіндерді белсенді түрде сатып алып, пайдалануға берді және каталогқа енгізіп отырды (Fisher 2001, 260–265; Majeed 1992, 23–29). Оның ауқымды кітапханасы отаршылдық

әкімшіліктің талаптарына сай қызмет етумен қатар саяси бытыраңқылық кезеңінде Моғол әдеби мұрасының едәуір бөлігін сақтап қалды, нәтижесінде Батыста парсытану зерттеулерінің маңызды негізін қалады (Sims-Williams 1981, 44–47).

Гастингс Ұлыбританияға оралған соң, кейінірек қайтыс болғаннан кейін, оның жеке кітапханасы мен дипломатиялық құжаттарының едәуір бөлігі 1801 жылы құрылған Шығыс Үндістан компаниясының кітапханасына сатып алынды немесе сақтауға тапсырылды. 1858 жылы Үндістанды басқару құқығы Британ тәжіне өткен кезде, бұл қорлар Үндістан кеңсесінің кітапханасы болып қайта құрылды. 1982 жылы бұл мұра ресми түрде Лондондағы Британ кітапханасына біріктіріліп, бүгінде Гастингстің парсы қолжазбалары, ресми хат алмасулары және жеке құжаттары осы кітапхананың Азия және Африка коллекцияларында және Батыс қосымша қолжазбалар сериясында сақталған.

170 парсы қолжазбасы және қосымша араб шығармалары мен әкімшілік құжаттарды қамтитын бұл зерттелген жинақты 1809 жылы 9 мамырда Шығыс Үндістан компаниясы кітапханасы Уоррен Гастингстен 759 фунт стерлинг 7 шиллинг 6 пенске сатып алған (Sims-Williams 1981, 43; Arberry 1937, 12–15). Ғылыми пәндердің кең ауқымды салаларын қамтитын қордың басым бөлігін әдеби шығармалар құрайды. Олардың қатарында поэзия мен прозаның елеулі туындылары бар, сонымен қатар тарих, теология, жаратылыстану және классикалық білімнің әртүрлі салалары бойынша маңызды томдарды қамтиды (Rieu 1879, 1:xv–xvii; Etherington 2018, 102–105).

Декан мұрасы және империялық «Shāhnama»

Моғол империясы Солтүстік Үндістанды парсы әкімшілік және әдеби жүйе негізінде біріктіргенге дейін біршама уақыт бұрын, Декан үстірті парсы мәдениетінің, ғылымының және мемлекеттік басқару дәстүрінің алғашқы әрі маңызды орталығы ретінде пайда болды (Eaton 2005, 33–48; Flatt 2019, 12–25). Сұлтан Мұхаммед бин Туғлұқтың 1327 жылы Дели сұлтандығының астанасын Даулатабадқа көшіруі аймақтың Үлкен Иран және Орталық Азиямен ұзақ мерзімді саяси, интеллектуалдық және теңіз байланыстарын орнатты (Subrahmanyam 1992, 340–348). Бұл дәстүр Бахман сұлтандығы (1347–1527) тұсында, атап айтқанда, Иран уәзірі Махмуд Гаван Бидарда 3000-нан астам парсы қолжазбалары сақталған ірі медресе (мадраса) кітапханасын құрды (Sherwani 1985, 223–231; Yazdani 1947, 91–100).

Бахманидтер елі ыдырағаннан кейін мұрагер сұлтандықтар – Биджапурдың Әділ-шахилері, Голконданың Құтб-шахилері, Ахмаднагардың Низам-шахилері және Берардың Имад-шахилері парсы тілін дипломатия, құқықтану және тарихнаманың негізгі құралы ретінде одан әрі дамыта түсті (Fischel 2020, 88–112). Биджапурда Ибраһим Әділ-шах II «Тарих-и Фириште» кітабының авторы, тарихшы Мұхаммед Қасым Хинду шах «Фириштаны», сондай-ақ Зухури сияқты парсы ақындарының өркендеген сарай мәдениетін

сақтай отырып, қолдау көрсетті (Overton 2020, 145–160; Michell and Zebrowski 1999, 18–24). Сол уақытта Голконданың Құтб-шахи билеушілері Сафави Иранымен тығыз байланыс орнатқан еді; Мир Мұхаммед Момин Астарабади сынды сарай қайраткерлері Хайдарабадты парсы қала құрылысы қағидаттарына сәйкес жобалауға атсалысып, парсы әдебиеті аймақтық дахни тілімен қатар өркендеген екітілді жарқын ортаның қалыптасуына ықпал етті (Alam and Subrahmanyam 2007, 189–204). Низам-шах тұсында жазылған Әли ибн Азиз Алла Табатабаның «Бурхан-и Маасир» сияқты сарай тарихнамасы және кең көлемді әкімшілік жазбалары негізінде Декан әулеттері Моғолдардың оңтүстікке қарай кеңеюінен бұрынырақ Оңтүстік Азияның басқару дәстүріне елеулі ықпал еткен күрделі үнді-парсы жазбасын және ғылыми инфрақұрылымын қалыптастырды (Sohoni 2018, 54–68).

Уоррен Гастингстің 1809 жылы Шығыс Үндістан компаниясының кітапханасына сатқан 170 парсы қолжазбасының ішінде Фирдаусидің «Shahnамасының» бірегей нұсқасы ерекше назар аудартады. Әбу-л-Қасым Фирдаусидің «Shahnамасы» («Патшалар кітабы») – Парсының мифтік және тарихи өткенін егжей-тегжейлі баяндайтын XI ғасырдағы монументалды эпостық шығарма. Ол кез келген парсы патшалық кітапханасындағы мәртебенің абсолютті шыңы саналды. Мұқият орындалған және мол иллюстрацияланған кодекске ие болуы ислам әлемінде, әсіресе Оңтүстік Азияда саяси заңдылықтың, сарай мәдениетінің жоғары деңгейінің және мәдени беделдің айқын белгісі болды. «Shahнаманың» осы нақты қолжазба көшірмесі (I.O. Islamic 133 сөрелік белгісімен қазіргі уақытта Британ кітапханасында сақталған) парсы кодикологиясының, жоғары деңгейдегі ирандық шеберліктің және Декан билеушілерінің корольдік шығу тегінің көрнекті үлгісі болып табылады.

I.O. Islamic 133 кодикологиялық профилі және корольдік шығу тегі

Байсунгуридің алғысөзі (хижраның 829 жылы / б.з. 1426 жылы)

Қолжазба Тимурид ханзадасы Ғият ад-Дин Байсунгурдың қамқорлығымен Герат қаласында құрастырылған әйгілі прозалық алғысөзбен басталады. Хижраның 829 жылы (б.з. 1426 ж.) жазылған бұл алғысөзде Фирдаусидің өмірбаяндық хикаясы маңызды мәтіндік, тарихи және генеалогиялық деректермен үйлестірілген шығарма ретінде парсы әлеміндегі эпостың аса сәнді нұсқаларын әзірлеудің алтын стандартын белгілеп бергенін көрсетеді.

Ширази хатшылық шығу тегі (хижраның 967 жылы / б.з. 1560 ж. және б.з. 1564 ж.)

Мәтінді Сефевидтер Иранындағы сәнді қолжазбалар өндірісінің аса ірі сауда орталығы болған Ширазда шебер хатшы Хасан бин Мұхаммед Ахсан транскрипциялаған. Негізгі колофонда каллиграфиялық көшірменің хижраның 967 жылы (1560 ж.) аяқталғаны, ал соңғы безендіру мен түптеу жұмыстарының 1564 жылы жүзеге асырылғаны көрсетілген. Көркем әрі «насталиқ» сия жазуымен жазылған тұтас кодекс өрнектеліп, лакталған мұқабасы бар (жилд-и муғаррақ) көлемді том ретінде түптелген.

Корольдік шығу тегі: Биджапур мен Декан байланысы

Парақшадағы жазбалар мен меншік иелерінің белгілері Сефевидтер дәуірінің сәнді қолжазбаларының Үнді мұхиты арқылы Декан үстіртіне таралу жолын, кейіннен оларды британдық отаршылдық коллекционерлердің иеленуіне дейінгі тарихын айғақтайтын сирек әрі нақты құжаттарды ұсынады.

Парақшадағы жазба және Наурас кітапханасы

Парсы тіліндегі парақшаға түсірілген маңызды жазба аталмыш кодексті Биджапурдағы Әділ-шах әулетінің әйгілі Корольдік кітапханасымен (Китабхана-и Ма'мура-йи Наурас) тікелей байланыстырады, бұл Декан билеушілерінің патшалық қамқорлығы мен халықаралық кітап сауда желілерінің болғанын айғақтайтын нақты материалдық дәлелдерді ұсынады.

Парсы мәтіні:

شاهنامه فردوسی بخوشخط نسخ تعلیق مصور با سکه ... بزرگ جلد مغرق پیشکش قاسم بیگ جمع کتابخانه معموره نورس

Аудармасы:

«Фирдаусидің «Шахнамасы» көркем насталиқ жазуымен жазылып, мөрлермен безендірілген [...]. Қасым бек сыйға [пишкаш] тартқан, лакталған мұқабасы бар бұл көлемді том бай қоры бар Наурас кітапханасының коллекциясына енді».

Империялық сыйлық алмасу және Наурасқа қорына түсуі

Бұл жазба қолжазбаның Үндістанға Қасым Бек есімді жоғары лауазымды ақсүйектің Биджапур сарайына сыйға тартқан империялық сыйлығы (пишкаш) ретінде келгенін растайды. Келіп түскеннен кейін қолжазба Ибраһим Әділ-шах II-нің (1580–1627 жж. билік құрған) наурас синкретті эстетикалық философиясының атымен аталған әйгілі патшалық кітап қорына ресми түрде енгізілген.

Ибраһим Әділ-шах II-нің Құран мөрі

Декан билеушілерінің патшалық мұрасын одан әрі нығайта түсетін белгі ретінде қолжазбада Ибраһим Әділ-шах II-нің жеке патшалық мөрі басылған. Мөрде Бақара сүресінен (2:130) үзінді ретінде Құран жазуы бейнеленген:

وَمَن يَرْغَبُ عَن مِّلَّةِ إِبْرَاهِيمَ إِلَّا مَن سَفِهَ نَفْسَهُ

«Өзін ақымақ санаған адамнан басқа кім Ибраһимнің дінінен бас тартады?»

Бұл Құран аятының таңдалуы Ибраһим Әділ-шах II-нің өз аттасы Ибраһим пайғамбармен саналы түрде байланыс орнатуға ұмтылғанын көрсетеді, ол

қасиетті жазуды өзінің империялық кітапхана қорларындағы биліктің, заңдылықтың және тақуалықтың патшалық нышаны ретінде пайдаланған.

I.O. Islamic 133 қолжазбасының тарихи жолы ерте жаңа дәуірдегі парсы желілерінің өзара сабақтастығын айқын көрсетеді. Туынды 1560 жылдары Ширазда сәнді сауда қолжазбасы ретінде әзірленуінен бастау алады. XVI ғасырдың соңы немесе XVII ғасырдың басында Қасым бек Ибраһим Әділ-шах II-ге сыйға тартқан соң және Биджапурдағы патшалық Китабхана-и Наурас қорына енгізіліп, мөрмен таңбаланғаннан кейін кодекс Деканға көшірілді. Ақырында Декан сұлтандықтары құлағаннан кейін, аталмыш том XVIII ғасырдағы саяси қайта құрулар кезеңінде солтүстікке қарай көшіріліп, сайып келгенде...

Тарихи маңызы

I.O. Islamic 1391 кітабының тарихы I.O. Islamic 133 қолжазбасының тарихына ұқсас. Екі қолжазбаны да Шираздағы ирандық шебер каллиграфтар көшіріп жазып, Араб теңізі арқылы Деканға жеткізген. Кейін Ибраһим Әділ-шах II-нің Құран мөрімен басылып, Наурас кітапхана желісіне енгізілген.

1686 жылы Биджапурды моғолдар жаулап алғаннан кейін, бұл империялық кітап қорлары солтүстікке қарай тарап, ақырында XVIII ғасырда Бенгалдағы Уоррен Гастингстің жеке коллекциясына енген, кейін 1809 жылы Шығыс Үндістан компаниясының кітапханасына сатылды. Бүгінгі таңда қолжазбалар ерте дәуірдегі жаңа үнді-парсы қолжазба желілерін, Декан билеушілерінің патшалық қамқорлығын және Оңтүстік Азия кітапханаларының тарихын зерттейтін қазіргі заманғы ғалымдар үшін маңызды алғашқы дереккөз болып табылады.

Қорытынды

Ислам әлемінде әулеттердің өрлеуі мен құлдырауы саяси кеңістік келбетін үздіксіз өзгертіп отырғанымен, Самарқанд, Герат, Бұхара, Шираз және Хорасан сияқты ірі өнер орталықтары XVI ғасырда және одан кейінгі кезеңдерде де қолжазба өндірісінің өркендеген ошақтары болып қала берді. Ғалымдардың, ақындардың, сопылардың, каллиграфтардың және көркем безендіру шеберлерінің осы аймақтарға тоқтаусыз қоныс аударуы әдеби шығармалардың үздіксіз таралуына ықпал етті. Соның нәтижесінде Оңтүстік Азия аумағында белсенді түрде транскрипцияланып, таратылып, сақталып отырды.

«Шаһнама» — парсы әдебиеті тарихындағы айтулы белестердің бірі. Бұл шығармада патшалар мен батырлар секілді аса мәртебелі тұлғаларды дәріптеу мақсатында әсірелеу (гипербола) тәсілі кеңінен қолданылады. Олардың бейнесі ғарыштық ауқымда сипатталып, бойларына қарапайым өлшемдермен бағалауға келмейтін қасиеттер мен күш-қуат дарытылады. Сол сияқты, Ғалиб «Абр-е Гоһар Бар» маснавиінде Пайғамбарды мадақтау үшін құрылымдық тұрғыдан осыған ұқсас әсірелеу тәсілін қолданады. Ақын Мұхаммед Пайғамбарды (с.ғ.с.) шексіз жомарттық пен молшылықтың қайнар көзі саналатын бұлт бейнесінде суреттеп, есеп-қисапқа сыймайтын шексіздігін көрсетеді. «Шаһнамада» әсірелеу тәсілі патшалық биліктің ұлылығы мен мәртебесін асқақтатуға қызмет етсе, Ғалиб бұл риторикалық тәсілді өз шығармасында Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) Миғраж сапарының ұлылығын таныту үшін қолданады. Осылайша, ақын Фирдоуси секілді көрнекті өкілдері қалыптастырған парсы әдебиетіндегі маснави жазу дәстүрінің бай мұрасын шығармашылық тұрғыдан игеріп, оны пайғамбардың Миғраж сапарын көркемдік тұрғыдан дәріптеуге бағыттайды.

Келесі мәселе — ғибраттық сипаттағы баяндау тәсілдеріне қатысты. «Шаһнамада» Фирдоуси патшаларға стандарттарды қалыптастыру мақсатында баяндау тәсілін қолданады. Ақын оқиғаларды баяндау арқылы патшалардың әділдігі мен даналығын сын тезіне салады. Ғалиб «Абр-е Гоһар Бар» маснавиінде осы үлгілі баяндау тәсілін шығармашылық тұрғыдан жаңғыртады. Алайда ол мұны соғыс пен жаулап алу оқиғалары негізінде емес, Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) моральдық және рухани кемелдігін дәріптеу арқылы жүзеге асырады. Осылайша, «Шаһнамадағы» идеалды патша бейнесінің құрылымдық қызметі « Абр-е Гоһар Барда» Мұхаммед пайғамбарды (с.ғ.с.) мадақтау арқылы көрініс табады.

Ғалиб өз маснавиінде Фирдоусиден تو گویی (ту гуйи), کاخ بلند (кәх-е буланд), روزی ده (рузи-деһ), پرده (перде), راز (раз) сияқты сөздер мен тіркестерді ғана алып қоймай, «Шаһнамада» кездесетін Джамшид, Рүстем, Афрасияб секілді кейіпкерлерді, сондай-ақ Джамшидтың тостағаны (Джам-е-Джамшид) мен Джамшидтың тағы (Тәхт-е Джамшид) тәрізді ұғымдарды да өз поэзиясында қолданып, шығармаларының көркемдік әсерін арттырады. Сонымен қатар, оның поэзиясы лаф-о-нашр (сөздер мен ұғымдарды белгілі бір ретпен тізбектеп, кейін сол ретке сәйкес тарқата сипаттау), мубалға (әсірелеу), талмих (ишара, белгілі бір тарихи оқиғаға, тұлғаға немесе әдеби сюжетке меңзеу), истиара (метафора) және ташбих (теңеу) секілді көркемдік тәсілдерге бай. Екі ақын да өз шығармаларын жоғары бағалап, олардың көркемдік құндылығын дәріптейді. Фирдоуси былай деп жазады:

بناهای آباد گردد خراب ز باران و از تابش آفتاب
پی افکندم از نظم کاخ بلند که از باد و باران نیابد گزند[xxvii]

Banhayi e aabad gardad kharab (Банхайи е абад гардад хараб)
Ze baraan o az taabish e aaftab (Зе бараан о аз таабиш е аафтаб)

Pai afkandam az nazm kaakhi buland (Пай афкандам аз назм каахи буланд)
Ke az baad o baraan neyaabad gazand (Ке аз баад о бараан неяабад газанд)

Фирдоусидің айтуынша, материалдық дүниеде тұрғызылған құрылыстар уақыт өте келе, жыл мезгілдерінің ауысуымен бірге қирап, үйіндіге айналады. Жаңадан салынған кез келген ғимарат та уақыттың өтуіне төтеп бере алмайды. Сондықтан «мен әдеби ескерткіш тұрғызып, оның жыл мезгілдерінің ауысуы мен уақыттың әсерінен ешқашан жойылмайды» деп береді. Ғалиб былай деп жазады:

تا ز دیوانم که سرمست سخن خواهد شدن
این می از قحط خریداری کهن خواهد شدن
کوکبم را در عدم اوج قبولی بوده است
شهرت شعرم به گیتی بعد من خواهد شدن[lxx]

Ta ze divaanam ke sar mast e sukhan khaahad shudan (Та зе диваанам ке сар маст е сухан хахад шудан)
In mai az qahat e kharidari kuhan khaahad shudan (Ин май аз кахат е харидари кухан хаахад шудан)
Kaukabam ra dar adam aauj e qabuli budeh ast (Каукабам ра дар адам ааудж е кабули буде аст)
Shoharat e sheram be giti bad e man khaahad shudan (Шохарат е шерам бе гити бад е ман хахад Шудан)

Ғалиб өз шығармаларының сол кезеңде лайықты бағасын ала алмай жүргенін түсінген, өйткені оның поэзиясының көркемдік тереңдігі мен ерекшелігін бағалай алатын адамдар болмады. Осы себепті ақын өз поэзиясын метафоралық тұрғыдан шарапқа балайды. Шарап уақыт өте келе, әбден бабына келгенде, өзінің ерекше дәмі мен қасиетіне ие болатыны сияқты, Ғалиб те поэзиясының қадір-қасиеті уақыт өте келе артып, лайықты бағасын алатынына сенімді болған.

Қорытынды

Фирдоусидің «Шаһнама» эпосы мен Ғалибтің «Абр-е Гоһар Бар» маснавиі арасындағы ұқсастықтарды тікелей еліктеу деп бағалауға болмайды. «Шаһнама» — әулеттер тарихын арқау еткен, батырлар мен патшалардың есімдеріне, шайқастар мен соғыс оқиғаларына бай эпикалық шығарма болса, ал «Абр-е Гоһар Бар» — баяндау мазмұны жағынан оған ұқсамайтын, кіріспелік сипаттағы туынды. «Шаһнама» негізінен исламға дейінгі Иранның мифтері мен аңыздарына сүйенсе, «Абр-е Гоһар Бар» исламдық мадақ дәстүрі мен Құрандық бейнелерге негізделген. Сондықтан бұл мақалада анықталған ықпалды тақырыптық еліктеу немесе «Шаһнамадағы» нақты оқиғаларға әдеби жауап беру ретінде емес, жанрлық және стильдік сабақтастық ретінде қарастырған жөн. Атап айтқанда, бұл — парсы әдебиетіндегі бай маснави дәстүрі арқылы жалғасқан көркемдік пішіннің, поэтикалық баяндау мәнерінің және эпикалық өрістің мұраға берілуі.

Батырхан Болатбек Шәденұлы
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы

ФИРДОУСИДІҢ «ШАҺНАМАСЫ» МЕН ТҰРМАҒАМБЕТ ІЗТІЛЕУҰЛЫНЫҢ «РҮСТЕМ-ДАСТАНЫНДАҒЫ» ҚАҺАРМАНДЫҚ ИДЕАЛДЫҢ ҰЛТТЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ

Аңдатпа. Мақалада Әбілқасым Фирдоусидің «Шаһнама» эпосындағы Рүстем бейнесі мен Тұрмағамбет Ізтілеуұлының «Рүстем-Дастанындағы» қаһармандық идеалдың көркемдік интерпретациясы қарастырылады. Парсы түпнұсқасындағы Рүстемнің дүниеге келуі туралы бәйіттер қазақша дастандағы осы эпизодпен салыстырылады, Рүстемнің әкесі Залдың дүниеге келуін сипаттайтын үзінділер талданады. Салыстыру әулеттік қаһармандық мотиві аясында жүргізіледі. Мақала сөзбе-сөз аударма сәйкестігін дәлелдеуді емес, ортақ эпикалық мотивтердің әр тілдік-поэтикалық дәстүрде қалай бейнеленетінін анықтауды мақсат етеді. Қаһармандық әскери күшпен ғана өлшенбей, моральдық жауапкершілік, елдік мүдде және адамдық шек мәселелері арқылы түсіндіріледі. Сонымен қатар «Рүстем-Дастанның» тікелей аударма емес, Фирдоуси үлгісіндегі шығармашылық қазақша нұсқа екені туралы М. Әуезовтің тұжырымы әдіснамалық негіз ретінде ескеріледі.

Түйін сөздер: Фирдоуси; «Шаһнама»; Тұрмағамбет Ізтілеуұлы; «Рүстем-Дастан»; қаһармандық идеал; ұлттық интерпретация; эпикалық образ; қазақ-парсы әдеби байланыстары; назира.

Әбілқасым Фирдоусидің «Шаһнамасы» парсы әдебиетінің ғана емес, әлемдік эпикалық мұраның да ірі ескерткіші саналады. Оның қаһармандары арқылы билік, әулет, ел қорғау, батырлық парыз, адам тағдыры және ұрпақ сабақтастығы сияқты мәселелер көркемдік тұрғыдан пайымдалады. Эпостың аса танымал тұлғаларының бірі – Рүстем. Ол тек ерекше күш иесі ретінде емес, әулеттік жадпен, ел алдындағы міндетпен және тағдырлық қайшылықтармен байланысқан күрделі эпикалық қаһарман ретінде танылады.

Қазақ әдебиетінде Фирдоуси мұрасын игерудің көрнекті үлгілерінің бірі – Тұрмағамбет Ізтілеуұлының «Рүстем-Дастаны»[1; 2]. Тұрмағамбеттің «Шаһнама» сюжетін қазақ тілінде жырлауы парсы эпосын басқа тілге жеткізу ғана емес, оны қазақтың өлеңдік дәстүрі мен оқырмандық қабылдауына бейімдеу мәселесін де алға шығарады.

Фирдоусидегі қаһармандықтың негізгі нышандары Тұрмағамбет нұсқасында қандай көркемдік тәсілдер арқылы қайта бейнеленеді? Мақсат – Рүстемнің дүниеге келуі мен болашақ батыр ретінде сипатталуы тәрізді мотивтерін парсы және қазақ мәтіндерінен алынған нақты үзінділер негізінде салыстырып, ұлттық интерпретацияның белгілерін айқындауға болады.

Тұрмағамбеттің мәтіні сөзбе-сөз аударма өлшемімен бағаламайды, екі эпикалық дәстүрдегі ортақ мотивтердің поэтикалық арнасында қарастырылуы керек. Мұндай тәсіл М. Әуезовтің «Рүстем-Дастанды» Фирдоуси үлгісімен Тұрмағамбеттің өзі өлең етіп жазған қазақша нұсқа ретінде бағалаған пікірімен сабақтасады

1. Зерттелу тарихы және әдіснамалық ұстаным

Тұрмағамбет Ізтілеуұлының шығыс классикалық әдебиетімен байланысын қарастырған зерттеулерде «Рүстем-Дастанның» жанрлық табиғаты, қазақша жырлау тәсілі және ұлттық поэтикамен байланысы маңызды орын алады. М. Әуезовтің 1961 жылғы алғысөзі шығарманың табиғатын анықтауда негізгі тұғырлардың бірі. Әуезов оны Фирдоусидің «Shahнамасынан» тікелей жасалған сөзбе-сөз аударма деп шектемей, Фирдоуси үлгісінде туған қазақша дастан ретінде сипаттайды [3, 3–7-бб.]. Бұл пікір мәтіндік ұқсастық пен шығармашылық дербестікті бір-біріне қарсы қоймауға мүмкіндік береді.

І.Ізтілеуовтің «Рустем-Дастаны» жайлы М.Қаратаев, Ғ.Мүсірепов, Ы.Дүйсенбаев, Р.Бердібаев, М.Дүйсенов, Ә.Тәжібаев, Қ.Бекхожин, Ө.Тұрманжанов, Ә.Жәмішев, Ә.Сатыбалдиев т.б. еңбектерінде ұтымды пікірлер айтылған. Тұрмағамбет нұсқасының әдеби табиғатын анықтауда М. Әуезовтің «Алғы сөзі» айрықша мәнге ие. Әуезов Тұрмағамбет шығармасын Фирдоусидің «Шахнамасын» сөзбе-сөз аудару ретінде қарастырмай, Фирдоуси дәстүріндегі қазақша Рүстем жыры ретінде бағалайды [3]. Бұл тұжырым Тұрмағамбет нұсқасының шығармашылық сипатын түсіндірудегі негізгі әдіснамалық ұстанымдардың бірі болып табылады.

Ә. Қоңыратбаев қазақ әдебиетінің шығыс әдебиетімен байланысын зерттей отырып, «Shahнама» мен оның қазақша игерілу мәселесіне ерте кезеңнен назар аударған ғалымдардың бірі болды. Ғалымның зерттеулері қазақ әдебиетіндегі шығыстық сюжеттердің ұлттық топырақта қайта өңделуін әдеби байланыстардың табиғи көрінісі ретінде қарастыруға негіз берді.

Ө. Күмісбаев Тұрмағамбет мұрасын арнайы зерттеп, «Рустем-дастанның» әдеби табиғатын, ақынның шығыс классикасымен байланысын және оның қазақ әдебиетіндегі орнын қарастырды. Қазақ және парсы-араб әдеби байланыстарына арналған еңбегінде де ғалым әдеби ықпалдастық, шығармашылық игеру және аударма мәселелерін кеңірек контексте қарастырады. Ө. Күмісбаевтың Тұрмағамбет мұрасына арналған монографиясы осы құбылысты тарихи-әдеби аяда түсіндіруге негіз болады [4]. Е. Карбозовтың диссертациясында ақын шығармашылығындағы адамгершілік мәселелері қарастырылады [5]. Ұ. Жанбершиева, Г. Оралова және А. Төлебаеваның мақаласы Фирдоуси мен Тұрмағамбет арасындағы сабақтастықты арнайы қарастырғандықтан, бұл мақалада жалпылама «ықпал» тұжырымын қайталаумен шектелмеуі керек [6].

Әдіснамалық тұрғыдан мақалада салыстырмалы әдебиеттану, мотивтік талдау, образдық-семантикалық талдау және мәтінтанулық дереккөзді сын тұрғысынан бағалау әдістері қолданылады. «Ұлттық интерпретация» ұғымы мұнда кейіпкердің міндетті түрде ұлттық мазмұнға толық ауысуы дегенді

білдірмейді. Ол – сюжеттік және мотивтік негіз басқа тілдік ортада қайта айтылғанда, бейнелеу құралдары, сөз таңдау, сипаттау екпіні мен өлеңдік интонацияның жаңа поэтикалық дәстүрге бейімделуін білдіретін жұмысшы ұғым.

Мақалада екі түрлі дәлел деңгейі ажыратылады: біріншісі – Фирдоусидің электрондық парсы мәтініндегі нақты бәйіттер; екіншісі – Ө. Күмісбаевтың жарияланымында 2004 жылғы «Рүстем-Дастанға» қатысты 212 және 268-беттермен берілген қазақша үзінділер. Жарияланым мәтіндік контекст бойынша 212-беттегі үзіндіні Залдың, 268-беттегі үзіндіні Рүстемнің туу эпизодымен байланыстырады. Бұл беттерді түпнұсқа кітап сканымен тәуелсіз қайта тексеру мүмкін болмағандықтан, олар басылым беті көрсетілген екінші дерек арқылы берілген дәйексөздер ретінде пайдаланылады. Сондықтан салыстыру мотивтік-образдық сипатта жүргізіліп, сөзбе-сөз сәйкестік туралы кесімді тұжырым жасалмайды.

2. Фирдоуси эпосындағы қаһарманның тууы және алдын ала белгіленуі

Рүстемнің дүниеге келуі туралы баяндау қаһарманның дене қуатын туған сәтінен-ақ ерекше етіп көрсетеді. «Шаһнаманың» Манучехр тарауындағы 25-бөлімде Симұрғ Рудабаға дүниеге келетін ұлдың болашағын болжайды. Парсы мәтінінде Рүстемнің келешегі арыстан бейнесімен және даңққа ұмтылумен байланыстырылады:

یکی نره شیر آید و نامجوی\nکزین سرو سیمین بر مهروی

Мағыналық аудармасы: «Осы күміс тәнді, ай жүзді арудан / даңқ іздеген бір ер арыстан туады» (Фирдоуси, «Шаһнама», Манучехр тарауы, 25-бөлім) [7].

Бұл бәйітте «نره شیر» тіркесі («ер арыстан», «арыстандай ер») қаһармандықтың зооморфтық метафорасын жасайды. «نامجوی» сөзі де маңызды: ол тек күшті болуды емес, ат-даңққа, ерлік атағына ұмтылуды білдіреді. Осылайша қаһарманның табиғи күші әлеуметтік танылу – есім мен даңққа ие болу ұмтылысымен қабат беріледі.

Келесі бөлімде Рүстемнің дүниеге келуі баяндалғанда, оның дене бітімі өзгеше сипатталады:

به بالا بلند و به دیدار کش\nیکی بچه بد چون گوی شیرفش

Мағыналық аудармасы: «Бір бала бар еді – арыстандай айбарлы, / бойы биік, көркі де көз тартар» (Фирдоуси, «Шаһнама», Манучехр тарауы, 26-бөлім) [8].

«شیرفش» («арыстандай») сөзі баланың болашақ ерлігін физикалық сипат арқылы алдын ала белгілейді. Эпикалық баяндауда бұл – пролепсис, яғни кейіпкердің болашақ қасиетін оның бала кезіндегі бейнесіне енгізу тәсілі. Қаһармандық мұнда кейінгі әрекеттер арқылы ғана қалыптаспайды; ол туған сәттен-ақ ерекше дене бітімі мен символдық белгілер арқылы танылады.

Дегенмен, мұндай сипаттаманы қаһармандықтың тек биологиялық немесе күштік өлшемі ретінде түсіну жеткіліксіз. Фирдоуси дәстүрінде күш – қаһарманның эпикалық әлеуеті; ал оның нақты бағасы кейінгі жорықтары,

шешімдері, адалдығы және қателіктері арқылы ашылады. Рүстем бейнесінің ұзақ эпикалық желіде қайшылықты болуы осы бастапқы қаһармандық сипат пен адамдық шектеулердің қатар өмір сүретінін көрсетеді.

3. Тұрмағамбет мәтініндегі дене бітімі мен қаһармандық сипат

Тұрмағамбеттің «Рүстем-Дастанынан» жарияланған екі қазақша үзінді қаһармандық идеалдың әулеттік сабақтастық аясында қалай сомдалатынын байқауға мүмкіндік береді. Төменде алдымен Рүстемнің туу эпизодына қатысты үзінді қарастырылады:

Қараса жамбасында жатыр бала,
Айбаты арыстандай көзі ала.
– Көзіңнен айналайын, қарағым, – деп,
Қуанды қолын алып көре сала. [9, 268 б.].

«Айбаты арыстандай» теңеуі Фирдоусидегі «نره شیر» және «شیرفش» бейнелерімен мотивтік деңгейде үндеседі. Екі үзіндіде де арыстан – күштің, айбардың және болашақ ерліктің белгісі. Алайда сөздік құрылым бірдей емес: парсы мәтінінде арыстан бейнесі ықшам тіркестермен беріледі, ал қазақша үзіндіде «айбат» сөзі арқылы сыртқы күшке мінездік-психологиялық реңк қосылады. «Көзі ала» сипаттамасы баланың дене бітімін көрнекі етеді; оны парсы мәтініндегі «бойы биік» және «көз тартар көрік» сипаттамаларымен тек жалпы образдық өріс деңгейінде салыстыруға болады.

Ал Залдың дүниеге келуіне қатысты екінші үзіндіде сыртқы келбет мінездік сипатпен ұштастырылады. Бұл – Рүстемнің емес, оның әкесінің туу эпизоды; сондықтан үзінді Рүстем туралы парсы бәйіттерінің тікелей қазақша баламасы ретінде қарастырылмайды. Оны дастандағы қаһармандықтың әулеттік жалғасуын көрсететін қосымша контекст ретінде талдауға болады.

Баланың түсі сары, қара көзі
Рас болса бұрынғының айтқан сөзі.
Қайтпайтын қара тастан қасқыр жүрек
Болады Баһадүрдің нағыз өзі! (1, 212-б.)

«Қасқыр жүрек» бейнесі қайсарлықты және қауіп алдында тайсалмауды сипаттайды; «қара тастан» тіркесі жүректің қаттылығын заттық образ арқылы күшейтеді. «Бұрынғының айтқан сөзі» формуласы болашақ қаһарман туралы дәстүрлі болжамды білдіреді. Бұл белгілер Рүстемге қатысты арыстан метафорасымен бірдей емес, бірақ дастанда батырлық қасиетті ұрпақтық желі бойында бейнелеу тәсілін көрсетеді.

Осы тұста ұлттық поэтикалық сипат бір ғана «қазақы» сөздердің қолданылуымен шектелмейді. Рүстемнің тууына қатысты үзіндіде арыстан бейнесі мен ана қуанышы алға шықса, Залдың тууын сипаттайтын үзіндіде «қасқыр жүрек», «қара тас» және болжам формуласы қолданылады. Бұларды бір кейіпкерге қатысты бірдей белгілер деп біріктіруге болмайды. Дегенмен, екі эпизодты әке мен балаға қатысты қатар оқығанда, дастанның қаһармандықты сыртқы айбармен қатар мінездік қасиет және ұрпақтық жалғастық арқылы да сомдайтынын байқауға болады.

4. Салыстырмалы талдау: мотив, образ және поэтикалық тәсіл

Талдау өлшемі	Фирдоуси мәтіні	Тұрмағамбет мәтіні	Ғылыми түсініктеме
Қаһарманның тууы	Рүстемнің дүниеге келуі ерекше оқиға ретінде баяндалады; бала болашақ батыр деп танылады.	«Қараса жамбасында жатыр бала…» (1, 268 б.)	Туу эпизоды кейіпкердің болашақ қаһармандығын алдын ала белгілейтін эпикалық пролепсис қызметін атқарады.
Жануарлық метафора	«نره شیر»; «شیرفش» – арыстан бейнесі.	Рүстемге қатысты «айбаты арыстандай» (1, 268-б.); Залға қатысты «қасқыр жүрек» (212-б.).	Арыстан мен қасқыр бір-бірінің тура баламасы емес; олар күш пен батылдықты жануарлық образ арқылы беретін ортақ эпикалық тәсілді көрсетеді.
Дене және мінез	Бойдың биіктігі, көріктілік және арыстандай айбар бір-бірімен байланысады.	Көз-келбет, жүрек, тас, қасқыр образдары арқылы сыртқы және ішкі сипат қатар беріледі.	Қазақша үзіндіде мінездік бағалау айқын әрі мақал-мәтелге жақын нақылдық интонациямен беріледі.
Әулеттік жад	Болашақ қаһарманның дүниеге келуі әулеттік оқиғалармен байланысады.	Залдың тууы және Рүстемнің тууы бір дастандағы әке-бала желісін құрайды.	Әулеттік сабақтастық сюжет деңгейінде бар, бірақ үзінділер әртүрлі кейіпкерлер мен эпизодтарға қатысты.
Өлеңдік ұйымдасу	«Шаһнама» маснауи үлгісіндегі бәйіттермен, мутакариб өлшемімен жазылған.	Қазақша жыршылық интонация, теңеу, синтаксистік параллелизм және нақылдық түйін байқалады.	Толық ырғақтық салыстыру үшін 2004 жылғы кітаптардың сканын қарап, жолдарды метрлік деңгейде тексеру қажет.

Салыстыру парсы және қазақ мәтіндерінің сюжеттік байланысының бар екенін көрсетеді. Лексикалық деңгейде «арыстан» және «қасқыр» образдары қаһармандық семантикасын жануарлық код арқылы жеткізеді. Алайда олар әртүрлі кейіпкерлерге қатысты: арыстан бейнесі Рүстемнің туу эпизодында, ал «қасқыр жүрек» Залдың тууына қатысты қазақша үзіндіде кездеседі. Сондықтан бұл образдарды аудармадағы өзара балама деп емес, дастандағы қаһармандық сипаттың әр эпизодта әртүрлі көркемдік құралдармен берілуі деп түсіндіру орынды.

Образдық деңгейде Фирдоуси Рүстемнің болашақ қаһармандығын оның ерекше тууы мен арыстанға теңелуі арқылы алдын ала белгілейді. Қазақша нұсқада Рүстемнің тууы «айбаты арыстандай» деген теңеумен және анасының қуанышымен беріледі; ал Залдың тууына қатысты үзіндіде қайсар жүрек пен болжамға екпін түседі. Мұнда ортақ тұс – қаһармандық қасиетті ерте жастан белгілеу, бірақ әр кейіпкерге қатысты поэтикалық амалдар бөлек талдануы керек.

Ырғақтық деңгейде абайлап тұжырымдау қажет. «Шаһнама» дәстүрлі мутакариб өлшемімен жазылған маснауи болғанымен, Тұрмағамбет мәтінінің дәл осы жолдарының буын санын, ұйқасын және ырғақтық кідірістерін басылымның нақты жолға бөлінуімен салыстырмай тұрып толық қорытынды жасауға болмайды. Қазақша үзінділердегі синтаксистік параллелизм, теңеу мен нақылдық интонацияны байқауға болады, бірақ оларды метрлік эквиваленттіліктің дәлелі ретінде ұсынбаймыз.

5. Ұлттық интерпретация және назиралық шығармашылық

Тұрмағамбет мәтініндегі ұлттық интерпретацияны түсіндіру үшін «аударма», «еркін қайта жырлау» және «назира» ұғымдарын ажырата қолдану керек. Аудармада түпнұсқаның мазмұны мен тілдік бірліктерін басқа тілде жеткізу мақсаты алдыңғы орынға шықса, еркін қайта жырлауда сюжеттік негіз сақталып, көркемдік құралдарды өзгертуге мүмкіндік беріледі. Назира дәстүрінде бұрынғы белгілі шығармаға жауап беру, оны жаңа тілдік ортада қайта жасау және авторлық дербестік таныту маңызды.

М. Әуезовтің «Рүстем-Дастанды» Фирдоуси үлгісімен Тұрмағамбеттің өзі өлең етіп жазған қазақша нұсқа деп бағалауы шығарманың дербес көркемдік табиғатын тануға мүмкіндік береді [3, 3–7-бб.]. Осы ұстаным Тұрмағамбет мәтінін парсы түпнұсқасының әрбір сөзіне сәйкес келетін аударма ретінде тексерудің орнына, ортақ мотивтердің қазақша жыршылық дәстүрде қалай өрілгенін зерттеуді талап етеді.

«Айбаты арыстандай» және «қасқыр жүрек» тәрізді тіркестер ұлттық интерпретацияны тілдік-образдық деңгейде талдауға негіз болады. Дегенмен, бір-екі мысал арқылы бүкіл дастанның поэтикалық жүйесі толық өзгертілген деп тұжырым жасауға болмайды. Мұндай қорытынды үшін шығарманың басқа эпизодтарын, кейіпкерлер сөзін, баяндаушы үнін, эпитеттер мен тұрақты тіркестерді жүйелі түрде салыстыру қажет.

Тұрмағамбет нұсқасын қазақтың батырлық жырларымен байланыстыру да ықтимал зерттеу бағыты. Бірақ қазақ эпосындағы ұқсас теңеулер мен қаһармандық формулалар нақты параллель мәтіндер арқылы дәлелденуі керек. Бұл мақалада ұлттық интерпретацияның дәлелденген белгілері ретінде тек берілген үзінділердегі тілдік амалдар көрсетіледі; ал олардың бүкіл қазақ дүниетанымына ортақ екені жөніндегі кең тұжырымдар зерттеу шегінен тыс қалдырылады.

Қорытынды

Фирдоусидің «Шаһнамасы» мен Тұрмағамбет Ізтілеуұлының «Рүстем-Дастанындағы» қаһармандық идеалды салыстыру Рүстем бейнесінің бірнеше ортақ эпикалық белгісін анықтауға мүмкіндік береді. Парсы мәтінінде Рүстемнің дүниеге келуі ерекше оқиға ретінде суреттеліп, «نره شیر» және «شیرفش» тәрізді тіркестер оның болашақ күшін арыстан бейнесімен байланыстырады. Бұл – қаһармандықты алдын ала болжау және жануарлық метафора арқылы сомдау тәсілі.

Тұрмағамбет Ізтілеуұлының «Рүстем-Дастанындағы» «айбаты арыстандай» теңеуі Фирдоуси мәтініндегі арыстан бейнесімен мотивтік деңгейде үндеседі. Ал «қасқыр жүрек» тіркесі Рүстемнің емес, оның әкесі Залдың туу эпизодына қатысты. Сондықтан екі үзіндіні бір-бірінің тура аудармалық баламасы деп қарастыруға болмайды; олар дастандағы қаһармандықтың әулеттік жалғасын әртүрлі образдар арқылы танытады.

Салыстырудың маңызды нәтижесі – Тұрмағамбет мәтініндегі қаһармандық бейне дене күшін ғана емес, мінезді, болашақ ерлікке қатысты болжамды және әке мен бала желісіндегі сабақтастықты да қамтиды.

Рүстемнің тууы, жорықтары, әкелік қатынасы және батырлық шешімдері туралы эпизодтар жүйелі түрде іріктеліп, парсы түпнұсқасымен салыстыруға болады. Мұндай колляция ұлттық интерпретацияның лексикалық, образдық, композициялық және ырғақтық деңгейлерін дәлірек анықтауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ізтілеуұлы Т. Рүстем-Дастан: Фердауси «Шаһнамасының» желісімен жазылған қаһармандық жыр. Бірінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2004. – 336 б. – ISBN 9965-701-67-9.

2. Ізтілеуұлы Т. Рүстем-Дастан: Фердауси «Шаһнамасының» желісімен жазылған қаһармандық жыр. Екінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2004. – 328 б. – ISBN 9965-701-68-7.

3. Әуезов М. Алғы сөз // Ізтілеуұлы Т. Рүстем-Дастан. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1961. – Б. 3–7.

4. Кумисбаев У. Турмагамбет Изтлеуов и его «Рустем-дастан». – Алма-Ата: Наука КазССР, 1982. – 144 с.

5. Карбозов Е. К. Т. Ізтілеуов шығармашылығындағы адамгершілік мәселелер: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу

үшін дайындалған диссертация автореферaты: 10.01.02 – қазақ әдебиеті. – Алматы, 2005. – 24, [4] б.

6. Жанбершиева Ұ. Н., Оралова Г. С., Төлебаева А. Т. Фирдоуси «Шаһнамасы» және Тұрмағамбет // Керуен. – 2024. – № 2 (83). – Б. 174–183. – DOI: https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.2-13.

7. شاهنامه .فردوسی، ابوالقاسم .منوچهر، بخش ۲۵[Электрондық мәтін]. – گنجور. – URL: https://ganjoor.net/ferdousi/shahname/manoochehr/sh25 (қаралған күні: 14.10.2026).

8. شاهنامه .فردوسی، ابوالقاسم .منوچهر، بخش ۲۶[Электрондық мәтін]. – گنجور. – URL: https://ganjoor.net/ferdousi/shahname/manoochehr/sh26 (қаралған күні: 14.10.2026).

9. Күмісбаев Ө. Тұрмағамбет Ізтілеуұлының «Шахнамасы» [Электрондық ресурс] // Абай.kz. – URL: https://abai.kz/post/6218 (қаралған күні: 14.10.2026).

10. فردوسی، ابوالقاسم. شاهنامه: متن انتقادی / زیر نظر ا. ا. برتلس و ا. نوشین. – مسکو: انتشارات ادبیات شرقی؛ نائوکا، ۱۹۶۰–۱۹۷۱. – جلد ۱–۹.

11. خالقی مطلق، جلال. داستان رستم و سهراب / به کوشش محمد افشین وفایی و پژمان فیروزبخش. – تهران: سخن، ۱۳۹۳. – ۳۴۲ ص.

12. صفا، ذبیح‌الله. حماسه‌سرایی در ایران: از قدیمی‌ترین عهد تاریخی تا قرن چهاردهم هجری. – تهران: امیرکبیر، ۱۳۸۷.

Саймағанбетов Берік Рахманұлы
ҚР Мәдениет қайраткері, жырау,
дәстүрлі өнер және фольклор зерттеушісі,
Қазақстан Республикасы

ТҰРМАҒАНБЕТ ІЗТІЛЕУҰЛЫНЫҢ «ШАҺНАМАСЫ» ШЫҒЫС ӘЛЕМІ МЕН ҚАЗАҚСТАН АРАСЫНДАҒЫ МӘДЕНИ ДИАЛОГ ЕСКЕРТКІШІ РЕТІНДЕ: ТАРИХИ МӘНІ ЖӘНЕ МҰРАСЫ

Аңдатпа. Мақалада Тұрмағамбет Ізтілеуұлы жасаған «Шаһнама» шығармасының қазақша нұсқасының парсы эпикалық дәстүрі мен қазақ поэзиясының өзара ықпалдастығы аясындағы тарихи-мәдени маңызы қарастырылады. Әдебиеттану зерттеулеріне сүйене отырып, қазақ әдебиетіндегі «Шаһнама» сюжеттерінің игерілу тарихы, шығарманың назира дәстүрімен байланысы және оның поэтикалық құрылымының жекелеген ерекшеліктері талданады. «Рүстем-Дастанды» шығыстық сюжетті жеткізу үлгісі ретінде ғана емес, ұлттық мәдени ортада әдеби мұраны өзіндік көркемдік тұрғыдан игеру нәтижесі ретінде қарастыру қажеттігіне ерекше назар аударылады.

Кілт сөздер: *Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Фирдоуси, «Шаһнама», «Рүстем-Дастан», назира дәстүрі, қазақ әдебиеті, мәдени диалог, эпос.*

Мәдени мұра – халықтың тарихи жадын қалыптастыратын маңызды құрамдас бөлік. Ол халықтың дүниетанымдық ерекшеліктерін, рухани құндылықтарын және өзге өркениеттермен өзара байланысын бейнелейді. Бір тілдік және мәдени ортадан екіншісіне ауысқан әдеби шығармалар көркемдік өрнектің жаңа түрлеріне ие болып, ұлттық дәстүрдің бір бөлігіне айналуы мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда, парсы ақыны Әбілқасым Фирдоусидің эпикалық мұрасы негізінде Тұрмағамбет Ізтілеуұлы (1882–1939) жасаған «Шаһнама» шығармасының қазақша нұсқасы ерекше қызығушылық тудырады.

«Шаһнама» («Патшалар кітабы») Иранның өткен тарихы туралы мифологиялық сюжеттерді, аңыздық баяндарды және тарихи түсініктерді қамтиды. Эпоста ерлік, әділдік, билік пен жауапкершілік, адалдық және моральдық таңдау тақырыптары ашылады. Ғасырлар бойы шығарма парсы әдебиеті дәстүрінен тыс танылып, оның сюжеттері мен образдары Орталық Азия халықтарының әдебиеті мен фольклорынан көрініс тапты.

Тұрмағамбет Ізтілеуұлы – қазақ поэзиясының шығыс классикасын игеру үдерісінде ерекше орын алатын тұлға. Оның 1930 жылдары жасаған «Шаһнама» шығармасының қазақша өлеңдік нұсқасы негізінен «Рүстем-Дастан» атауымен белгілі. Зерттеу әдебиеттерінде бұл еңбектің жалпы көлемі шамамен 40 мың жол деп бағаланады, ал «Рүстем-Дастан» оның бір бөлігі ретінде қарастырылады. Қазақша мәтіннің Фирдоуси шығармасымен

арақатынасы мәселесі сюжетті жеткізумен ғана шектелмей, шығыстық эпикалық материалды шығармашылық тұрғыдан түсіндіру мәселесін де қамтиды.

Тұрмағамбеттің шығармашылығы мен оның туындысының Фирдоуси мұрасымен байланысына арналған зерттеулер болғанымен, мәселенің тарихи-мәдени қырын қазақша нұсқаның әдеби алғышарттары және көркемдік ерекшеліктерімен бірге қарастыру қажет. Осы мақаланың мақсаты – Тұрмағамбеттің «Шаһнама» шығармасының парсы эпикалық дәстүрі мен қазақ поэзиясы дәстүрінің өзара ықпалдастығы аясындағы тарихи-мәдени маңызын айқындау. Осы мақсатқа жету үшін сюжетті игерудің бұған дейінгі үлгілері, ақынның шығармашылық ұстанымының ерекшеліктері және туындының поэтикалық құрылымының жекелеген элементтері қарастырылады.

Тұрмағамбет Істілеуұлы шығармашылығы Сырдария өңірінің әдеби ортасымен, жыраулар поэзиясы және шығыстық жазба мәдениеттің өзара ықпалдастығы аясында қалыптасқан. Бұл өңірдің дәстүрінде поэзия тек көркемдік қызмет атқарып қана қоймай, ағартушылық міндет те атқарды: шығармалар арқылы адамгершілік туралы түсініктер, тарихи жады мен мәдени құндылықтар ұрпақтан ұрпаққа жеткізілді.

Тұрмағамбеттің шығыс әдебиетімен таныстығы оның парсы және түркі жазба мәдениетінде кеңінен танылған сюжеттер мен образдарға жүгінуіне ықпал етті. Сондықтан ақынның шығармашылығын оқшау қарастырмай, Қазақстанның Орталық Азия халықтарымен және кеңірек шығыстық әдеби кеңістікпен мәдени байланыстары аясында зерделеу маңызды.

Ақын мұрасында «Шаһнама» шығармасының қазақша нұсқасы ерекше орын алады. Әдебиеттану еңбектерінде бұл туындыны сөзбе-сөз аудармаға ғана теңестіруге болмайтыны атап көрсетіледі. Зерттеулерде Мұхтар Әуезовтің Тұрмағамбет еңбегін Фирдоуси үлгісінде жазылған Рүстем туралы дастанның қазақша нұсқасы ретінде бағалағаны да айтылады [3]. Мұндай сипаттама ақынды әдеби мәдениеттер арасындағы дәнекер ретінде ғана емес, шығыс классикасымен шығармашылық диалогқа түскен дербес қаламгер ретінде де қарастыруға мүмкіндік береді.

«Шаһнама» – парсы эпикалық әдебиетінің аса көрнекті мұраларының бірі. Оның мәдени ықпалы жазба мәтіндер арқылы ғана емес, ауызша баяндау, өлеңмен қайта жырлау және әдеби тұрғыдан өңдеу арқылы да таралды. Қазақ мәдениетінде шығыс классикасын қабылдау жазба білім, ауызша эпикалық шығармашылық, жыраулар мен шайырлар поэзиясының өзара ықпалдастығы жағдайында жүзеге асты.

Ө. Күмісбаев атап өткендей, Иран эпосының сюжеттері мен мотивтері қазақ фольклоры мен жазба әдебиетіне еніп, ұлттық көркемдік дәстүр аясында одан әрі дамыды [4]. Әсіресе Рүстем туралы жырлар кеңінен танымал болды. Зерттеуші оның қаһармандық бейнесін қазақ эпосындағы батырлар образдарымен салыстырады. Мұндай параллельдер жекелеген эпикалық тақырыптардың мәдени жақындығын көрсеткенімен, әртүрлі

дәстүрлердегі сюжеттер мен кейіпкерлердің толықтай бірдей екенін білдірмейді.

«Shahnama» сюжеттеріне жүгіну Тұрмағамбеттің шығармашылығына дейін де болған. Зерттеулерде эпостың жекелеген эпизодтары мен сюжеттеріне қалам тартқан Ораз молла мен Мұхамеджан Сералиннің есімдері аталады [3; 4]. Осы тұрғыдан алғанда, Тұрмағамбет шығармасын Қазақстанда шығыс классикасын игерудің ұзаққа созылған үдерісіндегі маңызды кезең ретінде қарастыруға болады. Оның шығармашылығының өзіндік ерекшелігі поэтикалық ойының ауқымымен және Сыр өңірі стилінде баяндау үлгілеріне бағдарланған қазақша нұсқа жасауымен байланысты.

«Рүстем-Дастанның» дүниеге келуін шығыстық назира дәстүрі аясында қарастыру қалыптасқан. Назира – автордың белгілі бір шығармаға, сюжетке немесе көркемдік үлгіге сүйене отырып, авторлық дербестігі бар жаңа туынды жасауы. Мұндай жағдайда бастапқы сюжеттің сақталуымен қатар, шығармашылық материалдың өзге тілдік және мәдени ортада қалай интерпретацияланғаны да маңызды. Сонымен бірге Тұрмағамбет пайдаланған нақты дереккөздер туралы мәселені сақтықпен қарастыру қажет. Қолда бар зерттеулер шығыстық эпикалық материалдың шығармашылық тұрғыдан қайта өңделгенін көрсеткенімен, ақын тек парсы тіліндегі түпнұсқамен тікелей жұмыс істеді деп қосымша тексерусіз тұжырым жасауға жеткілікті негіз бермейді.

Қазақша нұсқаның дербестігі сюжетті игеру сипатынан ғана емес, поэтикалық баяндаудың құрылымынан да көрінеді. Р. Уразбаева өз зерттеуінде он бір буынды өлең өлшемінің, төрт тармақты шумақтардың қолданылуын, сондай-ақ кейіпкерлердің мінезін ашуда диалогтер мен монологтердің маңызды рөл атқаратынын атап көрсетеді [3]. Диалогтер мен монологтер кейіпкерлердің ішкі толғаныстарын, іс-әрекетінің себептерін және бағалауларын тікелей білдіруге мүмкіндік береді. Қазақтың поэзиялық дәстүрімен үндесетін өлеңдік құрылым шығыстық эпикалық сюжетті ұлттық оқырманға жақын көркемдік қабылдау жүйесіне енгізуге ықпал етеді. Зерттеушілер кейіпкерлерді, тұлпарларды, шайқастарды және махаббат сезімдерін суреттеуде қазақтың мәдени ортасына жақын бейнелеу құралдарының қолданылғанына да назар аударады [3]. Дегенмен бейімдеудің нақты тәсілдерін айқындау үшін шығарманың жекелеген эпизодтарын мәтіндік тұрғыдан талдау қажет.

«Рүстем-Дастанның» көркемдік ерекшелігін қазақ поэзиясына тән көркемдік өрнек құралдарының өзара ықпалдастығы арқылы қарастырған жөн. Мұндай көзқарас «аударма» мен «түпнұсқа шығарма» ұғымдарын бір-біріне қарама-қарсы қоюдан сақтайды. Қазақша нұсқа Фирдоусидің эпикалық әлемімен байланысын сақтай отырып, Тұрмағамбеттің шығармашылық даралығын және туынды дүниеге келген әдеби ортаның ерекшеліктерін де танытады.

Тұрмағамбеттің «Shahnama» шығармасының тарихи-мәдени маңызы оның шығыс әдебиеті мұрасын қазақ оқырманына жеткізудің бір үлгісіне

айналуымен айқындалады. Шығарманың тарихы парсы және қазақ дәстүрлері арасындағы мәдени алмасудың біржақты кірме ықпалымен шектелмегенін көрсетеді. Белгілі сюжеттер жаңа тілдік және көркемдік жүйелерге енгізіліп, ұлттық мазмұнмен толықтырылып, өзіндік көркемдік сипатқа ие болды.

Бұл туынды мәдени жадыны зерттеуге де негіз бола алады. Эпикалық образдар мен олармен сабақтас батырлық, әділдік, адалдық және жауапкершілік туралы түсініктер арқылы шығарма әртүрлі дәстүрлер үшін маңызды құндылықтарға назар аударады. Сонымен бірге оның мазмұнын нақты тарихи контексте қарастыру қажет. Парсы эпосының барлық элементтері қазақ оқырманы тарапынан бірдей қабылданды деп алдын ала тұжырым жасауға болмайды.

Тұрмағамбет еңбегінің маңызы қазақ авторының әлемдік классикалық мұраны игерудегі белсенді рөлін танытуымен де айқындалады. Ақын өзге мәдениетке тиесілі сюжетті жеткізуші ғана емес, әдеби мұраның жаңа көркемдік сипатқа ие болу үдерісіне қатысушы ретінде көрінеді. Сонымен қатар сюжеттің, образдар мен композицияның өзгеру ауқымы өте кең.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жанбершиева У., Оралова Г. С., Түлебаева А. Т. «Shahnama» Фирдоуси и Тұрмағамбет // Keruen. 2024. Т. 83, № 2. С. 174–183. DOI: 10.53871/2078-8134.2024.2-13.

2. Істілеуов Т. Рүстем-Дастан. Алматы: Жазушы, 1961.

3. Істілеуов Т. Shahnama. Рүстем-Дастан. Алматы: Жазушы, 2004.

4. Уразбаева Р. «Shahnama» в переводе поэта Тұрмағамбета // Вестник КазНУ. Серия востоковедения. 2009. Т. 47, № 2.

5. Бисенбаев П. Традиционные мотивы в дастане «Рустам и Сухраб» // Eurasian Journal of Philology Science and Education. 2015. Т. 155, № 3.

Құндақбаева Ләйлі Шегебайқызы
Филология ғылымдарының кандидаты,
«НЗМ» ДББҰ «Білім беру бағдарламалары орталығы»
филиалының редакциялық бөлім сарапшысы,
Қазақстан Республикасы

ТҰРМАҒАМБЕТ ІЗТІЛЕУҰЛЫНЫҢ «ШАҺНАМА» НҰСҚАСЫ: ГЕНЕЗИСІ, ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ

Аңдатпа. Мақалада Тұрмағамбет Ізтілеуұлының «Шаһнама» желісінде жырланған шығармасының қалыптасу негіздері, әдеби-мәдени бастаулары және зерттелу тарихы қарастырылады. Фирдоусидің «Шаһнама» эпопеясының генезисі, оның негізінде жатқан ежелгі ирандық мифтер, тарихи аңыздар, патшалар шежіресі мен батырлық эпикалық дәстүрлер талданады. Шығыстық эпикалық мұраның Орта Азиядағы парсы-түркі әдеби байланыстары арқылы қазақ әдеби ортасына таралуы және Тұрмағамбет шығармашылығындағы көркемдік жалғастық мәселесі сараланады. Ақынның Фирдоуси шығармасының сюжеттік желілерін қазақтың ұлттық дүниетанымына, поэтикалық дәстүріне және тілдік ерекшеліктеріне бейімдеп қайта жырлау тәсілдері айқындалады. Осы тұрғыдан алғанда, Тұрмағамбеттің «Шаһнама» нұсқасын түпнұсқамен сабақтас, өзіндік көркемдік жүйесі бар авторлық эпикалық туынды ретінде қарастырудың ғылыми негіздері пайымдалады. Сонымен қатар М. Байділдаев, М. Әуезов, Ө. Тұрманжанов, Ө. Күмісбаев және кейінгі зерттеушілердің еңбектері негізінде шығарманың жариялану және зерттелу кезеңдері жүйеленеді. Зерттеу нәтижесінде Тұрмағамбет мұрасының қазақ әдебиетіндегі шығыстық эпикалық дәстүрді игеру, ұлттық поэтикалық ойлау жүйесімен сабақтастыру және мәдениеттер арасындағы әдеби байланысты дамыту тұрғысынан маңызы тұжырымдалады.

Түйін сөздер: Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Фирдоуси, «Шаһнама», эпикалық дәстүр, шығарма генезисі, әдеби байланыс, көркемдік интерпретация.

Кіріспе

Тұрмағамбет Ізтілеуұлының шығармашылық мұрасындағы көлемді әрі көркемдік тұрғыдан айрықша туындылардың бірі – Фирдоусидің «Шаһнама» эпопеясының сюжеттік желілерімен сабақтас «Рүстем-Дастан» шығармасы. Бұл туынды қазақ әдебиетінің шығыстық әдеби мұраны игеру тарихында маңызды орын алады. Оның көркемдік табиғатын, қалыптасу жолдарын және әдеби-тарихи маңызын анықтау үшін шығарманың тек сюжеттік негізін ғана емес, сонымен бірге оны дүниеге әкелген мәдени ортаны, эпикалық дәстүрлер сабақтастығын және ақынның шығармашылық ұстанымын кешенді түрде қарастыру қажет.

Фирдоусидің «Шаһнамасы» – бір ғана автордың қиялынан туған туынды емес, ұзақ тарихи кезеңдер бойы жинақталған мифологиялық түсініктердің, тарихи аңыздардың, батырлық хикаялар мен шежірелік деректердің көркемдік тұрғыдан қорытылуы нәтижесінде қалыптасқан эпикалық мұра. Оның сюжеттері мен кейіпкерлерінің бастауында ежелгі Иран мен Тұран кеңістігінде тараған халықтық әңгімелер, тарихи жад және ауызша жырлау дәстүрі жатыр. Осы тұрғыдан алғанда, Фирдоуси шығармасының генезисін зерделеу Тұрмағамбет нұсқасының әдеби бастауларын анықтауға мүмкіндік береді.

Тұрмағамбет Ізтілеуұлының шығармашылық мұрасын қарастыруда ақынның шығыс әдебиетін терең меңгергені, парсы және түркі әдеби дәстүрлерімен таныстығы, қазақтың қисса-дастан өнерін жетік игергені ерекше мәнге ие. Ол шығыстық сюжетті қазақ тіліне жеткізумен шектелмей, оны ұлттық поэтикалық дәстүр аясында қайта пайымдап, өзіндік көркемдік сипат қалыптастырды. Сондықтан ақынның «Шаһнама» желісіндегі шығармасын зерттеу аударматану, салыстырмалы әдебиеттану және қазақ әдебиетінің тарихи поэтикасы үшін өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Мақаланың мақсаты – Тұрмағамбет Ізтілеуұлының «Шаһнама» желісіндегі шығармасының қалыптасу арналары мен зерттелу тарихын жүйелеу, Фирдоуси эпопеясымен сабақтастығын және ақынның авторлық-көркемдік ұстанымын айқындау.

Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылады: Фирдоусидің «Шаһнама» эпопеясының генезисіне қатысты ғылыми тұжырымдарды саралау; Рүстем бейнесінің эпикалық бастауларын қарастыру; Тұрмағамбеттің шығыстық әдеби мұраны игеруіне ықпал еткен әдеби-мәдени ортаны сипаттау; «Рүстем-Дастанның» аударма мен авторлық қайта жырлау аралығындағы көркемдік табиғатын талдау; шығарманың жариялану және зерттелу кезеңдерін жүйелеу; оның қазақ әдебиетіндегі орны мен маңызын тұжырымдау.

Зерттеудің әдіснамалық негізін тарихи-әдеби, салыстырмалы-типологиялық, генетикалық және мәтіндік талдау әдістері құрайды. Бұл әдістер Фирдоуси мен Тұрмағамбет шығармаларының сабақтастығын, сюжеттік ұқсастықтары мен көркемдік айырмашылықтарын, сондай-ақ шығыстық эпикалық дәстүрдің қазақ әдеби ортасында жаңаша игерілу ерекшеліктерін қарастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің ғылыми маңызы Тұрмағамбет нұсқасының қалыптасу арналары мен зерттелу тарихын өзара сабақтастықта қарастырып, оны түпнұсқаны жеткізудің қарапайым үлгісі емес, ұлттық әдеби ортада қайта көркемделген эпикалық туынды ретінде пайымдаумен айқындалады.

1. Фирдоусидің «Шаһнама» эпопеясының генезисі және эпикалық дәстүр сабақтастығы

Тұрмағамбет Ізтілеуұлының «Шаһнама» дастанының табиғатын түсіну үшін алдымен Фирдоусидің «Шаһнамасының» генезисіне тоқталу қажет. Бұл орайда Фердоуси шығармашылығын ең алдымен зерттеген Низами Арузи,

А.А. Стариков, А.Н. Болдырев, А.Е. Крымский, Е.Э. Бертельс, В. Жуковский сияқты ғалымдардың есімдерін ерекше атап өткен жөн. Аталмыш еңбектерге шолу жасағанда, «Шаһнама» эпопеясының қалыптасуы мен тарихи-мәдени негіздеріне қатысты маңызды мәселелер қарастырылған. Бұл зерттеулерді салыстыра зерделеу эпопеяның ұзақ уақыт бойы қалыптасқан эпикалық дәстүрлерді жинақтау және көркемдік тұрғыдан жүйелеу нәтижесінде дүниеге келгенін аңғартады.

А.А. Стариковтің зерттеуінде Фирдоусиге дейінгі Шығыс Иран мен Орта Азия кеңістігінде тараған эпикалық жырлар мен аңыздардың маңызына назар аударылады [1; 471-473-бб.]. Ал «Тарих-и Систан» деректерінде Фирдоуси дәуіріне дейін патшалар мен батырлар туралы хикаялардың, шежірелік әңгімелердің және тарихи мазмұндағы мәліметтердің жинақталғаны жөнінде деректер кездеседі [2]. Бұл мәліметтер «Шаһнаманың» қалыптасуында жазба мұрамен қатар ауызша дәстүрдің де маңызды рөл атқарғанын пайымдауға негіз болады.

Аталған дереккөздерге сүйене отырып, «Шаһнаманың» генезисін мынадай жүйемен түсіндіруге болады: «халықтық мифтер мен аңыздар – батырлық эпос – шежірелік және тарихи әңгімелер – жазба жинақтар – Фирдоусидің авторлық көркемдік жүйесі». Бұл тізбекті барлық сюжеттерге бірдей қолданылатын қатаң хронологиялық сызба үлгісі емес, біз мұны шығарманың қалыптасуына ықпал еткен мәдени-әдеби қабаттарды жинақтап көрсететін үлгі ретінде көрсетіп отырмыз. Фирдоусидің шығармашылық қызметі бұрыннан бар сюжеттерді қарапайым түрде біріктірумен шектелмейді. Ақын әртүрлі дәуірлерде қалыптасқан аңыздар мен тарихи әңгімелерді біртұтас эпикалық құрылымға түсіріп, олардың мазмұнын көркемдік тұрғыдан қайта құрылымдады. Соның нәтижесінде «Шаһнама» халықтың тарихи жадын, батырлық идеалдарын, билік пен әділет туралы түсініктерін және адамгершілік мәселелерін қамтитын күрделі көркем туындыға айналды.

«Шаһнама» генезисіндегі маңызды арналардың бірі – Систан өңірімен байланысты Рүстем туралы эпикалық аңыздар. Рүстем бейнесінің Фирдоуси шығармасына дейінгі дәстүрлермен байланысы оның эпопеядағы орнын тарихи-мәдени тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл кейіпкерді тек жеке батырдың бейнесі ретінде емес, белгілі бір аймақтың эпикалық жадын, қаһармандық идеалын және халықтық дүниетанымын бойына жинақтаған көркем тұлға ретінде қарастыруға болады.

Ж. Дәдебаев А.Н. Болдырев еңбектеріне сүйене отырып, Систан өңіріндегі батырлық аңыздардың «Шаһнама» эпопеясының рухани бастауларының бірі болғанын атап көрсетеді [3; 4-б.]. Зерттеушінің пайымдауынша, Систанның батырлары туралы аңыздар мен жырлар кейінгі жазба жинақтарға еніп, Фирдоуси шығармасының қалыптасуына негіз болған эпикалық қордың құрамын толықтырған. Демек, Рүстем бейнесі халықтық аңыздар мен жазба эпикалық дәстүрдің өзара ықпалдастығы нәтижесінде қалыптасқан. Фирдоуси осы мұраны шығармашылық тұрғыдан игеріп, кейіпкердің көркемдік қызметін кеңейткен. Рүстемнің эпикалық тұлға ретінде орнығуы

ауызша дәстүрдің жазба әдебиетке өтуі барысында сюжет пен кейіпкердің жаңа көркемдік сипат иеленетінін көрсетеді.

Осы ерекшелік Тұрмағамбет нұсқасының қалыптасу жолдарын қарастыруда да маңызды. Өйткені Рүстем туралы сюжеттер қазақ оқырманына тек Фирдоусидің мәтіні арқылы ғана емес, шығыстық қисса-дастандар мен ауызша жырлау дәстүрі арқылы да таныс болған. Сондықтан Тұрмағамбеттің шығармашылық тәжірибесін бір ғана мәтіннің ықпалымен шектеу оның әдеби-мәдени ортасын толық түсіндіре алмайды.

2. Тұрмағамбет Ізтілеуұлының шығармашылық ортасы және «Shahнама» желісін игеру ерекшелігі

Тұрмағамбет Ізтілеуұлының шығармашылық тұлғасын қалыптастырған негізгі факторлардың бірі – оның шығыс әдебиетін терең меңгеруі. Ақынның Бұхарадағы оқу кезеңі, парсы және түркі әдеби мұраларымен таныстығы, классикалық шығыс поэзиясына деген қызығушылығы оның көркемдік дүниетанымының қалыптасуына ықпал етті.

М. Байділдаев: «Тұрмағанбет Бұхара қаласының бай кітапханасынан өзіне керекті мәдени мұралар – кітаптарын тауып алып молынан пайдаланады. Әсіресе Фердаусидің атақты «Shahнамасын», Омар Хайям мен Хожа Хафиз Ширазидің сұлу сазды нәзік лирикасын, Шайхы Сағдидің «Гүлстан» мен «Бостанын», Низамидің «Ләйла–Мәжнүні» мен Навоидың «Фархад—Шырынын», Аллаяр мен Физулидің, Жәми мен Беділдің қисапсыз, мол дүниелерін мейірлене оқып сусындайды. Бируни, Ависценна, Бабур, Ұлықбек сынды философтар мен тарихшылар оның сүйікті авторлары саналып, олардың асыл қазыналарына да терең зер салып ерінбей ақтарады», – дейді [4; 14-б.]. Бұл мәліметтер Тұрмағамбеттің әдеби тәжірибесін тек қазақтың ауызша поэзиясымен ғана емес, Орта Азиядағы жазба әдебиет дәстүрлерімен де байланыстыра қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Ақынның шығыстық мұраны игеру ерекшелігін түсіну үшін оның әдеби ортасын бірнеше өзара сабақтас арна арқылы қарастыруға болады. Бірінші арна – ежелгі Иран мен Тұран кеңістігіндегі мифологиялық және эпикалық сюжеттер. Екінші арна – Фирдоусидің «Shahнама» эпопеясы және оның құрамындағы Рүстем туралы оқиғалар. Үшінші арна – Орта Азиядағы парсы және түркі әдебиеттерінің өзара байланысы. Төртінші арна – қазақтың қисса-дастан дәстүрі. Бесінші арна – Сыр бойындағы ақындық мектептің көркемдік тәжірибесі. Алтыншы арна – Тұрмағамбеттің жеке шығармашылық ұстанымы, тілдік шеберлігі және ұлттық дүниетанымы.

Аталған арналар бір-бірінен оқшау тұрған құбылыстар емес. Олар ақынның шығармашылық тәжірибесінде өзара ықпалдасып, шығыстық сюжетті қазақ тілінде жаңаша жырлауға мүмкіндік берді. Бұл үдерісті дайын мәтінді қабылдау мен оны жаңа әдеби ортада қайта жасау арасындағы күрделі шығармашылық байланыс ретінде түсінген жөн.

Фирдоуси мен Тұрмағамбет әртүрлі тарихи кезеңдерде өмір сүріп, түрлі мәдени ортада еңбек еткенімен, олардың шығармашылық тәжірибесінде белгілі бір типологиялық ұқсастық бар. Фирдоуси өзіне дейінгі аңыздар мен

тарихи әңгімелерді біртұтас эпикалық жүйеге біріктірсе, Тұрмағамбет шығыстық сюжетті қазақтың поэтикалық дәстүріне бейімдеп, ұлттық тілдің көркемдік мүмкіндіктерін пайдаланды. Бұл ұқсастықты олардың шығармалары бірдей немесе бір-бірінің тікелей көшірмесі деген мағынада түсінуге болмайды. Әңгіме әр дәуірдегі ақындардың бұрыннан бар мәдени мұраны өз әдеби ортасының көркемдік талаптарына сай игеру тәсілдеріндегі типологиялық жақындық туралы болып отыр. Олардың шығармашылық сабақтастығынан *жинақтау, сұрыптау, көркемдік өңдеу, жаңа әдеби ортаға бейімдеу, авторлық нұсқа жасау* сияқты ортақ принциптерді байқауға болады.

Тұрмағамбет нұсқасының қалыптасу үдерісін шартты түрде мынадай тізбекпен көрсетуге болады: *Шығыстық эпикалық мұра → Фирдоусидің «Шаһнамасы» және Рүстем туралы сюжеттер → Орта Азиядағы парсы-түркі әдеби байланыстары → қазақтың қисса-дастан дәстүрі → Сыр бойындағы ақындық орта → Тұрмағамбеттің шығармашылық интерпретациясы.*

Бұл модель шығарманың нақты мәтіндік тарихын толық алмастырмайды. Дегенмен ол Тұрмағамбет туындысының бірнеше әдеби-мәдени дәстүр тоғысқан ортада қалыптасқанын түсіндіруге көмектеседі.

3. «Рүстем-Дастанның» көркемдік табиғаты: аударма және авторлық интерпретация мәселесі

Тұрмағамбет Істілеуұлының «Шаһнама» желісіндегі шығармасын зерттеудегі басты мәселелердің бірі – оның жанрлық және мәтіндік табиғатын анықтау. Шығарма Фирдоусидің «Шаһнамасымен» сюжеттік тұрғыдан тығыз байланысты болғандықтан, оны аударма ретінде бағалау қалыптасқан түсініктердің бірі болып көрінуі заңды. Алайда туындының көркемдік сипатын, оқиғалардың берілу тәсілін және ұлттық поэтикалық ерекшеліктерін ескергенде, мәселені тек аударма ұғымымен шектеу жеткіліксіз.

М. Әуезов «Рүстем-Дастанды» Фирдоусидің «Шаһнамасынан» тікелей жасалған аударма ретінде қарастырмай, Фирдоуси дәстүрімен сабақтастырып, Тұрмағамбеттің өзі қазақша өлеңмен қайта жырлаған шығарма ретінде бағалайды [5, 7-б.]. Бұл тұжырым Тұрмағамбет нұсқасының әдеби табиғатын анықтауда маңызды әдіснамалық бағдар болып табылады.

Ж. Дәдебаев та осы пікірді қолдай отырып, Тұрмағамбеттің шығармасын Фирдоуси мәтінінің қарапайым аудармасы ретінде емес, дереккөздерді шығармашылық тұрғыдан игеру нәтижесінде қалыптасқан авторлық туынды ретінде қарастыру қажеттігін атап көрсетеді. Ол: «Тұрмағамбет Істілеуұлының «Рүстем-Дастаны» Әбілқасым Фирдоусидің «Шаһнамасының» аудармасы емес. Біз қазақ әдебиеттануында М. Әуезов негіздеген осы қағиданы дұрыс деп білеміз. Әбілқасым Фирдоуси өзінің «Шаһнамасына» негіз болған дерек көздерін қалай жинаса, Тұрмағамбет Істілеуұлы да өзінің «Рүстем–Дастанына» арқау болар өмір құбылыстарының тобын ерінбей іздеп, қисапсыз мол дерек көздерін тапты», – дейді [3; 3-б.].

Дегенмен мұндай ұқсастықты Фирдоуси мен Тұрмағамбеттің шығармашылық әдістері толық сәйкес келеді деген тұжырымға негіз етуге болмайды. Олардың әрқайсысы өз дәуірінің әдеби дәстүрлері мен мәдени сұраныстарына сәйкес әрекет еткен. Сондықтан Тұрмағамбет нұсқасының ерекшелігін нақтылау үшін сюжеттік сабақтастықпен қатар, мәтіндік айырмашылықтарды, оқиғалардың берілу ретін, кейіпкерлердің сипатталуын, өлең құрылысы мен тілдік ерекшеліктерді салыстыра зерттеу қажет.

Тұрмағамбет шығыстық эпикалық сюжетті қазақ тілінің табиғатына, ұлттық дүниетанымға және жыршылық дәстүрге бейімдеді. Мұндай бейімдеу үдерісінде оқиғалардың баяндалу тәсілі, кейіпкерлердің әрекетін бағалау, ұлттық тұрмысқа жақын бейнелеу құралдарын қолдану және өленділік құрылымды ұйымдастыру сияқты көркемдік амалдардың маңызы зор. Ақынның ұлттық поэтикалық дәстүрге сүйенуі шығыстық сюжеттің бастапқы мазмұнын ғана жеткізумен шектелмей, оны қазақ оқырманына жақын көркемдік жүйеде қайта танытуына мүмкіндік берді. Осы тұрғыдан алғанда, Тұрмағамбеттің шығармашылық қызметі әдеби мұраны бір тілден екінші тілге көшірумен ғана өлшенбейді. Ол мәдениеттер арасындағы көркемдік байланысты жүзеге асырып, бұрыннан белгілі сюжетті жаңа әдеби ортада қайта түрлендіреді. Бұл ретте «аударма», «еркін аударма», «нәзира» және «авторлық интерпретация» ұғымдарының арақатынасын нақтылау қажет. Аталған ұғымдар өзара сабақтас болғанымен, олардың әрқайсысы мәтіннің түпнұсқамен байланысын әртүрлі деңгейде сипаттайды. «Рүстем-Дастанның» нақты қай тұстарда түпнұсқаға сүйенетінін, қай тұстарда оқиғалар өзгертіліп немесе кеңейтіліп берілетінін анықтау үшін екі мәтінді жүйелі салыстырмалы талдау қажет. Сондықтан, осы мақаламыздың аясында Тұрмағамбет шығармасын Фирдоуси эпопеясымен сабақтасқан, қазақтың ұлттық көркемдік дәстүрінде қайта жырланған авторлық эпикалық нұсқа ретінде қарастыруды біз де ұсынамыз. Бұл тұжырым түпнұсқамен байланысты жоққа шығармайды, керісінше, сюжеттік сабақтастық пен шығармашылық дербестіктің арақатынасын қатар ескеруге мүмкіндік береді.

4. «Shahnama» дастанының жазылу тарихы

Қазақ поэзиясының дәстүрлі негізі – жыр, толғау, терме, айтыс сияқты ауызша жанрлар. Қазақ жырында жиі кездесетін жеті-сегіз буынды өлшем, жолдардың тізбектеле ұйқасуы және ішкі ырғақ – аударма кезінде басты көркемдік ресурс. Жыраулық поэзия өкілдері – Асан Қайғы, Бұқар жырау, Доспамбет, Шалкиіз сияқты тұлғалардың шығармалары қазақ өлеңінің философиялық, үгіт-насихат, әлеуметтік-саяси мазмұнға бейімділігін көрсетеді. Осы ерекшелік шығыс дидактикалық поэзиясымен сабақтас болғандықтан, аудармашы үшін оны қазақ тіліндегі тұрақты стильмен жеткізу мүмкіндігі бар.

Екі жүйенің түйісетін тұсы – эпикалық баяндау. Парсы дастанында да, қазақ жырында да оқиға сюжеттік тізбекке құрылып, кейіпкердің өзіне тән сипаты қайталанатын эпитеттер мен теңеулер арқылы беріледі. Батырдың айбыны, жауына қарсы шапқан сәті, сөзге бай сұхбаты, соғыс алдындағы мақтаныш пен кеңес – барлығы ауызша және жазбаша эпосқа ортақ мотивтер. Осындай ұқсастықтар аудармашыға түпнұсқаны ұлттық жыр өлеңінің жолымен жеткізуге жағдай жасайды [2]. Дегенмен мұндай ұқсастықты сыртқы формалық жақындықпен шатастыруға болмайды: түпнұсқаның философиялық тереңдігі мен сөз қолданысындағы өзіндік ішкі заңдылықтар аудармада жеке ескерілуі тиіс.

5. Тұрмағамбет Ізтілеуов – Сыр бойы ақыны және аудармашы

Тұрмағамбет Ізтілеуов (1882–1939) – Сыр бойында дүниеге келген, ауыз әдебиеті мен жазба поэзияның тоғысуында қалыптасқан қазақ ақыны. Сыр өңірі қазақ рухани мәдениетінде ерекше орын алады: бұл – Қорқыт ата аңызымен, жыршылық және жыраулық мектептермен, діни-ағартушылық дәстүрлермен байланысты өңір. Осындай ортада өскен ақынның көркем сөзге деген қабілеті халық поэзиясының ырғағы мен тілдік қорына сүйенгені анық. Сондықтан оның «Шаһнама» сияқты көлемді эпикалық шығарманы қазақ тілінде жеткізуі кездейсоқ емес, заңды құбылыс ретінде бағалануы тиіс.

Аударма үшін ақыннан тек тілді білу емес, көркемдік талғам, поэтикалық шеберлік және ұлттық дүниетанымды терең сезіну талап етіледі. Көлемді эпикалық мәтінді тіл байлығын жоғалтпай, сюжет желісін үзбей, қазақ оқырманына таныс интонацияда жеткізу – жеке ақынның ғана емес, бүкіл әдеби ортаның ортақ жұмысына ұқсас үлкен еңбек. Т. Ізтілеуов осы ауыр міндетті атқара отырып, қазақ әдеби тілінің шығыс эпосын игеру мүмкіндігін көрсетті. Аударманың нақты мәтіндік құрылымы, нұсқалары мен баспа тарихы жеке зерттеуді қажет етеді, ал бұл бағыттағы ізденістер конференцияның басты мақсаттарының бірімен үйлеседі.

Ізтілеуовтің аудармашылық қызметін Сыр бойы поэзиясының өзге де өкілдерімен салыстыра қарау әдеби үдерістің тұтастығын көруге септігін тигізеді. Сыр өңірінде ауызша шығармашылық пен жазба әдебиет

арасындағы шекара біртіндеп жойылып, ақындар жыр мен дастанды жаттап қана қоймай, оны жаңа мазмұнмен толықтырып отырған. Ақынның аудармашылық тәжірибесі осы дәстүрдің заманауи жалғасы ретінде де қарастырылуға тұрарлық.

6. Аударманың мәдени-тарихи контексті

Кез келген аударма белгілі бір тарихи кезеңнің мәдени қажеттілігінен туады. Қазақ тіліндегі «Шаһнама» аудармасының XX ғасырдың 30-жылдарымен байланысты болуы маңызды. Бұл кезең қазақ әдебиетінде көркем аударманың жүйелі қалыптасу кезеңі еді: орыс және әлем классиктерінің шығармалары қазақ тіліне тәржімаланып, ұлттық әдеби тілдің мүмкіндіктері кеңейтілді. Шығыс классиктерін насихаттау да мәдени саясаттың бір бөлігі ретінде қарастырылды. Сондықтан Фирдоусидың мерейтойлық жылдарында оның мұрасына деген қызығушылықтың артуы заңды құбылыс болды.

Алайда аударманың тарихи контексін тек сол кезеңнің мәдени саясатымен түсіндіру жеткіліксіз. Қазақ оқырманының қабылдау дайындығы, сыр бойындағы жыршылық дәстүрдің барлығы, халықтың шығыс сюжеттеріне бұрыннан таныс болуы аударманың табысты болуына ықпал еткен өзге факторлар болып табылады. Сондықтан аударма – идеологиялық немесе мәдени-саяси ұйғарым ғана емес, ұлттық әдеби үдерістің ішкі қажеттілігінің де көрінісі.

Тарихи тұрғыдан аудармашының әлеуметтік рөлі де айқындалады. Ақын-аудармашы бір жағынан халықтың көркем талғамын сақтаушы, екінші жағынан жаңа мәдени құндылықтарды енгізуші ретінде әрекет етеді. Осы екі қызмет Т. Ізтілеуов тұлғасында үйлесімді көрініс тапқан деп бағалауға негіз бар. Бұл бағалау аударманың мәтіндері мен сол кезеңдегі әдеби сындағы пікірлерді салыстырмалы талдау арқылы нақтылануға тиіс.

7. Аудармадағы көркемдік бейімдеу мәселесі

Шығыс эпосын қазақ тіліне аудару кезінде аудармашы бірнеше қиындыққа тап болады. Біріншіден, түпнұсқаның поэтикалық формасы мен қазақ өлеңінің құрылымы әртүрлі: парсы поэзиясы өзіндік өлшем жүйесіне құрылса, қазақ өлеңінің негізі – буын саны, ұйқас пен ішкі ырғақ. Сондықтан түпнұсқаның ырғағын сақтау мен қазақ тілінің табиғи үйлесімін қатар ұстау оңай емес. Екіншіден, дастандағы мәдени деректер – қоғамдық құрылым, діни түсініктер, салт-дәстүр атаулары – қазақ оқырманына аударма арқылы түсінікті болуы тиіс. Үшіншіден, эпостың салтанатты стилі мен көркем бейнелеу құралдарын аударма мәтінде жоғалтпау қажет.

Аударматануда мұндай жағдайда әдетте екі жолды ажыратады: түпнұсқаға барынша жақын тұру және оқырман тіліне бейімдеу. Тәжірибеде көбіне осы екеуінің тепе-теңдігі іздестіріледі. Эпикалық шығарманы қазақ тіліне аудару барысында жыр өлеңінің ырғағы, қайталаулар, теңеулер, эпитеттер сияқты ауыз әдебиетіне тән тәсілдер аударма мәтінді қазақ оқырманына жақындататын құрал қызметін атқарады. Мұндай тәсілдер аудармашыға

шығыс эпосының салтанатты мәнерін ұлттық поэзия тілінде жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Бейімдеудің мәдени қыры да ерекше назар аударарлық. Қазақ жыр дәстүрінде батыр бейнесі, оның ел қорғаушы міндеті, жауынгерлік адалдығы мен шешендігі айрықша бағаланады. «Shahnamadағы» Рүстем тәрізді кейіпкердің қазақ оқырманына жақын болуының бір себебі – оның бойындағы ерлік пен елге қызмет ету идеялары қазақтың батырлық жырларындағы құндылықтармен үндесуінде. Бұл үндестік типологиялық сипатта болғанымен, аудармашының мәтінді қазақ дүниетанымына жақындатуына мүмкіндік туғызады [5]. Дегенмен кейіпкерлердің мотивациясындағы, патша мен халық қарым-қатынасындағы және діни-мифологиялық түсініктердегі айырмашылықтар аударма кезінде түсіндірмелік көркемдік шешімдерді талап етеді.

Сонымен, Т. Ізтілеуов аудармасын талдағанда мынадай бағыттарға назар аудару орынды: аударма өлеңінің құрылымы мен ырғағы; антропонимдер мен географиялық атаулардың берілуі; поэтикалық теңеулердің қазақ тіліндегі баламалары; эпикалық кейіпкерлердің сөйлеу мәнері; діни-мифологиялық ұғымдарды жеткізу тәсілдері. Осы бағыттар бойынша жүргізілген кешенді салыстырмалы зерттеу аудармашының шеберлігін нақты мәтіндер арқылы дәлелдеуге жол ашады.

8. Кейіпкерлер жүйесі және идеялық-тақырыптық параллельдер

«Shahnamaның» кейіпкерлер жүйесі өте күрделі әрі көпқабатты. Орталық тұлға – Рүстем: ол алып күшке, жауынгерлік шеберлікке және адал мінезге ие, бірақ дастандағы патшалармен қарым-қатынаста өз ар-намысын да қорғай білетін тұлға. Зал – Рүстемнің әкесі, оның тағдыры да ерекше суреттеледі. Сұхраб – жас батыр, әкесін іздеп жүріп, тағдырдың тұзағына түседі. Сиявуш – таза жүрегі мен әділдігі үшін қуғын көретін ақ көңілді ханзада. Бұл бейнелердің әрқайсысы белгілі бір адамгершілік идеяны көтереді: күш пен сабырдың тепе-теңдігі, парыз бен махаббат қайшылығы, әділдік пен жала арасындағы сынақ.

Қазақ батырлық жырларындағы кейіпкерлермен салыстырғанда ортақ типологиялық белгілерді көруге болады. Қазақ эпостарында да батырдың ерекше туылуы, ерте есею, жорыққа шығу, сынақтан өту, жауымен кездесу, тарихи-мифологиялық тұлғалармен байланыс сияқты мотивтер жиі кездеседі. Бұл ұқсастық бір халықтың екіншісінен тікелей көшіріп алғанын дәлелдемейді, керісінше, көшпелі және отырықшы өркениеттердің эпикалық ойлау логикасындағы ортақ заңдылықтарға меңзейді [2]. Мұндай заңдылықтарды көрсету – салыстырмалы әдебиеттанудың маңызды міндеті.

Әке мен ұл арасындағы трагедиялық қақтығыс мотиві де эпосқа ортақ. «Рүстем мен Сұхраб» әңгімесінде осы мотив бүкіл эпикалық дәстүрдің ең ащы тұстарының бірі ретінде суреттеледі: екі жақ та бір-бірін танымай шайқасады, шындық ашылған кезде кеш болып қалады. Бұл сюжет қазақ оқырманына жат емес, себебі халық әдебиетінде де әкеден айырылу, тағдыр сынағы, ата мен бала арасындағы байланыс тақырыптары терең орын алған.

Сондықтан аударма кезінде осы сәттің эмоциялық күшін қазақ өлеңінің жан толқытар ырғағымен жеткізудің мәні зор.

9. Аударма тілі: лексика, фразеология және ұлттық бояу

Көркем аударманың табысы көбіне тілдік шешімдерге байланысты. Эпикалық шығарманы аударғанда аудармашы лексикалық қабаттарды таңдауға мәжбүр: көне сөздер мен тарихи атаулар, шығыстық ұғымдар, ұлттық тұрмыс пен табиғат бейнелері қазақ тілінде нақты сәйкестік таппауы мүмкін. Мұндай жағдайда аудармашы үш жолдың біріне жүгінеді: сөзді транслитерациялап сақтау, қазақ тілінде баламасын табу немесе мағынасын сипаттап беру. Әр тәсілдің өз артықшылығы мен шектеуі бар. Транслитерация түпнұсқаның мәдени бояуын сақтайды, бірақ оқырманға түсініксіз болуы мүмкін; баламасын қолдану түсінікті, бірақ түпнұсқадан алшақтатып жіберуі ықтимал.

Фразеология мен теңеулер аудармада ерекше назарды қажет етеді. Қазақ тілінің мақал-мәтел, тұрақты тіркес және бейнелі сөздер қоры өте бай, ал шығыс эпосында да салтанатты теңеулер мен дәстүрлі эпитеттер жиі қолданылады. Аудармашы бұл құралдарды қазақ оқырманына таныс үлгілермен жеткізген кезде мәтін табиғи естіледі. Сонымен бірге бұл тәсілдің шегі бар: қазақ тіліндегі тұрақты тіркестің мәдени реңкі түпнұсқаның тарихи-географиялық шындығына қайшы келсе, аударма мәтінде анахронизм немесе үйлесімсіздік пайда болады. Сондықтан ұлттық бояуды сақтау мен түпнұсқаға адалдық арасындағы тепе-теңдікті табу – аудармашы шеберлігінің басты өлшемі.

Сонымен қатар аударма тілі әдеби тілдің дамуына да ықпал етеді. Көлемді шығыс эпосын тәржімалау қазақ тілінің сөздік қорын кеңейтіп, жаңа синтаксистік құрылымдар мен стильдік мүмкіндіктерді сынақтан өткізеді. Бұл тұрғыдан Т. Ізтілеуовтің аудармашылық еңбегін тек әдеби факт ретінде ғана емес, қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихындағы құбылыс ретінде де зерттеудің мәні бар. Аударма мәтіндегі лексикалық қабаттарды, архаизмдер мен жергілікті сөздерді сыр бойы говорларымен салыстыру жеке лингвистикалық зерттеуге жол ашады.

10. «Shahnama» идеялары және қазіргі руханият

Классикалық шығарманың құндылығы оның жазылған уақытымен шектелмейді. «Shahnama» бүгінде де әділдік, жауапкершілік, отансүйгіштік, ұрпақ сабақтастығы сияқты мәселелерді көтеру арқылы өзектілігін жоғалтқан жоқ. Осы идеялар қазақ қоғамындағы рухани жаңғыру бағытымен де үндеседі: халықтың тарихи жадын сақтау, мәдени мұраны насихаттау және әлем халықтарымен гуманитарлық байланыс орнату – қазіргі мәдени саясаттың маңызды бағыттары.

Білім беру саласында да «Shahnama» мен оның қазақша аудармасының мәні зор. Филология мамандықтарында әлем әдебиеті, қазақ әдебиеті және аударма өнері пәндерін оқыту кезінде осы тақырып студенттерге әдеби сабақтастықты, салыстырмалы әдебиеттану негіздерін, көркем мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын меңгертуге көмектеседі. Болашақ қазақ тілі мен

әдебиеті мұғалімі үшін шығыс және қазақ әдебиеті арасындағы байланысты түсіну оқушыларға әдеби мұраны кеңірек және тереңірек таныстыруға мүмкіндік береді. Мектеп бағдарламасында шығыс классиктерінің шығармалары мен аударма үлгілеріне арналған тақырыптарды қосымша материалдармен толықтыру тиімді болады.

Қорыта айтқанда, «Шаһнама» мен Т. Ізтілеуов аудармасы – қазақ руханиятының әлемдік мәдениетпен қарым-қатынасының көрнекті үлгісі. Оны зерттеу тек өткенді еске алу емес, бүгінгі әдеби ойды, аударма мәдениетін және ұлттық сананы дамытуға бағытталған ғылыми әрекет. Алдағы зерттеулерде аударманың мәтіндік нұсқаларын салыстыру, оның қабылдану тарихын жүйелеу және оқу процесінде қолдану жолдарын әзірлеу ерекше маңызды болмақ.

11. Аударма мұрасын зерттеудің ғылыми-әдістемелік бағыттары

Т. Ізтілеуов аудармасын жүйелі зерттеу үшін бірнеше әдістемелік бағытты қатар қолдану тиімді. Бірінші бағыт – мәтіннің текстологиялық сипаттамасы: аударманың қолжазба және баспа нұсқаларын анықтау, оларды өзара салыстыру, редакциялық өзгерістерді белгілеу. Мұндай жұмыс аударма мәтінінің авторлық сипатын нақтылап, кейінгі басылымдардағы өзгерістерді түсінуге мүмкіндік береді. Екінші бағыт – түпнұсқамен салыстыру: таңдалған үзінділер негізінде мағыналық дәлдік, стильдік сәйкестік және көркемдік баламалардың орындылығы бағаланады.

Үшінші бағыт – қабылдау тарихын зерттеу. Аударманың жарық көруі кезінде оқырмандар мен сыншылар оны қалай бағалағаны, ол кейін қандай жолмен таралғаны, оқулықтар мен хрестоматияларға қалай енгені – аударма мұрасының әлеуметтік өмірін көрсетеді. Төртінші бағыт – өлеңтанымдық талдау: аударма өлеңінің буын құрылымы, ұйқасы, ырғағы мен интонациясы нақты көрсеткіштер арқылы сипатталады. Бұл талдау қазақ жыр өлеңінің ықпалын нақты мәтіндер арқылы дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Бесінші бағыт – лингвистикалық талдау. Аударма мәтініндегі лексикалық қабаттар, өңірлік сөздер, көне сөздер мен шығыстық кірме сөздер сыр бойы тілдік ортасымен және сол кезеңдегі қазақ әдеби тілінің жағдайымен салыстырыла отырып зерттелуі тиіс. Мұндай кешенді тәсіл «Шаһнаманың» қазақша аудармасын жеке құбылыс ретінде емес, ұлттық әдеби үдерістің ажырамас бөлігі ретінде қарастыруға жол ашады.

12. Зерттеу нәтижелерін оқу процесінде қолдану мүмкіндіктері

Мақалада қарастырылған мәселелерді филология мамандықтарының оқу процесінде тәжірибелік тұрғыдан пайдалануға болады. «Әлем әдебиеті», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Көркем аударма негіздері» және «Салыстырмалы әдебиеттану» пәндерінде «Шаһнама» үзінділері мен оның қазақша аудармасы талдау материалы бола алады. Студенттерге түпнұсқаның мазмұнын, аударма мәтіндегі көркемдік бейімдеу тәсілдерін және қазақ жыр дәстүрімен байланысты анықтау тапсырмаларын беру олардың талдау және салыстыру дағдыларын дамытады.

Сондай-ақ осы тақырып бойынша дөңгелек үстелдер, студенттік ғылыми конференциялар, шығармашылық оқулар ұйымдастыру тиімді. Мұндай іс-шаралар болашақ мұғалімдердің әдеби мұраға деген құрметін арттырып, оны оқушыларға қызықты тілмен жеткізу біліктілігін қалыптастырады. Әсіресе Сыр бойы әдеби мұрасын өңірлік компонент ретінде сабаққа енгізу жергілікті мәдени бірегейлікті сақтауға және оқушылардың өз өлкесінің рухани байлығын танытуына ықпал етеді.

13. Талқылау

Зерттеу барысында алынған нәтижелерді талқылағанда бір маңызды мәселе көрінеді: шығыс дәстүрінің қазақ әдебиетіне ықпалы туралы екі қарама-қарсы көзқарасқа тап боламыз. Бір тарап шығыс мұрасын қазақ әдебиетінің дамуындағы негізгі тірек ретінде бағалайды, екінші тарап қазақ ауыз әдебиетінің дербестігін баса көрсетіп, сыртқы әсерді шектеулі деп санайды. Біздің ойымызша, екі пікірдің де өз негізі бар, алайда ең дұрыс тәсіл – олардың өзара толықтырушы сипатын мойындау. Қазақ әдебиеті шығыс мұрасын игергенде өз дәстүрін жоғалтпады, керісінше, соны жаңа мазмұнмен жаңғыртты.

Екінші талқыланатын мәселе – аударманың «дәлдігі» мен «көркемдігі» қатынасы. Түпнұсқаға тым қатаң адалдық аударманы құрғақ, қазақ оқырманына бөтен етуі мүмкін; ал тым еркін бейімдеу түпнұсқаның рухын әлсіретеді. Сондықтан эпикалық шығарманы бағалағанда аударманың оқырманға жету қабілеті мен түпнұсқа идеяларына адалдығын бірге қарастыру қажет. Т. Ізтілеуов еңбегі осы екі өлшемнің тоғысуында бағалануға тиіс.

Үшіншіден, мақаланың нәтижелері аударма мұрасын зерттеуде жаңа деректердің қажеттілігін көрсетеді. Қолжазбалар, мұрағат құжаттары, замандастардың естеліктері мен өңірлік баспасөз материалдары аударма тарихын нақтылауға жол ашады. Осы себепті «Shahnama» және Тұрмағамбет атындағы конференцияның ғылыми маңызы – тек мерейтойды атап өтуде емес, ғалымдарды ортақ зерттеу кеңістігіне біріктіруде.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері бойынша мынадай қорытындылар жасалды. Біріншіден, Фирдоусидың «Shahnамасы» – мифтік, батырлық және тарихи қабаттарды біріктірген көлемді эпикалық шығарма, ол әділ билік, ерлік және адалдық секілді адамзаттық құндылықтарды көркем түрде жинақтайды. Екіншіден, қазақ әдебиеті шығыс шайырлық дәстүрімен ұзақ тарихи кезең бойы байланыста болды: Ясауи мұрасынан қисса-дастандарға, Абай поэзиясынан XX ғасырдағы аударма үдерісіне дейін бұл сабақтастық түрлі формада көрінді.

Үшіншіден, Т. Ізтілеуовтің «Shahnama» аудармасы Сыр бойы жыраулық-жыршылық дәстүрі мен шығыс эпосының өзара ұштасуын көрсететін маңызды құбылыс. Төртіншіден, аударма барысындағы көркемдік бейімдеу – ұлттық поэтикалық жүйені сақтай отырып, өзге мәдениет мұрасын игерудің

тиімді жолы. Бесіншіден, аударма мұрасын қазіргі білім беру және рухани жаңғыру контексінде қайта зерделеу ғылыми және тәрбиелік тұрғыдан өзекті.

Сонымен қатар зерттеу барысында аударма тілінің лексикалық және фразеологиялық ерекшеліктері, кейіпкерлер жүйесінің қазақ эпосымен типологиялық үндестігі және аударманың мәдени-тарихи контексі жеке бағыттар ретінде бөліп көрсетілді. Бұл бағыттар болашақта нақты мәтіндік материал негізінде тереңірек зерттелуі қажет. Мақалада көтерілген мәселелер аударманың мәтіндік нұсқаларын нақты салыстыру, Т. Ізтілеуовтің мұрасын мұрағаттық деректер негізінде толықтыру және «Shahnama» тақырыбының қазақ әдебиетіндегі қабылдану тарихын зерттеу арқылы әрі қарай жалғасын табуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1. Бертельс Е.Э. Избранные труды. История литературы и культуры Ирана. – М.: Наука, 1960. – 584 с.

2. Жирмунский В.М. Народный героический эпос: сравнительно-исторические очерки. – М.–Л.: Гослитиздат, 1962. – 456 с.

3. Ясауи А. Диуани хикмет. – Алматы: Жазушы, 1992.

4. Қазақ әдебиетінің тарихы: 10 томдық. – Алматы: Ғылым, 1960–1968.

5. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 1998. – 400 б.

Т.ІЗТІЛЕУҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІКТЕН КЕЙІНГІ ЗЕРТТЕЛУІ

Туяқбаев Ғабит Әнешұлы
Филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті,
Қазақстан Республикасы

Аннотация

В статье рассматриваются основные направления изучения творческого наследия выдающегося представителя поэтической школы Сырдарьинского региона Турмагамбета Изтилеулы в период независимости Казахстана. Анализируются научные исследования, посвящённые литературному наследию поэта, его религиозно-просветительским, философским, нравственно-этическим и художественным взглядам. Особое внимание уделяется диссертационным работам, раскрывающим особенности дидактической поэзии, сатирических произведений, письменных поэтических состязаний и эпического наследия автора. Рассматривается вклад исследователей в изучение поэмы «Рустем-Дастан», её национальной специфики и связей с восточной литературной традицией. Подчёркивается значение переосмысления творчества поэта после обретения Казахстаном независимости, позволившего преодолеть идеологические ограничения советского периода. Отмечается роль публикации многотомных собраний сочинений и текстологических исследований в сохранении литературного наследия. Делается вывод о необходимости дальнейшего комплексного изучения творчества Турмагамбета Изтилеулы в контексте истории казахской литературы и национальной духовной культуры.

Ключевые слова: Турмагамбет Изтилеулы, казахская литература, литературоведение, независимость, поэтическое наследие, религиозно-просветительская поэзия, «Рустем-Дастан», научные исследования.

Abstract

The article examines the main trends in the study of the literary heritage of Turmagambet Iztileuly, a prominent representative of the Syr Darya poetic tradition, during Kazakhstan's independence. It analyzes scholarly works devoted to the poet's literary legacy, religious and educational ideas, philosophical views, moral values, and artistic achievements. Particular attention is paid to dissertations exploring his didactic poetry, satirical works, written poetic debates, and epic compositions. The article discusses researchers' contributions to the study of Rustem-Dastan, emphasizing its national characteristics and connections with Eastern literary traditions. It highlights the significance of reassessing the poet's creative legacy after Kazakhstan gained independence, particularly in overcoming ideological restrictions inherited from the Soviet period. The publication of collected works and textual studies is also considered. The article concludes that

further comprehensive research is essential for understanding the poet's contribution to Kazakh literature and national cultural heritage.

Keywords: Turmagambet Iztileuly, Kazakh literature, literary studies, independence, poetic heritage, religious and educational poetry, Rustem-Dastan, scholarly research.

Кіріспе

Қазақ әдебиеттану ғылымында Сыр бойы ақындары, оның ішінде Тұрмағамбет шығармашылығы зерттеусіз қалған жоқ. Әр кезеңдерде, әр жылдары Тұрмағамбет шығармашылығына байланысты 100-ге тарта ғылыми мақалалар, 50-ге жуық естеліктер жазылып, 5 кандидаттық диссертация қорғалған. Тұрмағамбет есімі жалпы Сыр бойындағы ақындық мектеп мәселесі сөз болған зерттеу еңбектері мен ғылыми мақалаларда да сөз болады. Өйткені Сыр бойындағы ақындық мектепті оның негізін салушылардың бірі Тұрмағамбет шығармашылығынсыз сөз ету мүмкін емес.

Ақын шығармашылығына байланысты алғаш пікір білдіргендер М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, М.Қаратаев, Ә.Қоңыратбаев, М.Байділдаев сынды ғалымдар. XX ғасырдың 30 жылдарынан басталған тұрмағамбеттану мәселесі ғасырға жуық уақыт ақын шығармашылығы мен өмірін зерттеумен айналысып келеді. Дей тұрғанмен, біз ұзақ жылдар бойы ұлттық тарихымыз бен әдебиетімізді, мәдениетіміз бен өнерімізді түбегейлі зерттей алмай келдік. Оның себебі, кеңестік идеологияның ұлт құндылықтарын (әдебиеттің, мәдениеттің, өнердің тарихы мен әдеби, мәдени мұраларымызды) бүркемелеу арқылы бізді рухани мәңгүрттендіруге бағытталуында еді. Осындай заман теперішін көріп, әдебиет тарихынан өзіндік орнын ала алмай келген сөз зергерінің бірі – Тұрмағамбет Ізтілеуұлы болатын. Сондықтан да Кеңестік кезеңде ақын шығармашылығына байланысты тек кеңестік идеология тұрғысынан ғана ой білдіре алдық. Әрине, бұған ақын шығармашылығын зерттеген әдебиетші-ғалымдар кіналы емес, сол кезеңдердегі таптаурын, қасаң саясаттың әсер-ықпалы екендігін біз жақсы білеміз. Тұрмағамбеттану мәселесі туралы айтылғанда жоғарыда аталған ғалымдармен қатар ақынның «Shahnama» дастаны туралы алғаш диссертация қорғаған Өтеген Күмісбаевтың [1], Ұлжан Жанбершиеваның еңбектерін [2] атап өтуіміз керек.

Ел тәуелсіздігі біздің рухани өмірімізге, соның ішінде, әдебиеттану ғылымына да жаңаша ой, серпін, ізденіс бергені ақиқат. Кеңестік идеологияға жат деген пікірмен әдебиет тарихынан аластатылған қаншама сөз зергерлерінің шығармалары өз оқырмандарымен қайта табысып қана қоймай, олар азат ой биігінен зерттеліп, зерделенді. Ескішіл, діншіл ақындар деп айдар тағылған ақындар шығармаларындағы ұлттық мұрат пен діни-ағартушылық сарында жазылған туындылар өз бағасын алды. Соңғы он-он бес жылда қолға алынып, ілгерілеушілік ғылыми зерттеу нысанына айналған XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармашылығы да жаңаша зерделеніп, ақын шығармашылығы туралы әділ-ақиқат көзқарастың қалыптасуы қуанарлық жай.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің негізгі материалдық базасын Тұрмағамбет Ізтілеуұлының шығармашылық мұрасына арналған ғылыми еңбектер, кандидаттық және докторлық диссертациялар, әдебиеттанулық зерттеулер, ақын шығармаларының жинақтары мен текстологиялық басылымдар құрайды. Атап айтқанда, Ө. Күмісбаевтың, Ұ. Жанбершиеваның, Е. Карбозовтың, Ұ. Байбосыноваңың, Э. Қансейітованың, А. Қыраубаеваның, Л. Құндақбаеваның және Ф. Қожахметованың ғылыми еңбектері зерттеу нысаны ретінде алынды.

Зерттеудің әдіснамалық негізін тарихи-әдеби, салыстырмалы-тарихи, жүйелі талдау, ғылыми еңбектерге шолу жасау және жинақтау әдістері құрайды. Тарихи-әдеби әдіс арқылы Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармашылығының кеңестік кезеңдегі және Қазақстан тәуелсіздігінен кейінгі зерттелу ерекшеліктері қарастырылды. Бұл әдіс ақын мұрасына берілген ғылыми бағалардың қалыптасуына қоғамдық-саяси жағдайлар мен идеологиялық ұстанымдардың ықпалын анықтауға мүмкіндік береді.

Салыстырмалы-тарихи әдіс негізінде әр кезеңде жарық көрген зерттеулердегі ғылыми тұжырымдар өзара салыстырылып, ақын шығармашылығын бағалаудағы көзқарастардың өзгеруі мен сабақтастығы сараланды. Әсіресе, ақынның діни-ағартушылық, адамгершілік-философиялық және әдеби-көркемдік мұрасына қатысты ғылыми пайымдаулардың ерекшеліктеріне назар аударылды.

Жүйелі талдау әдісі Тұрмағамбет шығармашылығына арналған зерттеулерді негізгі тақырыптық бағыттары бойынша қарастыруға негіз болды. Атап айтқанда, ақынның дидактикалық поэзиясы, діни-философиялық шығармалары, сатирасы, жазба айтыс дәстүріндегі орны, шығыстық қисса-дастандары, «Рүстем – Дастан» шығармасының көркемдік ерекшеліктері мен тілдік сипатына арналған еңбектер жүйеленді.

Ғылыми еңбектерге шолу жасау әдісі арқылы тәуелсіздік жылдарындағы тұрмағамбеттанудың негізгі зерттеу бағыттары, жекелеген ғалымдардың ғылыми ізденістері мен олардың әдебиеттану ғылымына қосқан үлесі айқындалды. Ал жинақтау әдісі негізінде қарастырылған зерттеулердің нәтижелері қорытындыланып, тәуелсіздік кезеңіндегі тұрмағамбеттану ғылымының жетістіктері мен алдағы зерттеуді қажет ететін мәселелері тұжырымдалды.

Осы әдістерді кешенді қолдану Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармашылығының тәуелсіздік жылдарындағы зерттелу деңгейін бағалауға, ғылыми ізденістердің негізгі бағыттарын анықтауға және ақынның әдеби мұрасын ұлттық рухани құндылықтар тұрғысынан қайта зерделеудің маңызын ашуға негіз болады.

Нәтижелер

Ерхан Карбозовтың «Т.Ізтілеуов шығармаларындағы адамгершілік мәселелер» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясы үш бөлімнен тұрады [3]. «Т.Ізтілеуовтің дидактикалық жырлары» деп аталатын бірінші бөлімнің «Ғылым-білім мен сөз өнерін жырлаудағы ғибраттық сарындар»

деген бірінші бөлімшесінде зерттеуші ақынның дидактикалық бағытта жазылған өлеңдерін талдау үстінде Тұрмағамбеттің діни-ағартушылық бағыттағы шығармаларының мәнін ашуға ұмтылыс жасайды. «Ағартушылық әдеби бағыт өкілдерін әдетте ғалымдар діни-ағартушылар, демократ-ағартушылар және ұлт-азаттшыл бағыттағы ақын-жазушылар деп үш топқа жіктейтіні белгілі. XX ғасыр басындағы қазақ арасындағы оқу-ағарту жұмысы екі түрлі болды: оның бірі – мұсылманша оқу, екіншісі – орысша оқу еді. Біз қарастырып отырған Тұрмағамбет ақынның өлеңдері, нақылдары мен рубайларының көпшілігі діни-ағартушылық бағытта жазылса, өмірінің соңғы кезеңіндегі жырларында демократтық көзқарастар үстем болып, Ленинге, Қазан төңкерісіне бағытталған арнаулары дүниеге келеді («Ленин - күн», «Құтты болсын Октябрьдің он жылы»). Діни өлеңдер жазып, мектептерде қазақ балаларын жаппай сауаттандыру ісіне белсене араласқан ақын кейінірек демократ-ағартушы қаламгерлер секілді мемлекеттік қызметтерге де араласады. Демек, Тұрмағамбет – екі бағытты да қамтитын туындыларды дүниеге әкелген ақын»,-деп [3.7] бағалауында ойланатын тұстарымыз бар. Рас, ақынның жаңа өмірді – Қазан төңкерісін, оның көсемі Ленинді жырлайтын өлеңдері бар. Бірақ ақын осындай мадақ жырларға өз еркімен барды ма деген сұрақ төңірегінде таласты жағдайлар да жоқ емес. Ақын көзқарасын өзгертуге сол кезеңдегі Кеңестік идеологияның әсер-ықпалының болғанын, тіптен, кейде күш қолдануға дейін барғандығын біз естен шығармауымыз керек.

Екінші бөлімше «Тұрмағамбет Ізтілеуов өлеңдеріндегі адами болмыс» деп аталады. Бұл бөлімшеде ақынның діни-философиялық өлеңдеріндегі ғибраттық сарын мәселесіне көңіл бөлінген. Тұрмағамбет шығармаларын жыраулар поэзиясымен байланыстыра, салыстыра қарау арқылы ақын шығармаларындағы жыраулар поэзиясымен үндестік ашылған. Сондай-ақ, ақынның діни-философиялық шығармаларымен қоса табиғат лирикаларына да талдау жасалынған. Табиғат лирикаларының Абай лирикаларымен үндестігі, Тұрмағамбеттің Абайдан алған әсер-үлгісі талданады, табиғатты жырлаудағы Тұрмағамбет ерекшелігі анықталады.

Осы бөлімнің үшінші бөлімшесі «Жазба айтыс және айтыскерлерге арналған аралық сөздері» деп аталып, онда ақынның Сыр бойында ерекше дамыған жазба айтыс дәстүрін дамытудағы ролі екшелген. Зерттеуші Тұрмағамбет айтыстарын: діни айтыс («Тұрмағамбет пен Ермұраттың айтысы»), хат айтыс («Тұрмағамбет пен Жүрсіннің айтысы», «Тұрмағамбет пен Әбдікәрімнің айтысы»), жұмбақ айтыс («Тұрмағамбет пен Шәді төренің айтысы»), мысал айтыс («Көккұтан мен шымшық») деп жіктей қарастырады [3.12].

Ақынның жазбаша айтысқа қатысушы ақындарға айтқан аралық сөздерін: «Топаралық айтыста ақындармен сөз жарыстырумен қатар, Тұрмағамбет ақын аралық сөз айтып, бітістіруші би-шешеннің ролін де атқарған. Омар мен Таубайдың Жүсібіне, Омар мен Нұрмаханға, Қаңлы Жүсіп пен Кете Жүсіпке, Кете Жүсіп пен Даңмұрынға арнаған аралық сөздері Тұрмағамбет

ақынның гуманистік ұстанымын дәйектейді. Айтысушы екі жақтың арақатынасы шиеленісіп, сөз сайысы ұзақ уақытқа созылған тұста, айтыс арнасы ортақ тақырыптан ауытқыған жағдайда ара ағайын ретінде Тұрмағамбет ақын айтыққа тоқтау айтқан»,-деуі орынды [3.13].

Екінші бөлім «Т.Ізтілеуов сатирасындағы адамгершілік мұраттардың көрінісі» деп аталып, ол үш бөлімшеге бөлінген. Бірінші бөлімшеде ақынның сатиралық өлеңдерінің тәрбиелік мәні зерделенеді. Мұнда ақынның бірнеше сатиралық шығармалары талданады. Зерттеушінің тек ақынның сатиралық өлеңдеріне тоқталып қоймай, мысал өлеңдері мен дастандарындағы сатиралық сарынды қоса тілге тиек етуі де аталған бөлімшенің ғылыми сапасын арттырған деп айта аламыз.

«Т.Ізтілеуовтің тапқыр сөздері» бөлімшесіне ақынның ел аузында жүрген тапқырлық, шешендік сөздері арқау болған.

Үшінші бөлім «Рүстем – Дастан» шығармасындағы рухани-адамгершілік ізденістер» деп аталады. «Кейіпкердің рухани дүниетанымы» атты бірінші бөлімшеде «Shahnama» туындысының аударылу тарихы, шығарма кейіпкерлерінің рухани дүниетанымы, адамдық болмыс-бітімі туралы сөз болған. Екінші «Рүстем – Дастан» шығармасының ұлттық сипаты» атты бөлімшеде ақын шығармасының ұлттық сипаты ғылыми-танымдық тұрғыдан тұжырымдалған. «Рүстем – Дастан» сюжеті мен қазақтың батырлар жырлары арасындағы сюжеттік байланыстар салыстыра зерттелген. Сондай-ақ, дастандағы қазақтың салт-дәстүрлерінің көрінісі, «жиен», «нағашы», «қайын ата», «күйеу бала» сынды туыстық атаулардың қолданысы негізге алына отырып, дастандағы ұлттық сипат ашылған.

Қорыта айтқанда Е.Кәрбозовтың аталған ғылыми еңбегі Тұрмағамбет шығармашылығын, дәлірек айтқанда ақын шығармаларындағы адамгершілік ізденістерді азат ой биігінен бағамдаған еңбек деп атауымызға болады.

Талқылау

Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармашылығы жоғарыда біз тоқталып өткен арнайы зерттеу еңбектерімен қатар Сыр бойындағы ақындық орта, XX ғасыр басындағы дәстүрлі ақындық поэзия, ислам тақырыбы, діни дастандар т.б. зерттеген ғылыми еңбектердің де біршамасында зерттеу нысанына айналды. Соның бірі Байбосынова Ұлжан Маликайдарқызының «Сыр бойы ақын-жыраулары шығармаларындағы ислам тақырыбы» [4] деген кандидаттық диссертациясы.

Сыр бойындағы ақындық орта, оның өкілдері, әдеби үдеріс, Сыр бойы ақындарына тән ерекшелік т.б. қазақ әдебиеттану ғылымында біршама зерттелген тақырып. Ұлжан Байбосынова диссертациясының Сыр бойындағы әдеби мектепті қарастырған басқа зерттеу еңбектерінен басты ерекшелігі диссертанттың Сыр бойы ақын-жыраулары шығармаларындағы ислам тақырыбын негізгі нысана етіп алуы.

Диссертациялық жұмыс алдына Сыр бойы ақын-жырауларының исламдық мазмұндағы ақындық поэзияны дамытуға қосқан үлесін бағалау, Құран Кәрим сюжеттерінің ақындар шығармаларындағы жырлану ерекшеліктерін

анықтау, Сыр бойы ақын-жыраулар шығармаларындағы исламдық мазмұн мен жыршылық-термешілік орындаушылық байланыстарды саралау мәселелерін міндет етіп қойған. Осындай міндеттерді шешу жолында Тұрмағамбет шығармашылығына байланысты да біршама ой-пікірлер айтылған. Басқа Сыр сүлейлері шығармашылығында көп кездесе бермейтін Тұрмағамбет рубайларында көтерілген мәселеге байланысты зерттеуші: «Тұрмағамбет Ізтілеуұлының төрттағандары (рубайлары) – мұсылмандық шығыс әдебиетіндегі дәстүр жалғастығының көрінісі. Ақын – мәңгілік өмір жалғастығының жыршысы. Төрттағандарына адамзаттың фәни дүниедегі көрген қызықтары мен қиыншылықтарына сабырмен, байыппен қарау ұсынылады. Адамның нәпсіге ерген алаңжар көңілінің аласапыран қалпына баға беріледі»,-дейді [4.19].

Диссертацияның «Әуезелік (эпостық) әдеби тек жанрлары шығармаларындағы (мысал-хикаялар, қисса-дастандар) ислам тақырыбы» деген бөлімінде Тұрмағамбеттің «Лұқпан хакім», «Ата мен бала», «Сүлеймен мен кірпікшешен», «Сүлеймен хикаясы», «Ақ құстың хикаясы», «Дарақ пен сая», «Жолаушы мен дана», «Пайғамбар мен киік», «Жылан хикаясы» сынды мысал-хикаялары, «Тұтқын қыз» қисса-дастаны талданады. Зерттеуші ақын шығармаларындағы исламдық таным мәселесін, мысал-хикаялары мен қисса-дастандарына негіз болған Құран сюжеттерін зерделеуде біршама нәтижелерге қол жеткізген.

Жалпы аталған диссертация Сыр бойындағы діни-ағартушылық ағым мәселесін ғылыми зерделеу бағытындағы ізденіс жұмыстарының бастамасы деп атауымызға болар еді. Сондай-ақ, Тұрмағамбет шығармаларындағы діни-исламдық тақырыпты ашуға үлес қосқан еңбек екендігінде сөз жоқ.

Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармашылығына қатысты зерделі ой айтылып, тың пікірлер келтірілген еңбектің бірі Қансейітова Элеонора Жұмабекқызының «Діни дастандардағы тарихи шындық және көркемдік уақыт (XIX ғ. және XX ғ. бас кезі)» [5] тақырыбындағы кандидаттық диссертациясы. Диссертациялық жұмысқа нысан етіп зерттеуші Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Ақыт Үлімжіұлы, Омар Шораяқұлы, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Жүсіпбек Шайхисламұлы сияқты ақындардың діни эпикалық шығармаларын алған.

Жұмыс дін тақырыбын, оның ішінде Мұхаммед Пайғамбардың өмірі мен басқа Пайғамбарлар өмірін өзек еткен, Құран сюжеттерінен алынған қисса-дастандардағы тарихи шындық пен көркем уақыт арасындағы бірлікті ашуымен, діни дастандардың тарихи тамырына баруымен ерекшеленеді. Еңбекте Тұрмағамбеттің «Лұқпан хакім», «Ата мен бала», «Сүлеймен мен кірпікшешен» сияқты эпикалық шығармалары талданған. Аталған шығармаларына байланысты: «Тұрмағамбеттің «Ата мен бала», «Сүлеймен мен кірпікшешен» атты мысал дастандары да Құран Кәрім кітабындағы 38-Сад сүресінде Дәуіт (Ғ.С) оның баласы Сүлеймен (Ғ.С.) туралы айтылған аяттар ізімен жырланған»,-деп ақын шығармаларының терең тамырына бойлайды [5.18].

Ежелгі, орта ғасырлар әдебиетінің дамуы мен қалыптасуы, осы кезең туындыларының дәстүрлі ақындық поэзияға ықпал-әсері, қазақ әдебиеті мен шығыс әдебиеті арасындағы тамырластық туралы қазақ әдебиеттану ғылымында өзіндік ой-пікір қалыптастыра алған ғалымның бірі филология ғылымдарының докторы, профессор Алма Қыраубаева. Сыр бойынан шыққан ғалым өзінің зерттеу еңбектерінде осы өңір әдебиеті, Сыр бойына тән ақындық мектеп, оны қалыптастырушылар мен дамытушылар туралы біршама зерттеу еңбектерін жазды. Алма Қыраубаеваның «Қазақ әдебиетіндегі шығыстық қисса-дастандардың қалыптасуы мен генезисі» [6] тақырыбындағы докторлық диссертациясында Сыр бойы ақындарының, соның ішінде Тұрмағамбет Ізтілеуұлының шығыстық қисса-дастандарына тоқталады. Зерттеуші қазақ әдебиетіндегі шығыстық қисса-дастандардың тууы мен қалыптасуы турасында: «Қисса-дастан жанры ежелгі әдебиетімізде XIII-XIVғасырларда туып, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде дамып-қалыптасты. «Қиссаның» («қисса» араб сөзі - баяндау) негізгі өзегі: Құран сюжеттері, «Мың бір түн», «Тотынама», «Shahнама» желілері болғанымен, оның түпкі бастауларында Ассирия-Вавилон, көне грек мифтері, тіпті архаикалық мифтер де бар»,-деген [6.4] тұжырымы қазақ әдебиетіндегі аталған жанрдың қалыптасуына Сыр сүлейі Тұрмағамбеттің де өзіндік орнының болғандығын дәлелдейді.

Еңбекте Тұрмағамбеттің «Рүстем - Дастан» шығармасына байланысты бірқатар пікірлер айтылған. Фирдоусидің «Shahнама» дастаны, оның қазақ әдебиетіне келуі мен аударылу тарихы туралы сөз болады.

Тұрмағамбет шығармашылығы тек қазақ әдебиеттану ғылымының нысанына айналып қоймай, тіл білімі саласында да бірнеше зерттеу еңбектері жазылды. Олардың қатарында Л.Ш.Құндақбаеваның «Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармаларының тілі» [7], Ф.Б.Қожахметованың «Т.Ізтілеуов тілдік тұлғасының дискурстық сипаты» [8] тақырыбындағы кандидаттық диссертацияларын айтуымызға болады.

Сыр сүлейі Тұрмағамбет Ізтілеуұлының 125 жылдық мерейтойы қарсаңында ақынның мұраларын толықтай бастыру қолға алынып, біршама жұмыстар атқарылды. Соның бірі «Жазушы» баспасынан 2007 жылы шыққан Тұрмағамбеттің көптомдық шығармалар жинағы. Жинақты құрастырушы белгілі жыршы Алмас Алматов. Сондай-ақ, Берік Жүсіповтің құрастыруымен ақынның шығармалар жинағы ғылыми басылым болып жарыққа шықты. «Shahнама» дастанының текстологиясы жасалып (Ислам Жеменей), оқырмандаға жол тартты. Осының барлығы айналып келгенде тұрмағамбеттану мәселесіндегі іргелі еңбектер.

Қорытынды

Әрине, бір мақала көлемінде тұрмағамбеттану мәселесіне толықтай тоқталып, барлық еңбектерге шолу жасау мүмкін емес екендігі белгілі. Біздің мақсатымыз тәуелсіздіктен кейінгі жылдары ақын шығармашылығына байланысты зерттеу еңбектерінің негізгі бағыттары туралы ой білдіру.

Қорыта айтқанда ел тәуелсіздігінен кейін тұрмағамбеттану мәселесінде де біршама жаңаша көқарас қалыптасты, тың зерделеулер жасалды. Дегенмен бұл ақын шығармашылығы толық зерттелді деген ойды білдірмесі анық. Алда ақын шығармашылығына байланысты азат ой биігінен айтылар ғылыми пайымдаулар болады деген сенімдеміз.

Әдебиеттер:

1. Күмісбаев Ө. Тұрмағамбет Ізтілеуов және оның Рүстем – Дастаны. - Алматы: Ғылым, 1982.
2. Жанбершиева Ұ. Тұрмағамбет Ізтілеуовтің поэтикалық шығармашылығы. Кандидаттық диссертация автореферати. Алматы, 1990.
3. Карбозов Е. Т.Ізтілеуов шығармаларындағы адамгершілік мәселелер. Кандидаттық диссертация автореферати. Алматы, 2005.
4. Байбосынова Ұ. Сыр бойы ақын-жыраулары шығармаларындағы ислам тақырыбы. Кандидаттық диссертация автореферати. Алматы, 2006.
5. Қансейітова Э. Діни дастандардағы тарихи шындық және көркемдік уақыт (XIX ғ. және XX ғ. бас кезі). Кандидаттық диссертация автореферати. Алматы, 2005.
6. Қыраубаева А. Қазақ әдебиетіндегі шығыстық қисса-дастандардың қалыптасуы мен генезисі. Докторлық диссертация автореферати. Алматы, 1997.
7. Құндақбаева Л. Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармаларының тілі. Кандидаттық диссертация автореферати. Алматы, 2004.
8. Қожахметова Ф. Т.Ізтілеуов тілдік тұлғасының дискурстық сипаты. Кандидаттық диссертация автореферати. Алматы, 2006.

ТҰРМАҒАМБЕТ ІЗТІЛЕУҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

Туяқбаев Ғабит Әнешұлы
Филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті,
Қазақстан Республикасы
Тайман Сағат Тамшыбайұлы
Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті,
Қазақстан Республикасы

Аннотация. В статье рассматривается история изучения творчества Турмагамбета Изтилеулы, выдающегося представителя поэтической школы Сырдарьинского региона, в казахском литературоведении. Проведён историографический анализ научных статей и монографических исследований, посвящённых литературному наследию поэта, определена научная значимость трудов А. Коныратбаева, М. Ауэзова, М. Каратаева, М. Байдильдаева, У. Кумисбаева и У. Жанбершиевой. Сопоставляются научные взгляды на переводческий и назиратический характер произведения «Рустем-Дастан», созданного Турмагамбетом на основе «Шахнаме» Фирдоуси. Выявляется влияние идеологических ограничений советского периода на публикацию и исследование произведений поэта. Кроме того, оценивается степень изученности восточных литературных традиций, религиозно-просветительского мировоззрения и нравственно-философских идей в творческом наследии поэта. В результате исследования систематизированы особенности становления и развития турмагамбетоведения, обоснована необходимость переосмысления литературного наследия поэта с позиций современных научных подходов, сформировавшихся в период независимости Казахстана.

Ключевые слова: Турмагамбет Изтилеулы, литературное наследие, турмагамбетоведение, «Шахнаме», «Рустем-Дастан», религиозно-просветительская поэзия.

Abstract The article examines the history of scholarly research on the literary heritage of Turmagambet Iztileuly, a prominent representative of the Syr Darya poetic tradition. It provides a historiographical analysis of academic articles and monographic studies by A. Konyratbayev, M. Auezov, M. Karatayev, M. Baidildayev, O. Kumisbayev, and U. Zhanbershiyeva. Particular attention is given to scholarly interpretations of Rustem-Dastan, Turmagambet's poetic adaptation of Ferdowsi's Shahnameh, within the traditions of translation and nazira. The study explores the influence of Soviet ideological restrictions on the publication and interpretation of the poet's works. It also evaluates research on Eastern literary

influences, religious and educational perspectives, and ethical and philosophical ideas reflected in his poetry. The findings identify the main stages in the development of Turmagambet studies and emphasize the importance of reassessing his literary heritage through contemporary scholarly approaches.

Keywords: Turmagambet Iztileuly, literary heritage, Turmagambet studies, Shahnameh, Rustem-Dastan, religious and educational poetry.

Кіріспе

Қазақ әдебиетінің тарихында Сыр бойындағы ақындық мектептің қалыптасуы мен дамуы айрықша орын алады. Бұл әдеби дәстүрдің көрнекті өкілдерінің бірі – Тұрмағамбет Ізтілеуұлы. Оның шығармашылық мұрасы қазақтың жазба әдебиеті мен шығыстық классикалық поэзия дәстүрлерінің өзара сабақтастығын танытатын маңызды рухани құндылықтардың қатарында.

Қазақ әдебиеттану ғылымында Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармашылығына байланысты 100-ге тарта ғылыми мақала, 50-ге жуық естелік жазылып, бес кандидаттық диссертация қорғалғаны туралы деректер кездеседі. Сыр бойындағы әдеби мектеп пен ақындық орта мәселесін зерттеген ғалымдар да Тұрмағамбет шығармашылығына назар аударған. Өйткені Сыр өңіріндегі әдеби дәстүрдің қалыптасуы мен көркемдік ерекшеліктерін ақынның шығармашылық мұрасынан бөліп қарастыру мүмкін емес.

Тұрмағамбет шығармашылығының ғылыми тұрғыдан зерттеле бастауы XX ғасырдың 30-жылдарымен тұспа-тұс келеді. Алғашқы зерттеулер негізінен Әбілқасым Фирдоусидің «Шаһнама» дастанын қазақ тіліне аудару мәселесіне арналды. Кейіннен ақынның әдеби мұрасы, поэтикалық шеберлігі, шығыстық әдеби дәстүрмен байланысы, дидактикалық және философиялық шығармалары әдебиеттанушылардың зерттеу нысанына айналды.

Алайда кеңестік кезеңдегі қоғамдық-саяси жағдайлар мен идеологиялық ұстанымдар ақын шығармашылығын жан-жақты әрі объективті зерттеуге белгілі дәрежеде кедергі келтірді. Әсіресе, оның діни-ағартушылық бағыттағы туындылары мен исламдық дүниетанымға негізделген шығармалары әдебиеттану ғылымында жеткілікті деңгейде қарастырылмады.

Зерттеудің мақсаты – Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармашылығының қазақ әдебиеттану ғылымында зерттелу тарихын жүйелеу, негізгі ғылыми еңбектердің тұжырымдарын салыстырмалы тұрғыдан талдау және ақынның әдеби мұрасын зерттеудегі идеологиялық шектеулер мен ғылыми олқылықтарды анықтау.

Зерттеу барысында тұрмағамбеттанудың қалыптасу кезеңдері, «Рүстем-Дастан» шығармасына қатысты ғылыми көзқарастар, ақынның поэтикалық мұрасын зерттеудің негізгі бағыттары және діни-ағартушылық шығармаларының ғылыми айналымға ену мәселелері қарастырылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің деректік негізін Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармашылығына арналған XX ғасырдың 30–90-жылдарындағы ғылыми мақалалар, мерзімді баспасөз материалдары, әдеби сын еңбектері, монографиялық зерттеулер мен кандидаттық диссертациялар құрайды.

Атап айтқанда, Ә. Қоңыратбаевтың «Шаһнама» және оның аудармасы туралы», Ө. Тұрманжановтың «Шаһнама» дастаны жайында», М. Байділдаевтың «Шаһнама қазақ топырағында», М. Қаратаевтың «Ақын туралы ақиқат», Ә. Тәжібаев пен М. Қаратаевтың «Өлкемізде өскен өрен ақын» атты мақалалары зерттеу материалы ретінде пайдаланылды.

Сонымен қатар М. Байділдаевтың «Ақындар творчествосы» (1959), Ө. Күмісбаевтың «Турмагамбет Изтилеуов и его Рустем-Дастан» (1982) монографиялары, Ұ. Жанбершиеваның «Тұрмағамбет Ізтілеуовтің поэтикалық шығармашылығы» (1990) атты кандидаттық диссертациясы талданды. Ақынның 1961 жылы жарық көрген «Рүстем-Дастан» және 1972, 1982 жылдары басылған «Назым» жинақтары туралы ғылыми пікірлер де назарға алынды.

Зерттеуде бірнеше ғылыми әдіс қолданылды. Тарихнамалық талдау әдісі арқылы ақын шығармашылығының зерттелу кезеңдері мен негізгі бағыттары анықталды. Тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде әр кезеңдегі әдебиеттанушылардың ғылыми көзқарастары салыстырылып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқындалды. Деректанулық талдау мерзімді баспасөз материалдары мен монографиялық еңбектердегі мәліметтердің ғылыми маңызын бағалауға бағытталды. Герменевтикалық және контекстік талдау әдістері зерттеушілердің тұжырымдарын сол кезеңдегі қоғамдық-саяси және идеологиялық жағдайлармен байланыстыра түсіндіруге мүмкіндік берді.

Аталған әдістер Тұрмағамбет шығармашылығының зерттелу тарихын хронологиялық тұрғыдан ғана емес, ғылыми тұжырымдардың қалыптасуы мен өзгеруі аясында қарастыруға негіз болды.

Нәтижелер

Тұрмағамбет шығармашылығына байланысты алғашқы пікірлер Ә.Фирдоусидың «Шаһнама» дастанын аудару кезінде көріне бастады. 1934 жылы Әбілқасым Фирдоусидің мың жылдық мерейтойына байланысты «Шаһнаманы» қазақ тіліне аудару үшін, шығыс тілдерін жетік білетін мамандар іздестіріледі. Қазақ ССР Халық ағарту комиссариатының сол кездегі басшысы Темірбек Жүргенов өз ұстазының қарым-қабілетіне сеніп, Тұрмағамбетке ұсыныс жасайды. Осыдан кейін Тұрмағамбет «Шаһнаманы» аударуға кіріседі. Оның үзіндісі сол кездегі Қазақ ССР Орталық партия комитетінің бас газеті «Социалды Қазақстанның» 1936 жылғы 28 қаңтардағы нөмірінде жарияланады. Осы жылғы 14 ақпанда әдебиеттанушы-ғалым Әуелбек Қоңыратбаевтың «Шаһнама» және оның аудармасы туралы» деген мақаласы жарық көреді. Біздің қолда бар деректерге қарағанда бұл Тұрмағамбет шығармашылығы туралы жазылған алғашқы мақалалардың бірі.

Ә.Қоңыратбаев өз мақаласында Тұрмағамбет аудармасына байланысты: «Бұл кезге дейін «Шаһнаманың» басқа тілдерге аударылған тексті көбіне қара сөзбен жазылушы еді. Соның ішінде осы күнгі Тұрмағамбеттің қолындағы Ораз молданың аудармасы да қара сөзбен жазылған. Қара сөз арасына қысқа-қысқа бәйіт қосылады. Тұрмағамбет мұны кілең өлеңмен аударып жатыр. Мұнысы ізгі жұмыс.

Бірақ аударма жөнінде ескеретін бірсыпыра кемшіліктер бар. «Шаһнама» басында жыр (бәйіт) өлеңмен жазылған поэма. Ал Тұрмағамбет оны кілең 11 буынды қара өлеңмен жазып отыр. Мұнысы адамды жалықтырады., ауыр»,- деп өз ойын білдіреді [1].

«Шаһнаманы» алғаш қазақ тіліне аударушылардың бірі - Ораз молда. Ол XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында Сыр бойында өмір сүрген. Ораз молда «Шаһнама» аудармасының үш нұсқасын жасаған. Үшеуі де ескі шағатай, парсы тілдеріндегі түпнұсқалардан алынған. Ораз молданың Рүстем ерлігіне байланысты қиссасы 1886 жылы Ташкентте жеке кітап болып шыққан. Ә.Қоңыратбаевтың айтуы бойынша Тұрмағамбет «Шаһнаманы» аудару кезінде Ораз молданың осы нұсқасын пайдаланған.

«Қызыл ту» газетінің 1960 жылғы 10 тамыздағы санында Ө.Тұрманжановтың «Шаһнама» дастаны жайында» деп аталатын мақаласы жарияланады. Мақалада Тұрмағамбеттің «Шаһнаманы» аудару тарихына көбірек тоқталған [2.33]. Әрине, кез келген шығарманың өмірге келу немесе аударылу тарихы ғылым үшін де, келер ұрпақ үшін де қажетті деректердің бірі. Осы тұрғыдан қарағанда, қаламгердің шығармашылық лабораториясы туралы сөз ету әдебиет тарихы үшін өзекті мәселе екендігінде дау жоқ.

«Шаһнама» 1936 жылы қазақ тіліне аударылып болғанымен, сол кездегі саяси ұстанымға байланысты жарыққа шықпай қалады. Араға 24 жыл салып, 1961 жылы Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан «Рүстем - дастан» деген атпен шығады. Кітаптың жалпы редакциясын Әбділда Тәжібаев басқарса, арнаулы редактор Өтебай Тұрманжанов, ал баспаға әзірлеген Мардан Байділдаев.

Бұл бағыттар бір-бірінен оқшау емес. Керісінше, олар өзара байланысып, адамның тұтас тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Білімді, бірақ адамгершілігі төмен адамның қоғамға тигізер пайдасы шектеулі болуы мүмкін. Сол сияқты еңбекқорлық пен имандылық жауапкершілікпен ұштасқанда ғана толық тәрбиелік мәнге ие болады.

Тұрмағамбет Ізтілеуұлының шығармаларын осы тұрғыдан оқу қазіргі тәрбие тәжірибесінде де маңызды. Ақын мұрасы оқушының бойында ұлттық әдебиетке құрмет қалыптастырумен қатар, моральдық мәселелерді талқылауға, өз мінез-құлқын бағалауға және өмірлік құндылықтарды саналы таңдауға мүмкіндік береді.

6. Шығыс әдебиеті дәстүрі және ұлттық тәрбиелік ой

Тұрмағамбет Ізтілеуұлының дүниетанымын толық түсіну үшін оның Шығыс әдебиетімен байланысын ескеру қажет. Ақын араб-парсы әдебиетінің көркемдік дәстүрлерін меңгеріп, шығыстық сюжеттерге негізделген шығармалар жазған. Оның шығармашылық мұрасындағы бұл бағыт қазақ

әдебиетінің көркемдік көкжиегін кеңейтіп, шығыс әдебиетіндегі адамгершілік идеялардың ұлттық поэзияда жаңғыруына ықпал етті.

Ақынның «Шаһнама» дәстүрімен байланысы, «Рүстем-дастан» тәрізді шығармаларға қатысты еңбектері және шығыстық қисса-дастандары оның әдеби мұрасының маңызды бөлігін құрайды. Мұндай туындыларды тәрбиелік тұрғыдан қарастырғанда батырлық, адалдық, ерлік, намыс, уәдеге беріктік және әділеттілік мәселелеріне назар аударған жөн.

Шығыс әдебиетінде кейіпкердің адамдық болмысы оның сыртқы күш-қуатымен ғана емес, моральдық таңдауы арқылы да ашылады. Кейіпкердің әділеттілікті қорғауы, қиындыққа төтеп беруі, жақындарына адалдығы немесе өз нәпсісін тежей білуі оның тұлғалық деңгейін анықтайтын белгілер ретінде көрінеді. Тұрмағамбет шығармаларындағы шығыстық дәстүрді осы көркемдік және тәрбиелік ұстанымдар тұрғысынан талдауға болады.

Сонымен қатар ақын шығыс мұрасын қазақ оқырманына жеткізуде ұлттық дүниетаным мен тілдік ерекшеліктерді ескерген. Бұл оның шығармашылығын қарапайым аудармашылық қызметпен шектемей, мәдениеттер арасындағы рухани байланысты дамытқан әдеби құбылыс ретінде бағалауға негіз болады.

Шығыс әдебиетінің сюжеттері мен моральдық идеяларының қазақы ортада жаңғыруы ұлттық тәрбиенің мазмұнын байытты. Мұндай сабақтастық арқылы адамгершілік туралы жалпыадамзаттық ұғымдар жергілікті дәстүрлермен, халықтық дүниетаныммен және қазақ тілінің көркемдік мүмкіндіктерімен ұштасады.

7. Тұрмағамбет мұрасының қазіргі тәрбиелік маңызы

Қазіргі кезеңде ұлттық құндылықтарды сақтау мен жас ұрпақтың рухани мәдениетін қалыптастыру мәселесі ерекше маңызға ие. Ақпарат ағынының күшеюі, қоғамдық қатынастардың өзгеруі және әлеуметтік желілердің адам мінезіне ықпалы тұлғаның моральдық бағдарларын қалыптастыруды маңызды міндеттердің біріне айналдырды. Осы жағдайда Тұрмағамбет Ізтілеуұлының шығармаларын бүгінгі күн тұрғысынан қайта зерделеу қажет.

Ақын мұрасын қазіргі тәрбие жүйесінде пайдаланудың бірнеше мүмкіндігі бар.

Біріншіден, оның шығармалары арқылы ұлттық әдептің мазмұнын түсіндіруге болады. Ар-ұят, адалдық, үлкенге құрмет, уәдеге беріктік және әділеттілік сияқты қағидаларды көркем мәтіндер негізінде талқылау оқушылардың моральдық пайымын дамытуға ықпал етеді.

Екіншіден, ағартушылық өлеңдері білімге деген ынтаны арттыруға көмектеседі. Ақынның білім мен ақыл-парасатқа қатысты ойлары оқушыларды оқу еңбегінің мәнін түсінуге, өз қабілетін дамытуға және алған білімін өмірде қолдануға ынталандырады.

Үшіншіден, сатиралық шығармалары сыни ойлау мен өзіндік талдау мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқушылар шығармадағы

жағымсыз мінездерді анықтап қана қоймай, олардың пайда болу себептерін және әлеуметтік салдарын талқылай алады.

Төртіншіден, діни-этикалық мазмұндағы туындылары рухани жауапкершілік, мейірімділік және ішкі мәдениет мәселелерін қарастыруға негіз болады. Бұл ретте ақынның діни көзқарасын тарихи-мәдени контексте талдап, оның жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтармен байланысын көрсету маңызды.

Бесіншіден, шығыстық сюжеттерге негізделген шығармалары мәдениетаралық байланысты түсінуге көмектеседі. Олар қазақ әдебиетінің басқа халықтардың әдеби мұрасымен өзара ықпалдастықта дамығанын танытып, ұлттық мәдениеттің кең дүниетанымдық кеңістіктегі орнын айқындайды.

Дегенмен Тұрмағамбет шығармаларын қазіргі білім беру үдерісіне енгізу кезінде олардың тарихи жағдайын, тілдік ерекшеліктерін және жанрлық сипатын ескеру қажет. Ақынның ойын бүгінгі өлшемдерге механикалық түрде сәйкестендірудің орнына, шығарманың өз дәуіріндегі мәнін ашып, қазіргі қоғам үшін өзекті тұстарын ғылыми тұрғыдан түсіндіру орынды.

Осылайша, Тұрмағамбет мұрасы ұлттық тәрбие мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара сабақтастыра қарастыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Тұрмағамбет Ізтілеуұлының шығармашылық мұрасы – қазақ әдебиетіндегі әдептік және тәлім-тәрбиелік ойлардың маңызды қайнарларының бірі. Ақынның өлеңдері мен дастандарында адамгершілік, имандылық, білім, еңбек, әділеттілік, ар-ұят және қоғамдық жауапкершілік мәселелері өзара байланыста көрініс табады.

Ақынның әдептік көзқарастары адамның сыртқы әрекеті мен ішкі дүниесінің бірлігін талап етуімен ерекшеленеді. Оның шығармаларындағы адамдық қасиеттерді дәріптеу, жағымсыз мінездерді сынау және рухани тазалыққа шақыру идеялары жеке тұлғаның ғана емес, қоғамның да моральдық жетілуіне бағытталған.

Тұрмағамбет поэзиясындағы ағартушылық ұстаным білім мен адамгершілікті өзара сабақтастырады. Ақын үшін білімнің құндылығы адамның ой-өрісін кеңейтіп, өмірлік тәжірибесін байытып қана қоймай, оның мінезін түзеп, қоғамға пайдалы болуына ықпал етуімен өлшенеді. Еңбек тәрбиесі мен ұрпаққа өсиет айту дәстүрі де осы көзқарасты толықтыра түседі.

Сонымен бірге ақынның діни-ағартушылық дүниетанымы имандылықты адамның ішкі жауапкершілігімен, жан тазалығымен және әділетті әрекетімен байланыстыра қарастыруға мүмкіндік береді. Ал сатиралық шығармалары қоғамдық кемшіліктерді әшкерелеу арқылы моральдық сананы жетілдіруге қызмет етеді. Шығыс әдебиетімен сабақтастығы оның шығармашылығындағы тәрбиелік идеялардың көркемдік және дүниетанымдық аясын кеңейтеді.

Қорыта айтқанда, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармаларының әдеп және тәлім-тәрбиелік негіздері ұлттық рухани құндылықтарды сақтаумен ғана шектелмейді. Олар білімді, парасатты, адал, еңбекқор және қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінетін тұлға қалыптастыру идеяларымен де құнды. Сондықтан ақын мұрасын қазіргі әдебиеттану, педагогика және рухани тәрбие салалары аясында кешенді зерттеу өзекті ғылыми міндет болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тұяқбаев Ғ. А. Тұрмағамбет шығармаларындағы «кеуіл» сөзінің қолданысы // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2013. – Т. 145. – № 5–6.

2. Тұяқбаев Ғ. А. Тұрмағамбет шығармаларындағы мінәжат жанры // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2014. – Т. 149. – № 3.

3. Төлебаева А. Т., Тұяқбаев Ғ. А. Т. Ізтілеуұлының ғибрат, насихат өлеңдеріндегі педагогикалық көзқарастар // Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы. – 2023. – Т. 142. – № 1. – Б. 269–283.

4. Қарбозов Е. Қ. Тұрмағамбет Ізтілеуұлының ақыл-нақыл сөздері // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы.

РУКОПИСИ «ШАХНАМЕ» В ИНСТИТУТЕ ИМЕНИ АБУ РАЙХАНА БЕРУНИ

Азамат Хамид угли Зиё
академик Академии наук Республики Узбекистан,
доктор исторических наук, профессор,
директор Института истории Академии наук Республики Узбекистана
Жуматай Самат
PhD, директор Международной академии исследования
евразийского наследия имени Аттилы

Как и всякий выдающийся мастер художественного слова, Фирдоуси стремился возвеличить свою родину и свой народ. Главной темой своего произведения он избрал обширный исторический период, отражающий жизнь Ирана и иранского народа. Действительно, приложив всё своё мастерство, поэт на протяжении нескольких десятилетий создавал грандиозную эпическую поэму, насчитывающую более ста тысяч стихотворных строк.

Произведение состоит из трёх частей: мифологической, героической и исторической. При осуществлении столь масштабного замысла, особенно при создании первых двух частей, Фирдоуси широко использовал сюжеты священной книги зороастрийцев «Авеста», а также образцы устного народного творчества, распространённые среди населения древнего Хорезма, Согдианы, Бактрии и Парфии. К ним относятся, в частности, предания о Рустаме, Сиявуше, Афрасиабе и других героях.

Следует также отметить, что при раскрытии характеров и внутреннего мира своих героев Фирдоуси уделяет особое внимание их борьбе с Тураном и туранцами. Между тем происхождение знаменитого образа Рустама, представленного в «Шахнаме», в действительности связано именно с туранской землёй.

По этой причине, а также вследствие противопоставления героев «Шахнаме» туранцам, Махмуд Газневи (998–1030) не принял произведение Фирдоуси и не вознаградил поэта. Примечательно, что до недавнего времени этот поступок Махмуда Газневи подвергался осуждению. Между тем, будучи правителем тюркской державы, Махмуд Газневи, вполне естественно, не мог принять произведение, проникнутое настроениями, направленными против туранцев.

Однако творчество Фирдоуси и его «Шахнаме» не утратили своей ценности ни для туранских народов — как выдающийся образец художественного искусства, ни для учёных — как своеобразный исторический, литературный и этнографический источник.

Подтверждением этому служит тот факт, что на протяжении минувшего тысячелетия наши предки проявляли неизменный интерес к этому великому произведению.

Так, известно, что начиная с XVI–XVII веков предпринимались попытки перевода «Шахнаме» на староузбекский язык. Значительный вклад в эту работу внесли такие литераторы, как Шах Хиджрон, Мулла Хомуший и Нурмухаммад Бухари, успешно осуществившие переводы произведения.

Широкое распространение получила также практика переписывания текста «Шахнаме», что, безусловно, свидетельствует о большом интересе к этому произведению. Переписыванию рукописей уделялось особое внимание: они оформлялись с высоким художественным вкусом, украшались изящными орнаментами и многоцветными миниатюрами.

В качестве примеров можно привести экземпляр «Шахнаме», иллюстрированный в эпоху Тимуридов хорезмийским художником Ходжой Али; рукопись, переписанную в 1424–1430 годах Джафаром Байсунгури, руководителем библиотеки Байсунгур-мирзы, и украшенную Халилом Султаном; а также экземпляр, переписанный в Самарканде в 1389 году.

Однако указанные рукописные экземпляры по различным причинам были вывезены за пределы нашей страны и в настоящее время хранятся в зарубежных рукописных фондах и книгохранилищах.

Тем не менее в нашем распоряжении также находится значительное количество рукописей «Шахнаме». В частности, в рукописном фонде Института востоковедения Академии наук Республики Узбекистан хранятся 20 рукописных экземпляров этого произведения, переписанных в разные исторические эпохи.

Самая древняя из подобных рукописей, хранящихся в фонде[1], была переписана в 854 году хиджры (1450 г.) Мухаммадом ибн Яхьёй. Текст выполнен почерком насталик. На каждой странице расположены четыре столбца по 25 строк в каждом.

Заголовки украшены позолотой. Титульное оформление на листе 1б, а также заставка в начале произведения декорированы золотом и цветными красками. Переплёт рукописи изготовлен из красной сафьяновой кожи, имеет клапан и металлическое крепление.

Подобно тому как каждое литературное произведение имеет не только историю создания, но и историю своего последующего существования, данная рукопись также сохранила свидетельства о своих прежних владельцах. Так, согласно оттискам печатей на листах 1а и 552б, в 1226 году хиджры (1811 г.) этот экземпляр находился во владении Бадиуззамона Мир Равшана Замира ибн Ардашира Шахмухаммада Башира.

Физические характеристики рукописи: размеры — 24 × 33 см, объём — 552 листа. Бумага плотная, с глянцевой поверхностью.

Следующая по времени переписки рукопись[2] относится к 890 году хиджры (1485 г.). В отличие от предыдущего экземпляра, в данном случае известно имя переписчика — Али Дарвиш Бадахши. Эта рукопись также выполнена красивым почерком насталик, однако несколько более мелким. Причина заключается в том, что на каждой странице размещено не четыре, а шесть столбцов текста.

Хотя бумага имеет среднее качество и не отличается особым блеском, украшенный золотом и цветными красками унван на листе 2а, а также оставленные на некоторых страницах пустые места, предназначенные для миниатюр, свидетельствуют о намерении тщательно и с большим художественным вкусом оформить рукопись. Однако по неизвестным причинам этот замысел так и остался неосуществлённым.

Переплёт изготовлен из кожи красного цвета, его внешняя сторона украшена орнаментом.

Нам неизвестно, какие испытания выпали на долю этой рукописи за минувшие пять столетий. Однако значительные повреждения свидетельствуют о том, что последний период её существования до поступления в рукописный фонд был далеко не благополучным.

Размеры рукописи — 22 × 32 см, количество листов — 361.

Следующая рукопись[3], хранящаяся под инвентарным номером 1811, представляет особый интерес благодаря своему художественному оформлению. Миниатюры для неё были выполнены известным художником XVI века Мухаммадом Мурадом Самарканди. Всего на страницах рукописи размещено 115 миниатюр.

Кроме того, вступительная часть и начало поэмы украшены двумя художественными заставками (фронтисписами).

Текст на каждой странице расположен в четырёх столбцах по 25 строк. Каждый столбец обрамлён золотыми линиями, а весь текст заключён в рамку, выполненную голубыми и золотыми линиями. Названия глав написаны старинной киноварью.

Бумага хорошего качества, местного производства. Однако заметно, что некоторые листы (25–28, 68, 69 и другие) были вставлены или восстановлены в более позднее время.

Данный экземпляр был переписан в 964 году хиджры (1556–1557 гг.) переписчиком по имени Хамдами по распоряжению хивинского хана Эшмухаммада (ум. в 1558 г.)[4].

Известно также имя мастера-переплётчика — Мухаммад Саидходжа Саххаф.

Переплёт изготовлен из красной кожи и имеет корешок.

Размеры рукописи — 23 × 33,5 см, количество листов — 555.

Говоря ещё об одном рукописном экземпляре, переписанном в XVI веке[5], следует отметить, что он содержит лишь две части произведения. Вместе с тем текст рукописи выполнен чрезвычайно красивым почерком талик и украшен позолотой и разноцветными красками. На каждой странице размещено четыре столбца по 25 строк в каждом.

Согласно дате 1058 года хиджры (1648 г.), сохранившейся в оттиске печати на листе 1а, а также другим сведениям, эта рукопись в своё время находилась во владении Абдуррахима ибн Исламхана, одного из сановников могольского падишаха Шах-Джахана (1037/1628–1069/1659).

На основании этого свидетельства, а также учитывая индийское происхождение бумаги, можно предположить, что рукопись была переписана в Индии.

Переплёт изготовлен из красной кожи. Размеры рукописи — 14 × 24 см, количество листов — 149. Повествование завершается рассказом об отправлении иранцев на спасение Бижана.

Рукопись[6], хранящаяся под инвентарным номером 3487, была переписана в 1004 году хиджры (1595 г.). Как и предыдущий экземпляр, она выполнена красивым почерком талик на бумаге индийского производства. На каждой странице размещено четыре столбца по 25 строк.

Поля текста украшены цветными линиями, а названия отдельных глав написаны киноварью. На листе 2а имеется художественно оформленный унван, украшенный позолотой и разноцветными красками.

Кожаный переплёт коричневого цвета. Размеры рукописи — 23 × 33 см, количество листов — 466.

Среди рукописных экземпляров XVI века имеется ещё одна рукопись[7], которую по праву можно назвать миниатюрной книгой, поскольку её размеры составляют всего 12 × 17 см. Таким образом, по своему формату она даже меньше обычной тетради.

Текст выполнен почерком насталик, естественно, очень мелким. Он расположен в четырёх столбцах, обрамлённых линиями голубого цвета. Заголовки написаны киноварью и чёрной тушью.

На единственной сохранившейся странице предисловия приведены исторические сведения о династиях Аршакидов и Селевкидов.

Повествование поэмы не доведено до конца: текст обрывается на эпизоде, посвящённом оплакиванию Йездигерда III (632–651).

Бумага плотная, переплёт изготовлен из коричневой кожи. Количество листов — 505.

Отличительной особенностью рукописи[8], хранящейся под инвентарным номером 2139, является то, что она состоит из четырёх книг.

Каждая из этих книг начинается художественно оформленным унваном, выполненным с большим изяществом с использованием позолоты и разноцветных красок (листы 15а, 174а, 340а и 485а).

Кроме того, в рукописи сохранился фронтиспис, хотя и значительно повреждённый.

Текст на каждой странице расположен в четырёх столбцах по 25 строк в каждом. Столбцы обрамлены золотыми и голубыми линиями. Названия глав написаны киноварью.

Рукопись была переписана красивым почерком насталик неизвестным переписчиком предположительно в XVI веке. Размеры рукописи — 17 × 19 см, количество листов — 635. Текст обрывается на повествовании, связанном со смертью правителя Мерва Могуя.

Следующий рукописный экземпляр[9], также относимый к XVI веку, был переписан неизвестным каллиграфом. Текст на каждой странице расположен в четырёх столбцах. Поля украшены позолотой и цветными красками.

Особый интерес представляет художественное оформление этой рукописи. Так, на листе 219а можно увидеть цветные рисунки, работа над которыми была начата ещё в XVI веке, но по неизвестным причинам осталась незавершённой. На листе 220а, напротив, имеется рисунок, выполненный красками в более поздний период, словно с намерением завершить некогда оставленную работу.

В данном экземпляре отсутствует вступительная часть произведения. Кроме того, текст сохранился не полностью: последние строки обрываются в главе, посвящённой взаимоотношениям самаркандца Бижана и марзбана Мерва Могуя.

Размеры рукописи — 24 × 36 см, количество листов — 514.

Имя переписчика и точная дата создания рукописи[10], хранящейся под инвентарным номером 4235, также неизвестны. Однако по её внешним и палеографическим признакам можно предположить, что она была переписана в XVI или, самое позднее, в XVII веке.

Этот экземпляр также сохранился не полностью. Отсутствуют несколько листов предисловия и начальная часть поэмы.

Примечательно, что, несмотря на наличие в первоначальном тексте хвалебных строк, посвящённых Махмуду Газневи, в рукопись позднее были включены отдельные листы со стихотворными строками поэта, содержащими насмешки над Махмудом Газневи.

Размеры рукописи — 22,5 × 35,5 см, количество листов — 454.

Ещё один рукописный экземпляр, содержащий в общей сложности 22 миниатюры, был переписан неизвестным лицом в 1012 году хиджры (1603–1604 гг.).

В начале рукописи (листы 1б–2а) помещён перечень династий и царей, а далее, на листе 26, приводятся сатирические стихотворные строки, направленные против Махмуда Газневи.

Рукопись выполнена красивым почерком насталик. Её оформление свидетельствует о стремлении переписчика и художников придать произведению изысканный художественный облик и тщательно украсить его[11].

К числу рукописных экземпляров, переписанных в XVII веке, можно отнести ещё четыре рукописи[12]. Для двух из них известны точные даты переписки. Так, экземпляр под инвентарным номером 1373 был переписан Арабом Ширази 4 раджаба 1052 года хиджры (28 сентября 1642 г.), а переписывание первой части рукописи под номером 3463 было завершено 18 раби аль-авваля 1075 года хиджры (10 октября 1664 г.).

Точная дата создания третьего экземпляра, предположительно относящегося к XVII веку, неизвестна, однако сохранилось имя переписчика — Камолиддин Катиб[13].

В нашем рукописном фонде в настоящее время хранится лишь один экземпляр «Шахнаме», относимый к XVIII веку[14]. При этом его датировка установлена на основании внешних признаков рукописи, а точная дата переписки неизвестна.

На листах 1а–8а помещено оглавление, а на листах 9б–20а — предисловие. Текст переписан почерком насталик и расположен в четырёх столбцах.

Несмотря на то что художественному оформлению рукописи уделялось особое внимание, некоторые элементы декоративного убранства, в частности места, предназначенные для унванов, остались незавершёнными.

Бумага тонкая, высокого качества. Переплёт изготовлен из чёрной кожи. Размеры рукописи — 16,5 × 26,5 см, количество листов — 600.

Остальные экземпляры «Шахнаме» относятся преимущественно к XIX веку. Первый из них был переписан неизвестным лицом в 1248 году хиджры (1832 г.)[15]. Каких-либо особо примечательных отличительных особенностей данная рукопись практически не имеет.

В начале следующего рукописного экземпляра[16] по неизвестной причине помещены посторонние фрагменты текста, не имеющие отношения к «Шахнаме».

Одной из характерных особенностей этой рукописи является наличие многочисленных художественно оформленных унванов, украшенных позолотой и разноцветными красками (листы 2б, 26, 156, 196, 266, 301б, 318б, 373б, 383б и 483б).

Своеобразными особенностями отличается также рукопись под инвентарным номером 11022. Её текст выполнен двумя видами письма: насх (до листа 303а) и насталик (до листа 362а).

Хотя имена переписчиков и даты создания рукописи не указаны, на основании внешних и палеографических признаков можно предположить, что часть, написанная почерком насх, относится приблизительно к XV–XVI векам, тогда как фрагменты, выполненные почерком насталик, датируются XVII веком.

Наконец, последние два рукописных экземпляра, на которые мы хотели бы обратить внимание, — это рукопись[17], составленная по распоряжению правителя Турфана конца XVIII — начала XIX века Сайида Аминходжи-бека ибн Ниязходжи Ахуна, а также рукопись, содержащая наряду с отрывками из произведений ряда других авторов отдельные фрагменты творчества Фирдоуси.

На листе 58а последней рукописи имеется незавершённая миниатюра, изображающая битву Рустама и Исфандияра, принадлежащая кисти художника Мирзы Ризо Наккоша ибн Мухаммада Алихана Ашияни (1276 г. хиджры / 1859 г.).

Кроме того, согласно надписям на оттисках печатей, сохранившихся на листе 34б и некоторых других листах, данный экземпляр в течение определённого времени находился во владении Мир Абдулбаки ибн ходжи Амир Вафы (1226 г. хиджры / 1811 г.).

В отличие от большинства рассмотренных выше рукописных экземпляров, текст данной рукописи расположен по 19 строк на каждой странице в четырёх столбцах.
Бумага фабричного производства, переплёт кожаный. Размеры рукописи — 19 × 28,6 см. Объём части, относящейся к «Шахнаме», составляет 24 листа.
Таким образом, завершая обзор рукописных экземпляров произведения Фирдоуси «Шахнаме», хранящихся в рукописном фонде Института востоковедения Академии наук Узбекистана, необходимо подчеркнуть одно важное обстоятельство: эти рукописи представляют собой не просто копии одного и того же произведения, переписанные в различные исторические эпохи.

Каждый рукописный экземпляр — это самостоятельное историческое свидетельство, своеобразный памятник своей эпохи, отражающий творческий труд, мастерство, опыт и мировоззрение людей, участвовавших в его создании.
Более того, каждая из этих рукописей в той или иной степени несёт на себе отпечаток политической, экономической, социальной и культурной среды своего времени.
Особое место в истории распространения и освоения литературного наследия Абулкасима Фирдоуси среди тюркских народов занимает творчество выдающегося казахского поэта, просветителя и переводчика Турмагамбета Изтлеуова (1882–1939). Его деятельность представляет значительный интерес для изучения многовековых литературных и культурных связей народов Центральной Азии, в частности преемственности персидско-таджикской и казахской поэтических традиций.

Получив образование в медресе Бухары, Турмагамбет Изтлеуов глубоко освоил восточную классическую литературу, арабский, персидский и чагатайский языки. Знакомство с художественным наследием Фирдоуси, Низами и других представителей восточной словесности оказало заметное влияние на формирование его литературного мировоззрения. В собственном творчестве поэт органично соединял художественные традиции Востока с казахской народной поэзией, развивая жанр дастана и практику поэтического переосмысления известных сюжетов.

Одним из наиболее значительных достижений поэта стало создание в 1936 году казахской стихотворной версии «Шахнаме» Фирдоуси, объём которой, согласно литературоведческим источникам, составлял около 40 тысяч стихотворных строк. При этом работа Істілеуова не ограничивалась буквальным воспроизведением оригинала. Она представляла собой свободное художественное переложение, в котором сохранялись основные сюжетные линии и идейное содержание персидского эпоса, но использовались выразительные средства, ритмика и поэтические формы, близкие казахскому читателю.
Особое значение в данном отношении имеет произведение «Рүстем-Дастан», основанное на героических сюжетах «Шахнаме». В нём образы Рустама и

других эпических героев получили новое художественное воплощение в соответствии с традициями казахской повествовательной поэзии. Использование преимущественно одиннадцатисложного стиха, характерного для казахского стихосложения, способствовало органичному восприятию восточного эпического материала в национальной литературной среде.

Историческая заслуга Турмагамбета Изтлеуова состоит, таким образом, не только в передаче содержания произведения Фирдоуси на казахском языке, но и в создании самостоятельной художественной интерпретации, ставшей важным звеном культурного взаимодействия между персидской и тюркской литературными традициями.

Особую роль в дальнейшей судьбе произведения сыграло опубликование «Рүстем-Дастана» в 1961 году с предисловием Мухтара Ауэзова. Это издание способствовало возвращению поэтического наследия Турмагамбета Изтлеуова в литературный оборот и ознакомлению широкой читательской аудитории с казахской версией эпоса. В 2004 году произведение было переиздано в дополненном виде под названием «Шахнама. Рүстем-Дастан»[19].

Научное изучение литературного наследия Турмагамбета Изтлеуова составляет важное направление современного казахского литературоведения и сравнительного востоковедения. Существенный вклад в исследование его творчества внесли Рахманкул Бердибаев, Мухамеджан Байдильдаев, Утеген Кумисбаев и другие учёные. Особое значение имеют сравнительные исследования казахского «Рүстем-Дастана» и персидского оригинала «Шахнаме», позволяющие выявить особенности художественного перевода, своеобразие национальной интерпретации эпических образов и закономерности межлитературного взаимодействия. Важное место занимают также вопросы текстологии, истории публикации произведения и сохранения рукописного наследия поэта [20].

В современной науке творчество Турмагамбета Изтлеуова рассматривается в контексте традиции назира — особого способа творческого освоения и переосмысления известных литературных произведений. В отличие от буквального перевода, назира предполагает самостоятельное художественное изложение традиционного сюжета с сохранением его основного содержания и обогащением новыми образными, стилистическими и национальными особенностями. Именно такой подход позволяет глубже определить место «Рүстем-Дастана» в истории казахской литературы.

В частности, в исследовании У. Жанбершиевой, Г. Ораловой и А. Тулебаевой «„Шахнама“ Фирдоуси и Турмагамбет», опубликованном в 2024 году в научном журнале «Керуен», подчёркивается преемственность восточной и казахской поэзии, раскрываются особенности использования традиции назира и анализируется художественное своеобразие национального переосмысления эпоса[21].

С историко-культурной точки зрения деятельность Турмагамбета Изтлеуова свидетельствует о том, что «Шахнаме» на протяжении столетий существовало не только как памятник персидской письменной культуры, но

и как источник сюжетов, образов и нравственно-философских представлений, творчески осваиваемых другими народами Центральной Азии.

Обращение казахского поэта к наследию Фирдоуси стало одним из ярких проявлений преемственности восточной поэтической традиции в казахской литературе. Его произведение способствовало расширению художественного пространства национальной словесности, укреплению культурных связей между народами региона и сохранению общих духовных ценностей.

В этом отношении дальнейшее изучение рукописных и печатных версий «Шахнаме», сохранившихся в фондах научных учреждений Узбекистана, в сопоставлении с казахскими литературными переложениями представляет значительный научный интерес. Такое сравнительное исследование позволит глубже раскрыть пути распространения эпических сюжетов, особенности их языковой и художественной трансформации, а также историческую роль казахских поэтов в сохранении и развитии восточного литературного наследия. При этом установление непосредственных связей между конкретными рукописями и казахскими переложениями требует самостоятельного источниковедческого исследования.

Таким образом, литературное наследие Турмагамбета Изтлеуова следует рассматривать как важную составную часть общей истории культурного взаимодействия народов Центральной Азии. Его казахская интерпретация «Шахнаме» представляет собой не только выдающийся опыт художественного освоения классического восточного эпоса, но и значительное явление национальной духовной культуры, свидетельствующее о непрерывности литературных связей, исторической памяти и преемственности поэтических традиций.

Список литературы:

[1] Рукописный фонд Института востоковедения Академии наук Узбекистана, инв. № 1586; см. также: Собрание восточных рукописей Академии наук Узбекской ССР. Т. XI. Ташкент, 1954. С. 20.

[2] Инв. № 1639; см.: Собрание восточных рукописей. Т. XI. С. 20.

[3] См.: Собрание восточных рукописей. Т. XI. С. 20.

[4] О нём см.: Муродов А. Из истории каллиграфического искусства Средней Азии. Ташкент, 1971. С. 103.

[5] Инв. № 4635; см.: Собрание восточных рукописей. Т. VIII. Ташкент, 1967. С. 142.

[6] См.: Собрание восточных рукописей. Т. VIII. С. 142.

[7] Инв. № 6423; см.: Собрание восточных рукописей. Т. VIII. С. 142.

[8] См.: Собрание восточных рукописей. Т. II. С. 20.

[9] Инв. № 872; см.: Собрание восточных рукописей. Т. II. С. 20.

[10] См. также: Собрание восточных рукописей. Т. VIII. С. 143.

[11] Инв. № 372 (листы 1б, 3б, 192б и др.); см.: Собрание восточных рукописей. Т. II. С. 23.
[12] Инв. № 1373, 3463, 5155, 4765; см.: Собрание восточных рукописей. Т. II. С. 23; Т. IX. С. 75; Т. VIII. С. 143, 145.
[13] Инв. № 4765.
[14] Инв. № 620; см. также: Собрание восточных рукописей. Т. II. С. 23.
[15] Инв. № 1425; см.: Собрание восточных рукописей. Т. II. С. 23.
[16] Инв. № 1586; см.: Собрание восточных рукописей. Т. II. С. 23.
[17] Инв. № 7806.
[18] Бердибаев Р. Изтлеуов Турмагамбет // Краткая литературная энциклопедия. Т. 3. М.: Советская энциклопедия, 1966. Стб. 78.
[19] Істілеуов Т. Рүстем-Дастан. Подготовил к изданию М. Байдильдаев. Алма-Ата: Казахское государственное издательство художественной литературы, 1961. 604 с.
[20] Мекебаева Қ. О. Тұрмағамбет Істілеуұлы және «Шаһнаме» аудармасының басылымдары. 2013. Материал размещён в репозитории Университета Сулеймана Демиреля. https://repository.sdu.edu.kz/items/ce1ea442-fe6a-4a51-a15e-27698fe78007?utm_source=chatgpt.com
[21] Жанбершиева У., Оралова Г., Тулебаева А. «Шахнама» Фирдоуси и Турмагамбет // Керуен. 2024. Т. 83. № 2. С. 174–183. DOI: 10.53871/2078-8134.2024.2-13

«Shahnama» және Тұрмағамбет – әлем әдебиетінің мәңгілік мұрасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция қарсаңында газет-журнал беттерінде жарияланған мақалалар

«Egemen Qazaqstan» газеті

ТҰРМАҒАМБЕТ ЖӘНЕ «ШАҺНАМА» ӘЛЕМДІК МҰРАНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Әлемдік әдебиеттің ұлы туындылары уақыт пен кеңістіктің шекарасын мойындамайды. Бір халықтың рухани қазынасы екінші халықтың жүрегіне жол тапқанда, шығарма жаңа тілде қайта сөйлеп, жаңа мәдени ортада жаңа мағынамен толыға түседі. Осы тұрғыдан алғанда, парсы әдебиетінің алып ескерткіші – Әбілқасым Фирдоусидің «Shahnamасының» қазақ оқырманына жету тарихында Тұрмағамбет Ізтілеуұлының еңбегі айрықша орын алады.

2026 жыл – қазақ әдебиеті үшін осы мұраны жаңаша пайымдайтын маңызды кезең. Өйткені бұдан тоқсан жыл бұрын, 1936 жылы Тұрмағамбет Ізтілеуұлы Фирдоусидің «Shahnamасын» қазақ тіліне еркін аударма үлгісінде тәржімалады. Әдеби деректерде ақын аудармасының көлемі шамамен 40 мың жол болғаны көрсетіледі. Бұл – аударма екі үлкен әдеби дәстүрдің, екі тарихи-мәдени кеңістіктің арасындағы рухани көпір.

«Shahnama» – адамзат өркениетіндегі ең ірі эпикалық шығармалардың бірі. Фирдоуси бұл ұлы туындысын 1010 жылы аяқтаған. Энциклопедия Iranica дерегінде шығарма шамамен 50 мың бәйіттен тұратын алып поэма ретінде сипатталады. Онда Иранның аңыздық және жартылай тарихы, алғашқы патшалардан бастап араб жаулап алуына дейінгі кең тарихи-мифологиялық желі қамтылған. Алайда «Shahnama» тек белгілі бір елдің патшалары мен батырлары туралы жыр емес. Оның өзегінде адам мен билік, ел мен жер, намыс пен опасыздық, адалдық пен сатқындық, тағдыр мен таңдау секілді адамзатқа ортақ мәселелер жатыр. Сондықтан бұл шығарма ғасырлар бойы өзінің өміршеңдігін жоғалтқан жоқ. Фирдоусидің шығармасы парсы әдебиетінің классикалық биігіне айналғанымен, оның көркемдік қуаты бір ғана мәдени кеңістікпен шектелмеді. «Shahnama» түркі, араб, үнді және басқа да әдеби-мәдени орталарда оқылып, аударылып, қайта зерделеніп келеді. Осындай алып туындыны қазақ оқырманына жеткізу үшін аудармашының екі тілді білуі жеткіліксіз еді. Мұнда ең алдымен екі әдеби дәстүрдің ішкі табиғатын терең түсіну қажет. Ал, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы дәл осындай үлкен міндетті мойнына алған тұлға.

Сыр бойының жыраулық, шайырлық дәстүрін бойына сіңірген ақынның сөз саптауы, өлең өрнегі, образ жасау тәсілі қазақтың ауызша поэзиясымен біте қайнасып жатты. Сондықтан ол «Shahnamадағы» оқиғаларды қазақ оқырманына жатсындырмай, ұлттық поэтикалық тілдің мүмкіндіктері арқылы жеткізуге ұмтылды. Әдеби деректер Тұрмағамбет аудармасының еркін аударма сипатында болғанын көрсетеді. Бұл ерекшелік оның жұмысын түпнұсқаны сөзбе-сөз көшіру емес, көркемдік тұрғыдан қайта жырлау деңгейіне көтерді.Осы жерде Тұрмағамбеттің ақындық табиғаты, пайым-

парасаты мен шығармашылық әлеуеті анық көрінеді. Ол аудармашы ғана емес, жырды қайта сөйлеткен шығармашылық тұлға болды.

Кез келген ұлы шығарманың басқа тілге аударылуы – тілдік мәселе емес. Аудармашы түпнұсқаның мазмұнынымен қатар оның рухын, образдық жүйесін, эмоциялық қуатын жеткізуді мақсат еткен және сол межеден көрінді. Ал эпикалық шығармада бұл міндет тіпті күрделі. Өйткені «Шаһнамадағы» батырлар, патшалар, шайқастар, тағдырлы шешімдер мен адам мінездері бір-бірімен тұтас көркем әлем құрайды. Тұрмағамбет осы әлемді қазақтың жыршылық, шайырлық дәстүрімен сабақтастырды. Сондықтан оның аудармасын қазақтың дәстүрлі эпикалық ойлау жүйесінен бөліп қарауға болмайды.

Сыр бойындағы жыраулық ортада қалыптасқан ақын үшін көлемді оқиғаларды желілі түрде жырлау, кейіпкер бейнесін сомдау, елдік пен ерлік мәселесін алдыңғы қатарға шығару – табиғи поэтикалық кеңістік еді. Осы тұрғыдан алғанда, Тұрмағамбеттің «Шаһнамасы» қазақтың жыршылық дәстүрі мен әлемдік эпикалық мұраның тоғысқан тұсы деуге болады. Фирдоуси мен Тұрмағамбеттің өмір сүрген кезеңдерінің арасында мың жылға жуық уақыт жатыр. Бірақ олардың шығармашылық тағдырында бір үндестік бар, екеуі де сөз өнері арқылы тарихи жадыны сақтауға қызмет етті. Фирдоуси ежелгі аңыздар мен тарихи жадты алып эпикалық шығармаға жинақтаса, Тұрмағамбет сол мұраны қазақтың көркем тілі арқылы жаңа оқырманға ұсынды. Фирдоуси «Шаһнаманы» аяқтаған кезде шамамен жетпіс бір жаста болғаны туралы ғылыми дерек бар. Шығарманың аяқталу мерзімі 1010 жылмен белгіленеді. Ал, Тұрмағамбет XX ғасырдың алғашқы жартысында, яғни 54 жасында осы әлемдік мұраға қайта оралып, оны қазақтың жыршылық-дастаншылық дәстүрі тұрғысынан игерді. Бұл – әдебиеттер арасындағы ерекше сабақтастықтың ерекше үлгісі.

«Шаһнама» төңірегіндегі әңгімелердің ішінде Фирдоуси мен Ғазнауи билеушісі Сұлтан Махмұд арасындағы қарым-қатынасқа қатысты көптеген аңыздар бар. Тарихи деректерде Махмұдтың түркі текті билеуші болғаны көрсетіледі. Фирдоуси шығармасын осы сұлтанға арнаған. Алайда ақынның сыйақы алуы, оның көлемі және кейінгі қарым-қатынасы туралы ортағасырлық деректердің арасында қайшылықтар бар. Iranica энциклопедиясы бұл оқиғалардың бірқатар тұстары кейінгі әдеби дәстүрде аңыздық сипат алып, оларды толық тарихи факт ретінде қабылдауға болмайтынын атап көрсетеді. Сондықтан бүгінгі зерттеуші үшін маңыздысы – аңызды жоққа шығару немесе қайталау емес, оның қайнарын ажыратып, тарихи дерек пен кейінгі әдеби аңызды өз орнымен қарастыру. Бұл мәселе Тұрмағамбетті зерттеу үшін де маңызды. Өйткені ұлы тұлғалардың мұрасын насихаттау олардың айналасындағы барлық әңгімені бұлжымас тарихи факт ретінде қабылдауды емес, керісінше дерекке мұқият қарауды талап етеді. 1936 жылы Тұрмағамбет «Шаһнаманы» қазақ тіліне аударғанда, ол әлемдік классиканы қазақ оқырманына жақындатудың аса ірі шығармашылық тәжірибесін жасады. Әдеби порталдағы мәлімет бойынша, ақын

аудармасының көлемі 40 мың жолға жуық болған. Оның еңбегін Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Темірбек Жүргенов және басқа да қайраткерлер жоғары бағалағаны көрсетіледі. Бүгін, арада тоқсан жыл өткенде, сол мұраға қайта үңілу – өткенді еске алудан бұрын, алыптар тудырған шығармаға деген ұрпақтың адалдығын сезінеміз. Бұл – қазіргі қазақ әдебиетінің әлемдік әдебиетпен байланысын қайта қарау. Бұл – аударма өнерінің табиғатын бағалау. Бұл – Сыр бойындағы жыраулық дәстүрдің мүмкіндігін тану. Бұл – Тұрмағамбет тұлғасын жаңа ғылыми деңгейде зерттеу.

Әлемдік әдебиетті ұлттық тілге аудару – сол халықтың әдеби мүмкіндігін де көрсетеді. Өйткені ұлы туындыны аудару барысында тілдің бейнелеу қуаты, сөздік қоры, ырғақтық мүмкіндігі, образ жасау қабілеті сыналады. Тұрмағамбеттің «Шаһнамасы» осы тұрғыдан да құнды. Ол қазақ тілінің эпикалық тынысын кеңейтті. Қазақ оқырманы Фирдоусидің кейіпкерлерін, батырлық дастандарын, патшалар мен қаһармандар тағдырын өзіне таныс поэтикалық тіл арқылы қабылдау мүмкіндігіне ие болды. Сондықтан Тұрмағамбеттің еңбегін бір ғана аударма фактісімен шектеу жеткіліксіз. Оны қазақ әдебиетінің әлемдік әдебиетпен байланысын күшейткен шығармашылық құбылыс ретінде қарастыру қажет. «Шаһнама» мен Тұрмағамбет мұрасын бүгін қатар атаудың мәні де осында. Фирдоуси – әлемдік эпикалық дәстүрдің биік өкілі. Тұрмағамбет – сол әлемдік мұраны қазақтың көркем ойлау жүйесіне жақындатқан Тұркінің саңлақ ақыны. Бірі – мың жылдық биіктен жеткен ұлы дастанның авторы. Екіншісі – сол дастанды қазақтың жыр тілімен қайта сөйлеткен ұлы шайыр. Сондықтан «Шаһнама» мен Тұрмағамбетті жалғастырып тұрған басты ұғым – осы сабақтастық. Әдеби мұраның өміршеңдігі де осында. Ұлы шығарма бір дәуірде жазылып, бір тілде қалып қоймайды. Ол басқа халықтың рухани әлеміне енген сайын жаңа тыныс алады. Тұрмағамбеттің «Шаһнамасы» – осындай рухани сапардың жарқын мысалы.

2026 жылы оның бұл еңбегінің 90 жылдығына орай «Шаһнама» және Тұрмағамбет – әлемдік әдебиеттің мәңгілік мұрасы» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының өткізілуі де осы сабақтастықты ғылыми тұрғыдан зерделеуге мүмкіндік береді. Басты міндет – Тұрмағамбетті тек өткен дәуірдің ақыны ретінде таныстыру емес. Оның мұрасын қазіргі қазақ қоғамының рухани сұранысымен байланыстыра зерттеу. «Шаһнаманы» тек шығыстың көне эпосы ретінде емес, адамзаттың ортақ әдеби қазынасы ретінде түсіну.

Ал Тұрмағамбет шығармашылығын қазақ әдебиетінің әлемдік мәдени кеңістікпен сұхбатына қосылған елеулі үлес ретінде бағалаған орынды болмақ. Өйткені ұлы мұраның ғұмыры оның жазылған жылымен өлшенбейді. Оның ғұмыры – әр ұрпақтың оны қайта оқып, қайта түсініп, қайта сөйлетуімен жалғасады. Тұрмағамбеттің «Шаһнамасы» да – осындай мәңгілік әдеби сапардың бір белесі.

Нұртаев Рзақұл Сәденұлы
Мемлекет және қоғам қайраткері

«Айқын» газетіне

«ШАҺНАМАНЫҢ» ТАҒДЫРЫ МЕН ТҰРМАҒАМБЕ ТУДЫРҒАН ТҮРКІЛІК РУХ

Әдебиетте тағдырлы шығармалар болады. Олардың дүниеге келуі де, жазылуы да, кейінгі ғұмыры да өзгеше өріледі. Фирдоусидің «Шаһнамасы» сондай тағдырлы туындылардың бірі болса, оның қазақ топырағындағы жаңғырығы – Тұрмағамбет Ізтілеуұлының «Шаһнамасы».

«Шаһнама» – парсы әдебиетінің ғана емес, адамзат өркениетінің ұлы мұраларының бірі. «Патшалар кітабы» аталған алып дастанда көне дәуірлердің тарихы, аңызы, ел мен жер, билік пен тағдыр, ерлік пен опасыздық, адамдық пен зұлымдық туралы кең тынысты хикаялар тоғысады. Фирдоуси бұл ұлы туындысын ондаған жыл бойы жазып, ғұмырын сарқа еңбек етті. Дастанның негізгі нұсқасы шамамен 1010 жылдары тәмамдалғаны ғылыми еңбектерде айтылады. Алайда ұлы шығарма авторының өз тағдыры да дастанның тағдырынан кем болған жоқ. Фирдоуси «Шаһнаманы» Ғазнауи билеушісі Махмұд сұлтанға арнады деген тарихи аңыз бар. Бірақ ақын күткен құрмет пен сый-құрмет толық көрсетілмейді. Дастанның парсылық рухы мен ақынның ұстанымы билеушінің көңілінен шықпағаны жөніндегі әңгімелер ғасырлар бойы айтылып келеді. Аңыздың ең әсерлі тұсы – шығарманың дүниеге келгеннен кейінгі өкініші.

Махмұд сұлтан уақыт өте келе ақынның еңбегін бағалап, уәзірлеріне сый-сияпат, алтын-күміс жеткізуді тапсырады. Уәзірлер арбаларына қазына тиеп, Фирдоуси қоныстанған шаһарға қарай жол тартады. Бірақ қала қақпасынан кіре бергенде, алдынан мүрде алып шыққан адамдар кездеседі. Сонда ғана олар алтын-күмісті алуға емес, ақынның жаназасына кешігіп келгендерін түсінеді. Осылайша арбадағы қазына Фирдоусиге бұйырмады. Ұлы шайырдың ғұмыры жоқшылықпен, өкінішпен аяқталды деген осы аңыз «Шаһнаманың» өзіне де ерекше тағдырлы сипат береді.

Арада ғасырлар өтті. Мың жылға жуық уақыттан кейін «Шаһнама» Сыр бойына жетіп, Тұрмағамбет Ізтілеуұлының қолына түсті. Бұл жерде бір маңызды мәселені айту керек: Тұрмағамбет жасаған дүние – жай ғана сөзбе-сөз аударма емес. Ол Фирдоуси сюжетін қазақтың шайырлық, жыршылық дәстүрі мен төл поэзиясының заңдылықтарына салып, қайта жырлады. Сондықтан Мұхтар Әуезов те Тұрмағамбет нұсқасын Фирдоуси үлгісімен халық ақынының өзі өлең етіп жазған қазақша нұсқа ретінде жоғары бағалаған. Міне, осы жерде екі алып ақынның арасында ғасырларды жалғаған рухани көпір пайда болады. Фирдоуси көне аңыздарды парсы тілінің қуатымен сөйлетсе, Тұрмағамбет сол әлемді қазақтың жыр тіліне көшірді. Фирдоуси дастанындағы оқиғалар Тұрмағамбет қолында Сыр бойының жыраулық дәстүрімен қайта түлеп, қазақ оқырманына жақын сипат алды. Әсіресе түркілік дүниетанымның, ерлік пен елдік идеясының

айқындала түсуі – Тұрмағамбет нұсқасының басты ерекшеліктерінің бірі. Сондықтан Тұрмағамбеттің «Шаһнамасын» Фирдоусидің көлеңкесі емес, оның ұлы туындысымен шығармашылық сұхбатқа түскен дербес көркем дүние ретінде бағалау қажет. Түпнұсқадағы оқиға желісі сақталғанымен, Тұрмағамбет оны қазақтың сөз өнері өлшеміне түсірді. Кейіпкерлердің мінезі, оқиғаның баяндалуы, батырлық сарын, табиғат суреттері – бәрі де қазақы поэтикалық өрнекпен өрілді. Зерттеушілер де Тұрмағамбет нұсқасының Фирдоуси мәтінінен көркемдік тұрғыда ерекшеленіп, өзіндік сипат алғанын атап көрсетеді. 1936 жылы Тұрмағамбет Ізтілеуұлы Фирдоусидің «Шаһнамасын» қазақ тіліне еркін түрде тәржімалап, шамамен 40 мың жолдық көлемді еңбек тудырды. Бұл жұмыстың орындалуына сол кезеңдегі қазақ мәдениеті мен әдебиетінің ірі тұлғаларының ықпалы болды. Әсіресе, өзінің шәкірті, Тәжікстан, Өзбекстан және Қазақстанда министрлік қызмет атқарған Темірбек Қараұлы Жүргеновтың қолдауы ерекше болды. Тұрмағамбет нұсқасы кейінгі жылдары «Рүстем – Дастан» атауымен жарық көріп, қазақ оқырманына кең тарады. Екі ақынның тағдырындағы ұқсастық та ойландырмай қоймайды. Фирдоуси де, Тұрмағамбет те өз заманындағы ұлы мұраны кейінгі ұрпаққа жеткізді. Екеуі де сөздің қадірін білді. Екеуі де өлеңді жай өнер емес, халықтың рухани жадын сақтайтын құдірет деп таныды. Бірақ олардың айырмашылығы да айқын көрінеді.

Фирдоуси көне Иран тарихы мен аңыздарын бір арнаға тоғыстырып, парсы тілінің ұлы эпопеясын дүниеге әкелсе, Тұрмағамбет сол мұраны түркілік танаммен қайта сөйлетті. Оның «Шаһнамасы» қазақтың шайырлық, жыраулық дәстүрімен біте қайнасып, Сыр бойының сөз өнеріне тән мақам мен қуатты тілдік өрнекті бойына сіңірді. Сондықтан Тұрмағамбеттің «Шаһнамасы» – бір тілден екінші тілге жасалған аударма емес. Ол – бір өркениеттен екінші өркениетке өткен ұлы шығарманың жаңа ұлттық сипатқа ие болуы.

Мұны Мұхтар Әуезовтің бағасы да дәлелдейді. Ғалым Тұрмағамбет нұсқасын Фирдоуси үлгісімен қазақ ақынының өзі өлең етіп жазған нұсқа ретінде таныған. Бұл – Тұрмағамбеттің аудармашылық шеберлігіне ғана емес, оның ақындық қуатына берілген биік баға. Бүгінде Тұрмағамбет Ізтілеуұлының «Шаһнамасына» 90 жыл толып отыр. Тоғыз онжылдық – бір адамның ғұмыры сиятын уақыт емес, тұтас бір рухани дәуірдің өлшемі. Осы уақыт ішінде Фирдоусидің «Шаһнамасы» Тұрмағамбет арқылы қазақша сөйлеп, қазақ оқырманының жүрегіне жол тартты. Ал Тұрмағамбеттің өзі Фирдоусидің көлеңкесінде қалған жоқ. Керісінше, әлемдік әдебиеттің алып мұрасын қазақтың төл жыр дәстүрімен қайта түлетіп, өзінің ақындық биігін танытты. Фирдоуси «Шаһнамамен» парсы сөзінің мәңгілігін дәлелдесе, Тұрмағамбет сол ұлы мұраның қазақ тілінде де өмір сүре алатынын көрсетті. Бәлкім, ұлы шығармалардың тағдыры осындай болар. Бір ақын ғасырлар бұрын жазған жырын қалдырады. Екінші ақын сол жырды өз халқының жүрегіне жеткізеді. Ал шығарма болса, екеуінің арасындағы ғасырларды жалғап, қайтадан өмірге келеді. Сондықтан Тұрмағамбеттің «Шаһнамасы» –

өткеннің ескерткіші емес, бүгінгі ұрпаққа аманатталған тірі рухани мұра. Оны қайта оқу – Фирдоусиді тану ғана емес. Оны қайта оқу – Тұрмағамбетті тану. Ал Тұрмағамбетті тану – қазақтың шайырлық, жыраулық дәстүрінің қаншалықты терең әрі әлемдік әдебиетпен терезесі тең тұрғанын тану.

Саймағанбетов Берік
Жыршы, ҚР мәдениет қайраткері,
Әлем халықтары жазушылар одағының мүшесі,
Қызылорда «Болашақ» университетінің аға оқытушысы

«Қазақ әдебиеті» газетіне

АРМАНЫ ОРЫНДАЛҒАН АЛЫП АҚЫН

Биыл көрнекті шығарма, әлемдік деңгейдегі жалғыз дастанымыз шахнаманың жазылғанына 9 жыл. Теңдесі жоқ бұл дастан Тұрмағамбет Ізтілеуұлының Фердауси дастанын қазақшаға аударылып, әуелі әріден жырланып, хиссалар негізделіп келіп, Иран мен Тұран елінің арасындағы ерлікті жырлайды. Жырлағанда да Мұхтар Әуезовше айтқанда жаңа дүние жарқ ете қалады. Қазірде Шахнама дастаны әлем елдері назар аударып, зерттеп, қадірлеп отырған аз ғана дастандардың бірі.

Әлемдік деңгейдегі хисса дастандар көп емес, соның бірі болып әлемді шарлап жүрген бұл дүниені қазақтың алыбы ғана жаза алды. Әлемді аралап, ғалам ғалымдарын тамсантқа шығарма ақынның өзі айтқандай әлемді арлап жүр. Назым шығармасында ақын былай деген еді:

Дүниеден өмірім бітіп, өтсем де өзім,
Аралап жердің жүзін жүрер сөзім!
«Көре алмай кейінгіні кеттім-ау!» – деп,

Арманда болмай-ақ қой, екі көзім! Иа, Тұрмағамбет Ізтілеуовты көрген, алым демеске шараң бар ма? Қайран тау тұлғалы Тұрекең деп жерлестері бағалағандай сол тау алыстаған сайын биіктей түсуде. Осы дастанға алғы сөз жазбыруға барғанда Мұхтар алып:

-Бұл еңбекті Фердаусидің “Shahнамасынан” тікелей жасалған аударма демейміз, сол Фердауси үлгісімен халық ақыны Тұрмағамбеттің өзі өлең етіп жазған Рүстем жөніндегі дастанының қазақша варианты дейміз,-дейміз деген екен.

Мұхтар Әуезовтің бұл бағасы Тұрмағамбет Ізтілеуұлының «Shahнамасына» берілген ең дәл әдеби мінездемелердің бірі. Мұнда ұлы жазушы аударманың сыртқы ұқсастығын емес, оның ішкі табиғатын айтып отыр. Яғни Тұрмағамбет Фердаусидің сөзін қазақшаға ғана көшірген жоқ. Ол Фердаусидің эпикалық әлемін қазақтың жыршылық дәстүрімен қайта сөйлетті.

Бұл ұлы дүниенің жазылуына не себеп болды деген сұраққа ел ішінде 1937 жылы келетін Ұлы Октябрьдің 20 жылдығына тарту ретінде жазылған деген жаңсақ пікір бар. Алайда 1936 жылы жазылып біткен бұл шығарма Парсы ақыны Әбілқасым Фирдоусидің (940-1020) 1000 жылдық мерейтойына байланысты жазылған.

Бұл шығарманы аударуға ешкімнің тісі батпаған. Сонда атақты ақын Садриддин Айни мұндай ғаламат шығарманы тек Тұрмағамбет ғана жаза алады деп сілтепті. Осылайша Темірбек Жүргенов ұстазына барып қолқа салады.

Айни оны аудара алатын тіл білгірі ретінде таныды. Әуезов оны өз алдына көркем шығарма жасайтын халық ақыны ретінде бағалады. Екеуінің пікірі бірін-бірі толықтырады.

Ал 1936 жылдан бері тоқсан жыл өткенде, біз Тұрмағамбеттің «Шаһнамасына» қайта қарағанда, ең алдымен осы екі өлшемді қатар ұстауымыз керек. Фердаусидің «Шаһнамасы»: бір халықтың емес, адамзаттың эпосы. Иа, Әбілқасым Фердаусидің «Шаһнамасы» – парсы әдебиетінің ғана ұлы ескерткіші емес. Ол – Иранның көне тарихын, мифін, аңызын, мемлекеттілік туралы түсінігін, адамдық мінез бен билік табиғатын, ерлік пен сатқындықты, әке мен бала арасындағы трагедияны, тағдыр мен таңдау мәселесін бір арнаға тоғыстырған әлемдік эпос.

Фердауси бұл ұлы туындысын шамамен отыз бес жыл бойы жазды. Ал Тұрмағамбет оның желісіндегі негізгі дүниені қазақ тілінде он айдан аса уақыт ішінде 40 мың жолға жуық өлеңмен қайта жырлады. Сандардың өзінен-ақ істің ауқымы көрінеді.

Бірақ мәселе 40 мың жолды қанша уақытта жазғанында ғана емес. Мәселе – парсы эпосының алып құрылымын қазақтың поэтикалық санасына қалай сыйғызғанында. Бұл жерде Тұрмағамбетті қарапайым аудармашы ретінде қарастыру жеткіліксіз. Ол – екі үлкен дәстүрдің тоғысында тұрған суреткер. Бір жағында – Фердаусидің классикалық шығыс эпосы. Екінші жағында – қазақтың жыраулық, қиссашылық, жыршылық дәстүрі. Тұрмағамбет осы екі арнаны бір-біріне қарсы қоймай, бір арнаға құйды. Сондықтан оның «Шаһнамасын» оқығанда парсы топырағында туған Рүстем бірте-бірте қазақтың эпикалық кейіпкеріне айналып шыға келеді.

Айни неге Тұрмағамбетті таңдады?

Бұл жерде кездейсоқтық жоқ. Тұрмағамбеттің Фердауси әлеміне жолы 1936 жылы ғана ашылған жоқ. Оның шығыс әдебиетімен таныстығы Бұхарадағы Көкелташ медресесінде оқып жүрген кезінен басталған. Ақын араб, парсы, түркі, шағатай әдебиетін жақсы меңгерді. Шығыс дастандары оның шығармашылық мектебіне айналды. Демек, Тұрмағамбетке «Шаһнама» сырттан келген жат мәтін емес еді.

Ол Фердауси әлемінің тілін де, сюжетін де, поэтикалық табиғатын да бұрыннан білетін.

Сондықтан Жүргеновтің тапсырмасы ақын үшін мүлде тосын шаруа болмаған. Айнидің ұсынысын осы тұрғыдан түсінген жөн. Айни Тұрмағамбетті жай ғана «парсы тілін білетін қазақ» ретінде емес, шығыс классикасын қазақтың дәстүрлі поэзиясымен жалғай алатын шығармашылық тұлға ретінде таныған.

Бұл сөзімнің тарихи маңызы зор. Өйткені кез келген тілді білетін адам ұлы эпосты аудара алмайды. Ал ұлы эпосты ұлттық әдебиеттің табиғатына сіңіріп жіберу үшін аудармашыға екі түрлі мәдениеттің ішкі заңдылығын қатар білу керек. Тұрмағамбеттің ерекшелігі де осында. «Аударма» деген сөздің аясына сыймай бұл шығарма. Ақын Тұрмағамбет «Шаһнамасының» әдеби тағдырын түсінудегі ең үлкен қателіктің бірі – оны сөзбе-сөз аударма өлшемімен бағалау. Сондықтан мұны аударма деп айтуға болмайды. Бұл ұлы еңбек.

Әуезовтің жоғарыдағы пікірі осы жерде маңызды. Алайда ғалым «аударма емес» дегенде Тұрмағамбет Фердаусиден мүлде алшақтап кетті дегенді айтпайды.

Керісінше, ол шығарманың Фердауси үлгісінен туындағанын, бірақ қазақ ақынының өз шығармашылық лабораториясынан өтіп, дербес көркем нұсқаға айналғанын меңзейді.

Бұл – әдебиеттанудағы аса күрделі мәселе. Аударманың екі жолы бар. Біріншісі – түпнұсқаның сөзін, құрылымын, оқиғасын барынша дәл сақтау. Екіншісі – түпнұсқаның рухын, көркемдік қуатын, негізгі идеясын басқа тілдің табиғи заңдылықтарымен қайта жасау. Тұрмағамбет екінші жолды таңдаған.

Сондықтан оның «Шаһнамасы» – мағыналық әрі шығармашылық тәржіма.

Зерттеулерде де Тұрмағамбеттің Фердауси сюжетіндегі кейбір эпизодтарды ықшамдап, кейбірін қайта қорытып, қазақ оқырманына түсінікті көркемдік жүйеге салған. Осының нәтижесінде «Шаһнама» қазақтың бұрыннан келе жатқан қисса-дастан дәстүріне жақындады.

Рүстем неге қазаққа жақын?

Тұрмағамбеттің ұлы шеберлігі әсіресе Рүстем образынан байқалады. Фердаусидің Рүстемі – парсы эпосының қаһарманы. Ал Тұрмағамбеттің Рүстемі – қазақтың жыршылық дүниетанымына жақын батыр. Бұл сол кезде берілген баға. Қараңызшы, Тұран мен Иран соғысып жауласқан елдер. Шығармада мүлде бөлек сипат алды. Өйткені ұлы ақын оның тұлғасынан қазақ эпосындағы Алпамыс, Қобыланды, Қамбар секілді батырлардың сарынын сезілдірді. Бірақ бұл ұқсастық сыртқы сипатта ғана емес.

Қазақтың эпикалық дәстүрінде батыр – елдің қорғаны. Оның жеке басының ерлігі ел тағдырымен өлшенеді. Тұрмағамбет Рүстемді осы дүниетанымға жақындатады. Сондықтан Рүстемнің әрбір жорығы, әрбір айқасы қазақ жырының интонациясымен қабылданады. Шеберліктің шыңы сол, Рүстемді бүгінгі тұрандықтар жақсы көріп, балаларының есімін Рүстем деп қойып жатты.

Мысалы, Тұрмағамбеттің жырындағы батырлық пафостың табиғатын мынадай жолдар аңғартады:

Көргенде қарсы келген дұшпан қалмас,
Жүректе қорқыныштың ізі қалмас.

Мұндай жыр сазы қазақтың батырлық эпосына жат емес. Түпкі негізі шығыстық болғанымен, айтылу мәнері қазақы. Міне, Тұрмағамбет аудармасының басты құпиясы осында. Қазақы ұғымға түскен парсы әлемі Тұрмағамбет Фердауси кейіпкерлерін қазақша сөйлеткенде тек сөздерді алмастырмайды. Ол дүниені қабылдау тәсілін де өзгертеді.

Шығыс әдебиетіндегі патша, уәзір, баһадүр, сарай, жорық, тәңірлік ұғымдар қазақтың билер сөзіне, батырлық жырына, шешендік дәстүріне жақын тілдік өрнектермен беріледі.

Сондықтан шығармада қазақтың мақал-мәтелдері, тұрақты тіркестері, салт-дәстүрге қатысты ұғымдары мол кездеседі. Зерттеушілер мұны Тұрмағамбет нұсқасының ұлттық сипатының басты белгілерінің бірі ретінде атап көрсетеді.

Мұнда бір қарағанда парадокс бар. Парсы эпосын қазақыландыру түпнұсқадан алыстату сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ әдеби аударманың табиғаты басқаша. Егер шығарма жаңа тілде сол тілдің табиғи тынысымен сөйлей алмаса, ол оқырманға жат болып қалады.

Тұрмағамбет осы қауіптен құтылды. Бір сөзбен айтқанда ғұламамыз Фердаусиді қазақшаға «аударған» жоқ. Фердаусиді қазақтың әдеби жадында қайта дүниеге әкелді. «Шаһнаманың» қазақ әдебиетіндегі арғы тарихы Тұрмағамбетке дейін қазақ даласында Фердауси шығармасына қызығушылық болмаған деу – тарихи шындыққа сәйкес келмейді.

«Шаһнаманың» жекелеген тарауларын қазақ оқырманына жеткізуге талпыныстар болған. Ораз молда, Мұхамеджан Сералин, Мәжит Дәулетбаев секілді қаламгерлер әр кезеңде оның кейбір желілерін тәржімалаған. Алайда Тұрмағамбеттің жұмысы ауқымы мен көркемдік сипаты жағынан мүлде бөлек деңгейге көтерілді. Ол бір-екі сюжетті ғана аударған жоқ. Ол «Шаһнаманың» негізгі арнасын алып, оны қазақтың кең тынысты дастан дәстүріне түсірді. Сондықтан Тұрмағамбет еңбегін қазақ-парсы әдеби байланысының бір кезеңі ғана деп қарау аздық етеді.

Бұл – қазақ әдебиетінің әлемдік эпикалық мұраны игеру тарихындағы ірі белес.

Он айдың артындағы он жылдық дайындық демек те болады. Тұрмағамбеттің «Шаһнаманы» он ай шамасында аяқтауы кейде ғажайып еңбек ретінде ғана айтылады.

Бірақ бұл жерде бір нәрсені ұмытпауымыз керек: он айлық еңбек – он жылдық, тіпті өмірлік дайындықтың нәтижесі дер едім.

Себебі, ақын шығыстық сюжеттермен ерте танысты. Мысалы 1906–1908 жылдары «Самұрық», «Дарап-нама» секілді шығармаларды Шаһнама сюжеттері негізінде жырлады. Кейінгі «Әшкебус», «Төрт дос» тәрізді дүниелер де оның үлкен эпикалық шығармаға қарай жасаған шығармашылық қадамдары болды. Демек, 1936 жылы Тұрмағамбет алдына Фердаусидің мәтіні келген кезде, оның ішінде дайын тұрған бір үлкен қазына, іліммен теңселген мектеп бар еді. Ол мектеп – шығыс классикасы. Ол мектеп – қазақтың ауызша поэзиясы. Ол – өз басынан өткен тарихи-әлеуметтік тәжірибе. Осы үшеуі қосылған жерде «Шаһнаманың» қазақша нұсқасы дүниеге келді.

Дастанның трагедиялық тағдыры

Алайда «Шаһнаманың» қазақша тарихы оның жазылуымен аяқталған жоқ. Керісінше, Тұрмағамбет тағдырының ең қасіретті кезеңі осыдан кейін басталды. 1937–1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргін ақынды да айналып өтпеді. Оның қолжазбаларының тағдыры да ауыр болды. Тұрмағамбеттің 40

мың жолдық еңбегін сақтап қалуға отбасы мүшелері мен кейінгі жинаушылардың еңбегі себеп болды. Ақынның өзіне бұл шығарманың толық жарияланғанын көру жазбады.

«Шаһнаманың» «Рүстем-Дастан» аталатын бөлігі ғана 1961 жылы жарық көрді. Ал толықтырылған екі томдық «Шаһнама. Рүстем-Дастан» 2004 жылы оқырманға жетті. Бұл кітапты мен өзгенің қолынан оқып, қызығып ғана қойып ем. Бірде Алматыдағы кітапханадан бірнеше бетін ақтарып, мен де Иран мен Тұранның арасын аралаған болатынмын. Жақсы жауһардың қолыңда болғанына не жетсін.

Сұрағаның алдыңнан, тілемей-ақ табылар демекші Үнді еліндегі ғалымдардың Шахнаманы аса құрметтегенін көріп, елге клген соң алтынның сынығындай болған ұрпақтарының Шахнамаға 90 жыл толуына орай өткізгелі жатқан шарасына араластым. Сөйтіп Сыр еліне, ақынның табанының ізі қалған өлкеде жүріп, аңсағанымды таптым. Құдай берейін десе сол ғой, Марал бабаны зерттеген Сәден атамыздың ұрпағы, қоғам қайраткері Ырзақұл Нұртаевтың шаңырағында осы кітап қолыма тиді. Жауһарджы арқалап қайтқаныма айдың жүзі болды, нұрын шашқан әр парағына ыждағаттылықпен үңіліп, маржанын теріп жатырмын.

Әдеби мұраның тағдыры туралы үлкен мәселе бар. Егер шығарма жазылған сәтте халыққа толық жетпесе, оның авторы әдебиет тарихында қаншалықты өмір сүре алады? Тұрмағамбет мысалы бұл сұраққа анық жауап береді. Шынайы шығарма уақытша саяси жүйеден ұзақ өмір сүреді. Тұрмағамбет және қазақ аудармасының жаңа моделі

Бүгінгі аударматану тұрғысынан қарағанда, Тұрмағамбет тәжірибесінің құндылығы бұрынғыдан да арта түседі.

Қазір әлем әдебиетін қазақшаға аудару мәселесі қайтадан маңызды болып отыр. Шетелдік классиканы қазақ оқырманына жеткізудің екі талабы қатар қойылады: түпнұсқаға адалдық және қазақ тілінің табиғилығы. Осы екі талаптың арасындағы тепе-теңдікті табу оңай емес. Тұрмағамбет осы мәселені тоқсан жыл бұрын өзінше шешіп кеткен. Тағы да қайталап айтайыншы, ақын Фердаусиге сюжет жағынан сүйенді. Бірақ тілде, ырғақта, бейнелеуде, ұлттық дүниетанымда қазақтың поэтикалық мүмкіндігін іске қосты.

Сондықтан «Шаһнаманың» Тұрмағамбет нұсқасын қазіргі әдеби ұғыммен көркем интерпретация деп те бағалауға болады. Яғни бұл – бір тілдегі мәтінді екінші тілге көшіру ғана емес, бір мәдени кеңістіктегі эпосты екінші мәдени кеңістіктің рухани жүйесінде қайта жасау. Тұрмағамбет феноменінің тағы бір қыры Тұрмағамбет тек Фердаусиді қазақша сөйлеткен ақын емес. Ол қазақ әдебиетінің шығыстық арнасын жаңа деңгейге көтерген тұлға. Оның шығармашылығында қазақтың ауызша дәстүрі мен шығыс жазба әдебиетінің синтезі анық байқалады. Зерттеушілер ақынның аралық сөздері, дастандары, мысалдары, термелері мен хикаяларынан осы екі дәстүрдің тоғысын көреді. Сондықтан Тұрмағамбетті бір ғана «аудармашы» ұғымына сыйғызу оның әдеби тұлғасын тарылтып жіберер еді.

Ол – ақын.

Ол – шайыр.

Ол – жыршы.

Ол – аудармашы.

Бірақ ең бастысы – осы қасиеттердің бәрін бір арнаға тоғыстырған әдеби құбылыс.

Фердауси мен Тұрмағамбет: екі ақын, екі мыңжылдық. Фердауси «Шаһнамада» мемлекеттің, халықтың, ерліктің, адамдықтың мәселесін көтерді. Тұрмағамбет сол идеяларды қазақтың тарихи-мәдени санасына жақын поэтикалық тілмен қайта жеткізді.

Олардың арасында бірнеше ғасырлық уақыт жатыр. Бірақ ұлы әдебиеттің табиғаты уақытты жеңеді. Фердаусидің Рүстемі мен Тұрмағамбеттің Рүстемі екі түрлі әдеби кеңістікте өмірге келгенімен, екеуінің түпкі болмысында ортақ бір мұрат бар: елді қорғау, арды сақтау, адамдықты жоғалтпау. Бұл – эпостың мәңгілік өзегі.

Сондықтан Тұрмағамбеттің «Шаһнамасы» бүгін де оқылады әрі мәңгілік шығарма болып қала бермек. Өйткені оның құндылығы тек Фердауси мәтінін қазақшаға жеткізгенінде емес. Оның ең үлкен жетістігі – қазақ оқырманына: «Әлемдік классика бізден алыс емес. Оның ұлы кейіпкерлері біздің де рухани әлемімізге ене алады» дегенді дәлелдеуі.

Тоқсан жылдан кейінгі міндет

Тұрмағамбеттің «Шаһнамасына» тоқсан жыл толуы – өткенді еске алатын ғана дата емес.

Бұл – шығарманы қайта оқитын уақыт. Оны тек ақынның өмірбаянындағы бір кезең ретінде емес, қазақ әдебиетінің әлем әдебиетімен байланысын көрсететін аса маңызды көркем тәжірибе ретінде қарастыратын уақыт. Оныалтыға бөліп қарастырайықшы.

Біріншіден, Тұрмағамбет мәтінінің академиялық, толық нұсқасын қалыптастыру қажет.

Екіншіден, Фердаусидің түпнұсқасымен жолма-жол және көркемдік-салыстырмалы зерттеу керек.

Үшіншіден, Тұрмағамбеттің қандай тұста түпнұсқаны сақтағанын, қандай тұста қысқартқанын, қай жерде қазақ фольклорының элементтерін енгізгенін арнайы зерттеу қажет.

Төртіншіден, оның тілін қазіргі қазақ оқырманына жақындату үшін ғылыми түсініктемелер мен сөздік жасалса құба-құп.

Бесіншіден, «Шаһнаманы» мектеп пен жоғары оқу орындарындағы әлем әдебиеті, аударматану, қазақ әдебиеті тарихы курстарымен байланыстыра оқыту қажет.

Өйткені бұл шығарма – бір ақынның ғана мұрасы емес. Бұл – қазақ тілінің әлемдік эпикалық кеңістікті игере алатынын дәлелдеген әдеби ескерткіш.

Алтыншыдан келер жылы ақын 145-ке толады. Сондықтан Тұрмағамбет және Шахнама оқулығын ұйымдастырған дұрыс.

Садриддин Айни Тұрмағамбетке сенім артқанда, оның тіл білетінін ғана емес, үлкен мәдениеттерді жалғай алатын ақын екенін таныды. Мұхтар Әуезов оның еңбегін бағалағанда, «аударма» деген тар ұғымнан жоғары қойып, оны қазақша қайта туған шығарма ретінде таныды. Ал тоқсан жыл өткен соң біз осы екі бағаналы бағалаудың арасына өз қорытындымызды қоса аламыз:

Фердауси «Шаһнаманы» жазды. Тұрмағамбет оған қазақша тіл бітірді. Сол себепті Тұрмағамбеттің «Шаһнамасы» қазақ әдебиетінің тарихында аударма ретінде ғана емес, екі ұлы поэтикалық дәстүрдің кездескен жеріндегі көркем құбылыс ретінде бағалануға тиіс. Ақынның өзі айтқан:

Дүниеден өмір өтіп, өтсем де өзім,
Аралап жердің жүзін жүрер сөзім.
Көре алмай кейінгіні кеттім-ау деп,
Арманда болмай ақ қой екі көзім.

деген жолдары да бүгінгі күнге жетіп отыр. Тұрмағамбеттің арманы орындалды. Ол кейінгілерді көре алмады. Бірақ оның сөзі кейінгілерге жетті. Ал сол сөздің ең биік күмбездерінің бірі – тоқсан жыл бұрын қазақ даласында қайта туған «Шаһнама».

Жұматай Самат
PhD, Қазақстан және Орталық
Азия тарихын зерттеу институтының бас директоры

ТҰРМАҒАМБЕТ ІЗТІЛЕУОВТЫҢ “ШАҺНАМА” НҰСҚАСЫНЫҢ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ СІҢІРУДЕГІ МАҢЫЗЫ

XIX ғасырдың соңы мен XX ғ басында қазақ әдебиеті өз тарихында бұрын болмаған ерекше дамуды бастан кешірді. Сыр өңірінде қазақ өнерінің даңқын асқақтатып, әлем әдебиетінің шоқтығын биіктетуге өзіндік үлес қосқан киелі мекен перзенті Тұрмағамбет Ізтілеуұлы еді. Туған мекенінде жыр күмбезінің көтерілуі тарлан талант Тұрмағамбет бабамыздың кемеңгерлігінің айғағы дер едім. Т.Ізтілеуов 1882 жылы Түркістан өлкесіне қарасты Сырдария обылысы, Қазалы уезі, Қуаңдария болысының 2- ауылында “Ақтайлақ кезең” атанған елді мекенде (қазіргі Тұрмағамбет ауылында) дүниеге келген. Жастайынан зерек болып өсіп, ауылда Қожабай, Алдашбай, Ораз, Қалжан ахундардан білім алады. Аса алғыр баланың ерекше талантын таныған ұстаздары оны сол кездегі Таяу, Орта Шығыс және Орта Азия елдері ұлық тұтатын XVI ғасырдан білім ордасы саналатын Бұхарадағы әйгілі Мир – Араб медресесіне оқуға аттандырады. 14 жасында Бұхарадағы Мир – Араб медресесінде оқып, 1899 – 1905 жылдары Бұхарадағы әйгілі Көкелташ медресесіне оқуға түсіп, онда 3 жыл оқып “Ұсылы қадым” ілімін меңгеріп Тәжік ғылым академиясының академигі Садриддин Сайдмұрадұлы Айнимен бірге оқып шатырхат (диплом) алады. 1905 жылы елге оралып мешіттерде мұғалімдік қызмет атқарады. 1925 жылы өзі туған «Ақтайлақ кезең» қазіргі Тұрмағамбет ауылында мектеп ашып ауыл балаларының сауатын ашып, ұстаздық қызмет етеді. Көкелташ медресесінде оқып жүріп медресенің бай кітапханасынан Шығыстың ежелгі бай мұраларымен танысады. Онда Арабтардың классикалық дүниесі “Мың бір түнді “, Үндінің “ Тотынамасын ”, Парсының Шаһнамасын оқып танысады. 1936 жылы Қазақ АССР - нің Орталық атқару комитеті призидиумының қаулысы бойынша Халық ағарту комиссары, қазақтың бір туар перзенті Темірбек Жүргенов Тұрмағамбет Ізтілеуовты ауылдан Алматыға шақырып, “ Шаһнама ” дастанын аудару жөнінде тапсырыс береді. Шығыстың шоқ жұлдызы Әбілқасым Фердоуси 30 жыл бойы жазған шығармасын тәржімалауға ақын келісімін береді. Шаһнама Парсыша - патшалар кітабы. 977 жыл және 1010 жылдары Парсы ақыны Фердоуси тарапынан жазылған эпикалық поэма. Парсы әдебиетінің дүр мұрасы, Иран халықтарының ұлттық эпосы. 1934 жылы дүниежүзінде Фердоусидің туғанына 1000 жыл толуы атап өтілді. Осы тұста Шаһнама дастанын тәржімалауға қалам тартқандар көп болды. Шаһнама 120мың жолдан тұратын эпопея. Көлемі жағынан Иллиада, Одессея поэмаларынан 10 есе үлкен. Ол мифтік тарихи аңыздардың, шежірелердің және лирикалық толғаулардың аса үлкен жинағы. Шаһнама 3 тараудан тұрады бірінші мифтік тарауда Иранның алғашқы 10 патшасы туралы сөз болса, екінші тарауда батырлардың ерлігін баяндайды. Әсіресе Рүстем батыр туралы дастандар мол. Үшінші тарауда Сасанидтер әулеті шахының тарихын баяндайды. Шаһнама - өз заманының әлеуметтік

өзгерістерін, шетел басқыншыларына қарсы күресті, мемлекеттік тәуелсіздікті бейнелейтін, жас ұрпақты халық қамы үшін күреске шақыратын шығарма. Бұл шығарма - бүкіл әлемге, күллі халыққа үлгі болар рухани күш деуге болады. Онда ерлікті, елдікті, адамгершілікті, адалдықты дәріптейді. Данышпан Фердоусидың “ Дән көтерген құмырсқаға тимеңдерші, алысқаны өмір ғой, өмір сондай абзал ғой ” деуі тектен текке айтылмаған. Осындай рухани азық болар шығармаға күллі халық басын иді деуге болады.

Ұмытылмас бәрі көміліп шаңға сорлайтын,
Тек екі - ақ нәрсе өлмейтін еш солмайтын.
Батырдың ісі, хәкімнің сөзі мәңгілік,
Ғасырдан ғасыр жасайды бірге жаңғырып,деп

ақын өзі жырлағандай мәңгі өлмейтін асыл қазына. 1936 жылы Тұрмағамбет Ізтілеуовтың шығармашылық шабыты шалқып Фердоусидің 30 жыл жазылған еңбегін 10 айда 11 буынмен аударып шығады. Бұл еңбегі үшін ақынға өмірлік пенсия тағайындалады .

О баста оқыған соң парсы, араб,
Жазушы ем хикая жыр оған қарап.
Ұнатып ойларымды оқығандар
Ішкендей есіруші еді шарап
Осындай өнерімді естіген соң
Жүргенов шақырып ап шашын тарап
Бүйырды шаһнаманы сөз қылуға
Ойласып Мерзоянмен ойға сарап.
Фердоуси оны 30 жыл жазған екен,
Алтыннан алмақ болып неше қадақ.
Өлеңмен 11 буын 10 ай жазып,
Бітірдім, мінекей деп бердім санап, деп ұрпаққа үлгі болар іс тындырды.

Тұрмағамбет атамыздың Шаһнаманы аударғандағы алғашқы машинкаға терілген нұсқасы «Дарапнама және Жәмшитнама» деген екі үлкен кітап болып басылып шығады. Ол Қарамқшы ауданындағы N 29 - мектеп жанынан ашылған " Сыр Елі - Жыр Елі " мұражайында сақтаулы тұр. Шаһнама дастанының 40 мың жолдық аудармасы Рүстем - Дастан деген атпен 1961 жыл кітап болып басылып шықты.

Болған соң жаратылып жер менен көк,
Тау мен тас, теңіз, бұлақ, ағашпен шөп.
Дүниеге қоныстауға қол ұстасып,
Келді Адам Хауаменен ұзамай көп.
Бұлардан туды екі мың төрт жүз бала,
Ұрпақтап күннен - күнге одан жаңа.
Ойынша өздерінің тас пен құмнан,

Кең қышлақ әр орыннан салды қала, деп адамзат дәуірінің басталуын түсіндіреді. Қазақ ауыз әдебиетін зерттеуші, этнограф, фольклоршы Мардан Байділдаевтың пікірінше Әбілқасым Фердоусидің "Шаһнама" шығармасы тек Шығыс халқы ғана емес, бүкіл жер жүзі әдебиетінің тамаша мұрасы.

Жырда исламнан бұрынғы замандардың нанымы, аңызы басым. Сондықтан бұл ауыз әдебиеті мүлкіне айналып, халық аузында сақталған дейді. (Социалистік Қазақстан 18.06.1959.)

Осындай теңдесі жоқ туындыны өзінің басқа да жазба жырларын кейінгі ұрпаққа жеткізу сол заман қиындығымен жиі - жиі қуғын - сүргін, жазықсыз жазалауға ұшырау сәттеріндегі мұңлы зарымен өзінің өмірінің соңғы сәттерін де топшылағанын аңғарамыз.

Қырқысып қырық қалған соң келсе елу,
Елеуреп ұнамайды ойды бөлу.
Бөпелеп баққаныңмен өзіңді - өзің
Қалпына қиын сауда қайтып келу.
Ойланып ой көзіңмен қарағанда,
Елудің алтауында тұр - ау өлу.
Көзден нұр, кеудеден күш кеміген соң

Қайткенмен келмес қолдан жортып желу, деп жазса, шынында да

56 - дан 57 - ге қараған шағында бұл дүниемен қош айтысқан. Ең өкініштісі өзі қалам тарқан Шаһнаманың жаңа тәржімасы " Рүстем - Дастан кітабының шығуын ақын көзі тірісінде көре алмады. Бұл 35 дәптерден тұратын еңбектерді жұбайы Биға әжеміздің НКВД жендеттерінен әр күн сайын бір күні керегенің түбіне, бір күні үш аяқты ошақтың астына жасырып аман алып қалуы үлкен ерлік дер едім. Бүгінде осы Шаһнама дастанының жазылғанына 90 жыл толып отыр. Елді рухтандыратын осы шахнама шығармасын оқығанда шығарманың мағынасының кеңдігі , көркемділігі, теңдесі жоқ дүниетанымында даңқты шайырлар Әбілқасым Фердоуси мен Тұрмағамбет Ізтілеуовтың шалқар шабытында үндестік байқалады, Фердоуси «Біздің өміріміз қас-қағым сәт қана. Бірақ әлемде жақсының аты қалады. Халық тек ізгілікті істердің ғана даңқын асқақтатады» десе, Тұрмағамбет Ізтілеуов

Дүниеден өмірім бітіп өтсемде өзім
Аралап жердің жүзін жүрер сөзім
Көре алмай кейінгіні кеттім-ау деп,

Арманда болмай-ақ қой екі көзім деп келешектің кемел іздерін ұрпаққа аманаттайды. Шахнама- Ирандық шежіре. Иранмен Ирандықтардың бірнеше ғасырдағы тарихы мен өмір дастаны. Мұнда адамның жаратылғанынан бергі адамзат өркениетінің пайда болуымен эволюциясы , зұлымдықтың барлық белгісімен үздіксіз соғыс дастанынан бастап, мемлекеттің құрылуы мен соңғы үкіметтің жойылуына дейін қамтылған. Шаһнаманы бір адам жазып шыққанын ойласаңыз Фердоусидің ұлылығы мен талантына ерекше бас иесіз. Шаһнамадай алып туындыны тәржімалап , бізге жеткізген Тұрмағамбет атамыздың даналығына тәнті болып бас имеу мүмкін емес. Фердоуси Шаһнама шығармасында Иранды әлемге таныта отырып Тұран жөніндеде құнды деректер келтіреді. Дастан желісі бойынша билеуші өз иелігін үшке бөліп үш баласына үлестіреді. Кішісі Ирәжға Иранды, үлкен ұлы Тұрға Қытай мен Тұранды, ортаншысына Румды береді. Екі ағасы Иран жерін

Ирәждан қызғанып оны өлтіреді. Ирәж өлгенннен кейін Иранмен Тұран арасында көп ғасырға созылған шайқас туады. Осы тұста Рүстем батыр өмірге келеді. Ал жырдағы Тұран патшасы Афрасиаб- біздіңше алып Ер Тоңға. Ол Ирандықтармен соғысқан Түркілердің ұлы қолбасшысы. VII ғасырда шыққан Ер Тоңға дастанының негізгі идеясы-Тұран елін сыртқы жаудан қорғау, Түркі жұртын ішкі ынтымаққа, бірлікке үндеу, туған жердің даңқын асыру. Ерліке, елдікке , адами ізгілікке шақыратын жыр дастандардың өзегі- ұрпақ тәрбиесіндегі нағыз ұлттық құндылық болмақ. Иран елінде Әбілқасым Фердоусидің Shahнама дастанын әрбір қышлақ сайын жас балалардан бастап ақсақалды қарттарға дейін түрлі аспаптарда күні бүгінге дейін жырлайды екен. Тіпті Иран елінде ұзатылған қыздың жасауына шахнама кітабын қосып беру дәстүрге айналған үрдіс. Бұл дегеніміз қыз баланың өз елінің тарихын ұлықтай жүріп тәлімін өсер ұрпағының бойына сіңіруді меңзесе керек. Заңғар жазушы Мұхтар Әуезов «Shahнама –Фердоуси үлгісімен халық ақыны Тұрмағамбеттің өзі өлең етіп жазған Рүстем жөніндегі дастанның қазақша варианты» деп баға берген еді. Дауылпаз ақын Тұманбай Молдағалиев :

Күй жанып , көкірегінен күйік қашып,
Елінің ерке ұлдарын сүйіп тасып.
Рүстем –Дастанымен Тұрмағамбет
Барады Фердоусимен иықтасып , деп жырлағандай жұлдыздай жарқыраған қос алыптың даналығымен даралығы өсер ұрпаққа өнеге болып қала беретіні сөзсіз.

Тасымова Зарипа, ардагер ұстаз.

ҒАСЫРЛЫҚ МҰРА:
ТҰРМАҒАМБЕТ ІЗТІЛЕУОВТІҢ «ШАҺНАМА» АУДАРМАСЫНА 90 ЖЫЛ

Тұрмағамбет Ізтілеуов (1882—1939) 1936 жыл шамасында аяқтаған «Шаһнаманың» қазақша жыр нұсқасы - Фирдоуси дастанын сөзбе-сөз аудару емес, парсы эпосын қазақтың ауызша дәстүрі негізінде қайта жырлап шығарған туынды. Бұл ауқымды еңбек 1937 жылғы саяси қуғын-сүргін кезінде жер астына көміліп, тек 1961 жылы «Рүстем-дастан» деген атпен ішінара жарық көрді. Оның ғасырлық тағдыры - кеңестік мәдениет саясаты мен ұлттық жады арасында шығыс мұрасын сақтап қалуға бағытталған қазақ зиялыларының жасырын күресін көрсетеді.

Ізтілеуов Сырдарияның төменгі ағысындағы Қармақшы өңірінде дүниеге келген. Бұл өлке қазақ дәстүрінде ақындық пен жыраулық өнердің дамыған және сол өнерге ерекше құрмет көрсетілетін қасиетті мекен саналады. Ол Бұхарадағы «Мири Араб» медресесінде (1896—1899) және Ташкенттегі «Көкілташ» медресесінде (1899—1905) он жылға жуық білім алып, араб, парсы және шағатай тілдерін жетік меңгерген. Көкілташта ол кейіннен тәжік әдебиетінің алыбы атанған Садриддин Айнимен бірге оқыған. Екеуі қабырға газетін бірге шығарған, ал Айни қазақ курстасының тілдік қабілетін жоғары бағалаған.

Бұл тәжірибенің маңызы зор: Ізтілеуов парсы тіліндегі түпнұсқамен тікелей жұмыс істей алатын деңгейде дайындалған, орыс немесе татар тілдері арқылы жанама аударуға мәжбүр болмаған. 1905 жылы елге оралған соң ол мұсылман оқу орындарында ұстаздық ұсыныстан бас тартып, туған жерінде мектеп ашып, жиырма жыл бойы ауыл мұғалімі болып қызмет еткен. Оның шәкірттерінің қатарында кейін Қазақ АКСР-нің тұңғыш ағарту халық комиссары болған Темірбек Жүргенов те болды. Дәл осы мемлекеттік қызметтегі бұрынғы шәкірті 1934 жылы Фирдоусидің туғанына мың жыл толуына орай басталған аударма науқанында ұстазына «Шаһнаманы» аудару ісін тапсырады.

1934 жылы Кеңес Одағы бүкіл ел көлемінде Фирдоусидің мың жылдығын атап өтті. Осы ресми мәдени науқан аясында «Шаһнама» Кеңес Одағындағы көптеген ұлт тілдеріне аударыла бастады. Қазақстан жағында бұл істі сол кездегі Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Мирзоян мен ағарту халық комиссары Жүргенов бірлесіп қолға алды. Зерттеушілердің деректеріне сәйкес, Ізтілеуов тапсырған қолжазбаның көлемі таңғаларлықтай үлкен — шамамен қырық мың жол, ол «Жәмшид дастаны», «Дараб дастаны» және «Рүстем -Дастан» деген үш бөлімді қамтиды.

Алайда қолжазбаның тағдыры күрт өзгерді. 1937 жылы Ізтілеуов «үлкен тазарту» науқанында тұтқындалып, талай азапты басынан өткеріп 1939 жылы қайтыс болады. Жүргеновке «Отанға сатқындық» айыбы тағылған кезде ақын бәрін түсінген. Ол отбасына отыз бес дәптер араб жазулы қолжазбаны сақтауды тапсырған. Кейіннен бұл қолжазбалардың бір

бөлігін туыстары Қазақстан Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтының мұрағатында тапсырған. (875-ші іс құжатында «Шаһнаманың» 35 дәптері сақталған).

1961 жылы осы қолжазбаның «Рүстем-Дастан» деп аталған бөлігі (шамамен жиырма төрт мың жол) Алматыда жеке кітап болып жарық көрді. Оған Мұхтар Әуезов алғысөз жазды. Әуезовтің сол кезде айтқан пікірі бүгінге дейін қайталанып келеді: бұл «тікелей аударма» емес, «Тұрмағамбеттің Фирдоусиді үлгі етіп, өзінің ақындық тілімен жазған Рүстем Дастанның қазақша нұсқасы». Әдебиет зерттеушісі Қаратаев бұл еңбекті «әдеби ерлік» деп бағалап, Ізтілеуов «шығыс поэзиясының алып ағашын бізді апарып көрсетпей-ақ, тамырымен, топырағымен қоса қазақ поэзиясының бағына көшіріп отырғызды» деп тұжырымдаған.

Қазіргі зерттеушілер Ізтілеуов мәтінін Фирдоуси түпнұсқасымен салыстыра отырып, «шығармашылық қайта жазу» деген тұжырымға нақты мәтіндік дәлелдер келтірді. Зерттеулер көрсеткендей, Ізтілеуов нұсқасында түпнұсқада мүлде жоқ детальдар мен оқиғалар кездеседі: мысалы, бір топ саудагердің «Римге» сапар шегуі, кеменің теңізде апатқа ұшырауы, қасиетті Самұрық құсының ұясынан асыл тас алу секілді эпизодтар; сондай-ақ Рудабаның далада құрбыларымен серуендеп жүргенін Залдың біліп қалуы сияқты оқиға желісі де түпнұсқадан өзгеше. Ең айқын айырмашылық — кейіпкер бейнесінде: Фирдоусиде туғаннан-ақ зұлым болып жаралған Зұлхак Ізтілеуов нұсқасында «бес жүз жылдан кейін байлампаз патшаға айналған» бейнеге өзгерген.

Бұл «ауытқулар» Ізтілеуовтің әдіснамалық ұстанымын айқындайды. Ол Сырдария бойы ақындарының ауызша өлең үлгісін, дала өмірінің бейнелерін және қазақ тілінің шешендік дәстүрін молынан пайдаланған, сол арқылы парсы эпосын тыңдаушыға «қазақы» естілетін деңгейге жақындатқан. Кейбір қазіргі қазақ оқырмандары тіпті бұл туындыны «өзіміздің туындымыз деп қабылдап қалғанын» айтады. Қатаң аударматану өлшемі тұрғысынан бұл, әрине, бейімдеу; бірақ мәдени таралу тиімділігі тұрғысынан дәл осы стратегия парсы эпосын қазақтың ауызша дәстүрі жалғастырған эстетикалық әлеміне шынайы енгізе алды, оны жай ғана жатжерлік жазба мәтін ретінде қалдырмады.

Ізтілеуов еңбегінің тарихи маңызын 1930 жылдардағы кеңестік түркі халықтарының мәдени жағдайымен байланысты түсіну керек. Сол кезде қазақ зиялылары араб әліпбиінен латын әліпбиіне көшу реформасын бастан кешіріп, дәстүрлі діни білім жүйесі ыдырап, көптеген ұлт зиялылары қуғын-сүргінге ұшырады. Ізтілеуовтің өзі үш рет тұтқындалып, бірнеше рет айдауға жіберіледі. Осындай жағдайда бір қазақ ақынының парсы тіліндегі түпнұсқаға сүйеніп, «Иран — Тұран» қарсылығын негізгі желі еткен эпосты қазақ тіліндегі жырға айналдыруы — «түркі — парсы» ортақ ислам-шығыс мәдени мұрасын саналы түрде жалғастыру әрекеті болды.

Айта кету керек, бұл істі қолдаған қазақ зиялылары (Жүргенов, Мирзоян және т.б.) тек әдебиетті ғана ойлаған жоқ. Қазақ зерттеушілері атап

өткендей, олар «Шаһнаманың» Иран патшалары мен «Тұранның» қарсылығын негізгі желі ететінін, ал «Тұран» — парсы деректеріндегі түркі ата-бабаларының атауы екенін түсінген; бұл эпосты зерттеу «өзгенің» жазуы арқылы түркі-қазақ тарихының көне қабаттарын іздеу дегенді білдіреді. Түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті қуғын-сүргінге ұшыраған жылдары мұндай «парсы айнасы арқылы түркі бейнесін көру» стратегиясы айқын мәдени сақтау ниетін танытты.

Отыз бес дәптер қолжазбаның көпшілігі зерттеушілер мен жеке коллекционерлер қолында жүр, олардың түпкілікті тағдыры әлі толық анық емес. 2012 жылы екі томдық «Шах-намэ» жарық көрді, бұл бүгінгі күнге дейінгі ең толық нұсқа саналады. Бірақ бұл туындының нағыз құндылығы Фирдоусиге «адалдығында» емес, ол XX ғасырдың ең қараңғы жылдарында бір қазақ ауыл мұғалімі мен ақыны парсы тілінің кірпіші мен қазақ тілінің қышынан екі халықтың мыңжылдық мәдени байланысының саяси дауылға оңай шайылып кетпейтін берік қабырғасын қалап шыққанын дәлелдеуінде жатыр.

Сүлейменов Сағатбек
Қармақшы ауданының құрметті азаматы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Қызылорда облысы әкімдігі
«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ

Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан
Акимат Кызылординской области
НАО «Кызылординский университет имени Коркыт Ата»

Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan
Akimat of Kyzylorda region
NJSC «Korkyt Ata Kyzylorda University»

Тұрмағамбет Ізтілеуовтің Ә. Фирдоусидің «Шаһнама» дастанын қазақ тіліне аударғанына 90 жыл толуына орай ұйымдастырылған

«Шаһнама» және Тұрмағамбет –
әлем әдебиетінің мәңгілік мұрасы»

атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның

БАҒДАРЛАМАСЫ

ПРОГРАММА

международной научно-практической конференции

«Шахнама» и Турмагамбет – вечное
наследие мировой литературы»,

посвящённой 90-летию перевода поэмы А. Фирдоуси «Шахнаме» на казахский язык Турмагамбетом Изтлеуовым

PROGRAMME

of the International Scientific and Practical Conference

«The Shahnameh» and Turmagambet – The Eternal
Heritage of World Literature»,

dedicated to the 90th anniversary of Turmagambet Iztileuov's translation of A. Ferdowsi's epic poem «Shahnameh» into Kazakh

30 қазан, 2026 жыл
Қызылорда қаласы

«Шаһнама» және Тұрмағамбет – әлем әдебиетінің мәңгілік мұрасы»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы
БАҒДАРЛАМАСЫ

Конференцияның секция отырысы өтетін орны: *Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, №1 оқу ғимараты, М.Шоқай ғылыми орталығы, 1 қабат*

Мерзімі: *2026 жылғы 30 қазан, сағ. 09.00*

Секция жұмысы 09.00 - 10.30	
Модератор: Мыңжас Нұрлыбек Кәрібозұлы – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Ғылыми зерттеулерді үйлестіру бөлімінің басшысы	
09.00 - 09.10	**Махмуд Алам** – Хайдарабад университетінің қауымдастырылған профессоры. Үндістан Республикасы **«Корольдік кітапханадан жаһандық музейге дейін: «Шахнама» қолжазбаларының тарихи жолы (From Royal Library to Global Museum: The Journey of Shahnamah Manuscripts)»**
09.10 - 09.20	**Шаши Кант** – Джавахарлал Неру университетінің докторы. Үндістан Республикасы **«Фирдоусидің Асадулла Бег Хан Ғалибке ықпалы (Impact of Ferdowsi on Asadullah Beg Khan Ghalib)»**
09.20 - 09.30	**Батырхан Болатбек Шәденұлы** – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (ҚазҰУ) Шығыстану факультеті Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының доцент-зерттеушісі, PhD **«Фирдоусидің «Шаһнамасы» мен Тұрмағамбет Ізтілеуұлының «Рүстем-дастанындағы» қаһармандық идеалдың ұлттық интерпретациясы»**
09.30 - 09.40	**Умарова Сахиба Закировна** – Ташкентский государственный университет имени Алишера Навои университет узбекского языка и литературы, доктор филологических наук, доцент **«Роль Хамиджана хомидия в исследовании и анализе «Шахнамы» Фирдавси»**
09.40 - 09.50	**Мұзаффар Мұхамади** – Әдебиет институтының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты. Тәжікстан Республикасы **«Сказочно-мифологические реминисценции, их функция и типологическая основа в «Шахнаме» Фирдоуси»**

09.50 - 10.00	**Мырзабай Бекарыстан Боранқұлұлы** – өлкетанушы, жүргеновтанушы. **«Ақын Тұрмағамбет Ізтілеуұлының мұраларын зерттеу жолындағы ғалым, фольклор зерттеуші Мардан Байділдаевтың еңбегі»**
10.00 - 10.30	**Қорытынды.**

Конференцияның пленарлық отырысы өтетін орны: *Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Студенттер сарайы*

Мерзімі: *2026 жылғы 30 қазан, сағ. 11.30*

Пленарлық отырыс 11.30 – 13.00	
Модератор: Байқадамов Наурызбай Сейтқалиұлы – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы – Ректоры	
11.30 - 11.35	**Құттықтау сөз** **Ергешбаев Мұрат Нәлқожаұлы –** Қызылорда облысының әкімі
11.35 - 11.40	**Нұрлан Кенжеахмет –** Гарвард университетінің профессоры, PhD, профессор ҚР Президентінің жанындағы ҚР ҰҒА Президентінің кеңесшісі **«Ортағасырлық Сыр бойы және Сары-Арқа қалалары»**
11.40 - 11.45	**Сайд Ахтар Хосейн –** Джавахарлал Неру университетінің профессоры. Үндістан Республикасы **«Шахнамадағы» Фирдоусидің даналығы (Wisdom of Ferdowsi in the Shahnameh)»**
11.45 - 11.50	**Нахид Моршедлу** – профессор, шығыстанушы ғалым. Иран Ислам Республикасы **«Дәреже мен мәртебе арасында: Рүстемнің «Жеті сынақ» эпизодын митра культінің дәрежелерімен және Аттардың «Жеті алқабымен» салыстыра зерттеудегі кезеңдік прогрессия (Between Rank and Station: Progression in Rostam's Haft Khan in Comparison with the Mithraic Grades and Attar's Seven Valleys)»**
11.50 - 11.55	**Алматов Алмасбек Нұрмаханұлы** – жырау, өнертанушы, Қазақ ұлттық өнер университететінің профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері **«Тұрмағамбет Ізтілеуұлы аударған «Шаһнама» дастанының зерттелуі: ғылыми еңбектерге шолу»**

11.55 - 12.00	**Махмудов Жасурбек Хусинович** – Өзбекстан мемлекеттік әлем тілдері университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы. Өзбекстан Республикасы **«Ташкенттегі Шығыстану институтының қорларындағы «Шахнама» қолжазба нұсқалары»**
12.00 - 12.05	**Койлыбаев Келдибек –** Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Ш. Айтматов атындағы Әдебиет институты Әдебиет бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, доцент **«Қазақ аударма өнірінің қырғыз әдебиетімен байланысы»**
12.05 - 12.10	**Жеңіс Жомарт Жеңісұлы –** Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты директорының орынбасары, тарих ғылымдарының докторы **«Тұрмағамбет Ізтілеуовтың «Шахнаме» аудармасы Қазақстанның ерте кезеңдегі тарихы бойынша дереккөз ретінде»**
12.10 - 12.15	**Қыдыр Еділбайұлы Төрәлі** – ҚМДБ Ислам институтының директоры, филология ғылымдарының кандидаты **«Shаһnama» аудармасы: шәрифиден Тұрмағамбетке дейін»**
12.15 - 12.20	**Карбозов Ерхан Карбозұлы –** филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ассистент-профессоры **«Т.Ізтілеуұлының «Шахнама» шығармасының ұлттық сипаты»**
12.20 - 12.25	**Жаңбыршиева Ұлжан Нахатқызы** – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, тұрмағамбеттанушы **«Фирдоуси Шахнамасы» және Тұрмағамбет»**
12.25 - 12.30	**Құндақбай Ләйла Шегебайқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, әдебиет зерттеушісі, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалы редакциялық бөлімінің сарапшысы **«Тұрмағамбет Ізтілеуұлының «Shаһnama» нұсқасы: генезисі, зерттелу жайы»**
12.30 - 12.35	**Саймағанбетов Берік Рахманұлы** – ҚР Мәдениет қайраткері, жырау, дәстүрлі өнер және фольклор зерттеушісі **«Тұрмағанбет Ізтілеуұлының «Shаһnамасы» Шығыс әлемі мен Қазақстан арасындағы мәдени диалог ескерткіші ретінде: тарихи мәні және мұрасы»**
12.35 - 13.00	**Ұсыныс-пікірлер айту. Конференция қарарын қабылдау.**

МАЗМҰНЫ

1	**Ергешбаев Мұрат Нәлқожаұлы** Құттықтау сөз	3
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІСІ		
2	**Нұрлан Кенжеахмет** ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СЫР БОЙЫ ЖӘНЕ САРЫ-АРҚА ҚАЛАЛАРЫ	5
3	**Syed Akhtar Husain** WISDOM OF FERDOWSI IN THE SHAHNAMEH	22
4	**Сайд Ахтар Хосейн** ШАХНАМАДАҒЫ» ФИРДОУСИДІҢ ДАНАЛЫҒЫ	26
5	**Nahid Morshedlou** BETWEEN RANK AND STATION: PROGRESSION IN ROSTAM'S HAFT KHAN IN COMPARISON WITH THE MITHRAIC GRADES AND ATTAR'S SEVEN VALLEYS	31
6	**Нахид Моршедлу** ДӘРЕЖЕ МЕН РУХАНИ МӘРТЕБЕ АРАЛЫҒЫНДА: РҮСТЕМНІҢ «ХАФТ ХАН» ДАСТАНЫНДАҒЫ РУХАНИ КЕМЕЛДЕНУ ЖОЛЫН МИТРАИЗМНІҢ ДӘРЕЖЕЛЕРІМЕН ЖӘНЕ АТТАРДЫҢ «ЖЕТІ АҢҒАРЫМЕН» САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ	54
7	**Алматов Алмасбек Нұрмаханұлы** ТҰРМАҒАМБЕТ ІЗТІЛЕУҰЛЫ АУДАРҒАН «ШАҺНАМА» ДАСТАНЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ: ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРГЕ ШОЛУ	83
8	**Махмудов Жасурбек Хусинович** НАРОДНЫЕ КНИГЫ ИЗ ЦИКЛА «ШАХНАМЕ» ТО ЕСТЬ О ЛИТОГРАФИЧЕСКОМ ИЗДАНИИ «ЭПОСА О ЦАРЕ ДЖАМШИДЕ»	89
9	**Махмудов Жасурбек Хусинович** ШОҲНОМАНИНГ ТОШКЕНТ НУСХАЛАРИ ХУСУСИДА	96
10	**Жеңіс Жомарт Жеңісұлы** ТҰРМАҒАМБЕТ ІЗТІЛЕУОВТЫҢ «ШАХНАМЕ» АУДАРМАСЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕРТЕ КЕЗЕҢДЕГІ ТАРИХЫ БОЙЫНША ДЕРЕККӨЗ РЕТІНДЕ	103
11	**Қыдыр Еділбайұлы Төрәлі** «ШАҺНАМА» АУДАРМАСЫ: ШӘРИФИДЕН ТҰРМАҒАМБЕТКЕ ДЕЙІН.....	113
12	**Карбозов Ерхан Карбозұлы** Т.ІЗТІЛЕУҰЛЫНЫҢ «ШАХНАМА» ШЫҒАРМАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СИПАТЫ	121
13	**Сахиба Закировна Умарова** РОЛЬ ХАМИДЖАНА ХОМИДИЯ В ИССЛЕДОВАНИИ И АНАЛИЗЕ «ШАХНАМЫ» ФИРДАВСИ	138

14	**Мұзаффар Мұхамади** СКАЗОЧНО-МИФОЛОГИЧЕСКИЕ РЕМИНИСЦЕНЦИИ, ИХ ФУНКЦИЯ И ТИПОЛОГИЧЕСКАЯ ОСНОВА В «ШАХНАМЕ» ФИРДОУСИ	144
15	**Гюллу Йологлу** ЭТНОКУЛЬТУРНЫЙ ОБРАЗ ТУРАНЦЕВ И ТЮРОК В ХУДОЖЕСТВЕННОЙ СИСТЕМЕ «ШАХНАМЭ»	156
16	**Жаңбыршиева Ұлжан Нахатқызы** ФИРДОУСИ ШАХНАМАСЫ» ЖӘНЕ ТҰРМАҒАМБЕТ	168
	КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ СЕКЦИЯСЫ ОТЫРЫСЫ	
17	**Махмуд Алам** КОРОЛЬДІК КІТАПХАНАДАН ЖАҺАНДЫҚ МУЗЕЙГЕ ДЕЙІН: «ШАХНАМА» ҚОЛЖАЗБАЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ ЖОЛЫ	178
18	**Shashi Kant** IMPACT OF FERDOWSI ON ASADULLAH BEG KHAN GHALIB ..	188
19	**Шаши Кант** ФИРДОУСИДІҢ АСАДУЛЛА БЕГ ХАН ҒАЛИБКЕ ЫҚПАЛЫ	196
20	**Батырхан Болатбек Шәденұлы** ФИРДОУСИДІҢ «ШАҺНАМАСЫ» МЕН ТҰРМАҒАМБЕТ ІЗТІЛЕУҰЛЫНЫҢ «РҮСТЕМ-ДАСТАНЫНДАҒЫ» ҚАҺАРМАНДЫҚ ИДЕАЛДЫҢ ҰЛТТЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ	206
21	**Саймағанбетов Берік Рахманұлы** ТҰРМАҒАНБЕТ ІЗТІЛЕУҰЛЫНЫҢ «ШАҺНАМАСЫ» ШЫҒЫС ӘЛЕМІ МЕН ҚАЗАҚСТАН АРАСЫНДАҒЫ МӘДЕНИ ДИАЛОГ ЕСКЕРТКІШІ РЕТІНДЕ: ТАРИХИ МӘНІ ЖӘНЕ МҰРАСЫ	214
22	**Құндақбай Ләйла Шегебайқызы** ТҰРМАҒАМБЕТ ІЗТІЛЕУҰЛЫНЫҢ «ШАҺНАМА» НҰСҚАСЫ: ГЕНЕЗИСІ, ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ	218
23	**Рохатой Шералиева Абдужаббар кизи** ВКЛАД ХАМИДЖОНА ХОМИДОВА В РАЗВИТИЕ ФИРДОУСИВЕДЕНИЯ	230
24	**Shadi Shajiei** INDIVIDUATED DEMONS (DIVS) IN FERDOWSI'S SHAHNAMEH: THE FUSION OF THE DIVINE, THE HUMAN, AND THE ANIMAL	234
25	**Шади Шажиеи** ФЕРДОУСИДІҢ «ШАҺНАМАСЫНДАҒЫ» ЖЕКЕ ЖЫНДАР (ДИВТЕР): ҚҰДАЙЛЫҚ, АДАМИ ЖӘНЕ ХАЙУАНИ БОЛМЫСТЫҢ	252
26	**Кекилбекова Мейрамкуль Касимовна,** **Темірбай Аягөз Мұратқызы** ТҰРМАҒАМБЕТ ІЗТІЛЕУОВ АУДАРМАСЫНДАҒЫ «ШАҺНАМА»: ШЫҒЫС ШАЙЫРЛЫҚ ДӘСТҮРІ МЕН ҚАЗАҚ	

	ӘДЕБИЕТІНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ	273
27	**Туяқбаев Ғабит Әнешұлы** Т.ІЗТІЛЕУҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІКТЕН КЕЙІНГІ ЗЕРТТЕЛУІ	284
28	**Туяқбаев Ғабит Әнешұлы, Тайман Сағат Тамшыбайұлы** ТҰРМАҒАМБЕТ ІЗТІЛЕУҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕ ЗЕРТТЕЛУІ	292
29	**Жұматайұлы Самат** ТҰРМАҒАМБЕТ ІЗТІЛЕУОВ ЖӘНЕ «ШАҺНАМА»: ШЫҒЫС ӘДЕБИ МҰРАСЫНЫҢ ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҒЫ	303
30	**Алматова Шырынкүл** Т. ІЗТІЛЕУҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ӘДЕП ЖӘНЕ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК НЕГІЗДЕРІ.....	310
31	**Азамат Хамид угли Зиё, Жуматай Самат** РУКОПИСИ «ШАХНАМЕ» В ИНСТИТУТЕ ИМЕНИ АБУ РАЙХАНА БЕРУНИ	318
«Шаһнама» және Тұрмағамбет – әлем әдебиетінің мәңгілік мұрасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция қарсаңында газет-журнал беттерінде жарияланған мақалалар		
32	**Рзақұл Сәденұлы Нұртаев** **«Егемен Қазақстан» газетіне** ТҰРМАҒАМБЕТ ЖӘНЕ «ШАҺНАМА» ӘЛЕМДІК МҰРАНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖАҢҒЫРЫҒЫ	328
33	**Саймағанбетов Берік** **«Айқын» газетіне** «ШАҺНАМАНЫҢ» ТАҒДЫРЫ МЕН ТҰРМАҒАМБЕТ ТУДЫРҒАН ТҮРКІЛІК РУХ	331
34	**Самат Жұматай** **«Қазақ әдебиеті» газетіне** АРМАНЫ ОРЫНДАЛҒАН АЛЫП АҚЫН	334
35	**Зарипа Тасымова** ТҰРМАҒАМБЕТ ІЗТІЛЕУОВТЫҢ «ШАҺНАМА» НҰСҚАСЫНЫҢ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ СІҢІРУДЕГІ МАҢЫЗЫ	341
36	**Сүлейменов Сағатбек** ҒАСЫРЛЫҚ МҰРА: ТҰРМАҒАМБЕТ ІЗТІЛЕУОВТІҢ «ШАҺНАМА» АУДАРМАСЫНА 90 ЖЫЛ	345